


Е. ҚОЙШЫБАЕВ

№ 2009  
1554к



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ЖЕР-СУ АТТАРЫ  
СӨЗДІГІ







4

K-60  
K

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

- азербайжан тілінде — аз.  
 алтай тілінде — алт.  
 араб тілінде — ар.  
 архаизм — арх.  
 ауыс мағынада — ауыс.  
 аудан — ауд.  
 аффикс — афф.  
 әдеби түрі — әд.  
 башқұрт тілінде — башқ.  
 ботаникалық — бот.  
 бурят тілінде — бур.  
 бұрынғы — б.
- біздің заманымыздағы — б. з.  
 біздің заманымыздан бұрынғы — б. з. б.  
 диалект — диал.  
 етістік — ет.  
 жергілікті говорда — жерг.  
 жұмысшы поселкесі — жұм. пос.  
 зат есім. — зат.  
 иран тілдерінде — ир.  
 историзм (лингв.) — ист.  
 колхоз — к/х.  
 көне түркі тілдерінде — көне түр.  
 көне тілдерде — көне.  
 қазақ тілінде — қаз.  
 қала типтес поселке — ҚТП.  
 қарақалпақ тілінде — қарақ.  
 қараңыз — қар.  
 қырғыз тілінде — қырғ.  
 қытай тілінде — қыт.  
 мағынасы — мағ.  
 манчжур тілінде — манчж.  
 мифологиялық — миф.  
 монғол тілінде — монғ.  
 ноғай тілінде — ноғ.  
 облыстық (әкімш.) — обл.
- облыстық (диал.) — обл.  
 орыс тілінде — ор.  
 өзбек тілінде — өзб.  
 поселке — пос.  
 поэтикалық — поэт.  
 салыстырыңыз — сал.  
 санскритте — санскр.  
 синонимдес, тең тұлғалар — //, ~.  
 совхоз — с/з.  
 соғда тілінде — соғд.  
 соғда-иран тілдерінде — соғ.-ир.  
 сөйлеу тілінде — сөйл.  
 сөздің бұрынғы түрі — >.  
 сөздің кейінгі түрі — <.  
 станция — ст.  
 сын есім — сын.  
 татар тілінде — тат.  
 тәжік тілінде — тәж.  
 темір жол станциясы — т. ж. ст.-сы.  
 тибет тілінде — тиб.  
 түркі тілдерінде — түр.  
 түркі және монғол тілдерінде — түр.-монғ.  
 түрікмен тілінде — түркм.  
 тыва тілінде — тыв.  
 ұйғыр тілінде — ұйғ.  
 үнді-европа тілдерінде — үнді-евр.  
 үнді-иран тілдерінде — үнді-ир.  
 үстеу — үст.  
 фонетикалық ауытқу — фон.  
 хакас тілінде — хак.  
 чуваш тілінде — чув.  
 экспрессивті — экспр.  
 этимология — этим.  
 якут тілінде — як.



Е. ҚОЙШЫБАЕВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ЖЕР-СУ АТТАРЫ  
СӨЗДІГІ

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 1985

Шікір жазған **О. Нақысбеков** — Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты.

### Қойшыбаев Е.

Қ 59 Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. — Алматы: Мектеп, 1985. — 256 бет.

Сөздікте Қазақстан жерін ежелден мекендеген халықтар және олардың тілдері тарихынан көрініс беретін бір мың бес жүзден астам географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу төркіні талқыланады. Сөздікті жасау барысында оған тілшілердің (лингвистердің), тарихшылардың, географтардың, саяхатшылардың (көне заманнан бергі), өлкетанушылардың еңбектері, арнайы экспедиция материалдары мейлінше пайдаланылды. Сөздік жалпы мектеп оқушыларынан бастап филология факультетінің студенттеріне мұғалімдерге, осы пәнді білгісі келетін жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

Қ 4602020000-010 282-83  
404(05) ~~111~~



## КІРІСПЕ

Дүние жүзі тілдерінде не көп десек, жалқы есімдер көп, оның ішінде жер-су аттары (топонимдер) көп, біздің Қазақстан да одан кенде емес. Қазақ жерінің ойы, қыры, тауы, даласы, көлі, өзен-бұлақтары, қысқасы, сан-салалы табиғат көрінісінің әрбір аттамы атсыз емес. Меншіктеп берілген өз аттары бар, атсыз адам болмайтыны сияқты атсыз өңір жоқ. Тіл теориясы сөз атаулыны белгі деп білетініндей, атаулар да сол белгіге жатады, бірақ олар кәдімгі сағанаша орнатылған көрінеу белгілер емес. Олар ел аузындағы айшықты, ұтымды, ұғымды сөздерден пішіліп алынған. Соның нәтижесінде замана арттыра тілден-тілге көшіп келе жатқан тұрақты белгілер. Ерте заманда атаулар қазіргі цивилизация тұсындағыдай келісіммен, мәмілемен емес, ұзақ сонар айтыла келе, сөйтіп жалпының жадында берік сақталғанда ғана тілден мықтап орын тепкен. Бұрынғы қауымда «бәлен жерді түген деп атайық» дейтіндей ортақ келісім әдеті болмаған. Атау болатын сөз ең әуелі жалпы жұртқа аян болған. Сөйте келе бір объектіге белгі боп таңылып, топонимикалық атқа ұласқан. Көлденең көк аттының айта салғаны ономастикаға нәр болмақ емес. Әрбір атау өз тұсындағы қоғам тіршілігінен (ел мүддесінен), жұрт қалауынан тұады. Сондықтан да кез келген сөз атау бола бермейді, «оған бір басшылық керек» дейтін қағиданың мәні сонда. Әрбір онома қоғамдық құбылыс-

тың әр тұстағы бір көрінісі. Сондықтан да атау атаулының бәрі, сөз атаулының бәрі сияқты, қоғам ризығы, тарихтың ұшқыны, соның табы сіңген нысаналы белгі. Бұл — топонимикалық атаулардың негізгі заңы.

Жер-су аттары белгілерін, бір есептен, кәдімгі өзімізге қанық археологиялық қазындыларға немесе көнеде жазылған шежірелерге балауға болады. Бар өзгешелігі сол, олар күрекпен қазып алынатын немесе жазып қалдырылған айғақты дүние емес, тек сөз жүзінде ауызша айтылған, адамдардың сөйлеу тілінен қалған үзінділер. Сондықтан да жер-су аттарын қадір тұту, оларды көздің қарашығындай сақтау дәстүрі ежелден бар. Совет Одағында оған жағдай да жасалған. Оны еліміздің әр тұсынан, тіпті, қазіргі БАМ құрылысы жүріп жатқан аймақтардан да байқауға болады. Ондағы жаңа елді мекендер көнеден келе жатқан тунгус-манчжур, монғол тілдеріндегі топонимдермен аталуда. Тек өз атаулары тапшы болған жерлерде құрылысшылар бүгінгі тіршіліктің көрінісі есебінде өздіктерінен жаңа атаулар қойып, топонимдер жасауға мәжбүр болады. Көп елдерде бұл дәстүрді сақтарлық жағдай жоқ. Оңтүстік Атлантикадағы архипелагты ағылшындар Фолькленд деп атаса, аргентиналықтар мүлде басқаша Мальвин деп атайды. Бұл өте қолайсыз. Бір адамға әркім өзінше ат қойып, түрлі-түрлі атағанмен тең.

Жалқы есімдерді түсіндіретін ілімді ономастика дейді.

**Ономастика** немесе ономасиология көне гректің *онома* «есім, ат» (адамның аты, аңдардың немесе жер бетіндегі өзге түрлі объектілердің аты, аспан әлеміндегі планеталардың, космос кеңістігіндегі жарық дүниелердің, галактика топтарының аттары болуы да мүмкін) + *logos* «ұғым, ілім» сөздерінен құралған есімдер туралы ілім деген мәні бар сөзі.

Ономастика сөзінің өзін (осы сөздің жеке өзін) қа-



зіргі қазақ тілінде айтатын болсақ, мейлі ол абстракциялы ұғым ретінде болсын, мейлі жалқы есімдер жүйесі тұрғысында болсын — «атаулар ілімі» немесе, тіпті, бір-ақ сөзбен «атаулар» деп те айтуға болар еді. Бірақ қазақ тілінде жарық көріп жүрген баспасөз нұсқалары оны *жалқы есімдер* немесе *жалқы есімдер туралы ілім* деуді қолдайды. Ал *жалқы есімдер* дегеніміз, ономастика тұрғысынан айтқанда, біреуді біреуден айыру үшін немесе бір объектіні екінші бір объектіден даралау үшін солардың әрқайсысына жеке-дара тағылған белгілер. Сондықтан осы ажыратым дұрыс па деп ойлаймыз.

Есімдер атаулы тіл ғылымының заңдарына бағынатындықтан, соның лексикология тобына жатады және лингвистиканың өзге категорияларынан гөрі өзіндік ерекшелігімен сипатталатын бір бөлігі болып табылады. Олардың мазмұн-мағыналарын сөз туралы ұғым тұрғысынан ғана ажыратуға болады. Сондықтан да ономастиканы сөз туралы ілім, тек сөздерді зерттейді деуге болады. Ономастикалық атаулар тілдегі негізгі сөздік қордан нәр алады да, өз бойына тілдің байырғы түбірлерін мол сақтайтын сөздік бітімдер қатарына жатады. Түркі тілдерінің өз жаратылысындағы тұйық буынды және көп мағыналы байырғы түбірлері негізінен осы онома құрамынан көрініс береді. Бірақ, бұл ілім сөз біткеннің бәрін бірдей жан-жақты зерттей бермейді, тек жеке объектілерге, жеке адамдарға, рутайпа немесе жеке ел аттарына тән және соларға тікелей қатысты сөздерді зерттейді.

Ономастикалық зерттеулер талай ғылымның деректеріне сүйенеді. Көп жағдайда ол лингвистикалық деректермен бірге география, тарих, этнография т. б. ғылым деректерін мол пайдаланады. Ол қоғамдық ғылымдармен ғана жанасып қоймай, табиғаттану, зоология, ботаника ғылымдарымен де ұштасып жатады. Демек, өзге ғылымдардың да ономастикадан алары

көп. Одан ел мен ел арасында өткен түрлі мәдени және басқа қарым-қатынастар, көнедегі ру-тайпалардың миграциялық жолдары, этнооптардың туыстықтары т. б. байқалады. Тарихшылар мен өлкетанушылар да ономастикаға зор назар аударады. Мәселен, поляк ғалымдары Т. Войцековский, Ф. Пекосинский т. б. Польшада бұл заманда ізі қалмаған, бірақ аттары сақталған өсімдіктер (папоротник тұқымдастар) мен жануарлардың (зубр-қодастары) болған жерлерін, шектерін ажыратты.

Совет ономастикасының негізі жайлы күрделі еңбектер жазылып (В. А. Никонов, А. И. Попов, А. В. Суперанская), олардың жарық көруі, еліміздің жоғары оқу орындарында ономастиканың пән ретінде оқытыла бастауы, ғылым орталықтарында құнды зерттеулердің қолға алынуы — совет ғалымдарының ономастикаға үлкен бетбұрысының айғағы.

Білімдарлық артып бара жатқан біздің заманымызда ономастиканың жоғары оқу орындарында пән есебінде жүргізілуі, сонымен бірге қоғамдық ұйымдар арқылы да жұртшылыққа ғылыми білім жүйесінде таратылуы — замана талабы. Бұл ілімді меңгеру — бүкіл интеллигенцияның, қаламгерлердің ісі, оны көпшілікке таратушылар да солар, ең алдымен тілшілер, баспасөз мамандары.

Көнеде зат пен атаудың байланысы жөніндегі мифологиялық ұғым жайлы пікір таласы Ежелгі Грек және Ежелгі Рим данышпандары арасында ғасырларға созылған екен. Ұстаздар идеясын олардың мирасқорлары жалғастырыпты. Ежелгі заманғы ғалымдар мен олардың ұстаздары жөнінде әңгімелейтін кітапнамалар бізге солай баяндайды.

Ежелгі заман философтарының бірі: есімдер заттың (мейлі объектінің болсын, мейлі субъектінің болсын) тікелей мәнін білдіреді — есім мен заттың «жаратылыстан» егіздің сыңарындай бірлігі болады десе,



енді біреулері: «есім мен заттың бірлігі қатысты түрде ғана — тым мардымсыз, демек заттың атын білу — заттың қасиетін, оның өзін білумен тең емес» деген екен. Сөйтін, сол ежелгі заманның өзінде-ақ заттың атын білу дүниетанудың, яғни жоғары өрлеудің ең төменгі сатысы болуы мүмкін деген тұжырымдар айтылған. Қазіргі дамыған социализм заманында дүниетанудың осы кенжелеп қалған саласы өзінің жаңа биік сатысына көтерілуге кеңістік алып, соңғы жылдар ішінде қауырт өрледі.

Ономастикалық атаулар тек «географиялық ортаның» көрінісі емес, ең әуелі ол қоғамдық құбылыс. Атау дегеніміз, мейлі ол бір елдің аты, немесе бір жердің аты, не адам аты болсын, бәрібір, сол бір объектінің дәл өзі емес, оның суреті де, жұрнағы да емес — тек сол объектіге қоғам тарапынан қойылған белгі және ол қалай болса солай қойылған кездейсоқ белгі емес (кездейсоқ белгі өміршең бола алмайды), соған ең қолайлы, ең лайық, нысаналы деген, соның басты бір өзгешелігіне ие болған, соның бір елесін беретін айшықты белгі. «Белгілерді жеке меншіктің таңбасымен шатастыру — үлкен қателік, өйткені таңбалар әуел баста ру-тайпаның белгілері болатын», — дейді Ф. Энгельс. Атау немесе белгі туралы ұғымымыздың жалпы мазмұны осыған саяды. Ұғым-білімдер ілгері дамып тереңдеген сайын оған жүктелетін міндеттер аумағы да арта бермек. Атау туралы ұғымдарымыз өзінің қарапайым болжам дәрежесінен артып күрделене түспек. Осы міндеттер тұрғысынан ономастика ілімін біріне-бірі жалғас, ара жігі іліктес ірі-ірі үш салаға бөлуге болады:

1. Топонимика — жер бетіндегі объектілердің тілдік құрамын, мән-мағыналарын қарастыратын ілім;
2. Антропонимика — адам аттарының шығу тарихын қарастыратын ілім;
3. Этнотонимика — ру, тайпа, ел аттарының шығу

тарихын, құралу, ыдырау процестерін қарастыратын ілім.

Сонымен, топонимика — ономастиканың кесек бір бөлігі. Ол да лексикология сияқты сөз туралы ілім, тілдегі лексиканы, сөздік құрамды, солардың қалыптасу тарихын қарастырады. Сол себепті ол тіл тарихы мәселесімен сабақтас ілім, тіл білімі тұрғысынан тарихи лексикамен тікелей байланысты.

Сөздіктің басты міндеті — өз құрамындағы сөздердің (топонимдердің) ғана сырын ашу, бірақ Қазақстан топонимі ұшан-теңіз, миллиондап саналады, біз солардың болмашысын ғана сөздікке енгізіп, оқырман жұртшылыққа тәжірибе ретінде ұсынып отырмыз.

Республика топонимиясын жинауда автор Қазақстан жайлы бұрын-соңды шыққан көркем әдебиеттен өзге баспасөз беттерін, аудан-облыстардың ірі масштабты географиялық карталарын барынша кадеге асырып, облыс-аудандарға арнайы экспедициямен сапар шегу, ел ішіндегі білгір адамдармен әңгімелесу сияқты мүмкіндіктердің бәрін пайдаланды.

Топонимика (көне гр. *topos*+*nomas*) көнеден бар ұғым, сөйте тұра, өзінің даму процесі жағынан едәуір кенжелеп келген жайы бар. Біздің елімізде де, басқа елдерде де енді-енді қолға алынуда. Мұның әр түрлі себептері бар. Басты себебі — біз топонимикалық атауларды жүйелі түсінігі жоқ қиын сөздердің (глоссаның) жер бетіндегі шашыранды даналары деп біліп келдік. Әрине, жаңаның жаттығы көп, әрбір анықтама тосын құлаққа қонымды болып естіле бермейді, сондықтан да топонимикалық атауларды жүйеге келтіру — ол істің бастамасы ғана, олардың этимологиялық мәнін саралап, іргесін бекіту, көп ізденуді керек етеді.

Топонимдердің жасаушы несі де, пайдаланушысы да халықтар болғандықтан, ол тек географиялық себептерден пайда болған құбылыстар емес, қайткен күнде де, тарихи себептерден туған тілдік құбылыстар

болып табылады (175. 25). Географиялық орта тек арақатынастық роль атқарады, ал атаудың тууына ол дербес себепкер бола алмайды. Географиялық атаудың қалыптасуына сол бір объектінің күнделікті адам тіршілігіне қажеттігі мұрындық бола алады.

Тіліміздегі әрбір сөздің өзіне тән белгілі бір негізгі мағынасы болумен бірге өзге бір жағдайда, мәселен, онома тудыруда, сол бір сөздің өзі қосымша жаңа мағынаны, өзге бір құбылысты да білдіруі мүмкін. Сол құбылысты біз *номинациялық* немесе *ономалық* құбылыс дейміз, дәлірек айтқанда, сөздің түрі өзгеріп отыратыны сияқты мағынасы да алуан түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Ономалық зерттеулерде біз сол өзгерістердің соқпақ-сүрлеулерін көріп-біліп, ізіне түсіп, себеп-салдарын анықтауға тиіспіз. Сөздердің осы құбылысын ономациялық ғылыми терминдер жүйесінде олардың *апеллятивтік* мәні немесе *ішкі мағынасы* деп те атайды. Бұл құбылыстың өзі идеядан туады, және сол идеяның өзінің белгілі бір нысанасы болып табылады. *Жақсы* немесе *жаман* сөздерінің семасиологиялық мәнінен өзге номинациялық та мәндері бар. «Жақсы» немесе «жаман» компоненттерінің ру-тайпа аттарына қосарланғандағы («Жақсы Қаба» — «Жаман Қапал») мәндері мен жер-су аттарына қосарланғандағы («Жақсы Арғанаты» — «Жаман Абра-лы») мәндері әр қилы құбылысқа тән (сөздікті қараңыз).

Бұл мысалдар бізге ономасиология ілімінің семасиология ілімімен жұптасатын да, ажырасатын да жақтары барын аша түседі. Негізінен алғанда, семасиология ілімі сөздердің мән-мағынасын ғана зерттейтін болса, ономасиология ілімі өз құрамындағы сөздердің тек мән-мағынасын зерттеумен тынбайды, ол оның үстіне сөздердің ішкі сырын — *номинативтік* мәнін ажыратады, демек идеяны (субъектінің көзқарасын), ойды ажыратады (25. 288; 155. 187). Сөйтін, оно-

малық атаулар қоғам топтары ойларының жемісі, адам ойымен тығыз байланыста болады, қоғам өмірінің түрлі көріністерінен елес береді. Сондықтан да ономастика лингвистикалық тұрғыдан тар шеңбердегі ілім болғанымен әлеуметтік тұрғыдан әлдеқайда күрделі мәселелердің жай-жапсарын қарастыратын ілім.

Ономастиканың өзіндік сипатының бір белгісі сол, оған кірген сөздердің лексика-грамматикалық мәнінен өзге жаңа мән-мағынасы (номинативтік мән-мағынасы), яғни *ішкі сыры* да болады. Осы жағынан қарағанда ономастикалық ізденістер социологиялық ізденістермен де ұштасып жатыр. Оны еліміздің тарихындағы мынадай мысалдан еске түсіріп, біле аламыз. Жұрт аузында айтылудан әлі де қалмай келе жатқан ежелгі өзен аты *Яйик* (қаз. айтылуы *Жайық*) гидронимін алайық. XVIII ғасырдың 70-жылдарғы сол өңірдегі Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін халық жадынан мүлде аластау үшін Россия патшасы II Екатерина: *Яик* атауы мүлде айтылмасын, ол өзен *Орал* тауларынан бас алатындықтан ендігіде *Орал* (ор. Урал) аталсын, — деп әмір берген еді. Осы жағдайдың өзінен-ақ ономастиканың саяси-әлеуметтік жайлармен айдай ашық ұштасып жатқанын көре аламыз. Жалпы есім ретіндегі жайық сөзінің жеке өзінің де (*көне түр. йай* «жай» (*мекен*) > жаз + ық < йай + ик қазіргі қазақ тілі нормасында *жай-лық* немесе *жаз-дық*, яғни *жайлау* (жаз-лау) мағынасын білдіреді.

«Топонимика» сөзінің қазақша баламасын (калька ретінде) «жер аты» десе де болар еді, бірақ ол баспа-сөзде көбіне жер-су аттары делініп жүр. Қарапайым түсінігі жағынан бұл да дұрыс, бірақ терминологиялық дәлдігі жағынан бұл баламалар «топонимика» сөзінің толық мағынасын бере алмайды.

Топонимиканы «жер тілі» немесе «жер бетіндегі нүктелердің аты» деп те айта береді. Бірақ «нүктелер» де өздерінің кеңістігі жағынан алуан түрлі. Олар

микро- және макротопонимдер болып ара жіктерін аша түседі. Сонымен топонимиканың қамтитын кеңістігі, яғни оның зерттеу аумағы жер бетіндегі нүктелермен ғана шектеліп қоймайды. Бір сөзбен айтқанда, топонимиканың зерттейтіндері жер бетіндегі объектілердің ғана аттары емес, жер шарынан оқшау дүниеліктерге де қатысты. Сол үшін де «топонимика» ұғымының аясына ономастиканың мына төмендегідей пәндер тобы кіреді.

**астронимика** — әуе кеңістігіндегі жарық дүниелер аттары туралы ілім;

**гидронимика** — өзен, су, көл және теңіз аттары туралы ілім;

**зоонимика** — хайуанаттар аттары туралы ілім;

**космонимика** — галактика және жұлдыздар тобының аттары туралы ілім;

**ойконимика** — үй, ауыл, туған ел аттарының қойылу (аталу) жолдары туралы ілім;

**оронимика** — тау аттары туралы ілім;

**урбанимика** — қала, көше аттарының даму, өзгеру заңдылықтары туралы ілім;

**фитонимика** — өсімдіктермен байланысты атаулар туралы ілім;

**хрематонимика** — әр заман тұсындағы түрлі мекемелердің, мейрамдардың, газет-журналдардың, кинофильмдердің, пароход және поездардың, самолеттердің аттары туралы ілім.

Іс жүзінде осы ілімдерге тән зерттеулердің бәрі топонимикалық зерттеулер деп айтылып жүр. Жеке-дара нүктелердің белгілі бір аты сол Жердің иесі болып табылатын халық тіліне негізделеді. Бұл — табиғи заңдылық. Топонимикалық атаудың халықтар өмірімен тығыз байланысты болуының өзі осыдан. «Топо-



нимия — халық өмірінің айнасы» дейтін нақыл сөздің өзі де осыдан шыққан. Оны сол жерлерге иелік құрған халықтардың тілдері баяндайды. Демек, топоним — халық сөзі. Жер малды, жанды асырайды, соған орай оның аты бар. Оның аттары кәдімгі Орхон-Енисей жазбаларындағыдай белгілі бір жұрттың сөйлеу тілі, өткен өмірі. Белгілі бір өңірге тіл ғана өзінің халқы (иесі) аузынан өшпес есім қойып, кейінгілерге қалдыра алады: Жезқазған, Қолатапқан, Бұғылы, Ащысай, Атар, Қосқұдық, Бастұма, Нар, Тереңорпа, Кемпіртас, Жұмбақтас, Айғайтас, Қиғаш, Мақпал, Қамқалы, Бесқауға, Шідерті, Қырықшелек, Қашар, Топар, Қарақойтас, Балықтыкөл, Марқакөл, Байқоңыр, Құланойнақ, Қызылқайнар, Қопалы, Теріскенді, Жыңғылды, Қарағайлы, Мыңжылқы, Мойынты т. т. басқалар.

Топонимдер немесе жалқы есімдер өздерінің құрылымы және құрамы жағынан үлкен-үлкен бес топқа бөлінеді:

1. Түбір тұлғалы жалқы есімдер (жалпы есімдерден пайда болған атаулар: Теңіз, Өзен, Бұлақ, Қайнар, Бастау, Тұма, Арал т. б., осылар бойынша елді мекен аттары);

2. Туынды түбір тұлғалы жалқы есімдер (Қарағайлы, Жосалы, Құланды, Аюлы, Өрікті, Бұғылы, Теріскенді, Жыңғылды, Қарағанды, Мойылды, Талды т. б., осылар бойынша мекен, елді мекен, қала, село басқа түрлі ұйым аттары);

3. Біріккен тұлғалы жалқы есімдер (Майқайың, Суықбұлақ, Жалғызтөбе, Тасөткел, Ұлытау т. б.);

4. Қос тұлғалы жалқы есімдер (Ақсу-Аюлы, Екібастұз, Ащысу-Серектас, Тоқта-Барлық т. б.);

5. Сөз тіркестерінен немесе сөйлемдерден қалыптасқан жалқы есімдер (Көсегенің көк жоны, Барсақелмес, Мойны үзілген, Есек артқан т. б.).

Жалқы есімдер — тіл тарихының айнасы дейтін ажыратымның мәні тереңде жатыр. Түркі тілдерінің

сөздік қоры бір буынды немесе бітеу буынды дейтін ереже, түркілер мен монғолдардың тіл ортақтығы, яғни монғол және түркі тілдеріндегі ортақ сөздер, түркі-монғол тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын алмасулары — осы құбылыстардың бәрі топонимдерде із тастап отырған. Бұларды ажырату жалпы түркология мен монголистика аумағынан артып, алтаистика проблемасымен ұштасып жатыр. Алтаистика проблемасының өзі осы түркі-монғол тілдері лексика құрамының ортақтығынан өрбіген мәселе. Сондықтан да бұл тілдердің лексикалық ортақтығын ажырату істері филология үшін ғана емес, өзге де қоғамдық ғылымдар үшін өте құнды деректер бермек.

Түркі тілдес халықтар топонимикасын зерттеу жұмыстарында негізінен тарихи салыстырмалы әдіс кең қолданылып жүр. Осы әдісті дәйектілікпен жүргізудің алдын ала дайындығы есебінде республиканың жалпы жер-су аттарын сыпыра жинау, оларды қалыптастырып келе жатқан топотерминдерін топтастыру және олардың лексика-семантикалық құбылыстарын, фонетикалық, грамматикалық даму (өзгеру) бағыттарын, асценденттік те (туыстық), десценденттік те (ауыстық) сырларын ашуды қазірде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты қолға алуда.

Қазақстан топонимдерінен біз туысқан түркі тілдерінің қазақ тілімен байырғы байланыстарын, бір-біріне жақын тілдердің өзара лексикалық, фонетикалық айырмашылықтарын, сөз жоқ, айқын көре аламыз. Қазіргі алтай тілі мен хакас тілдері бір-біріне өте жақын, ұқсас тілдер, бірақ алтай тіліндегі ұяң *ɔ* дыбысынан басталатын көптеген сөздер хакас *ч* дыбысына ауысып отырады. Мысалы, алтай тіліндегі *ɔ*ылан сөзі хакас тілінде *чалан* болса, қазақ тілінде *жалаң*; алтай тіліндегі *ɔ*ып сөзі хакас тілінде *чип* болса, қазақ

тілінде *жап*; алтай тілінде *дьар* сөзі хакас тілінде *чар* болса, қазақ тілінде *жар* болып түрліше дыбысталады. Осы құбылыстар туысқан халықтардың сөйлеу тілдерінен ғана емес, топономастикасынан да орын алған жайлары бар.

Тарихи лексикадағы осы құбылыстар немесе соның қалдықтары біздің Қазақстан жер-су аттарының қалың ортасынан, қазақтардың сөйлеу тілінен де әрдайым аңғарылады. Соның дәлелі ретінде *Шелек* атауын мысалға келтірейік. Халық аузында оны өзенге балау, су құятын ыдыспен байланыстыру, яғни «Қырықшелек, Бесшелек» атауларымен шендестіру ежелден бар, бірақ атаудың шыққан тегі оған сай келмейді. Шелек сөзі қазіргі қазақ тілінің жазу ережесіне сай спирант *ш* дыбысы арқылы жазылып жүргенімен, ол төңіректегі елдің жергілікті сөйлеу тілінде *ч* дыбысы арқылы *челек* түрінде айтылады (164. 107).

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін көп зерттеген аға буын ғалым Ж. Досқараев: «...*ч, дж* дыбыстарының жұмсалуды, алмасуды қазақ тілінің өз ерекшелігі, арғы кездегі тіл құрылысының ескілікті элементі» деді (59. 44). Біздің байқауымызша, ондай элементтер топонимикалық атаулар құрамында да мол ұшырасады. Біз осы «челек» сөзінің өзін тарихи дерек ретінде назарға ала отырып, *ч* дыбысының қолданылуын жалпы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі тұрғысынан қарастыруды көздедік. Афффрикат *ч, дж* дыбыстары қазір диалекті есебінде Жетісуда ғана бар болғанымен, бұрын жалпы қазақ тілінде болған дыбыстар.

Өзге де түрлі тарихи деректерге, оның ішінде көне топонимикалық деректерге (*Чарын, Чаргас, Чажса, Чалкөде* т. б. солар сияқты *ч*-шыл топонимдерге) сүйеніп, сөз болып отырған Шелек атырабын ежелгі заманнан бері, осы күнгі қазақ халқының құрамына енген, ертеде өз алдына тіл бірлігі болған ру, тайпа-

лар мекендеген жер деуге болады. Ол ру, тайпалардың сөйлеу тілінде *ч* дыбысы қазақ тілінің осы күнгі жергілікті ерекшеліктерінде кездесетіндей, спирант *ш* дыбысының орнына жүретін фонетикалық ерекшелік болмауы мүмкін. Көптеген түрлі деректерден көрінетініндей, *ч* көнеде қазіргі көпшілік түркі халықтарының тіліндегідей (сөздің бас позициясында) өз алдына жеке лексикалық ұғым тудыратын сөз топтарын құруы керек.

Келтірілген бұл шолулардан көне «челек» атауының түбірі *чел* деуге болады. Бұдан қазіргі қазақ және қырғыз тілдеріндегі *желек* сөзінің де лексикалық, семантикалық мән бірлігі анықтала түседі. «Жел» түбірінің ертеде «йел», «йіл», «чел» формаларында қолданылған тұстары болғанын түсіне аламыз. Бұл түбірдің *ж*-шыл түрі соңғыларға қарағанда әлдеқайда берідегі құбылыс, фонетикалық жаңа түр болып табылады.

*Жел* түбіріне *-ек* жұрнағын қосу арқылы жасалған *желек* сөзі қазіргі қазақ тілінде біраз көнелеу көрінгенімен «желекті найза, найзаның желегі, желегі желкілдеп...» түрлерінде кездесіп қалады.

*Й*-шыл тілдердің дифференциялану барысында *ж*-шыл жүйедегі тіл топтарының қалыптасуы жалпы түркі тілдері тарихында белгілі құбылыс және түркі тілдерінің ол заңдылықтарын ономастика басшылыққа алып отырады. Түркі топонимдерінде ондай құбылыстар *Елек* (йелек) және *Илек* (йілек) формалары арқылы келетіндері бар. Ақтөбе және Орынбор облыстарындағы *Йелек* атауының (қаз. айтылуы *Елек*), кейбіреулердің ойлайтынындай, «елеу» етістігімен мүлде қатысы жоқ. Бұл атаудың дублеті Челябин облысында *Илек* боп қалыптасқан. Осы облыстардағы келтірілген атауларға (екі атауға) этимологиялық талдау жасаған доценттер Н. Я. Лойфман мен С. А. Попов олардың түп негізі *йел*, *йил* («ветер») екеніне, сонымен бір-

ге Қазақстанның *Іле* (өзені) атауы да негізгі түбірі жағынан *ел, ил* сөздерімен байланыстылығына көңіл аударады (129.72). Бұл жүйедегі есімдерге Енисей өзенінің көнедегі аты (Или-Кем) мен қытай мағлұматтарында кездесетін Іленің көне аты (Или-Балық) да сиысуға тиіс. Тяньшань жондарындағы Түрген және *Түргенақсу*, Ферғанадағы (Алай тауындағы) *Түрген* және Шығыс Алтайдағы *Түргесун* атауларының ортақтық мәндері де ашыла түседі. Фонетикалық үндестіктерімен бірге түрген сөзі семантика жағынан түркі және монғол тілдерінің көпшілігінде ілгеріде келтірілген *чел, йел, ил, жел* формаларымен мәндес боп шығады. ...Өзеннің Түрген аталуы түркі, монғол тілдерінде (онан әрі тунгус тілдерінде де) кездесетін «түрген» деген сөзбен байланысты. Түркі-монғол тілдерінің көпшілігінде бұл сөз «шапшаң», «жылдам», «тез» деген мағынаны береді (222.18). Бұдан Тез топонимін де осы атаулар шеңберінде төркіндетудің орайы келеді. *Тез, Түрген, Челек, Елек, Елең* тұлғаларының түп төркіні бір.

Қазақстан топонимикасының қиын жұмбақтары көбіне оның бастапқы көне қабаттарында. Сондықтан оларды бөгде сөздерге жат тілге балаған кездеріміз көп, көбіне «монғол тілі» сөздеріне немесе «қалмақ» атауына тели сап жүрдік. Тіпті, қазіргі қазақ тілі сөздік қорынан жасалған осы күнгі төл сөз элементтерін «модернизациялауды» да кездестіріп қаламыз. Қазақтың *қопа* деген төл сөзіне *-лы* жұрнағын жалғау арқылы тұлғаланған, бірақ түрлі экстралингвистикалық факторлар әсерінен түр-тұлғасы біраз өзгеріп, *Қопалыдан* ресми «Копальск» формасын қабылдай келе (қазіргі Талдықорған облысындағы ауданның, қаланың, арасанның аты) қазақ тіліне Қапал түрінде қайта оралған атауды: «Бұл бір осындағы шипалы суды ішіп мейірі қанған, сөйтіп, бір ұл тауып арманына жеткен қалмақ ханшасының есімі екен» деп түсіндір-



ген жолдарды республикалық баспасөз бетінен оқығанымыз бар. Күңгірт дүниенің бәрін «қалмаққа» балау халық этимологиясының бірден-бір дәстүрі. Бұны тіл тарихына, ел тарихына жауапкершілікпен қарағандық деуге болмайды. Тіл тарихының тасасында оны жасаушы халық тарихы тұрғанын ұмытуға бола ма?

Топонимика өзінің сипаты жағынан тілдің тарихи лексикасына жақын. Бірақ қазақ тілінің тарихи лексикасын зерттеу Орхон-Енисей жазбаларынан және т. б. деректерден басталған болса, Қазақстан топонимикасын зерттеу одан әлдеқайда бері — XVIII ғасырдың екінші жартысынан, яғни Қазақстанның Россияға қосылған кезеңінен басталды. Сол тұстағы орыс ориенталистері Рычковтың, Ремезовтың, Татищевтің, Левшиннің, Палластардың қазақ жерінде жүргізген ғылыми-зерттеу экспедициялық тәжірибелерінен басталады. Шынында да, Қазақстанның географиялық, этнографиялық, топонимиялық зерттеулерін осылар бастады. Бұлар жекелеген топонимдердің этимологиялық мәнін де қарастырды. Дегенмен, Қазақстан топонимиясының бұл пионерлері халықтық этимологиядан асып кете алмады.

Кейініректе бұл зерттеулерді белгілі ғалым А. Гумбольдт жалғастырып, дамытты. Гумбольдттің пайымдауынша Орта Азия, Қазақстан топонимдерінің қалыптасу, даму дәуірлері болған. «Бұл өлкелердің — дейді ол, — әуелгі топонимдері *тек тау, тас, су, бұлақ, қайнар, жар, бастау, көл, төбе* деген сияқты жалпы есім тұлғаларында ғана болғанға ұқсайды» (53. 215). Осының өзі қазақ ономастикасының даму кезеңдерін ажыратуымызға, жүйеге келтіруге себін тигізді деуге болады. Қазіргі сақталған *Бұлақ, Қайнар, Бел, Қара, Өзек, Өзен, Ор, Орпа* т. б. атау тұлғаларының бәрі сол дәуірлердің елесін бергендей. Бұл тұлғалар бізге топонимдердің келе-келе күрделеніп, оларға жаңа

функциялық мән үстемелейтін анықтауыш *ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, шұбар, биік, терең, қос, ұлы, кіші, суық, сор, кең, тар* т. б. атрибуттар жалғасқанын байқатады. Сөйтiп, атаулардың тұлғалық жағы да, функциялары да кемелдене түсiп, алғашқы қарапайымдылықтан күрделiге, тұрлаулы тұрпатқа бейiмделген кезеңдерi болғаны көрiнедi. Топонимдердiң күрделену нәтижесiнде ескi апеллативтерге жаңа жалғаулар, жер беттерiнiң рельефтiк сапаларына сай жаңа анықтауыш тұлғалар, жаңа нормалар туындап, топонимдер қосарланып, бiр үлгiлес немесе туыстас атаулар сап түзген. Топонимикалық үлгiлер дамыған. Бұл — топонимдердiң *қалыптастық* немесе *қайталау* заңдылығы деп аталады. Топонимиялық зерттеулерде бұл заңдылықты бiлу топонимистерге қойылатын бiрiншi шарт болып табылады. Бұл заң бойынша: туысы жоқ «жетiм» топоним iлуде бiреу және олар өмiр сүрмейдi.

Соңғы 30—40 жыл iшiнде жалпы ономастика, оның iшiнде топонимика жайын сөз еткен (сөздiктерден өзге) iрiлi-ұсақты бiраз еңбектер дүниеге келдi. Совет ономастикасының iрi өкiлдерi Э. М. Мурзаев, В. А. Никонов, А. И. Попов, Е. М. Поспелов, А. В. Суперанская т. б. ғалымдар еңбектерi осы саладан бiлiм алудың элементарлы қажеттерiн молынан өтеп жүр. Бiздiң қазақ ономастиологтары А. Әбдiрахманов, Т. Жанұзақов, Ғ. Қоңқашбаев т. б. ғылымның әңгiме болып отырған бұл саласына өз үлестерiн қосуда.

Халық этимологиясы топонимдердiң шыққан төрiнiн зерттеумен ежелгi заманнан шұғылданып келдi. Оны көбiне халық творчествосының талапкерлерi жорамалдап қиыстыратын. Кейбiр болжамдарға, ретiне қарай, ғылыми этимология да селқос қарамайды, сөйте тұра, ғылыми этимология оны қолдамайды да. Өйткенi, олар ауыз әдебиетi нұсқасына жақын халық шығармалары өнерiмен ұштасады. Жазба әдебиет нұс-

қаларында да жеке қаламгерлер топонимдер «мазмұнын» халық мүддесіне жуықтатып, өз туындыларына кірінді эпизод ретінде көндіктіріп алады. Бірақ, ол енді халық творчествосы қатарынан кетіп, суреткердің өз творчествосы қатарына енеді.

Өз тұсында көне грек данышпаны Аристотель де топонимдерді этимологиялаумен әуестенген деседі. «Бұл өзі бір жүйелі құрылымның объектісіне ұқсайтындай-ау» деген екен ол. Әңгіме түйсік пен қиялдан шын этимология ашылмайтыны жайлы боп отыр. Топонимдердің шыққан тегін ажыратпас бұрын ең әуелі қабаттар дәуірін, формант-жұрнақтарын терең зерттеп барып, этимология жайлы түбегейлі пікір айтуға болады. Пікір таластығын тудырмайтын тап басқан этимология кемде-кем деседі. Ол дұрыс та. Топонимика әлі өз міндеттерін орындап шыққан жоқ, сондықтан да оның сөздіктері түрлі жорамалдарға, гипотезалық тұжырымдарға толы. Оның алдында ауыр міндеттер, қиын зерттеулер тұр.

Түркі топонимиясының тың кестесін салған совет ғалымы профессор Э. М. Мурзаев: «Орта ғасыр авторларының да халық этимологиясы шырмауына іліккендері біздің заманымыздың энтузиастарынан кем болмағандай, — дейді. — Махмуд Қашғари өз кезінде Самарқан атауын «Семіз кент» деген сөздерден шығарып, өз замандастарын біраз қызыққа батырғандай» («Очерки топонимики». М., 1974, 216-б.).

Біздің заманымыздың XII ғасырында Сырдария атауының мәнін қарастырған кезбе-саяхатшы Плано Карпини, Асцелиндер өз жазбаларында: «бұл атау, тәрізі, түркі-иран лұғаттарынан құралған «Сары дария» ұғымын берген сөздер болар», — дейді (173. 93). Осының өзі-ақ «сыр» түбірінің сыры тым тереңде жатқанын аша түседі.

*Сары* сөзінің ономалық мәнін ғылыми тұрғыдан сарапқа салу үшін *Сарыарқа* атауының құрамындағы

арқа және сары сыңарларының төркінін бағдарлайық. Халық этимологиясы бұл атаудағы «сары» сөзінің түсінігін жер бетінің қуаң тартып, сарғайған түсіне байлайтын да, «арқа» сөзінің түсінігін мүлде айтпаған. Бұл тым жұтаң ұғым еді, өйткені жаздың ыстық сарша-тамызынан соң дала атаулы түгел сарғаяды да, бірақ олардың бәріне *сары* сөзі қаз-қатарымен қолданыла бермейді, тек бірен-саран *Сарыжылға*, *Сарыөзек* дегендегі тіліміздің төл сөздерінен жасалғандарында ғана «сары» сөзі түстік бір объектінің (өзек, жылғаның) бетінің сарылығы үшін қолданылады. Ал «*Сары*» қарды теуіп жайылған, *Сары* аязда жусаған, *Сары* арқаны қыстаған, *Жылқының* жайы болмас па!» деп келетін аллитерациялық тіркестерде «сары» сөздері «сүр» (*қар*) және «қақаған» (*аяз*) мәндерінде қолданылса, өзге де сондай «сарыгидір» (*жасамыс*), «сарытоқым» (*аты-шулы*) т. б. тұлғалармен келетін алуан түрлі мәнде қолданылатын кезектері көп. «Сары» сөзінің тіркесімен келетін (*Сарыарқа* жүйелес) *Сарыадыр*, *Сарыбел*, *Сарыдала*, *Сарыжайлау*, *Сарыжал*, *Сарытау*, *Сарысу*, *Сарыбұлақ*, *Сарықұм*, *Сарықона*, *Сарыой* т. б. осы топтағы атауларға зер салсақ, бұлардың қай-қайсысының болсын түспен (сары түспен) байланысты мәні байқалмайды. Керісінше, *Сарыжайлау*, *Сарыбел*, *Сарыдала* тіркестерінің әлденендей бір фразалық немесе жартылай фразалық, тұрақтылық функциясы барын, сондай бір көтеріңкі сезіммен айтылатын әлеуметтік күйі барын байқаймыз.

Кезінде «Сарыарқа» атауының жалпы мәніне ғылым тұрғысынан қараған ғалым, белгілі геолог Г. Ц. Медеов болды: шығыста Қалба-Тарбағатайлардан тартып, батыс атырабы Торғаймен көмкерілген шексіз жон,— деді ол Арқаны.— Оның екі бүйірін Балқаш — Арал ойпаты (оңтүстігі) мен Ертіс — Есіл жазықтары (солтүстігі) алып жатыр. Осы жонды халық арқа деп атаған, Түрлі физикалық-географиялық

позициялардан оған көне *сар* сөзі қосылғаны, бірақ беріде «Сарыарқа» атауына бейімделгені көрінеді. Аймақтық тұрғыдан қарағанда, осы жонның геоморфологиялық сипатын, яғни дөңбек сынын, топокарталардың мүлде жоқ болған кезінде түйсікпен ажыратқан байырғы тұрғындардың сезімталдығын тамаша десе болады (ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1948, № 1, 56-бет).

Келтірілген деректерден біз *сарыарқа* тұлғасын «кең жон, жалпақ үстірт, шексіз қырқа» мәніндегі атау деп түсінеміз. Сол ыңғаймен осы туыстас *Сарысу*, *Сарытау* т. б. атауларындағы *сар* сөзінің мәнін үнді-араб тілдері төркіндес, «кең байтақ» деп ұғамыз. *Саржайлау* атауы — сарғайып кеткен даланың сиқы емес, — «кеңжайлау», *Сардала* — кең дала, *Сарөзен* (Сарсу) — «кең (арналы) өзен-су» ұғымын беретін атаулар. Өзге де *ақ*, *қара*, *көк*, *жирен*, *шұбар* т. б. «түстік сын есімдері» топонимикалық атаулар құрамында көбіне сол объектілердің түсін емес, өзге қасиеттерін көрсететін компоненттер екендігі түркі ономастикасы әлемінде анықталған үстіне анықтала түсуде. Бұл кешегі күнге дейін ғалымдарға да, өзгелерге де жұмбақ еді. *Ақ* сөзі (*Ақтау*, *Ақтам*) т. б. сол сияқты тікелей *ақ* түспен байланысты атаулардан өзге де «ағын» (*Ақсу*, *Ақбұлақ*, *Ақкөл* т. б. сол үлгілес атауларда), «ақпа, сусымалы» (*Аққұм*, *Ақеспе* т. б. атауларда), «от, пәйек» (*Ақтөбе*, *Ақдала*, *Ақжон* т. б. сол туыстас атауларда) мағыналарын береді. Ал көне түркілердің өмір тіршілігінде *ақ* сөзінің күншығыс (құбыланың шығыс беті) ұғымын берген кезектері де болғаны бар (227. 08). Түстік сын есімдердің осындай сырларын бұдан ондаған жыл бұрын белгілі түрколог А. Н. Кононов ашып еді (105. 58). Бұл сөздікте оларды өз реестрі тұсында ғана сөз етеміз. Тек «қара» сөзінің топоэлементтік мәндері сан қилы болып келеді (124. 6-т., 36—55 б.).

Түстік атаулардың көбінде жылқы малының түсі-



түгінге меңзейтіндей *ала, боз, құла, торы, кері, шабдар, жирен* компоненттес ареалдар тобы бар. Бұлар, ақиқатына келгенде, өздерінің әуелгі түр-тұлғаларынан сәлдеп (*фонет.*) ауытқи келе, тіліміздегі бар ұғымдарға бейімделген, кейде түбегейлі «жаңа мағына» алған тосын түр тапқан тұлғалар болып шығады. Олар туралы арнаулы еңбектер де бар. Мәселен, кейбір ғылыми жеке еңбектерден экстралингвистикалық фактор ретінде республиканың *жирен* сыңарымен келетін атауларға тоқтала кетейік.

Оғұз-иран тілдерінде *жайран* аталатын жануар бір заманда өздерінің түп мекені Кіші Азиядан Қиыр Шығысқа дейінгі байтақ атырапқа тараған. Н. В. Верещагин осы жануарлардың миграциясы жайлы қызықты деректер келтіреді (41. 28). Бұл жануар өз отанында осы күнге дейін *жайран* деп аталады. Бірақ Алтай-Саян, Монғолия атыраптарында *дзэрэн*, қазақ өлкелерінің кейбір түкпірлерінде «жирен» немесе «зере» үлгілес топонимдердің аясы артып, аңшылық тәсіліндегі *бокәнчи, донгузчи* антропонимдерінің жұптасы сипатты *жэрәнчи* оноmaları туды деуге болады.

Атауларды төркіндетуде *өзекті сандардың* семантикалық мәнін ажыратудың көп маңызы бар. Ондай сандар қатарына 3, 7, 9, 40, 100, 1000 т. б. цифрлар жатады. Бұл сандардың топоним құрамында орын тебу тәртібі және мәні сөйлеу тіліміздің немесе тіліміздегі тұрақты тіркестердің заңдылығымен ұштасады. Осы топтағы сандармен келетін атаулар өздерінің сипаты жағынан, тіл-тілдің қайсысында болсын, әсте дәл цифрды көрсете алмайды, тек көптік белгіге ие болады. Мәселен: *Жетісай, Жетісу, Тоғызбұлақ, Тоғызтарау, Жүзағаш, Мыңжылқы, Мыңбұлақ* т. б. Тіл семьяларындағы *өзекті сандар* сырына осы тұрғыдан біраз үңілген белгілі ғалым В. М. Чернышев орыс және қазақ тілдеріндегі есептеу жүйелерінің киелілік (сақраменттік) ұғымынан гөрі эмоциялық мәні басымдығы

жайлы бағалы пікірлер айтып еді (ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1946, № 4, 45—52-беттер). Жеке сандардың шығу тарихын сөз еткен математик ұстаз М. Я. Выгодский орыс тіліндегі «жеті», «тоғыз», «қырық» т. б. *өзекті сандардың* белгілі дәуірлерден елес беретінін олар ертедегі қоғам өмірінде көпшіліктің шегін білдіргенін, сан аттарының аздан көпке мешеу дамығанын дәлелдеді (46. 18).

Қазақстан топонимдерінің едәуір бөлігі ру-тайпа аттарына қатысты. Сөздікте олар: «этноним», «этно-топоним» немесе «ру-тайпа аттары», «этникалық топ атауы» деген ремарктармен берілді.

Жер-су аттарын зерттеудің ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміздің өзі ертеде сол атырапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Оған дау жоқ. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін немесе бөтен өңірге ауып, олардың орнына басқалар келсін, бәрібір, топонимдер тапжылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі боп табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін ажыратумен бірге оның этнографиялық шегін де ажыратады.

Топонимдерді зерттегенде ең әуелі оның тілін ажыратып, сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен тығыз байланыстырылса ғана іс нәтижелі болмақ. Тіл материалдарын (диалектілік материалдарды) қазіргі нұсқалармен салыстыру үшін ең әуелі көне нұсқаларды, өзге де туыстас тіл материалдарын барынша пайдалану міндеті туады. Бірінің болмаса бірінің көмегі тиюі сөзсіз. Тарихи-салыстырмалы әдіс негізінен осыған саяды. Осы әдісті сарқа пайдаланудың тіл тарихы және халық тарихы үшін берері көп.

Қазақстан топонимдері өздерінің құрамы, құрылымы, компоненттерінің тіркесу сипаты және тілдік бітімі жағынан мынадай бес түрлі қабаттардан қалыптасқанын атап өтуге болады:

1) ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: *тал, ар, бал, сар, гар, кан* және *-ын, -ін, -үн* қосымша түрлері);

2) шартты түрдегі түркі-монғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (*ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай* және *-ас, -ес, -аш* қосымша түрлері);

3) түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (*й-шыл, ч-шыл, ж-шыл, дь-шыл* тілдер және *-ты, -сы* қосымша түрлері);

4) осы күнгі түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (*қазақ, қырғыз, алтай, қарақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түрікмен, азербайжан, өзбек* т. б.);

5) орыс тілі негізіндегі топонимикалық қабаттамалар, яғни Э. М. Мурзаевтің айтуынша «ең үстіңгі қабат». Осы қабаттағы ономастарды салғастыра зерттеу алда тұрған үлкен проблема. Ондай зерттеулер өзінің методологиялық жағынан да лингвистиканың іргелі мәселелерін қозғаған болар еді: қазақ тілі мен орыс тілінің социологиялық, методикалық және басқа да қарым-қатынасын салғастыру, сол арқылы олардың (сол тілдердің) типологиялық ұқсастығын және бір-бірінен айырылатын жақтарын анықтау сияқты күрделі мәселелерді қамтыр еді.

## А

**Аба** — Қазақстанның орталық және оңтүстік-батыс аймағындағы қыратты жер, елді мекен аттары. *Көне түр. ава* «ұлы ата» немесе «арғы ата» мағынасындағы сөз (60. 01).

**Абас** — Қарқаралы тауының оңтүстік-батысында дағы өзен аты. *Көне түр. аба+ас* тұлғаларынан құралған: «ата өзен» мағынасындағы атау.

**Аблакетка** — Шығыс Қазақстандағы кіші-гірім тау тізбегімен байланысты атау. «Монғолдың Аблайкит», яғни *Аблай түнесі* («ғибадатхана») деп үстірт түсіндіріліп келді. *Аблакетка* немесе *Аблайкетка* қазақ-монғол тілдері симбиозынан пайда болған атау: *қаз. аулақ түр. авлақ* — тау аты + *монғ. кит* (түнес немесе храм) сөздерінен құралған атаудың орыс тілі мәнерімен (-ка аффиксі арқылы) қалыптасқан түрі. «Аулақ тауындағы кит» (аулақкит) ұғымын береді (13. 182).

**Аблантау** — Орталық Қазақстандағы кіші-гірім таудың аты. *Көне түр. аблау* («қоршау») және *тау* сөздерінен құралған, яғни аң аулауға байланысты қойылған атау.

**Абралы** — Орталық Қазақстандағы кіші-гірім таудың аты. Ұқсастыру бойынша қойылған атау. *Арба* (жүк артқан) мағынасын береді. Арба сөзінің метатезалық әріп алмасуынан *абра* формасын қабылдауы түркі тілдерінде заңды құбылыс. Хакас тілінің қызыл диалектісінде сақталған (215. 351). Абралы тұлғасы

бара-бара «болыс», аудан, адам аттарына да айналған.

**Абызтөбе** — Қызылорда облысындағы елді мекен аты. Ар. абыз сөзі, «сәуегей, данышпан» ұғымына тән.

**Абылқұм** — құм аты. *Көне түркі* антропонимдері бойынша қойылған атау. «*Абыл-Қабыл*» этнонимдерімен салыстырыңыз (85. 428). Абыл этноним түрінде Орта Азияның көптеген аймағында және Қашғарияда кездеседі (136. 73). *Сал.: Қабылсай.*

**Ават** — елді мекен аты (Алматы обл. Ұйғыр ауд.). *Ир. абат* «қоныстанған, жайланған, рабат салған» мағынасындағы атау.

**Ағанас** — Орталық Қазақстандағы өзен аты. *Ағын* («биік кемерлі арна») және *ас* компоненттерінен қалыптасқан, яғни «арнасы терең су» мағынасындағы атау.

**Ағасу** — мекен аты (Маңғышлақ обл.). *Қаз. ақ* және *асу* сөздерінен қалыптасқан атау. *Өткел* мағынасын береді (*ақ* сөзінің семантикасын қараңыз).

**Ағашаяқ** — мекен аты (Іле өзенінің атырауында). Іле өзенінің ескі арна жағалауында осы аттас көне мекен болған. *Көне түр. ағынш аяғ.*, яғни «аяныш жағалауы» мәніндегі атау (60. 26).

**Ағдым** — өзен аты (Орталық Қазақстандағы Ерейментауда). *Түр.* «ақдым» немесе «ағыны мол өзен» мағынасын беретін атау. *Қаз. құрдым* немесе *құрдымдау* сөздерімен салыстырыңыз.

**Адыр** — дөңесті және белесті жер аты. *Сал. алт.* адыр — «аласа тау» (185. 83).

**Адысай** — Бетбақдаланың оңтүстігіндегі кіші-гірім сай аты. *Көне түр. ады* немесе *аты* сөзі «қозғауыш» (шартты түрде), яғни жауын суы мен қар суын «реттегіш» және сай компоненттерінен құралған — «су жүретін сай» мағынасындағы атау.

**Ажырық** — мекен аты (Қарағанды обл.). *Көне түр.* адыр (аджыр > ажыр > ажырғық) тұлғасынан. Қазіргі



қазақ тіліндегі айыр, аша, айрық тұлғаларымен байланысты.

**Азат** — Алматы және Көкшетау облыстарындағы елді мекен аттары және Қарағанды облысындағы таулы жайлау аты. Елді мекен аттары ир. тіліндегі «босандық, еркіндік» мәніндегі азад сөзінен, ал тау аты көне түр. «өз тұту, қадірмен» мәніндегі өз-ат (азат) сөзінен жасалған (227. 17).

**Азғыр** — Гурьев облысындағы мекен аты. *Көне түр.* аздғыр (өсімдік аты), яғни «аздғырлы йер» түріндегі атау. *Қаз.* тілінде айғыр формасын қабылдаған (қараңыз).

**Ай** — Семей облысындағы елді мекен аты. Өзен аты бойынша қойылған. *Көне түр.* этнонимі (тайпа тобының аты). Ай тайпасының үрім-бұтақтары қазақ, башқұрт және өзге де түркі халықтары құрамынан байқалады. Бірен-саран Сібір және Чолым татарлары арасынан да кездеседі.

**Айбастау** — Орталық Қазақстандағы мекен аты. Әуелде бұлаққа байланысты қойылған атау. *Этим:* «Ай бастауы» мәнін береді.

**Айбет** — Орталық Қазақстандағы кіші-гірім тау аты. *Этим:* «Айлар жағы» мәніндегі атау («Сырымбет» атауымен салыстырыңыз).

**Айбұлақ** — Орталық Қазақстандағы бұлақ аты. *Этим:* «Ай бұлағы» мәніндегі атау.

**Айбұлақкөл** — көл және бұлақ аты (Орталық Қазақстан). *Этим:* «Айдың бұлақты көлі» мәніндегі атау.

**Айғайтас** — таулы-үстіртті мекендер аты (Қазақстанның оңтүстік және солтүстік аймақтарында кездесетін атаулар). Кезінде «жар салынатын», «дабыл қағылатын» дәстүрлермен байланысты немесе жаңғырық беретін тастар.

**Айғал** — тау тармағының немесе Қарқаралы тауының кіші-гірім бір тармағының аты.

**Айгене** — мекен аты. *Түр.* антропоним. *Есыненмен* салыстырыңыз. *Ай* және *Кене* — көне түркі этнонимдері.

**Айғыз** — тау және өзен аты. *Көне түр. ай* (этноним) және қыр (жер бедері) мәніндегі сөздерінен құралған атау. *Қыр* (ғыр) формаларының *қыз*(ғыз) формаларын қабылдау заңдылығы (*түр.* ротацизмі —  $p > z$ ). *Айғыз* атауының прототипі *Айқыр*, яғни *ай қыры* мәндес тіркес екендігін аңғартады. Бұл құбылыс түркологиялық зерттеулерде *Асқыз* және *Бадхыз* атауларына байланысты дәлелденгені мәлім (146. 63).

**Айғыр** — мекен аты. *Көне түр.* азғыр (тіс аралық спирант *ДЗ* дыбыстарының қатысымен байланысты) формасындағы атау. *Бот.* көп жылдық өсімдік аты (180. IV т., 464). *Бұғымен* салыстырыңыз.

**Айдабол** — мекен, көл аты (Көкшетау обл.). Этноним. Түркі халықтарының этнонимі (оңтүстік түркі және солтүстік кавказ түркі тілдес халықтарының этнонимі).

**Айдар** — мекен аты. Дөңді төбешіктер аты. *Этим.* 1) шоқы төбе мәніндегі табиғи көрініс; 2) көне түркі анимистикалық теңеулерінен қалған ұғым (*һайдар* — «жұтқыш» хайуан//айдахар//аждаһар) болуы ықтимал. *Делбегетай*, *Маңғыстау* атауларымен салыстырыңыз.

**Айдарлы** — Қазақстанның оңтүстік және орталық аймақтарындағы мекен, елді мекен аттары. *Этим.* 1) шоқ төбе (айдары бар басқа балап, оған *-лы* аффиксін жалғау арқылы қойылған атау); 2) көне түркі анимистикалық теңдеулерінен қалған ұғым (*һайдар* — «жұтқыш» хайуан — айдахар//аждаһа) болуы ықтимал.

**Аймысық** — тау аты (Жезқазған обл. Қарағаш жоталарының ең биік жері). Көне түркі тайпасы мекені (Ә. Марғұлан). *Ай* — «этноним» + *месек* > *мысық* (*мөшүк*//*мөздүк*//*пәдик* «биік») мәндес сөздерден құ-

ралған (180. 2134).— «Айдың белі» мәніндегі атау. *Аламесек* атауын қараңыз.

**Айпара** — мекен аты (Қызылорда обл.). *Көне түр.* этнонимі. *Аспара* үлгілес атау (қар.). *Ай* және *пара* сөздерінен құралуы мүмкін («ай тайпасының бір бөлігі» мағынасында).

**Айрақты** — тау аты (Гурьев обл.). «Екі айыр» мәніндегі атау. *Айыр, Аша* атаулары мәндес.

**Айрық** — шоқы аты (Оңтүстік Алтай, Мұғалжар, Сарыарқа және Іле Алатауы шоқыларының аты). *Айрық* сөзі «екі айыр, тарау» және «асу, бел» аттары болумен бірге «екі өзен-судың» немесе «екі сайдың түйіскен жерлерін» нұсқайтын атау. Түркологиялық деректерде *айрық* сөзін «арықпен» байланыстырады (В. В. Радлов бойынша). «*Арық* сөзі орыстың әдеби тіліне енгелі қашан! Орта Азия өңірін мекендейтін орыстардың сөйлеу тіліне де мүлде сіңіскен» (*ауд. біздікі.* 146. 29).

**Айт** — елді мекен аты (Алматы обл.) *Этим:* *ай* атауына көптік белгі -т аффиксін жалғау арқылы жасалған атау.

**Айтағы** — Орталық Қазақстандағы тау аты. *Көне түр.* ай этнониміне *тағ* («тау») терминін жалғау арқылы жасалған атау. *Этим.:* «Айтауы».

**Айтбозым** — елді мекен аты (Алматы обл.) *Этим.:* *айт* және *бозым* этнонимдерінен құралған қос тұлғалы атау.

**Айшырақ** — Орталық Қазақстанның Атасу өзені бойындағы мекен аты (ежелгі ғимараттар орны). Онда қола дәуірінен қалған түрлі бұйымдар, көбіне ай тәріздес қола шырақтар табылып келген. Сол үшін де ол *Айшырақ* атанған.

**Айыр** — толып жатқан тау асуларының аты (негізінен «екі ашады», «қос тармақты» мағынасында). Сондай-ақ *Аша, Айрық* атауларымен мәндес топонимдер. Мәселен, түркі тілдерінде: *өзб. айри* терминінен

*Айритом, Йұлайрық, Айритош* түрлеріндегі топонимдер (108. 11), *қырғ.* және *алт.* айрақ терминінен *Айры, Көжайрық, Ташайрақ* т. б. оронимдер (143. 196) жасалған. *Қаз. Айыртас, Айыртау* оронимдерімен салыстырыңыз.

**Айыркешу** — мекен аты (Торғай обл. Торғай өзені бойы). *Түр.* айыр және кешу (қар.) тұлғаларынан қалыптасқан атау. *Этим.:* «су айрығындағы өткел» немесе «айыр өткел» мәнін береді.

**Ақадыр** — мекен, елді мекен және аудан аттары. *Этим.:* бұл атаудағы *ақ* сөзінің түспен байланысы жоқ; *ақ* — өсімдіктің түрін көрсетеді «... біз *ақ отты* адырмен келеміз» (16. 272).

**Ақбайтал** — Шыңғыс тауының ең биік жері (Семей обл.). *Түр.-монғ.* *ақ* және *байдал* сөздерінен құралған атау. *Этим.:* «Кең-байтақ от» мағынасын береді. *Алабайтал* және *Байтал* оронимдерімен салыстырыңыз.

**Ақбақан** — жылғаның аты. *Көне түр.* *ақ* және *бақан* компоненттерінен құралған: «су айрығы» мәніндегі атау.

**Ақбалық** — өзен аты (Қостанай обл. және Жетісудың солтүстік бөлігінде). *Көне түр.* *ақ* және *балық* компоненттерінен құралған «ағын су» мәніндегі атау.

**Ақбастау** — Сарыарқадағы тау және мекен аттары. *Этим.:* 1) «Ақбас» (руының) тауы; 2) «тұнық бастау» мәндес атаулар.

**Ақбел** — бел аты (Қазақстанның барлық жерінде бар). «Ақ отты бел» мәніндегі атау. «Ақдалаға» парпар.

**Ақбике** — Арал теңізіндегі аралдың аты. *Көне түр.* *ақ* және *биэк* «айдын жағалауы» мәніндегі атау. *Көшбике. Базарбике* атауларымен салыстырыңыз.

**Ақбұйрат** — мекен аты (Қарағанды обл.). «Ақ отты бұйрат» мәніндегі атау.

**Ақбұлақ** — Қазақстанның барлық жерінде кездесетін бұлақ, елді мекен аттары. *Көне түр.* *ақ*

(«ағын») + бұлақ сөздерінен құралған «ағынды бұлақ» мәндес атаулар (146. 13). *Қарабұлақ, Қарасуларға* кесірінше атау (қараңыз).

**Ақбұрқан** — Алматы облысындағы тау өзенінің аты. *Түр.-монғ.* «ағынды бұрқан» мәніндегі атау. *Бұрқанды* қараңыз.

**Ақдала** — мекен аттары: Іле-Балқаш сыртындағы және өзге өңірлердегі кеңістік аттары. *Этим.*: «отты дала, шұрайлы жайылым» мағынасындағы атаулар. *Сал.*: ақ жер, ақ түз т. б.

**Ақжазық** — мекен аты. «Ақ отты жазық (дала)» мәніндегі атау.

**Ақжайдақ** — Арал теңізінің шығыс жағалауындағы шығанақ аты. «Толқынды жағалау» мәніндегі атау.

**Ақжайқын** — дала аты. *Поэт.* «құлпырған дала, ен дала» мәніндегі атаулар.

**Ақжайлау** — жайлау аты. «Ақ отты жайлау» (от жайлау) мәндес атаулар. *Ақжайықпен* салыстырыңыз.

**Ақжайық** — 1) Орталық Қазақстандағы жайлау аты; 2) өзен аты (**Жайықты** қараңыз). *Көне түр. ақ* («от») және *йай* (-ық), яғни «ақ отты жайлау» мәніндегі атау. *Сал., қырғ. Көк жайық* «биік таудағы жайлау».

**Ақжал** — Семей және Жезқазған облыстарындағы жал, жұм. пос. аттары. *А.* — «бозарыңқы, ағарып көрінетін жал» немесе отты жал мәндес атаулар.

**Ақжар** — мекен, өзен, елді мекен аттары. *А.* — «ақтаңдақ жар». *Ақжар* атаулары өзге де түркі тілдес халықтар топонимдерінен кең орын алған. *В. А. Никон*: «Қырымның қазіргі Севастополь қаласы тұрған жерді құмандар бұрын «Ағджар» атаған дейді (156. 35).

**Ақирек** — қырқаның аты (Торғай обл.). *Ақ* және *ирек* компоненттері қырқаның айқыш-ұйқыш бітімін, ақ таңдақтығын көрсетеді.

**Ақиық** — мекен аттары (сай-сала). Кенері ақ жиек объектілер.

**Ақиін** — елді мекен (Қызылорда обл.). *Ақ* — инді жиектің түсін көрсетеді.

**Аққанбұрлық** — Көкшетау облысындағы кіші-гірім өзен аты. *Көне түр. аққан және бұрлық* («бұрған, бұрма») — «бұрылып аққан су» мәніндегі атау.

**Ақкезең** — мекен аты. *Ақ* сөзі көбіне кезең беттерінің түсін меңзейді.

**Ақкемер** — Қазақстанның барлық түкпірінде кездесетін тау табанының, сай-саланың, кеуіп қалған арнаның суға шайылған жерінің, жағаның аттары. Бұл атаудағы *ақ* сөзі өзінің семантикалық жағынан «ағын» мәніндегі ауыс мағынада тұр және кемер сөзімен тұлғаласып, Қаракемерге (қар.) керісінше, ұғымды береді. Түркологтар (бізде де, шетелдерде де) *кемер* сөзінің төркінін түркі тілі тегіне жатқызбайды: 1) проф. К. К. Юдахин *кемер* сөзін иран тілі негізіндегі «су орган саға, кеспе сай» мәндеріндегі термин деп қарайды (226. 371); 2) проф. Э. М. Мурзаев *кем* түбірін үнді-иран тілдеріндегі «су ұғымын беретін сөз» деп түйеді (149—388).

**Ақкөл** — көл, су қоймасының, Арал теңізі жағалауындағы шығанақтың, елді мекен аттары. Бұл атас көлдер көбіне өзен бойына таяу жерде болатындықтан, судың тасуына байланысты, бірде ернеуінен асып, бірде тартылып қалып отырады. В. А. Никонов: «ақкөлдер сипаты өз алдына» дейді (156. 138). «Өз алдына» делінетін себебі «ақкөл» атаулылар өз маңындағы су бассейндерімен үнемі байланыста болады. Сондықтан да *ақкөл* атауы «ағынды көл» мәніндегі ұғымды береді.

**Ақкөл-Жайылма** — Павлодар облысындағы мекен аты. Біріккен тұлғалы қос есім: *Ақкөл* — «ағынды көл» (бұл күнде тартылып қалған) және *Жайылма* («Жайма» атауымен тең),

**Ақкілет** — мекен аты (Аякөз өзенінің сағасы, Таңсық жапсарлас мекен). *Қаз. Аққолат* (ақ және қолат компоненттерінің мағыналарын қараңыз).

**Аққолқа** — Алматы облысындағы мекен аты. *Этим.*: таудың (биік атаулының) бір жақ бүйіріндегі мал жайылатын отты жері.

**Аққолтық** — мекен аты. *Этим.*: «тау қойнауындағы өріс» мағынасындағы атау.

**Аққорған** — мекен аты. *Бұр.* ғимарат орны.

**Аққұм** — 1) құм аттары. Балқаш көліндегі түбектің, елді мекендер аты. «Ақ» сөзі құмның түсін көрсетпейді, сипатын көрсетеді. *Этим.*: «сусымалы, ақпа құм» (146.101); 2) Жезқазған облысындағы орта ғасырлық елді мекен. *Сал.*: сол туыстас атау (Арчайға) Түрікменстанда да бар.

**Аққұмқалқан** — Алматы облысының Балқаш жағалауындағы құм жоталары. *Қаз. аққұм және қалқан* (қар.) топонимдерінің бірігу нәтижесінде пайда болған күрделі атау. Аққұмқалқан — бұл күнде республиканың көрікті аймағының бірі. Табиғаттың өз құдіретімен орнаған қат-қабат сол бір құм төбешіктер Балқаштың желінен «ішек тартып» сыңсығанда сіз оны орган үнінен бір кем демейсіз.

**Аққыз** — Жезқазған облысындағы қырдың аты. *Көне түр. фон* (з > р) «Аққыр» тұлғасын қараңыз.

**Аққызыл** — мекен, елді мекен аттары. *Көне түр. фон.* (з > с) «Аққысыл» — тарсай (таржылға) мәніндегі атау.

**Аққыр** — бұйрат аты. «Ақ отты қыр» мәніндегі атау. *Ақдала* пара-пар (қараңыз).

**Аққыстау** — мекен, елді мекен аты (соңғысы Гурьев облысында). «Ақ отты қыстау».

**Ақмайдан** — мекен аты. «Ақ отты» дала.

**Ақмамық** — елді мекен аты. «Ақмамық» — өсімдіктің бір түрі, дөңді дақылдар семьясына жатады.

**Ақмәдия** — қыстау аты. Ресми — «Ахмадия». Қыстау иесінің атымен аталған.

**Ақмер** (ресми Ахмер) — мекен аты. Шығыс Қазақстанның Таврия ауданында. Антропоним.

**Ақмола** — мекен, қала аттары (көбіне қыстау). Бұл аттас атаулар Жамбыл, Қостанай, Целиноград облыстарында бар (Целиноград қаласының бұрынғы аты). «Ақбейіт» атауы мәндес (*қар.*).

**Ақөзек** — Қазақстанда кездесетін өзен-жылға, бұлақ аттары. Көбіне «сулы өзен» мәнін береді. *Түр.* (*фон.*) *өсек > өзек > өзей* түрлерінде келетін терминдік атау. *Қараөзек, Сарыөзек, Көкөзек* атауларымен салыстырыңыз.

**Ақөлең** — Жезқазған облысындағы мекен аты. «Ақ өлең шөпті» мағынасындағы атау. *Қоңырөлеңмен* салыстырыңыз.

**Ақөре** — өзен аты (Қостанай обл.). *Түр.* (обл.) *ақ* және *йөрем* («қалың шілік») мәніндегі атау.

**Ақсай** — шағын өзен, елді мекен, қала аттары. *Ақсай* топонимдері республиканың әр тұсында (Орал облысының Бөрлі ауд. орталығы) және өзге республикаларда, мысалы, РСФСР-дің Волгоград, Ростов облыстары мен Қырғыз ССР-де жиі кездеседі (156. 18). Мурзаевтер оны *Ақсу* деп қарайды (146. 195). Түркия мен Азербайжан ССР-де *сай* тұлғалары көбіне «чай» түрінде келеді және «өзен» (су) мәнін береді. Қазіргі қаз. тілінде *сай* тұлғалары семантикалық жағынан өзен мәнінен гөрі *жыра, өзек, жылға* терминдерінің синониміне жақын.

**Ақсеңгір** — төбе, өзен-су, елді мекен, колхоз-совхоз аттары. *Ақ* және *сеңгір* компоненттерінің екеуі де екі түрлі жағдайда этимологияланады. *Ақ сөзі*: 1) төбе басындағы тас жыныстарының (бор, кварцит, мәрмәр т. б.) немесе топырақ беттерінің боз (ақ) түстілігімен байланысты айтылуы мүмкін; 2) проф. К. К. Юдахин айтқандай, «шалғынды жота» мәнінде болуы



мүмкін (226. 643). *Сеңгір* сөзін: 1) *түр. заңғар* (<саңғар < сеңнер < сеңпір) > *сеңгерлемек (ет)* негізіндегі «торсию, шошаю» ұғымын беретін «дөңес, құз» мағынасындағы элементке балайды; 2) *ур. тілінде сәнг* («тас») немесе «тастақ» мағынасындағы компонент болуы мүмкін. *Пирсанг* («әулие тас») атауымен салыстырыңыз.

**Ақсоран** — Орталық Қазақстандағы мекен аты. *Қаз. ақ және (обл.) сораң* компоненттерінен құралған атау. Өсімдік аты бойынша. *Әд. сортаң*.

**Ақсу** — Қазақстандағы өзен-су және елді мекен аттары. *Ақ* сөзі судың түсін (ақтығын) көрсетпейді, ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді (146. 22). *Ақсу* атауы Қарасу атауына керісінше келеді (қараңыз).

**Ақсуат** — өзен және көл, елді мекен аттары. *Көне түр. сув-эт* (сөзбе-сөз) су, яғни *сулы жер* мәніндегі атау.

**Ақсу-Аюлы** — елді мекен аты (Шет ауд. орталығы. Жезқазған обл.). Қос тұлғалы атау: *Ақсу* және *Аюлы* атауларының қосарланған түрі.

**Ақсу-Жабағылы** — Батыс Тянь-Шаньдағы қорық аты. Қос тұлғалы атау: *Ақсу* және *Жабағылы* (қар.) өзендерінің қосарланған түрі. Махмуд Қашғари *жабағы* этнонимі жөнінде *йабақұ тылы* деп қана өтеді (136. 325).

**Ақтақ** — Жезқазған облысындағы таулы жер аты. *Көне түр. ағ* және *тағ* компоненттерінен құралған атау, яғни «ақтау» мағынасында.

**Ақтайлақ** — Жезқазған, **Жамбыл**, Семей облыстарындағы елді мекен аттары. *Қаз.* этникалық топ аттары.

**Ақтайлақ-Құлдар** — Талдықорған облысындағы елді мекен аты. *Ақтайлақ* және *Құлдар* (қар.) этнонимдерінің қосарланған түрі.

**Ақтам** — Солтүстік Қазақстандағы елді мекен аты. *Түр. ақ және там* «соқпа үй» сөздерінен құралған атау. *Түс. түр.* дам; кейбір топтарда там сөзі «бейіт» мәнін береді. Бұл сөз өзінің таралуы және семантикалық өзгеруі жағынан түркі тілдерінен арыға кетеді: *санскр.* дамас, *гр.* домос, *лат.* домус, тіпті, орыстың дом сөзі де түбірін осыдан алатындай (Ә. Мурзаев). *Ақтам* атауын Орта Азия топонимі есебінде I Петрдің Каспи сауда-саттығы жөніндегі қолжазбаларынан көре аламыз (159. 16. 03. 1983).

**Ақтас** — өзен (Ертістің саласы), елді мекен аттары, әуелде кіші-гірім тау аты. *Ақтас* атауы өзінің тіке мағынасында (*ақ және тас* компоненттерінен құралған атау). Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында бұрыннан бар мекен. Онда ақ тастан қаланған биік мавзолей тұр (127. 21. 03. 1981).

**Ақтас-Қарабас** — өзен, елді мекен аты. Аралас тұлғалы этнотопоним: Ақтас — мекен аты (қар.), *Қарабас* — қаз. этникалық топ аты (қар.). «Қарабастар мекендеген» немесе «солар мекендейтін Ақтас» мәніндегі атау.

**Ақтау** — республиканың әр тұсындағы тау-қыраттар, елді мекендер аты. *Ақтау* — «тау жыныстарының түсіне қарай айқындалады». Закавказьедегі *Ағдағ* оронимімен салыстырыңыз.

**Ақтаулы** — Семей облысының оңтүстік өңіріндегі тау қырқаларының аты. *Түр. ақтау* + *-лы* аффиксі арқылы жасалған этникалық топ атауы бойынша аталады. Этноороним.

**Ақтоғай** — ойыс жерлердің, су жағалауларының аттары. Тым көне атаулар. Атау құрамындағы *ақ және тоғай* сөздері қазіргі мағыналарынан қашықта қалған компоненттер. Ақ сөзінің «су» мәнінде келетін кезектерін еске сақтап, *тоғай* сөзін қысқаша шолайық. *Тоғай* сөзі лексика немесе тополексема түрінде қилы фонетикалық вариацияларда (туғай, тоқой, тохой, ту-

қай) бүкіл түркі және монғол тілдері топонимиясын былай қойғанда жалпы *славян* (туғай), *угор* (тоқай) тілдес халықтар атауларынан да, әдеби нормадағы терминдері қатарынан да берік орын алған тым көне форма. Сондықтан да оны түркі-монғол тілдері шеңберінен артып, «алтаистика» аясына енген форма деуге болады. Орыстың ғылыми және басқа терминологиясының төркінін қарастырғандар (К. Р. Бабаев, Е. Н. Шипова т. б.). Бұл лексеманың немесе алғашқы түсінігінен алыстап кеткен *тоқай* прототипінің берер мағынасын «иілме», сөзбе-сөз «шынтақ» (ор. «локоть») деп қарайды (219. 328; 17, 73). Қазіргі қазақ тілі нормасына келтіргенде бұл сөздің төлеуін, жобамен «сай-сала» немесе «ескі арна» мәндес ұғым береді.

**Ақтоған** — Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі тоған (арық), ірі елді мекен аттары. «Үлкен тсған» мағынасындағы атау.

**Ақтораңғы** — мекен аты. А. — тораңғының бір түрі.

**Ақтөбе** — төбе аты (Қазақстанның барлық жерінде кездеседі); қала аты (облыс орталығы); өзен аты (Қызылорда обл.). Тұр. «ақотты төбе» мағынасын беретін атау.

**Ақтөбесай** — өзен аты. Тұр. *ақтөбе* (қар.) және *сай* компоненттерінен құралған атау.

**Ақтұма** — елді мекен аты (Талдықорған обл.). Тұма сөзі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінде «төртқырлы шеген құдық» мағынасын береді.

**Ақтүбек** — Балқаш және Қорғалжын көлдеріндегі түбек аттары, әрі балықшылар мекенінің аты. «Ақотты түбек» мәніндегі атаулар.

**Ақтүйелі** — мекен аты (Науырзым қорығының бір мүйісі). «Түйе мүсіндес тұмсық».

**Ақүйік** — Қаратаудың солтүстік бетіндегі өзен аты

(Қызылорда обл.). Адаптацияланған тұлғадағы *Ақұй-ын* болуы мүмкін (қар.).

**Ақша-Қожай** — Жезқазған облысындағы мекен аты. Қос этноним: *Ақша* және *Қожай* этникалық топтарының аты.

**Ақшатау** — тау жондарының және көлдің аты (Семей обл.). *А.* — қаз. этникалық тобына тән атау.

**Ақшатыр** — адырлы даланың аты (Алматы обл.). *Түр.* *ақша* + *адыр* мәніндегі атау.

**Ақшәулі** — Тарбағатай тауының бір сілемінің және елді мекен аты (кейде Шақырты деп те аталады). *Көне түр. шау* (шәу) тұлғасы «тауға» жуықтайды. «Ақтаулы» мағынасын беруі мүмкін. *Зоол. шауқарға* (қызылтұмсық тау қарғасы — «красноклювая алпийская галка») сөзімен сал. Ұсынылған этимология осыған жақындайды (118. № 9, 1977).

**Ақшеңгел** — көп тараған мекен аттары. Осы аттас шығанақ та бар (Каспи жағалауы). *А.* — шеңгелдің түрі.

**Ақшешек** — мекен аты. *Қаз. арх.* «бәйшешек» мәніндегі атау.

**Ақши** — мекен, елді мекен аттары. «*Ақотты, шилі*» жер мәніндегі атаулар.

**Ақшимаң** — мекен, совхоз аты (Павлодар обл.). *Көне түр. ақ* және *чимаң* (шим + ан > шим + ай) — «өрнек + теу» (ет.), «қашау» — «ақшимаң» мәніндегі атау (тасқа басылған таңбалар).

**Ақшоқы** — шоқы аты (Орталық Қазақстанда көптеп кездеседі). *Шоқы* бастарының ағарып көрінуімен байланысты атау.

**Ақшөп** — мекен аты (Бетпақдаланың оңтүстігіндегі Көктас өзенінің бір саласы). «*Ақот*» мәнінде.

**Ақшұбар** — өзен (Шымкент обл.), елді мекен аттары. *Көне түр. ақ* және *шібер* компоненттерінен құралған атау: «ақ отты ылғал» мәнін береді. «*Шұбар*» компонентінің семантикасын қараңыз.

**Ақшұқыр** — мекен (Маңғышлақ обл.), елді мекен аттары. «Ақотты ойпаң» мәніндегі атау.

**Ақшығанақ** — түрлі объект аттары: қолтық, бұғаз, мұздық т. б. Соңғыға Жоңғар Алатауындағы мұздықтың аты кіреді. Атаудың негізгі түбірі *шыған* болуға тиіс (шағанмен шатастырмау керек). Шыған түбірлес атаулар *Ақшыған*, *Қарашыған*, *Сарышыған* түрлерінде біршама баршылық. Түстік компоненттер объектілердің көрінуіне байланысты қосарлануы мүмкін.

**Ақынтоғай** — Павлодар облысындағы терең сайдың аты (ескі арна). *Көне түр. ақын* және *тоғай* сөздерінен құралған атау. Ақтоғай (қар.) атауларының көне варианты және *Ақтоғай* топонимінің этимологиясын растай түседі.

**Ақыртас** — мекен аты (Жамбыл обл.). *Көне түр. ақ* («ағу» ет) + *-ыр* афф. мен *таш* компоненттерінен құралған атау. «Ақыр» — малға жем салатын науа, ал тас компоненті сол науаның тастан жасалғанын не қашалғанын баяндайды. *Сал. Ақыртөбе*.

**Ақыртөбе** — елді мекен аты (т. ж. ст.-сы. Жамбыл обл.). Орта ғасырлық ғимарат орны сақталған жер. Төбені қақ бөлген жарықты «ақырға» ұқсастырып, жұрт оны солай атап кеткен.

**Алайғыр** — мекен аты. Бұл аттас мекендер Қазақстаннан басқа бүкіл Орта және Орталық Азия атыраптарында да бар. Соңғысында Оля-Ойғыр түрінде транскрипцияланған (51. 75). *Алайғыр* атауларындағы ала компонентін *түр.-монғ.* тілдеріндегі оло «ұлы» немесе *аула* (авла емес) мәніндегі лексемалармен үндес деуге болады. *Ала* тұлғасындағы ороним де бар. Махмуд Қашғари: «Ала — Ферғана сыртындағы «йайлақтың» аты дейді (136. 32). Демек, Ала деген таудың да аты болғаны. *Айғыр* сөзінің топонимия аясында әзірге екі варианты анықталғандай: 1) *айғыр* — өсімдік аты (149. 354); 2) а.— айрығ сөзінің метатезалық

кіріккен түрі, яғни сөз жасаудың метатезалық жолы (120. 11. XI. 1965; 79. 136). Соңғы варианты бойынша А. топонимін «Ұлы айрығ (олоойрах)» мәніне жақын деуге болады.

**Алаарша** — тау аты. *Түр. ала* (қар.) + *арша* сөздерінен құралған: «ұлы арша» немесе «қалың арша» мағынасын беретін атау.

**Алабайтал** — тау төбесінің аты. (Торайғыр тауының ең биік нүктесі. Алматы обл.). *Түр.-монғол* тілдерінің: *ала* + *бай* + *тал* компоненттерінен құралған атауы: «көк жайқын (таудың) ұшар басы» мәніндегі атау. *Байталмен* салыстырыңыз.

**Алабас** — тау, көл және мекен аттары. *Қаз.* этникалық топ атымен қойылған атау.

**Алабаскөл** — көл аты (Талдықорған обл.). «Жағасы ала тақыр көл» мағынасындағы атау.

**Алабасшоқы** — тау аты (Жезқазған обл.). «Қар жататын шоқы» мағынасындағы атау.

**Алабел** — асу аты. *Түр.-монғ.* «*ала* + *бел*» «биік жайпақ бел» мағынасындағы атау. Мұзбел, Топырақбел. Қызылбел топонимдерінен керісінше мағынасы бар атау.

**Алабие** — Солтүстік Қазақстан аймағындағы елді мекен аты. *Түр.-монғ.* *ала* + *биэ* — «биік жаға» ұғымын береді.

**Алабота** — Көкшетау және Қостанай облыстарындағы көл аттары. *Көне түр.* *ала* + *бота* — *бот.* «биік бұта» мәніндегі атауы.

**Алажиде** — елді мекен (Талдықорған обл.). *Түр.-монғ.* «тау жиде» мәніндегі атау. *Жиделімен* салыстырыңыз.

**Алакөл** — көл аты. Бұл аттас көлдердің ең үлкені Талдықорған облысында. Халық ұғымында «көл бетінің алабарқын түсіне, жағалауына» қарата қойылған атау. Топонимикалық тұлғаларға шолу жасаған И. Сергеев: «Көлдің олай аталуы — жанындағы «Ала-

тау» атауының әсері болуға тиіс», — дейді (192. 80). *Ала + көл* (түр.-монғ.) «ұлы көл» немесе (сөзбе-сөз) одан көнелеу «тау көлі» деген мағынаны береді.

**Алақарлы** — тау аты (Жезқазған обл.). *Қаз. ала* және *қар + лы* аффиксі арқылы жасалған оронимі.

**Алақұдық** — мекен аты. «Тау сағасындағы құдық» мәнін беретін *түр.-монғ.* тілдері негізіндегі көне атау (137. 138).

**Аламан** — тау аты. Көне тілдерде *-ман, -ван* форманттары «жебеуші, жасаушы, сақшы» мағыналарын береді. *Ала + ман* — «тау перзенті, тау елі» мәндеріндегі қазақ этнонимі.

**Аламесек** — мекен, тау, көл аттары (Қызылорда обл.). Қалыптастық жағынан *А. Қырғыз Алатауының* бір шоқысының аты — «Аламышық». Қазақ топонимі «Аймысық» оронимдерімен туыстығы байқалады, бәрі бір семьялас, туыстас атаулар. Бұл атаулар, өз кезегімен, алтай тілдерінен *В. В. Радлов* келтірген *мөшүк//мөзүк* немесе *пәдик//бейик* түрлеріндегі «биік» («высокий») сөзінің өтеуін беретін *мөзүк тағ* «высокая гора» атауымен де туыстасады (180. 1-т., 1909, 21—34-бет). *Аламесек көне түр.* «биік тау» ұғымын береді.

**Аланқала** — Маңқыстау түбегіндегі мекен аты. *Алан* және *қала* компоненттері этнотопоним болуы ықтимал. Алан — көне түркілердің оғұз тайпасының ежелгі аты.

**Аласор** — Қостанай облысындағы көлдің аты. «Суы тартылған сортаң көл» мәніндегі атау.

**Алатай** — биік тау асуының аты (Алтай тауларының бір биігі). *Көне түр. ала + тай*, яғни «тау + тау» сөздерінің ұғымын береді.

**Алатау** — кіші-гірім тау аты (Мұғалжар — Орал тауларының сілемдескен тұсындағы бөлек бір тау). *А. И. Макшеев* келтірген «Ұлы Чертеж кітабы» туралы (XVII ғ.) мәліметтерде қазақ жеріне қатысты 58 топоним ішінде осы *Алатав* бар (131. 12). Шамамен,

қазіргі Ақтөбе облысының оңтүстік атырабы. Сондағы «Улатав» атауы туыстас (131. 13).

Түркі тайпаларының қай-қайсысы болсын биік тау атаулыны *алатау* деген (Алтай, Тянь-Шань, Жоңғар т. б.). Ал осы күнгі *алатау* терминінің өз алдына оронимдік мәні жоқ, тек ұлы тау жоталарын бірінен-бірін ажыратудағы анықтауыштық компонент ролін ғана атқарады (Іле Алатауы, Кузнецк Алатауы, Қырғыз Алатауы, Күнгей Алатау, Теріскей Алатау т. б.). Алатау формасының өзге де көне дублеттері шартараптан төтенше көз тартады: *Аладағ* — Кіші Азиядағы Евфрат басы, *Алатағ* — Шығыс Түркістанның солтүстік жоны. Осы атаулардағы анықтауыш тұлға *ала* сөзінің төркіні, әрине қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің» аралас келген түсіне (ор. «пестрый») қатысты емес, ұлу, немесе, тіпті, одан да көнелеу *оло* тұлғасына тартатындай.

**Алаяқ** — асу аты (Алматы обл. Жамбыл ауд.). *Түр. «алай яқ»* (*алай* + *жақ* сөздерінің) тіркесінен құрылған атаудың айтыла келе ықшамдалған түрі, Түптеп келгенде *Алай* тұлғасының өзі көне *түр. ал + йай* компоненттеріне жіктеледі. *Ал//ала* формаларының В. В. Радлов келтірген (*қар.*) этимологиясы («наивысшая») соған меңзейді. *Алай* тауының В. И. Ленин атындағы шоқысының биіктігі 7134 м (224. 621).

**Алқакөл** — Қызылорда және Павлодар облыстарындағы көл аттары. *Ар.* тілі негізіндегі *алқа* «дөңгелек» және *қаз. көл* сөздерінен құралған атау.

**Алқамерген** — төбенің аты және Ащысу өзені аңғарындағы мекен аты (Орталық Қазақстан). *Ар.* тілі негізіндегі *алқа* «дөңгелек» және *түр.-моңғ.* тілдері негізіндегі метонимиялық *мерген*, яғни «көреген» мәніндегі компоненттерден құралған (шартты түрде айтқанда) «дөңгелек көреген (төбе)» мәніндегі атау.

**Алқалы** — мекен, тау баурайының аты (Талдықор-



ған обл.). Табиғи өсімдіктердің топ-тобымен көмкерілген көріністеріне байланысты жариялаған атау.

**Алқасор** — көл аты (Орталық Қазақстан). *Поэт.* «дөңгелек сор» мәніндегі атау.

**Алма-Арасан** — жылы минералды бұлақ аты (санатория қалашығы Іле Алатауының баурайында). *Этим.:* келе-келе, *-лы*, немесе *-ты* қосымшалары түсіп қалған «Алмалы Арасан» немесе «Алматы Арасан» болуы мүмкін. Эллипсис.

**Алмалық** — мекен аты, б. э. XIII—XIV ғ. ғ. тұсында шағатайлардың осы аттас елді мекендері болған (Іле аңғарының бастауында). *Этим.:* «алма» сөзінің түсініктілігіне қарамастан *А.* атауына екі түрлі мән беруге болады: 1) алмалы мекен; 2) *А.* — түркінің этникалық топ атына *-лық* афф. жалғанған атау. Соңғы форма мекен-тұрақ ұғымын бермейді, адамдардың шыққан тегіне нұсқайды. *Арқалықпен* салыстырыңыз.

**Алматы** — түп негізі оронимиялық, демек, тауға қатысты атау. Орта ғасырдың арғы тұсынан *Алма* немесе *Алмату* түрінде із тастап келеді. Архимандрит Палладий тәржімелеген даос сопысы (монағы) Чан-Чун (Шығыс Түркістан арқылы осында келген) жазбаларында (XIII ғ. басы) былай делініпті: «Одан әрі бір күн жүріп, 9-айдың 27-күні, біз А-ли-ма қаласына жеттік. Ұлы қаһанның Пу-су-мань («мұсылман» болуы керек. Е. Қ.) әміршісі бүкіл нөкерлері және Дала-ху-чжи («даруғачи» болуы керек. Е. Қ.) манғұлмен бірге біздің алдымыздан шықты. Біз батыс босағадағы мәуелі баққа келін тоқтадық. Бұратаналар өз тілдерінше мәуеңің атын *али-ма* дейді екен; бұл арада ондай мәуелер қалың болғандықтан, олар осы қаласының атын солай атайды екен» (171. 178). Чан-Чун жазбаларында *-ты* немесе *-ту* (сәл қысаңдау *ту*) қосымшаларының болған-болмағанын аңғару қиын. Проф. Э. М. Мурзаев айтқандай, жат құлаққа қағыс естілетін немесе естілмей қалатын шылау сөздер бола бере-

ді. Көнеге бармай-ақ осы күнгі «Есік» атауын (бұл күнде ол қаланың аты. Алматы обл.) еске түсірейік. Кеше ғана «Есікті» еді ғой (*қар.*)?!

Жалпы республика өңірінде *-ты* қосымшасымен келетін атаулар әр тұста бар: *Арқарты, Аршаты, Бұғыты, Қарағайты, Өлеңті, Тобылғыты, Ырғайты* т. б. Бұл атаулардағы түбір мен қосымша үндестігі (егер ол қосымша болған күнде) тіліміздің қазіргі нормасына сай келмейді. Бірақ солардың екінші түрлі варианттары сияқты боп көрінетін: *Арқарлы, Аршалы, Бұғылы, Қарағайлы, Өлеңді, Тобылғылы, Ырғайлы* т. б. және бар. Бұлар тіліміздің үндестік нормасына сай атаулар. Этимологиялық жағынан пәлендей жұмбақтығы да, жаттығы да жоқ. Ал *-ты* қосымшалы варианттағылары тек қазақ тілі нормасына ғана жат емес, жалпы түркі тілі дәстүріне жат құбылыстар. Түбір мен қосымша үндестігінің жалпы түркі тіліне тән ортақ заңдылығы бар (дауысты және ұяң дауыссыздармен аяқталатын түбірлерге тек ұяң дауысты қосымшалар жалғанады). Сондықтан да *-ты* қосымшасын қазақ ономастикасының өз ерекшелігі тұрғысынан қарау керек болады. Демек, *-ты* формасы өз алдына жеке компонент, *көне түр.* «тау» ұғымын беретін *ту* тұлғасының келе-келе, қазақ тілі базасында, *-тұ* немесе *-ты* формасын қабылдауы. Бұл — заңды құбылыс. Ерінлік дауыстылар қысаңданып, езулікке бейімделеді («Топонимика Востока», 1969, 140—146-беттер).

Орта ғасырларға тән жазба деректерде *Алмалы* және *Алмалық* атаулары жиі кездеседі, бірақ олар географиялық орналасуы жағынан осы күнгі *Алматы* маңынан едәуір аулақта. Ол аттас мекен координаттары (жазба деректерді мұқият қарастырғанда) Жоңғар Алатауының Басқан-Сарқан, Қаратал бойларында, Іле басындағы Жаркент-Кұлжа, Түркістан тұстарында,

Ферғана уалаяттарының батыс аймақтарында болғанға ұқсайды.

Бұдан 120 жыл бұрын Верный қаласының (қазіргі Алматы) оңтүстік бөлігін (қазіргі Абай проспектісінен жоғарғы жағын) және орталығын едәуір қазған және зерттеген орыс ғалымы А. Голубев, осы қаланың көнедегі атын Алмату дейді: «Верныйды Алматы деп те айтады; бұл киргиздың (қазақтың Е. Қ.) *Алматау*, яғни алма ағаш өсетін тау деген сөзі» (49. 77). А. Голубевтің бұл дерегі атаудың аяғындағы *-ты* «қосымшасының» әуелде тау мәніндегі сөз болғандығын бізге айқындай түседі.

Келтірілген деректерге сүйене отырып, «Алматы» атауын екі сөзден: *алма* және *ту* (тау) сөздерінен біріге кіріккен атау деуге болады.

**Алпар** — тау аты (Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы). *Көне түр.* (сөзбе-сөз) *ал пөрү* — «дүлей тау» мағынасындағы метафоралық тіркес.

**Алтай**<sup>1</sup> — Азиядағы таулы өлкелер («Топономика Востока», 1962, 2-бет), біраз атыраптары Қазақстан жерінде. В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» шығармасында *ал* және *ала* сөздерінің он түрлі лексикалық мәні ашылған: «көтерме», «айбарлы», «алып», «саялы» т. б. Мысалы: «ал пөрү» (сырттан), «ал тайга» (ту шың-тас) т. б. (бұл да сонда, 1-том, СПб., 1893, 349 кл.). *Тай* сөзін совет түркологтары тағ//тау сөздеріне балайды. Сондықтан да Алтай атауын «алып, дүлей тау» немесе «заңғар тау» мәніндегі *түрмонғ.* тіл бірлестігі тұстас атау деп ұғамыз. Проф. Э. М. Мурзаев та осыны ұсынады (149. 337).

**Алтай**<sup>2</sup> — республиканың Қостанай, Целиноград, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарындағы жер, елді мекен аттары. Қазақтың алтай этник топтары негізінде қалыптасқан атаулар. Бұл атаулардың *-тай*, (*-тей*, *-дай*, *-дей*, *-дой*, *-ту*, *-ты*, *-ті*) форманты да түркі

орографияларының «тау» мағынасынан ауысқан тұлғасы.

**Алтайсор** — Целиноград облысындағы көл аты. «Алтайдың соры» мағынасындағы атау. *Алтай* — қазақ руының аты.

**Алтуайт** — Жоңғар Алатауының бір сілемінің аты. *Көне түр. ал + ту + ай (-т)* элементтерінен құралған «алтай айлары» этнотопонимі мәніндегі атау.

**Алтықанат** — Жезқазған облысындағы «сәкілі» мекен аты. *Көне түр. алт* «төменгі» + *қанат*, «текше» — «ылди қоныс» мәндес атау.

**Алтықарасу** — су аты (Ақтөбе обл. Темір ауд.) *Көне түр. алт* — «төменгі» + *қарасу* — «төменгі» немесе «астыңғы қарасу».

**Алтықұлаш** — Жезқазған облысындағы мекен аты (алғашында құдық, ауыс мағынада «терең»).

**Алтықыз** — Семей облысындағы кіші-гірім қырқалар аты. *Көне түр. алт* — «аласа» + *қыз* // < *қыр*. — «аласа «қыр» мәніндегі атау.

**Алтынарық** — республиканың оңтүстігіндегі канал аты. *Көне түр. алт* < *алд* < *арық* — «алдыңғы арық» мәніндегі атау.

**Алтынқарасу** — су аты. «Төменгі Қарасу» мәніндегі атау.

**Алтынкөл** — Шығыс Қазақстандағы көл аты және Арал теңізі жағалауындағы шығанақ аты. *Түр* алтын емел жүйесіндегі атау (*қар*.)

**Алтынқұдық** — мекен аты. *Көне түр.* «төменгі құдық». *Басқұдықпен* салыстырыңыз.

**Алтынқызыл** — Семей облысындағы таудың аты. *Көне түр. алт(-ын)* + *қызыл* — «төменгі қызыл» мәніндегі атау.

**Алтынтөбе** — республикада біраз аймақтардан кезігіп қалатын төбе аттары. *Көне түр.* «аласа төбе» мәніндегі атау.

**Алтынемел** — Жетісу өлкесіндегі екі асудың аты

(өлкенің Шығыс және Батыс атыраптары). *Көне түр. алт* — «алды», «кіреберіс» + емел — «кезең» (*асу*) — «асу алды», «алдыңғы асу», «кіреберіс» мәндеріндегі атау. Халық этимологиясы қалмақша «алтын ер» деп түсіндіреді. Жоңғардың *Сарыемел* атауымен салыстырыңыз (143. 40). Алтынмен байланысы жоқ. *Түр.* «алдыңғы асу».

**Аман** — Талдықорған облысындағы жайлау аты. *Аман* сөзі өзінің қазіргі қазақ тіліндегі негізгі тура мағынасын берумен қатар ономалық атауларда көне түркі тілінен адаптацияланған *йаман* немесе *йемән* формаларының өтеуін де береді.

**Аманбөктер** — Талдықорған облысындағы елді мекен аты. *Көне түр.* «жаман бөктер» мәніндегі атау.

**Аманды** — елді мекен (Көкшетау обл.) *Көне түр. йаман* немесе *йемән* сөзіне «-ды» қосымшасы жалғанған атау. «Аман» сөзінің туынды тұлға екендігі сөзсіз. Осы сөздің ертедегі негізгі нұсқасын ажыратумен байланысты «-ды» қосымшасының да мәні ажыратылады.

**Аманжайлау** — Іле Алатауындағы жайлау аты. *Көне түр.* «жаман жайлау» мәніндегі атау.

**Аманжол** — асу, мекен аттары, солар бойынша елді мекен де бар. *Этим.:* 1) *көне түр.* «жаман жол»; 2) қазақ тілі негізіндегі «антропоним» (тура мағынада).

**Аманқарағай** — Торғай облысындағы мекен аты. *Көне түр.* «емен-қарағай» мәніндегі атау.

**Аманқарасай** — кіші-гірім өзен аты (Целиноград обл.). *Көне түр.* «жаман қарасай» мәніндегі атау. Қарасаймен салыстырыңыз.

**Аманкөл** — Ақтөбе облысындағы көлдің аты. *Көне түр.* «жаман көл» мәніндегі атау.

**Амантоғай** — мекен, елді мекен және аудан аттары (Торғай обл.). *Көне түр. йеман* (емен), *тоғай* сыңарларынан құрылған атау.

**Андабай** — Мойынқұмдағы мекен және Жалағаш

ауданындағы (Қызылорда обл.) елді мекен аттары. Антропоним («анда» сөзі түр. «туыстық» мағынасында).

**Андагүл** — Балқаш маңындағы жазық даланың аты. Қаз. *аңды* және *гүл* сөздерінен құралған атау.

**Андас** — мекен аты. *Көне түр. андас* (ет.— ортақ етіс)— «аулау» мәніндегі сөз. *Этим.*: «аңшылық жай».

**Андасай** — даланың аты. Бетпақдаланың оңтүстік-шығысындағы жазық (Құланөтпес — Бүркіттау аралығы). *Түр. анда* (*қар.*) және *сай* компоненттерінен құралған атау. *Этим.*: «аңды сай».

**Андачала** — тау қойнауындағы жазық кеңістік аты (Алматы облысының Қаскелең ауд.). *Түр.-ир.* симбиозынан қалыптасқан атау: *түр. аңды* + *ир. чала* («алаң») — «аңды дала (жер)». *Түрікм. Агчала* атауымен салыстырыңыз.

**Аңрақай** — шартты түрде: «Шу-Іле тауларының» кең шатқалының аты. *Түр.-монғ.* тілдері материалдарына қарағанда *аңрақ* (*монғ. аңгар*) тұлғасына кішірейткіш *-қай* жұрнағы жалғану процесінде аяққы *-қ* дыбысы түсіп қалуы заңды. *Аңрақай* («аңырайған») мәніндегі шатқал-сай аты (226. 60; 17. 62).

**Апақайақши** — жайлау аты (Қарағанды обл.). *Қаз. Апақай* (этникалық топ) және *ақши* компоненттерінен құралған атау. «Апақайдың ақшиі» мәнін береді. *Апақай* немесе *апай* (обл.) әуелде беткей (122. 28).

**Апасақ** — Шу және Сарысу өзендерінің бойындағы қыстау аттары. Тым көне заманғы (Александр Македонский шапқыны заманындағы) көшпенді тайпа (*апа* + *сақ*) мәндерінен қалған атау:

**Арай** — мекен аттары: 1) Семей облысының (Шұбартау ауд.) Ақшатау сілемдері мен Қарақұм дөңестерінің түйіскен жерлері; 2) Алматы облысындағы Сарытауқұм мен Жамбыл облысының Мойынқұм дөңестерінің түйіскен жерлері. *Этим.*: қаз. «арайлау» (обл.) «райлау» етістіктері сәл көнелеу *арай* тұлғасы-

нан туындаған формалар; «білінер-білінбес» мағынасында (201. 35).

**Арал**<sup>1</sup> — мекен аты. *Көне түр. аада, атрав, ұтрау, атау, ортұлұқ* (соңғысы тофолар тілінде) түрлері бар. *Қазақ* тілінде аралдың екі түрлі мәні бар: 1) су айдынының ортасындағы жер; 2) өзен немесе көл аралықтарындағы мекендер.

**Арал**<sup>2</sup> — қала аты (Қызылорда обл.). Қаланың аты «Арал теңізі» объектісімен байланысты қойылған.

**Арал теңізі** — көл аты (қазақтың төл атауы). В. А. Никонов: «Амударияның теңізге құйған жерінің атымен аталады». Ол жерді «Арал» атаған («Принципы топонимики» 1964, 30-бет) деп ажыратады.

**Аралтоғай** — Ақтөбе облысындағы мекен аты. *Қаз. арал және тоғай* сөздерінен құралған атау. «Тоғай» компоненті негізгі тура мағынасында.

**Аралтөбе** — толып жатқан төбе аттары. Физикалық география тұрғысынан: 1) екі өзен аралықтарындағы мекен аттары; 2) Алакөлдегі (Талдықорған обл.) төбешіктің аты. Ол екінші түрде «Кішкене Арал төбе» аталады.

**Аранды** — мекен аты. (Қызылорда облысының Қазалы ауд.). Типологиялық сипаттағы (*түр.-ур.* тілдеріне ортақ) бір буынды *ар* («шұқыр») түбіріне *-аң + қаз. -ды* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау.

**Арасан** — ыстық бұлақты мекен, қалашық және колхоз аты да бар (Талдықорған обл.). Дүние жүзі тілдерінің көбіне ортақ, бірақ қилы-қилы фонетикалық ауытқулармен: *ар.* арашан, *монғ.-тиб.* рашийан, *бур.* аршан және басқа да *арсиан, аржан, нарзан, ғара* түрлерінде келеді (соңғы түрі Солтүстік Кавказ түріктері тілінде). *А.* сөзі күрделі географиялық атаулар құрамында да, тіпті, өз алдына бөлек географиялық атау түрінде де кездесетіні бар.

Бұл терминнің өзі «шипа» мағынасында сонау санскриттен келе жатқан жайы бар (К. К. Юдахин).

**Арасанқаб**а — Шығыс Қазақстанның тау қойнауларындағы бұлақтың аты («Жетіқабаның» бірі. *Қар.*). «Қаба бойындағы арасан» мағынасын беретін атау.

**Арасанқап**ал — мекен, бұлақ, санатория қалашығының аттары (Талдықорған обл.). *Этим.*: «Қапалдағы арасан» деген мағынаға жуық. *Капал* атауының этимологиясын қараңыз.

**Арасантал**ды — елді мекен аты (Шығыс Қазақстан облысы). *Этим.*: «Талдыдағы арасан» мағынасына жуық.

**Арбақалған** — Орталық Қазақстандағы биік шоқыға байланысты мекен аты. «Арбаның қалғаны» топонимикалық фактор бола алмайды. *Қаз. арба* және *қалқан* сөздерінен, яғни шоқының бітіміне үйлес қойылған атау. Абралымен салыстырыңыз.

**Арбалы** — тау аты. «Жүк артқан арбаға» меңзеу ишаратымен қойылған атау. *Абралымен* тең (қар.).

**Арғалы** — тау аты. *Түр.-монғ. арға* тұлғасына -лы қосымшасы жалғанған атау. «Арқарлы» мағыналас.

**Арғанаты** — тау шоқыларының аттары (Алтай, Тарбағатай және Ұлытау). Халық этимологиясы екі түрлі жолмен: 1) «арғын ата»; 2) «арыған ат» тіркестері тұрғысынан ажыратады. Ғылыми этимология оған қарама-қарсы: *монғол* тілі негізіндегі *аргар*//*аргалын* тұлғаларына (158. 134) *түркі* тілі негізіндегі -ты (<тұ<ту>тау) морфемасының фонетикалық қиюласуынан қалыптасқан «арқартау» мағынасындағы атауға балайды.

**Арғұт** — бұлақ аты (Ертістің саласы. Шығыс Қазақстан обл.). Түркі тілдерінің көнедегі ерекшелігін көрсететін *арғу* (*қаз. арғы*) формасына көптік мағына ұлайтын -т қосымшасы жалғанған атау. Түркі антропонимі *Тұрғытпен* салыстырыңыз.

**Аржантау** — тау аты (Алматы облысының шығыс атырабында. *Қату* сілемдес). *Түр.-монғ.* тілдерінде *арша*>*арца*>*арса*>*аржа* формаларының ілік септіктегі



*арша* және *тау* компоненттерінен құралған атау. Таулы Алтай автономиялы округында осының егізі *Аржантау* бар. Потанин ескертпелерінде *алар* буряттары арша ағашын: *хони арса* және *ямань арса*, яғни «қой арша» және «ешкі арша» түрлерінде ажырататынын атап көрсеткен.

**Арқа** — Орталық Қазақстанның көп жерінің аты. Бұдан 200 ж. бұрын *Арқа* атауының мағынасын түсіндірмек болған П. Паллас мынадай нұсқалар қалдырған екен: «...киргиз даласын кесіп өтетін қыр бірнеше сілемдерден тарайды: батысы Алчын таулары, Шығысы Бұғытау мен Гар таулары... Үлкен жонның солтүстік беткейіндегі өзен-су атаулы Есіл мен Тобылға немесе Ертіске құяды, саз-құрдымдарға сіңетіндері өз алдына» (170. 52).

Өзге түрлі әдебиеттерде *арқа* сөзінің түсінігін «Қазақтың ұсақ шоқылары» деп те атайды. Толығырақ *Сарыарқа* атауын қараңыз.

**Арқалық** — республиканың орталық және оңтүстік-шығыс атыраптарындағы еңіс жер аттары. Солардың бірі бойынша қала аты бар (Торғай облысының әкімшілік орталығы). Түркі тілдерінің қыпшақ топтары тілінде *арқа* сөзі өзінің негізгі мағынасымен бірге «терістік жақ, арт жақ» деген де ұғым береді. Мәселен, қазіргі қырғыз тілінде *арқа қырғыз* деген тіркес «терістік қырғыз» мағынасында айтылады екен (226. 68). Көне түркі тілдері элементтерін молырақ сақтаған қазіргі якут тілінде *аргаа* сөзі «батыс атырап» мағынасын береді. Тарихи тұрғыдан *Арқалық* атауын екі жақты түсінуге болатындай: 1) «терістік (жақ)»; 2) түбірге этникалық текті білдіретін *-лық* қосымшасы жалғанған атау. Соңғысын *Алмалықпен* салыстырыңыз.

**Арқарбасы** — дөң аты. *Этим.*: «арқар өрістерінің басталар тұсы». Орхон-Енисей жазбаларының Тоньюкук ескерткіштеріндегі *суббасы* тіркесі жүйелес атау.

**Арқат** — мекен, асу аты. Түркі тайпаларының көнедегі этникалық тобы бойынша аталуы мүмкін. Осы үлгілес этноним *алтай* теленгиттерінің ру тобы *алмат* түрінде сақталған.

**Арқаты** — тау, елді мекен аттары (Семей обл.). *Көне түр. арқа + тұ*, яғни «арқа тау» мәніндегі немесе «арқатты» (арқаттар мекені) мәніндегі атау болуы бұл тұлға үшін жат құбылыс емес.

**Арқаш** — мекен, совхоз аттары (Қостанай обл.). *Қаз. этникалық топ аты. Кейінде антропоним.*

**Арнықатты** — өзен аты (Талдықорған обл.). «Ағыны қатты» мәндес атау (*сал.*).

**Аршаты** — тау, елді мекен аттары. *Көне түр. арша + ту (<тұ<ты)* — «аршатау» мәніндегі атау.

**Арықбалық** — елді мекен аттары (Көкшетау және Қызылорда обл.). Қыпшақтардың этникалық тобы атына келеді, бірақ ол да жорамал; *көне түр.* «ару, су, қала» мәніндегі, яғни «арық су» немесе «таза қала» ұғымын беретін атау болуы мүмкін. «Балық» сөзінің түркі тілдеріндегі мәндерін қараңыз.

**Арыс**<sup>1</sup> — өзен, қала және ірі т. ж. ст.-сының аты. (Шымкент обл.). *Түр.* «ірі, жойқын тайпа» ұғымындағы сөзі: *он арыс, алты арыс, төрт арыс* топтарына бөлінетін ірілі-ұсақты тайпалар тарихынан сезім береді. Көбіне қазақ және қарақалпақ тайпаларына қатысты сөз. Негізінен этнонимдік атау.

**Арыс**<sup>2</sup> — көл аты (Жезқазған обл. Шолақ-Нұра тауындағы көл). «Қалың тайпа мекені» ұғымына нұсқайды.

**Арыснұра** — өзен аты (Жезқазған обл.). *Этим.:* «Кең нұра», «шалқыған нұра» мәніндегі атау.

**Арышата** — Арал теңізі маңындағы мекен аты. А.— антропоним. Арыс тұлғасының фонетикалық түрі.

**Аса** — Жамбыл облысындағы өзен аты (Талас тармағы), сол бойынша елді мекен және шаруашылықтар

атауы. *Түр.-монғ.* тілдеріндегі *аша//аца//аца//аир* немесе *айрық* түрлерінде келетін сол мәніндегі атау. Ежелгі дәуірде *Аша* түрінде өмір сүргендей. Өйткені б. Әулиеата уезінде *Аша* болысы атты әкімшілік бөлім болғаны бар (115. 15. 01. 1982). *Аша* формасы қазақ топонимиясында біріккен тұлғада *Екіаша*, *Үшаша* түрлерінде келсе, монғол топонимиясында *аца* формасы біріккен тұлғада *Зунаца* («шығыс аша»), *Барунаца* («батыс аша»), *Хойтоаца* («терістік аша») түрлерінде келеді.

Түбір тұлғалы *ас* (асу, асы, асқы) морфемасына телу — жаңсақ тұжырым.

**Асар** — мекен аттары. Сол мекендердің бірі бойынша Гурьев облысындағы елді мекен аты. «Қорған» мәніндегі иран тілі тектес атау.

**Асаубалық** — көл аты (Целиноград обл.). *Түр. ашау* және *балық* сөздерінен қалыптасқан «жұтқыш балық» мәніндегі атау.

**Асмантай** — Ақтөбе облысындағы елді мекен аты. Ру тобы аты бойынша қойылған атау. Көбіне антропоним түріне ауысқан.

**Асмантай-Матай** — республиканың батысында тартылып бара жатқан көлдің аты (Үстірттің солтүстік ойпаңында). Қос этноним (Асмантай, Матай). Тәрізі, сондай ру аттары негізінде қалыптасқан тұсы болғандай.

**Аспанқора** — қыстау аты (Алматы обл. Іле Алатауының бір құзының басы). Әуелде «асма қора» немесе «аспа қора» болуы да ықтимал.

**Аспара** — кіші-гірім (Шуға құятын) өзен аты және сол аттас көне қоныстың орны. Тарихи, түркілер қонысы. Этнотопоним. *Аз* немесе *әз* тайпаларының бір парасы мағынасын береді. Екінші компоненттегі қатаң *n* әсерінен *з* дыбысы *с* түрін қабылдаған, ассимиляцияланған.

**Астау** — тау аты. *Көне түр.* этнотопоним; *аз* (не-

месе *эз*) және *тау* компоненттерінен құралуы мүмкін: «Аз тауы» немесе «эздер тауы». Тау сөзінің қатаң дыбысы әсерінен бірінші компоненттің соңғы *з* дыбысы регрессивтік әсерге ұшыраған ( $з > с$ ).

**Асы** — тау жайлауының аты (сол аттас өзен де бар). Асы — негізінен, бір-бірімен жалғасып жатқан жайлау, жолы қиян тау мекендері. *Түр.* түбір тұлғалы *-ас* формасына *-у* дыбысы жалғанған (асу > асы туынды түбір тұлғалы) атау (114. 47). «Асының жолы қиын: тайып кетсең — табан тірелмейтін тік құламалар, өр асулар. Сондықтан да Асыны қазақтар «тар жол — тайғақ кешу» тұтады (35. 234).

**Аталық** — мекен және арал (Арал теңізі) аттары. *Түр.:* 1) ата; 2) ада «арал» түбірлес атаулар. *Аталық* тұлғасы орта ғасыр түркілері билеуші топтарының абызы мәніндегі зор мансап иесін білдіреді (85. 78). *А.* — Ұлы жүз және Орта жүз қазақтарының этникалық топ аттары.

**Атан** — ескі арнаның аты, сол бойынша мекен аты (Көкшетау обл.). *Көне түр.* «терең шұңқыр» мәніндегі сөзі.

**Атанбас** — мекен аты (көлдің орны. Ақтөбе обл.). Көне атан түбірінен шыққан гидроним. *Обл.* — «тартпалы сор» мәніндегі атау.

**Атар** — мекен, сол бойынша т. ж. ст.-сының аты (Жамбыл обл.). *Ор. Отар* — дауыстылардың алмасу заңдылығы. Этноним: *Тонар, Лабарлармен* салыстырыңыз.

**Атасу** — өзен, сол бойынша жұм. пос. аты. «Өзен басы» мағынасындағы атау (Жаңаарқа ауданының орталығы).

**Аташ** — Маңғышлақ облысындағы елді мекен аты. *Қаз.* этникалық топ бойынша қойылған атау. *Түр.* «ат-тас» мәніндегі ұғымын береді.

**Атбасар** — қала аты (Целиноград обл.). *Қаз. зат. ат* және *басар* есімшесінен құралған деседі. Мал жәр-

меңкесі және топтап жылқы айдайтын торап болуымен байланысты сіңіскен атау (156. 35).

**Атбасы** — тау, төбелер аты. Кейбір елеулі жорамалдар бойынша «жабайы жылқы өріс алған тұстан бері келе жатқан атау болуға тиіс. *Құланбасы, Құлжабасы* және *қырғ. Атбашы* топонимдерімен салыстырыңыз.

**Атпас** — тау аты (Семей обл. Ұржар ауд.). *Қаз. ат* және *бас* сөздерінен қалыптасқан атау (ұқсастыру).

**Атшапқан** — елді мекен аты (Семей обл.). *Жерг.* «бәйге шабылатын жер».

**Атығай** — мекен аты (Балқаш көлінің оңтүстік жағалауы). *Қаз.* этникалық топ атымен аталған.

**Ауызкөл** — көлдің аты (Орал обл.). «Сай аузындағы көл» мағынасын береді.

**Ауызорпа** — мекен аты (Гурьев обл.). «Ауызсу» мағынасындағы атау.

**Аша** — Шу өзенінің төменгі жағындағы мекен аты. «Айыр» мағынасында. *Асамен* салыстырыңыз.

**Ашутөр** — асу аты (республиканың оңтүстік-шығысы). *Түр.* «асутөр», яғни «төртегі асу» мәніндегі атау.

**Ащыбас** — Арал теңізінің бір шығанағының аты. Теңіз суының ащылығын сипаттайтын атау. Бұл компоненттес атаулар өздерінің сипаты жағынан бүкіл Орта Азия, Кавказ, Қырымға да ортақ (149. 321).

**Ащысу-Серектас** — мекен, мал жайылымының аты (Алматы обл.). Қос топонимдерден (Ащысу және Серектес) қалыптасқан күрделі атау.

**Аякөз** — өзен, қала және ірі т. ж. ст.-сының аттары. *Көне түр. ай* (тайпаның аты) және *үгүз* («өзен») компоненттерінен қалыптасқан «ай өзені» мәніндегі атау.

**Аяз** — Сыр бойындағы мекен аты (көне қоныс орны). *Миф.* «Аяз би мекені, сонда жерленген» (152. 27). *Аяз* сөзі *көне түр.* «алаң» мағынасын береді.

**Аязбай** — мекен, дала аттары (Жамбыл обл.). «Антропоним» деп ойлауға болады, бірақ көне түркіше *аяз* «жазық дала» болғанда, *бай* компоненті сол даланың шұрайлылығын көрсететін сияқты (196. 27).

**Аяққалқан** — Іле өзені бойындағы шипалы бұлақтың, елді мекеннің аты (Алматы обл.). *Қаз. аяқ және қалқан* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Аяққалмақ** — мекен аты. Қалмақ этносымен байланысты атау («қалмақ» сөзі түркі этнониміне тән ру аты).

**Аяққамау** — мекен аты («төменгі» немесе «ең ақырғы қамау» мәніндегі атау). *Қамауды* қараңыз.

**Аяқтауайт** — таудың аты (Жезқазған обл.). *Этим.:* *аяқ + ту + ай (-т)*, яғни «аяқ тау айттары» мәніндегі этнотопоним.

**Аят:** — 1) Тобылға құятын өзен, елді мекен, с/х аттары (Қостанай обл.); 2) Солтүстік Қазақстан облысындағы даланың, жұм. пос. аты. *Этим.:* аяз тұлғасындағы көне түр. тілінің аяққы (тіс алды еріндік) *дз* дыбысы тіс алды қатаң *т*-ға айналып, *аят* формасын қабылдаған түрі. Мағынасы «алаң, жазық».

## Ә

**Әжібай-Ақпас** — Балқаштың оңтүстігіндегі мекен аты. *Қаз.* қос антропотопонимі (Әжібай және Ақпас).

**Әжібай-Әжі** — мекен аты (Алматы обл.). *Обл.* «Әжібай қажы» немесе «Қажы Әжібай» мәніндегі антропотопоним.

**Әйтей** — Жоңғар Алатауындағы өзен аты. *Этим.:* *көне түр. ай* (этноним) және *тей* (тау) компоненттерінен қалыптасқан атау. Соңғы *-тей* сыңарының жіңішке дауысты *е* дыбысы әсерінен *ай* сөзі кейінгі ықпалға ұшырап, *әй* формасын қабылдаған. *Айтағы* топонимі мәніндегі атау (*қар.*).

**Әйтек** — Қазақстанның оңтүстік аймақтарында көп тараған атау. *Этим.*: *көне түр. ай* (этноним) және *тек* сөздерінен қалыптасқан атау. Соңғы *тек* сыңарының жіңішке дауысты *e* дыбысы әсерінен *ай* сөзі кейінгі ықпалға ұшырап, *әй* формасын қабылдаған. *Кәстекпен* салыстырыңыз.

**Әйтеке** — мекен, көл аты (Павлодар обл.). *Көне түр.* қос этнонимі (*Ай* және *Теке*). *Этим.*: теке сыңарының жіңішке дауыстылары әсерінен *ай* сыңары кейінгі ықпалға ұшыраған түрі.

**Әлжан**: 1) елді мекен (Алматы, Семей, Батыс және Шығыс Қазақстан обл.) аты. *Қаз.* этникалық топ аты бойынша; 2) Ақтөбе қаласының іргесіндегі т. ж. разъезінің аты. Антропоним (азамат соғысының ардагері Мағжанов Әлжан есімі бойынша аталған).

**Әлімтау** — кіші-гірім тау, елді мекен аттары (Шымкент обл.). *Көне түркі* этнонимі (Әлім және тау компонентінен қалыптасқан атау).

**Әуезов** — қала типтес пос. аты (Семей обл.). М. О. Әуезовтің туған және балалық шағы өткен жері. *Әуез* — ир. *әвәз (äwäz) үн, ырғақ* мағынасында.

**Әулиеағаш** — Қазақстанның барлық түкпірінен кездесетін мекен аты. Микротопонимдер санатына жатады. Ғалымдар пікірінше «әулие» компонентті жүйедегі атаулар қазақ халқының өткендегі *түнеске* (пұтқа) табынған дәстүрін аңғартады.

**Әулиеқұм** — Оңтүстік Қазақстандағы құмның аты. Ауа райының құбылысына қарай «сыңсып жататын құмдар». Құмның сол жел шақыру қасиетін құдіретке балаған жергілікті халық оны пір тұтқан.

**Әулиеата-Қарахан** — Жамбыл қаласының ірге тұбіндегі орта ғасырлық мавзолей аты. Сол бойынша өлкетану музейі. Бұрынғы Тараз қаласының орны.

**Әупiлдек** — Целиноград облысындағы көлдің аты. Халық аңызы бойынша «көл астын мекендейтін» жұмбақ құстың «әупiлдеуінен» (*әупiлдеу et.*) көл солай

аталған. Бірақ орнитологтардың айтуларына қарағанда, ондай құстар (жемсауына су толтырып ататын құстар) құрлықты мекендейтін жануарларға жатады. Дұрысы көл түбінен родонит газының атылуымен байланысты «әупілдек» атануы мүмкін.

## Б

**Бабалы** — дөңес жердің аты (Қарағанды обл.). *Көне түр. баба* <аба + афф. -лы — ата-баба мекені (не солардың бейіті) мәніндегі атау.

**Бабек** — мекен аты (Көкшетау обл.). *Түр. аба, баба* мағыналарымен пара-пар.

**Баған** — өзен (Ертіске құяды), *Түр. бадзайн > бахан* — этноним. *Баш.* этнонимі *базанмен* (196. 28) және *диңгек* атауымен салыстырыңыз.

**Бағаналы** — Ұлытаудағы мекен аты (Жезқазған обл.). *Қаз.* этникалық топ атауы. «Баған таңбалы» мағынасындағы атау.

**Бағыс** — алқап аты (Талдықорған обл.). Этноним. *Қырғ. бағыш* этнонимімен салыстырыңыз.

**Бадам** — өзен аты (Арысқа құяды. Шымкент обл.). Жеміс өсімдігінің түрі бойынша қойылған атау. *М., аю бадам* т. б. (151. 92).

**Бадамша** — елді мекен аты (Ақтөбе обл.). Этноним. *Шаулімшемен* салыстырыңыз.

**Базар** — Семей облысындағы (Ақсуат ауд.) өзен аты. *Б.* — «топ, жиын» мәніндегі атау (сауда-саттық т. б. топтар). Осы мағынада өзенге берілген атау. *Сал.:* Базартұрұқ (Қырғызстанда), Базарчай, Базарюрт (Закавказьеде), Атбазар (Қашғарияның Яркенд төңірегінде).

**Базарбике** — мекен аты (Іле өзенінің жағасы. Бақанас маңында). «Ханыке» мағынасынан аулақ атау. *Көне түр. базар және биек* (бәе) «таптаурынды жаға»



мәніндегі атау. Осы үлгідегі *Байбике*, *Данабике* және *Көшбике* атауларымен салыстырыңыз.

**Базардара** — Бетпақдаланың Орталық аймағындағы мекен аты. *Көне түр. базар* (қар.) және *ир. дара* (доро//дөрө//дере//төрө)— «тар сай», «тар шат» терминдерінен қалыптасқан «тар өткел» мәніндегі атау (197. 67).

**Базартөбе** — кіші-гірім дөңес, елді мекен, с/х аттары (*қар.*). *Базар* және *төбе* компоненттерінен құралған. «Таптаурынды төбе» мәніндегі атау. *Бәйгетөбе*, *Бәйгеқұм* аттарымен салыстырыңыз.

**Базаршолған** — пос. аты (Гурьев обл.). *Қаз.* «базаршы + алған» сөздерінен тіркескен атау (199. 8. 02. 1978).

**Байнжырғал** — таулы өлкенің аты (Алматы обл.). *Байн//баян* тұлғалары *түр.-монғ.* тілдеріне ортақ «береке» немесе «берекелі» мәніндегі, кейде этноним топтарына да тән тұлға. *Жырғал* тұлғасы «кенелу, қарқ болу» мағыналарындағы ұғым. *Монғ. Шырғалан* (*сал.*) өз алдына топоним.

**Байрқұм** — мекен, елді мекен аты (Шымкент обл.). *Көне түр. байр* («той») және *құм* компоненттерінен: «той төбе» мәніндегі атау.

**Байбике** — мекен, Тарбағатай қырының Арғанаты-тау беткейінің аты (Семей обл.). *Түр.-монғ.* «берекелі беткей» мәніндегі атау. *Базарбике*, *Данабике*, *Көшбике* атауларымен салыстырыңыз.

**Байғазы** — Балқаш көліндегі арал аты. Этноним негізіндегі атау (*бай + һазы* > Байқазы > Байғазы). Аз тайпаларының миграциясы жөніндегі деректердің Орта Азия мен Қазақстан топонимдеріндегі этнокомпоненттермен толықтырылатынын көруге болады. *Беказы*, *Астау* атауларымен салыстырыңыз.

**Байғара** — Бетпақдаланың оңтүстік-шығысындағы таудың аты. (Көбіне Байғара-Жамбыл түріндегі қос

тұлғада аталынады.) *Түр.* «отты төбе (жота)» мәніндегі («бай + қара») атауы.

**Байқатын** — Бетпақдаланың шығыс жиегіндегі тақырдың аты. *Көне түр. бай* (қалың) және *қатын* (қатқақ > қату) сөздерінен құралған атау.

**Байнқөл** — шатқал, кіші-гірім өзен аты (Алматы обл.). *Түр.-монғ. бай* және *қол* сөздерінен қалыптасқан атау. Жергілікті елдің сөйлеу тілінде Баянқол түрінде қатар айтыла береді (*қар.*).

**Байкөл** — көл, мекен аттары (Жамбыл обл.). *Этим.*: ең алғашқыда *Байқол* болуы мүмкін — «сулы жер» мәніндегі атау. *Түр. қол* тұлғасының семантикасын қараңыз.

**Байқоңыр** — пос. және арнайы мекен аты (Жезқазған обл.). «Қоңырбай» антропонимі мәндес этноним бойынша қалыптасқан атау.

**Байман** — Көкшетау облысындағы таудың аты. *Түр. бай* және (көне) *ман* компоненттерінен қалыптасқан («жолы қиын, асулы тау» мәніндегі) атау. *Ерей-мен. Кетпен* атауларымен салыстырыңыз.

**Байсауыр** — Алматы облысының шығысындағы тау аты. *Түр. бай* және көне тілдерге тән *саур* «биік», «сөре» мәніндегі компоненттерден қалыптасқан атау. *Тайсауырмен* салыстырыңыз.

**Байсерке** — мекен және тау аты (Қазақстанның барлық жерінде кездеседі). *Қаз.* этноним және антропоним түрлерінде таралған есім.

**Байсымақ** — жайлау аты (Павлодар обл.). *Қаз. бай* ритуалмен қосарланған *сымақ* антропонимінен туындаған атау.

**Байтайлақ** — мекен аты. *Қаз.* этноним және антропоним түрлерінде таралған есім. *Құтайлақпен* салыстырыңыз.

**Байтал** — тау аты. Жылқы түлігінің «байтал» ұғымымен байланысы жоқ. *Көне тіл* (*бай* және *дал* ком-

поненттерінен қалыптасқан): «көк жайқын» мәніндегі атау. *Алабайталмен* салыстырыңыз.

**Байтөс** — мекен аты. *Қаз. бай* және *төс* сөздерінен қалыптасқан атау («шұрайлы беткей»).

**Байтулақ** — мекен аты (Талдықорған обл.). *Қаз.* антропонимі бойынша қойылған атау («этникалық топ» та болуы мүмкін).

**Байшора** — Арал теңізінің шығыс жағалауындағы мекен аты. Ихтиологтардың айтуы бойынша *Б.* — балықтың бір түрі, сол атау бойынша *қаз.* этникалық топ аты. *Жаншорамен* салыстырыңыз.

**Байшұнас** — қала типтес елді мекен (Гурьев обл.). *Көне түр. бай* және *шұнас* формаларынан қалыптасқан атау (*шұнас* — «шексіз», «терең»).

**Байыс** — мекен, жайлау аты (Іленің сағасы). *Қаз.* этникалық топ атауы. *Байы* етістігінен жасалған ортақ етіс.

**Бақағаш** — мекен аты (Алматы обл.). *Этим.:* *бақ* және *ағаш* компоненттерінен құралған атау.

**Бақалы** — мекен, тау, арық аттары (Алматы, Семей және Талдықорған обл.). Талдықорған облысында осы аттас көл де бар.

**Бақанас** — өзен, сай, ұзын жыра, арна аттары, солар бойынша елді мекен және с/х аттары. Екі компоненттен: 1) *түр. бақан (бақай)* «айыр» және *көне ас (аш > уш > үс > үш)* варианттас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау. *Б.* — «тарам су» ұғымын береді. 2) «Бақанас — монғолдың богань ус, яғни «келте су» мағынасындағы атау» (102. 42) — жаңсақ тұжырым.

*Көне түр.* Бақанаш атауымен салыстырыңыз.

**Бақасу** — елді мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Этим.:* *бақа + су* — «бақалысу» мәніндегі атау.

**Бақсай** — мекен, сол бойынша елді мекен аты (Гурьев обл. Махамбет ауд.). Экстралингвистикалық

факторлар әсерінен *б* дыбысынан кейінгі *о* өзгеріп, *а* түрін қабылдаған.

**Бақты** — елді мекендердің аты және таудың аты (Қарағанды обл.). Қаз. «бағы бар жер» немесе *көне түр.* «бақтау» мағынасындағы атаулар.

**Бақыршық** — Қалба тауының етегіндегі мекен аты (Семей обл.). Қазірде кеншілер поселкесі — «Бақыр мыс қорытушы» мәніндегі халық атауы.

**Балаарқалық** (Арқалықты *қар.*). Бұл атаудағы *бала* сөзі, барлық түркі тілдес топонимдер аясына түгел тарағанындай, қазақ топонимиясы құрамынан да көп кездеседі. «Бала» *aus dem pers.* «верх, верхний» от них «бала хана» «мезонин» <балкон (180. 464). Түркі тілдес халықтар топонимдерінде *бала* формасы кең тараумен бірге, өзі компоненттескен сол бір объектілердің *саласы, басы, бөлігі, бөлшегі, балағы* (балақ) мағынасындағы ұғымдарын береді. Монғол топонимдерінде бұл ритуал *ара* қосымшасымен өтелетіндей. Мәселен, *бур. Ара Баргузин* («дальний, отдаленный Баргузин»). Тіл мамандары бұл құбылысты ертедегі генетикалық бірліктен гөрі халықтар арасындағы өмір тіршілігі байланысынан өрбіген ортақтық деп шамалайды. Мысал үшін айтқанда, *бала* тұлғасының түп негізі иран тілдері нұсқалас болғанымен, ол арқылы түзілген *Бала Чу* («Шу басы») — қырғыз топонимі. *Баланд тоғлар* («биік таулар») — өзбек топонимі, *Балахан* («жоғарғы ауыл») — азербайжан топонимі санатына жататын және сол тілдердің төл топонимдік элементі болып табылады. Осы үлгілес қазақ топонимдері де едәуір. Ондағы *бала* тұлғаларының мағыналары бір ғана *биік* немесе *жоғары* мәнімен шектелмейді, объектінің орналасуы жағынан қилы-қилы ұғым береді.

**Балаарқалық** атауындағы «бала» сөзінің «кіші» ұғымымен байланысы жоқ, **Арқалықтық** (таудың) «бір бөлігі» мағынасын анықтағыш компонент.

**Балабек** — төбенің аты. Антропоним тұлғалас көрінген Балабек атауының мәні «иран» («биік») және түркі («биік») тілдерінде бірін-бірі қайталап тұрған компоненттерден құралған, келе-келе тұлғалар тұтасып топонимдік қалып алған «биік төбе» мағынасындағы атау. «Жоғары» мәнін беретін *ир.* тілі негізіндегі бала (немесе «баланд») тұлғалас *Бала Мурғаб* «Верхний Мерв», *Бала Жайхун* «Верхняя часть Жайхуна» және басқалар Орта Азия атыраптарында б. э. бұрынғы Александр Македонский шапқыны тұсынан бары белгілі. Сол сияқты (*ир.*) *балахон* формасы да орыс тіліне *балаган* және *балкон* түрлерінде енгені мәлім. Ал сөз боп отырған атаудағы *бек* компонентінің жайы мүлде өзгеше. Феодалдық бек титулымен жанаспайтын түркі тілдерінің фонетикалық жағынан модификацияланған төл тұлғасы болуға тиіс. «Бала» және «бек» формалары қиюласып: *биік* > *бейік* > *беек* > *бөк* түрлерінде қалыптаса келе «*биік + биік*» мәніндегі плеоназм жолымен тіркескен атау.

**Баланұра** — тау аты (Орталық Қазақстан). «Арғы Нұра» мәніндегі атау. *Нұраны* қараңыз.

**Балаөлген** — Сарыарқадағы жайлау аты. Өсімдік сипатына сай қойылған атау. *Бұзауөлген* атауының аналогиясы бойынша: *балау* өлең тіркесімен қалыптасып, айтыла келе, біраз ықшамдалған, сөйтіп *бала өлген* формасын қабылдаған топоним.

**Балапан** — мекен аты. *Қаз. бала* және *апан* сөздерінен тіркескен атау: «Кіші апан» мәніндегі атау.

**Баласаз** — мекен аты (Талдықорған обл.). Этноним. *Балақазбен* салыстырыңыз.

**Баласайқан** — Талдықорған облысындағы шатқал аты (Жоңғар алабында). «Жоғарғы Сайқан» мәніндегі атау.

**Балатасқабақ** — Іленің жартасты жағалауы (атырап). Малайсары тауының батысқа созылған сілемін Іле кесіп өтеді, содан барып «еріксіз» екі атау туған:

*Итжон, Қарой. Этим.:* Іленің тау кесіп өткен тас қабағы («бала» — соның бір жағы).

**Балатеңіз** — Арқадағы және Балқаш көлі атырабындағы көлдер аты. *Б.* — «Теңіздің» немесе «Үлкен көлдің» бір бөлігі мәніндегі атау.

**Балатопар** — өзен аты. «Топар басы» мәніндегі атау. *Топар* атауын қараңыз.

**Балаторлан** — Қаратау басындағы бір асудың аты (Шымкент обл.). «Бас Торлан» мәніндегі атау.

**Балатүндік** — Қарағанды облысындағы кіші-гірім өзен аты. «Түндік өзенінің басы» мәніндегі атау.

**Балачу** — өзен аты (Шу алқабы). «Жоғарғы Шу» немесе «Шу басы» мәніндегі атау (Қазақ ССР-і және Қырғыз ССР-і территориясына шектес гидроним).

**Балдырбірек** — қорықты алаптың (Тянь-Шаньның Қаратау сілемі. Бадам-Сайрам өңіріндегі Ақсу-Жабағылы флора және фауна дүниесі), өзеннің аты. *Этим.:* лингв. метатезалық құбылыс, бот. балдыр және білек компоненттеріндегі дыбыстардың орын алмасуы барысында қалыптасқан күрделі атау.

**Балқан** — тау аты. Қазақ халқының сөйлеу тілінде «балқантау» фразасы мәтелге айналған. А. И. Попов: «Балқан сөзі, түптеп келгенде, орман-тоғайлы тау ұғымын беретін жалпы есім» деп түйеді. Зерттеуші ғалымдар бұл аттас топонимдерді *ир.* тіліндегі ономаға жатқызады. *Балакан* тұлғасының ортаңғы *а* дауыстысы түсіп қалғандағы *балкан* түрі деседі. «Балкан сөзі тау елі деген ұғымда айтылады, кәдімгі *Балкан түбегі* атауы да сол ұғымның аясына кіреді», — дейді В. М. Максаковский (130. 135). *Балкан* сөзін, Вамбери және Хиваның Абулғазы хан шығармаларындағы түрікмен шежіресіне қатысты А. Н. Кононов келтірген нұсқа: көне түркіше *балак hoch gross* («үлкен, биік») ұғымдарымен ұштастырады (106. 79). Э. М. Мурзаев келтіргендей: Балқан сөзі *ир.* тілінің *бала + хана* (бала + кан) формаларынан құралған және екінші сыңа-

рындағы хана тұлғасы «үй, ғимарат» немесе *канд* («қала») болуы да ықтимал дейді (140. 15). Мағыналық жағынан *бал+кан* мен *бала+хана* түрлерінің төркіні бір.

**Балқаш** — көл, қала аты. Орта ғасыр деректерінде Б. көлін: *Атрақкөл* және *Көкчетенгиз* түрлерінде атайды. Соңғысындағы *көкче* сөзінің *көк* негізі түске жата ма, жоқ *көкче* негізіндегі этноним бе — ол неғайбіл. *Атрақкөл* нұсқасы *көне түр. адырыл* («айрылу, бөліну») етістігінен. *Балқаш* сөзі де көнеге жетелейді: «орал-алтай семьялық тілдерге қатысты *су* ұғымымен байланысты *bal//bar* негізіндегі атау болуы ықтимал (206. 73). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *балқаш* сөзінің мәні *көгал, шүйгін, соны, балдыр* т. б. соған жуық ұғымдарда түсіндіріліпті (124. 84). «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі»: «Балқаш үй». Қыш, балшық кірпіштен салынған үй. Бұл жақта Балқаш деген тау аты да бар. Алтай тілінде балқаш сөзі *лай, батпақ* деген мәнде қолданылады. «*Балқаштау* — лайланған, кірлеген деген мағыналарды білдіреді» (122. 53). Балқаш сөзінің адам аты және сөйлеу тілінде жер бетінің бедері (бұдыры) мәнінде жиі айтылатын кездері бар. Сонымен *балқаш* сөзінің осы күнгі қазақ және басқа түркі тілдердегі мәні *Балқаш* атауының көдеңке жағын сөйілте алмайды, керісінше, С. П. Толстов айтқандай, *бал//бар* түбірлерінің тым көне дәуірге тән қабаттар екенін растай түседі. Осы қағидаларға сүйене отырып, *балқаш* атауын *балық (көне түр. «су» мағынасында)* сөзіне гидронимиялық *-аш* қосымшасының көмегімен субстантивтенген *сын есім* түріндегі атау деп жорамалдауға болады.

Сонымен *Балқаш* (балықаш) — «су шалқыған өңір» мәніндегі *көне түр. сөз* тіркесі.

**Балқұдық** — елді мекен аты, әуелде құдық аты (Маңғышлақ обл.). «*Тұщықұдық*» мағынасындағы атау.

**Балтабай** — Алматы облысындағы елді мекен аты. Жетісу қара жолы (Құлжа жолы) бойындағы қолөнерші кәсіпкерлер мекені. Онда ат тағалау, темір соғу т. б. түрлі ұсталық кәсіптер болған, осыдан барып Балтабай атанған. *Этим.*: «темірші» мағынасындағы атау.

**Балтақара** — шоқы, бұлақ және көл аты. *Балта* сөзі *көне түр.* «тас» мәнінде қолданылған, *қара* сөзі көбіне өзінің географиялық термин түріндегі ауыс мағынасынан («биік, шоқы, төбе») айрылмайды, екі компоненттің бірігуінен «тастөбе» немесе «тасшоқы» ұғымының тууы заңды құбылыс.

**Балтакөл** — көл, елді мекен аты (Шымкент обл.). *Балта* — *көне түр.* «тас»; *Балтакөл* — «тастақ көл», «түбі тасты көл» мағынасындағы атау.

**Балталы** — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы және Целиноград облысының солтүстік-батысындағы мекен аттары. Ру таңбалары түрімен аталған этникалық топ аттары бойынша қойылған. *Сал.*: *Бағаналы, Ашамайлы, Айтаңбалы, Бестамғалы* (соңғысы обл.).

**Балтатарақ** — елді мекен аты (Семей обл.). Қос этноним: Балта және Тарақ топтары бойынша аталған. Солтүстік Кавказдағы ноғай руларының *Балта-Мырза* атауымен салыстырыңыз.

**Балықты** — төбенің аты (Шымкент обл.) (118. 1967, май). Оның баурайында көптеген бұлақ бар, бірақ балық жоқ. Осы атаудың өзінен де балық сөзінің бір мағынасы «су» ұғымын беретінін көреміз. Сондықтан «Балықты» атауы бұл кезегінде «сулы төбе» мағынасындағы гидронимиялық атау деуімізге әбден болады.

**Барбастау** — мекен аты (Орал обл.). Әуелде бұлақ аты. *Этим.*: 1) түркілердің *бар* (этнониміне) атауына *бастау* сөзінің тіркесуімен қалыптасқан «бардың бастауы» мәніндегі атау; 2) түркі тілдеріндегі *бар* «аумақты» мәндес сөзге *бастау* тұлғасының тіркесуімен қалыптасқан «мол бастау» мағынасын беретін атау.



**Барқын** — құмның аты (Ақтөбе обл.). *Б.* — өсімдіктің түрі.

**Барлық** — тау жонының аты. Бұл аттас оронимдер Сібір атырабынан (Барлық Ховузу) және Монғол Алтайынан (Барлық) кездеседі. Аналогия бойынша көне түркі тілдеріндегі *бар* этнониміне мекен-жайды көрсететін *-лық* қосымшасы жалғанған атау деуге болады. *Құлық* этнопонимімен салыстырыңыз.

**Бармаққұм** — Балқаш-Алакөл аралығындағы ойпатты алып жатқан құмның аты. *Бармақ* сөзі *көне түр. пармақ* «қалың төбе» немесе «көп төбе» ұғымын беретін сөз. *Б.* — «қалың төбелі құм» мәніндегі атау. *Сал.:* *Бозбармақ.*

**Барсакелмес** — Арал теңізіндегі аралдың аты. Атаудың шығуы жөніндегі аңыздардың бірінде: сол аралды қыстап шығуға барғандардың, қапелімде мұз түсіп кеткендіктен, құрлыққа қайта алмай қалғандығы айтылады. *Ескерту:* бұл аттас мекен Түркменстанның Қарақұм шөлінде де бар (42. 1976. 13. 08).

**Бартоғай** — терең шатқал аты. «Торайғыр мен Сөгеті аралығындағы Шелектің бойын қазақтар мекен есебінде *Бартоғай* атайды» (Ш. Ш. Уәлиханов, 1-т., 1961. 237-бет). Бірінші компонентін екі түрлі жолмен төркіндетуге болады: 1) *көне түр. этнонимі Барлық, Барғұт* атауларымен салыстырыңыз (161. 364); 2) *қаз. арх.* «кең» мағынасындағы сөз. Екінші компонент «қойнау» мәнін береді.

**Баршын** — Семей, Целиноград, Қызылорда облыстарындағы село аттары. *Этим.:* «кәрі бүркіт» мағынасындағы атау. *Сал.:* қырғ. *баорчын*, өзб. *бахрин* — «кәрі қырандар».

**Басқан** — тау шатқалының, өзеннің аты, тау аты. «Қан» тұлғасы (*қаз. қан*) тұңғұс-манчж. тілдерінде (осы күнгі эвенк.) әлі де «шатқал, сала» мағынасында жұмсалатын термин. «Бас» анықтауышы беріде тіркесуі мүмкін.

**Басқұлақ** — мекен аты (Алматы обл., әуелде арық аты). «Құлақ» тұлғасы — суды «құлату» (*ағызу*) мағынасын береді (арықпен синонимдес). *Б.* атауы *Басарықпен* пара-пар.

**Баскүншан** — мекен (жайлау) аты (Талдықорған обл.). *Баш+күн+шан* формаларынан ұласқан көне атау. Атаудың соңғы *-шан* форманты сын есімнің шырай тұлғасын тудыратын қосымша (*-шан, -шең* түрлерінде келеді). Баскүншан — Аяқкүншан топонимінің антонимі және өзі жалғанған *күн* компонентінен «күншуақты мекенжай» немесе одан гөрі қалыпты *күнгей* ұғымын тудыратын форма. *-Шан* формасы кейде *-сан* түрін де қабылдайды.

**Баспан** — мекен аты (Семей облысының Ақсуат және Көкпекті атырабы). Ертеде осы аттас әкімшілік бөлім болған. *Қаз.* этникалық тобы бойынша қойылған атау. *Сал. Қаспан.*

**Баспанбазар** — елді мекен аты (Семей облысының Ақсуат және Көкпекті атырабы). *Баспан* іргелес (*қар*). *Түр.* *Баспан* тұлғалы этнониміне типологиялық «базар» сөзі тіркелген атау. *Этим.:* «Базарлы Баспан» («базар») мәніндегі атау.

**Бастуайт** — Қазақстанның оңтүстігіндегі таудың аты. *Түр. басту* (<бас+тау)+*ай+т:* *бастауайт*, яғни «бастаудағы айлар» мағынасын беретін этнотопоним.

**Басшымырау** — мал жайылымы (Сам құмы. Маңғышлақ обл.). *Жерг.* (сөйлеу). *Ақшыңырау.*

**Басшыңырау** — мекен аты. Әуелде құдық аты. Шыңырау (*обл.*) «қатқақ жер» (172. 408).

**Басықарақопа** — қопалы мекен аты. *Этим.:* «Қарақопаның шегіне жеткен жері» мағынасындағы атау.

**Батан** — кіші-гірім өзен аты (Түрген өзенінің бір тармағы. Алматы обл.). *Түр. (ет.)* «сіңбе, оппа» мәнін беретін сөз.

**Баян** — республика бойынша бірлі-екілі мекен-жай аттары. *Этим.:* 1. *ур.* зат. «тұрақ, тұрғын жер; 2) *алт.*

(типологиялық тұлға) *бай*, *береке* мағынасына жуық *баян*||*байн*||*байон* тұлғаларында келеді. Осы тұлғаларда көбіне Шығыс Сібір (Бурят, Чита, Иркут) атыраптарында және Монғолия жерлерінде жиі ұшырасады. Бұл жүйедегі атаулар *Баянола*, *Баянбұлуғ*, *Баянжалға*, *Баянтохой*, *Баянүндер*, *Баянділгэр*, *Баянқол*, *Баянгол*, *Баяноол*, *Баяннор* т. б. түрлерінде жүздеп кездеседі. Шығыс елдері топонимикасын зерттеушілер (проф.: Э. М. Мурзаев, М. Н. Мельхеев) түркі және монғол тілдеріне ортақ түбірлердің лексемалық мәндерін айта келіп, сол ортақтықтың көрнекті бір белгісін *баян* сөзінің көп тілге тән береке, барлық, байлық мәніндегі өтелінен көреді (146. 28; 140. 116). *Баян* сөзінің түпкі тегін осы ұғымға балай отырып, оның қазақ топырағында келе-келе этнонимдік белгіге артқан кезектері барын да ескергеніміз жөн. Ол традиция бізде баршылық, көбіне сол мекен-жайдан өрбиді. «Үлкен Совет Энциклопедиясы» (2-басылымы, 43-т., 355-бет). *Саян* тұлғасын «түркі этнонимі» деп түсіндіреді. Бірақ топоним *Саян* (Алатау) мен этноним *Саянның* қайсысынан қайсысы алда келетіні — ол мәлімсіз. В. В. Бартольд *баян* сөзінің бастапқы түбірін түркі тілі қорына балайды: «*бай* + *ян* — бай жан». Бұл түбірлес антропонимдердің қазақ тілі үшін жаттығы жоқ.

**Баянағаш** — мекен аты. «Баян ағашы» (этнопоним) немесе сәл көнелеу «қалың ағаш» мәніндегі атау.

**Баянауыл** — тау аты, сол таудағы (*авла*) үңгірдің де аты, сондай-ақ ауданның, селоның аты (Павлодар обл.). Жергілікті елдің аға буын ұрпақтары көбіне *Баянаула* нұсқасын қолдайды.

*Баян* тұлғасы әр топтағы тілдер семьясына ортақ «бай», «асқын» (соңғысы эвенкі тілінде) мағыналас типологиялық сөз қатарына жататындай. Көне түркі тілдерде *Бай* және *Баян* этнонимдері бір атаудың екі вариациясы. Советтік Шығыстың Қазақстаннан арғы едәуір атырабында (Бурят, Иркут және Чита), одан

былайғы Монғол Халық Республикасы жерлерінде де Баян тұлғалас топонимдер молшылық. Баян — Монғол Халық Республикасының он алты аймағының бірінің орталығы. *Баян* — өзен, тау, өзге түрлі мекендер аты. *Баянауыл* — Таулы Алтай автономиялық облысының қала санатындағы объектісінің аты (115. 11. 02. 1983) т. б. Баянбулуг, Баянжалға, Баянгол, Баянкөл, Баянүндәр (тау аты, үндәр — биік). Баяндәлгәр (дәлгәр — «кең»), уст Баян атаулары жоғарыда аталған атыраптардың бәрінде бар. Орхон жазбаларында *бай + он* (бәй), сол сияқты өзге де түркі тілдері сөздіктерінде бұл тұлға *baj, bej, beu* түрлеріндегі фонетикалық ауытқулармен келеді. Этимологиялық мәні толық ашылмаған, бірақ *Баянауыл* топонимін төркіндетпек болғандардың дені: *көне түр.-монғ.* тілдерінің «бай тау», «баянды тау» мәніндегі атауына балайды. «Аула» немесе «ауыл» тұлғалары монғол тілінің *оло* («тау») түріндегі сөзі деседі олар. Бірақ *оло* сөзі кейбір түркі тілдерінде «ұлы» сөзінің фонетикалық көрінісі ғана.

**Баянжүрек** — Жоңғар Алатауындағы жайлаудың аты (Талдықорған обл.). Бұл атаудың *жүрек* сөзі географиялық атаулар құрамындағы *саға, бөктер, қолтық, қойнау* терминдері жүйелес. Сөз боп отырған объектінің тау етегі мен басы аралығындағы еңселі қоныс жайын білдіреді. *Этим.*: 1) «Отты жүрек», «құтты жүрек» мәніндегі атау; 2) *Баян* атауына этнонимдік мән беретін болсақ, оған тәуелділік түріндегі *жүрек* (жүрегі) сөзін тіркеп: «Баяндар» немесе «Баянның жүрегі» мәніндегі эллиптикалық тіркес (этнотопоним) деуімізге толық негіз бар.

**Баянқазак** — мекен аты (Қазақстанның қиыр шеті, Кетпен тауы баурайындағы жазық даланың аты). *Этим.*: *баян* («бай») және *қаузақ* («өсімдік») сөздерінен құралған «отты жер» мәніндегі атау.

**Баянқол** — өзен аты (Алматы обл.). Жергілікті ел

адамдары *Баянқол* және *Байынқол* түрлерін қатар айтады. *Баянқол* атауы Алтай-Саян және Орталық Азия ой-қырларында жиі кездеседі. *Баян* сөзінің этнонимдік мәніне сүйене отырып, *қол* сөзінің *тур.-монғ.* тілдеріндегі «өзен, бұлақ, жылға» мәніне сай: «баян бұлағы» немесе «баян жылғасы» деген тұжырымды қолдауға болады (143. 164).

**Баятар** — Орталық Қазақстанның көне заман қонысының аты (IV—V ғғ.). Көне этнонимді баяндайтын атау (Ә. Х. Марғұлан).

**Баяуыт** — мекен аты. *Этим.*: қаңлы этнонимі *баяу* және түркі-монғол этнонимиясының көптік болмысты көрсететін *-т* қосымшасы жалғанған атауы.

**Бәйбішетау** — тау (жайлау) аты (Тоқалтау атауының антонимі). *Бәйбіше* сөзі (жайлаудың) кең-байтақтығына қарата еркін әсіреленіп, метафорадан сәл күштілеу синегдоха төсілімен қойылған атау.

**Бегазы** — Сарыарқадағы көрікті қоныс — дөңестегі мекен-жайдың аты, ондағы ағып жатқан бұлақ та солай аталады. *Көне тур.* «биік» мағынасын беретін *бейек* (<беек<бек) тұлғасының этнонимдік аз (<һаз<қаз) тұлғасымен (VIII—IX ғғ.) интервокал позициясында тіркесу нәтижесінде аяққы қатаң *к* дыбысының екінші компоненттегі *а* дауыстысы әсерінен ұяң *г* формасын қабылдаған түрі. Аз тұлғасының этнотопонимдік мәнін бірінші айтқан Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Х. Марғұлан еді (134. 14). *Этим.*: этнотопоним. «Аздар биігі» немесе «Аз жотасы».

**Бек**<sup>1</sup> — Жамбыл облысының Мойынқұм түкпіріндегі құмды жалдардың аты. *Көне тур.* құм жалдарының биіктігіне балаған арнайы атауы. *Схемасы*: бейек > беек > бейік > бийік > бик > биек > бек.

**Бек**<sup>2</sup> — Маңғышлақ облысындағы құдықтың аты, сол бойынша аталатын мекен. *Бек* сөзінің көнедегі «биік» мағынасын мойындай отырып, оның *бәйүк* жә-

не ұла формаларымен синонимдестігін басшылыққа алып, *байұлы* немесе *байұла* этнонимдерін шолуға болар ма еді?

*Қорыт.*: бек компоненті өзге-тұлғалармен қарым-қатынаста алғашқы өзінің рельефтік мағынасынан ашақтай келе, этнотопонимге ұласады.

**Бекештау** — тау аты (Шымкент обл.). *Боралдай* тауының ең биік жері. *Тұр. бек + еш + тау*, яғни «таудың биік тұсы» мәніндегі атау.

**Бектау** — тау аты. Арал теңізінің оңт.-шығ. жағалауындағы көрнекті арал да солай аталады. Аналогия бойынша «биік тау» мәніндегі атау.

**Бектауата** — Балқаш жағалауының солтүстік атырабындағы біршама биік таудың аты. Соңғы екі ғасырда ғалымдардың өлкетану саласында жазған еңбектері *Бектауатаның* егжей-тегжейіне бізді едәуір қанықтырды. Таудың әуелгі дәстүрлі аты *Бектау* болғандай, келе-келе, ол *ата* сөзімен толықтырылған. Оның себебі бар сияқты. Балқаш көлінің физикалық-географиялық және экономикалық сипатын өз заманына сай тәуір зерттеген орыс ғалымдарының бірі П. Сарычев осы атау жайлы былай тұжырымдайды: «Бектауата — оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған — «шамшырақ». Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сұстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үңгір бар. Ол мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бір қалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Табиғаттың осы жұмбағының көріністері дала жұртының сезімін билеп, атаудың постпозитивтік компоненті боп тұрған «ата» сөзін қостырғандай. «Киелі Бектау» мағынасындағы атау:

**Белағаш** — мекен аты. *Көне тұр. билъ > биил + ғұш* (сөзбе-сөз) *биляғұш* «қос ер» немесе «қос кезең» мә-

нінде кіріккен сөздер. Келе-келе қазақ тілінің артикуляциялық заңдарына сай *белағаш* формасын қабылдап кеткен.

**Белбұлақ** — бұлақ, елді мекен аттары (Қазақстанның оңтүстік облыстарына тән атаулар. Әсіресе, Алматы облысында жиі ұшырасатын атау). «Асубұлақ» немесе түп төркініне жақындау түрі — «Кезеңбұлақ».

**Белтерек** — елді мекен аты (Семей обл.). Түр. *белтір* + кішірейткіш *-ек* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. «Белес» немесе «кезең» мағынасында. Сал.: *белгір* хакастардың этникалық тобының аты.

**Белторанғы** — елді мекен аты (Қызылорда обл.). «Тораңғылы бел».

**Белшабдар** — Алматы облысындағы мекен аты. *Бел шабдар* атауы *көне түр. чапт + йар* «шабылған жар» немесе «ойылған жер» (теңбіл жар) мағынасын береді (143. 335). Жылқының (шабдар) түсіне немесе *белшабдар* фразасына қатысы жоқ.

**Берікқайрақты** — дала, сол бойынша бұлақ аты. Сал.: түр. *берік* «өнімді» және *қайрақты* (жер) — «тәлімі (жер)» ұғымын беретін атау.

**Берқара** — мекен, бұлақ аты (Көкшетау обл.). *Бер (ік) + қара* түріндегі біріккен тұлғалы атау. *Берік* компонентінің айтыла келе аяққы *-ік* қосымшасы түсіп: *берқара* тұлғасын қабылдаған деп ұғуға болады (34. № 1, 1983).

**Беріктұғыл** — Іле Алатауындағы (Алматы обл.) тұғылдың аты. *Берік* және (обл.) *тұғыл* (таудың дүлей бүйірі, жапсары) компоненттерінен құралған тұлға. «Ну орман, ит тұмсығы өтпейтін жыныс» мағынасын беретін атау.

**Берсуат** — мекен аты (Целиноград обл.). Түр. *бери* (<бер<бире<бура) және *су-ат* (суат) компоненттерінен құралған атау. «Бергі» немесе «бергі беттегі су жиегі» («сулаг») мәніндегі атау. Сал.: кейбір қазіргі түркі тілдерінде *Биресук* (алт.). *Сулат* (түркм.) түр-

лерінде келеді. *Көне түр. сувлат* осы күнгі қаз. «суат» тұлғасын қабылдаған (160. 121).

**Берсүгір** — тау, жұмыс пос. және т. ж. ст.-сының аттары (Ақтөбе обл.). *Түр. бери* (бер>бире>бура) және сүгүр (<сүйір) компоненттерінен құралған тұлға. Бергі сүйір («бергі шоқы») мәніндегі атау (143. 122). *Қар. Берчугур.*

**Бертіс** — Балқаш көліндегі қолтықтың аты. Екі вариантта түсінуге болады: 1) *фонет.* екпін әсерінен қысқарған *бер(ик)+тіс* мәнінде; 2) одан көнелеу *бер(гі)<бери+тіс* мәнінде.

**Бесағаш** — мекен, елді мекен аттары (Жамбыл және Қостанай обл.). Негізгі түркі оноmaları: Бешқал, Бешқашқа, Бештентек, Бешбала, Бешқұба т. б. үлгілес атаулар.

**Бесбақан** — Аякөз өзені бойындағы мекен аты (Семей обл.). *Түр. беш.* және *бақан* сөздерінен құралған атау. *Бақан* сөзі «аша» ұғымын береді. *Бесбақан* — «көп тармақты арна» мәніндегі атау.

**Бесікқорған** — Сыр бойындағы көне қорған аты. Тәрізі, қорғанның сыртқы көрінісін жабулы бесікке меңзеу болса керек.

**Бесқара** — мекен аты. Қаз. этникалық тобы бойынша қойылған атау немесе сол бойынша этникалық топ аты қойылған.

**Бесқарағай** — Қазақстанда жиі кездесетін атау. Кезінде этнонимдер болғанға ұқсайды. *Бескемпір, Бескене, Бесағаш* және басқа осыған ұқсас атаулар бар.

**Бесқатын** — тау аттары (топ шоқының аты). *Көне түр. беш* және *қатын* сөздерінен қалыптасқан атау. *Қатын* формасы сын тұлғасындағы «қатаң» (*қатаю ет.*) мәніндегі сөз. *Қату* оронимімен салыстырыңыз.

**Бетпақтау** — тау аты (Бетпақтың шығысы). «Бетпақ (даланың) тауы» ұғымын берген атау. Атаудың бетпақ сөзінен кейінгі (біріккен тұлғадағы) ілік жал-



ғаулы дала сөзінің келе-келе түсіп қалуы заңды құбылыс. Сол сияқты тауы сөзінің соңғы *ы* дыбысының да түсіп қалуы ыңғайға келеді. **В.** — эллипсистік орам.

**Бешқұбур** — елді мекен аты (Шымкент обл.). Зерттеушілер: өзбек тілінің Келес өзеніне қатысты *беш + гүмбур* «сарқырама» мәніндегі ономасы деседі.

**Бешшатыр** — Іле бойындағы көне қорғандар. 1960 жылы белгілі археолог К. Ақышев ашқан. **В.** — сақ патшаларының бейіті сақталған жер. Қорғандар шатыр үлгісімен қаланып, төбесі күмбезделген. «Шатырлардың» жалпы саны бесеу, содан *Бешшатыр* аталуы түсінікті де. Қорғандар тұрған аудан аймағы түгелімен солай аталады. Бірақ, ол атау қай тұста пайда болды: сақтар тұсында ма? Жоқ, келе-келе ме? Бұл сұраққа әзір жауап беру қиын. Өйткені, сақтар тілінен дерек сақталмаған. «Бір жұмбақ жері — қорым тастар сақтар тұсынан беріде үйілген», — дейді К. Ақышев, қорған беттерін басқан қорым тастар жайлы. Күмбездерінің жалпы пішіні киіз үйдің тұрқына келеді. *Беш* және *шатыр* сөздері сақтардан қалды ма, жоқ, беріректегі түркі тайпаларының қойған аты ма — ол мәлімсіз. Дегенмен, *беш + шатыр* сөздері сақ атауын жаңғыртқан бөгде тілдерден болмауға тиіс. С. Е. Малов: «Түркі тілдерінің осы өзімізге қанық құрам-нұсқалары, құрылыс заңдастықтары біздің заманымыздан бірнеше ғасыр, кемінде бес ғасырдай бұрын қалыптасып болған», — дейді (132. 135). *Сал.:* *чадыр* «үй» (чуваш тілінде).

**Биғаш** — ауыл аты (Семей обл.). Найман тайпасының кіші-гірім ру аты бойынша қойылған.

**Бидайық** — мекен, елді мекен және совхоз аттары. *Бот.* өсімдік (астық тұқымдас) аты. «Бидайық, негізінен, қар немесе жаңбыр суы жиналатын ояң жерде жиі кездеседі. Осыдан мұндай ояң жер де бидайық деп аталған» (124. 2-т., 303).

**Бидайықасар** — мекен аты (Сыр бойындағы көне

камал орны). «Бидайық басқан асар» мәніндегі атау. *Асар* сөзінің мәнін қар.

**Биекөл** — көл аты. *Көне түр. биэ + көл* — «жағалау көл», «жағалаудағы көл» мәніндегі атау.

**Биесойған** — көл аты (Көкшетау және Қостанай обл.). *Көне түр. биэ* («бет»), *сойған* (ет. «жырған») — жырма беткей мағынасына жуық атау.

**Биесыймас** — мекен аты (Алматы обл.). *Көне түр. биэ > бэе > бые* (жаға, беткей) + *чимай* (чымай > чымас > сыймас) — «шимайлы беткей» немесе «таңбалы беткей» мағынасын беретін атау.

**Биқұм** — құмды мекеннің аты (Семей обл.). *Қаз. биік құм* атауының айтыла келе қысқарған түрі.

**Билікөл** — көл аты (Жамбыл обл.). Мекен, совхоз аттары. Халық этимологиясы туралы дерек жоқ. Түркі тілдес халықтар терминологиясында *билли* немесе *белли* тұлғаларының қазақ тіліндегі синонимдері: *белді, белегір, көтерме, қайқы* түрлерінде келеді; *өзб.* тілінде құтарма (арық және қыстақ аттары). *Б.* гидронимін қазіргі қазақ тілі нормасы бойынша «Белді көл» немесе «Асулықөл» деп тұлғалауға болар еді. *Б.* қазақтың *Белбұлақ, Беларусь* гидронимдерімен туысады. Орта Уралдағы *Беликуль* атауымен салыстырыңыз (111. 72).

**Биікқызыл** — тау аты (Тарбағатайдың бір сілемі. Арғанаты басы. Семей обл.). Екі ұшты мағынадағы атау: 1) *қаз.* тас жыныстарының түсіне байланысты «биік қызыл (тау)» мағынасында болуы ықтимал; 2) *көне түр. қысыл* («тар»), яғни «тар асу» мағынасындағы атау болуы да мүмкін.

**Божығұр** — елді мекен аты (Семей обл.). *Қаз. боз + -ды + қыр* (боздығыр) топонимінің фонетикалық ықшамдалған түрі.

**Боз** — мекен аты. *Қаз.* «боз отты жер». *Түр.* боз термині «жыртылмаған тың жер, тәлімі жер» мағыналарында айтылады.

**Богажелі** — Жезқазған облысындағы (Ұлытау ауд.) көне елді мекен аты. Түр. этнонимі. Осы күнгі қазақ этнотопонимдері *Бөгемелі, Бөгемжіл* тұлғаларымен салыстырыңыз.

**Бозайғыр** — мекен аты (Қазақстанның көп жерінде кездеседі). Түр. *боз* және *айғыр* сыңарларынан тіркескен қос тұлғалы жалқы есімдер.

**Бозатан** — Қостанай облысындағы көлдің аты. *Б. бот. ұзынсора* тектес құрай.

**Бозачан** — көл аты (Қостанай обл.). *Қаз. боз* және *ашаң* (ашылау, сортаң) сөздерінен құралған атау. Сол жердегі өсімдік сипатына қатысты атау.

**Бозаңы** — түбек аты (Маңғышлақ обл.). *Боз.* — түбектің түсіне қатысты.

**Бозбайтал** — Орталық Қазақстандағы жайпақ таудың аты. «Боз отты байтал» (*қар*).

**Бозбармақ** — мекен аты. Түр. *боз* («от») + *бармақ* — «далалы жердегі төбешік», яғни «бозды төбешік» мәніндегі атау.

**Бозбие** — өзен аты (Қостанай обл.). Түр. *боз* («от») + *бәе* (тік жаға, бет) — «бозды жаға» мәніндегі атау.

**Боздақ** — тау аты (Оңтүстік Қазақстан). Түр. *боз* және *дағ* компоненттерінен құралған топоним. «Бозды тау» мәніндегі атау.

**Боздала** — дала аты. «Бозды дала» мәніндегі атау. *Сал.:* *қаз. Ақдала, Сарыдала; түрікм. Бозмейдан* «жыртылмаған жерлер (тың жерлер)».

**Бозкөл** — көл аты. Екі түрлі мағынада: 1) *қаз.* көлдің түсімен байланысты айтылады; 2) *көне түр.* «боз» сыңары *бұз* немесе *мұз* мағынасын береді.

**Бозқұлақшын** — Шоқпар шоқтығындағы тау беткейінің аты (Жамбыл обл.). *Көне түр. боз* («от») + *құлақ* — «құлама шың, тік табан», яғни «боз отты тік құлама» мағынасындағы таулы мекен аты.

**Бозсу** — өзен аты. «Жайылмалы су» мағынасындағы атау.

**Бозтай** — тау аты. «Бозды тау» мағынасындағы атау.

**Бозтал** — мекен аты. «Бозды тал» мағынасындағы атау. Тал сөзінің көне мәндерімен салыстырыңыз.

**Бозтау** — тау аты. *Көне түр. боз* («мұз») + *қаз. тау* — «мұзтау» мағынасындағы атау.

**Бозшакөл** — Қазақстанда көп кездесетін көлдердің аты, негізінен суы тартылған көлдер. *Қаз. бозша және көл* — түске қатысты атау.

**Бозінген** — Орталық Қазақстандағы үңгір аты. Ерте заманда минерал қазындыларын алған жері. Ондай қазындылар (гипс кендері) үстіртте көп. *Түр. боз* («ақ») + *in* («үңгір») + *кен* сөздерінен қалыптасқан атау. «Ақ үңгірлі кен» (шамамен) мәніндегі атау.

**Болаттау** — тау аты (Батыс және Орталық Қазақстан). Ерте замандардан белгілі мал жайылымы. *Қаз. Теміртау, Хромтау* атауларымен тек соңғы компоненті туысады (оның өзінде де *тағ* сөзінен қазақшаға бейімделген компонент). *Көне түр. бөлэт* («бөлік») және *тағ* тұлғаларынан қалыптасқан атау. *Этим.*: «бөлек тау».

**Болған ана** — мекен аты (қыпшақ заманы тұсында салынған мавзолей бойынша аталады. XI—XII ғғ. Кеңгірдің Сарысуға құяр тұсы. Анық-қанығы беймәлім ғимарат).

**Болғасы** — өзен аты (Ақтөбе обл.). *Балғасын* тұлғасының фонетикалық артикуляциялық құбылысы (*қар.*).

**Борақожыр** — тау, өзен (Ілеге құяды) және елді мекен (б. станица) аттары. *Бора* және *қожыр* компоненттері — *түр.-монғ.* тілдері негізіндегі көне элементтер. Сал.: 1) қырғыздың Құшшы руының бір үрім-бұтағы *Қарақожыр-ды*; 2) өзбек оронимі *Ғажир* қая аталады (108. 164). *Б.* — көне түркілердің этник тобы.

**Боралдай** — кіші-гірім тау белесінің аты (Тянь-

Шань сілемі), сонымен байланысты елді мекен және өзен аттары. Көбіне Оңтүстік атыраптарда (*қырғ.* Боролдой). *Түр. борал* анықтауыш тұлғаға анықталатын *тай* («тау») тұлғасы тіркелген ороним. *Борал* немесе *бурұл* формалары қазіргі қазақ тілі нормасында *бұрыс*, *бұрма* немесе *теріс* ұғымын береді, таудың бітіміне қарай. Өзбек тіліндегі *борма тоғлор* тіркесі сол ұғыммен ұштасады. Боралдайдың өзге дублеттері *Боралдайтау*, *Бурылтай*, *Бурыл төбе* формаларында келеді.

**Боралдайтау** — Оңтүстік Қазақстандағы таудың аты. Көне *Боралдай* («Бұрыстау») атауына *қаз. тау* сөзін үстемелеу арқылы күңгірттігі біраз сейілген тіркес.

**Боратала** — жазық, өзен және тау аттары (Қазақ ССР-інің КНР-мен шектесіп жатқан жеріндегі аймақ). *Бора* және *тала* компоненттері *түр-монғ.* тілдері негізіндегі көне элементтер. *Бор* немесе *бар* үлгілес бұл атаудағы *тала* компонентінің *түркі-монғол* тілдерінде «дала, алқап» мағыналы сөз екені белгілі. *Б.* — «бор даласы» немесе «борлар жері» мағынасындағы атау.

**Борқат** — асудың аты (Қазақстанның оңтүстік-шығысында. Аякөз ауд.). *Борқат* атауы өзінің тұлғалануы жағынан да, территориялық жағынан да *Арқат* атауымен туыстығы бар. Ш. Уәлиханов *борқат* тұлғасын түркілердің этникалық тобына жатқызады (35. 533). Көне түркілердің этнос топтарын құрған *бор//бар* терминдерінің (*Барлықты қар.*) төтемдік мәні болуы ықтимал. Біздіңше, монғол этнонимдерінің *борқұт* тұлғалары өздерінің мағынасы жағынан «бүркіт» сөзімен астарласатындай.

**Борақора** — Жетісудың оңтүстік-шығысындағы тау жонының аты. *Түр.-монғ.*, *-үнді-ар.* түбірлес *бора* және *хора* тұлғаларынан сыр тартатын атау. Атаудың бірінші *бора* сыңары, Уәлиханов және Окладниковтардың ажыратқандарындай, көне түркілердің этникалық топтасуы болса (35. 553; 161. 304), екінші *қора* сыңары

одан арғы көненің көзі: *қырқа, тау, төбе, шоқы* мәніндегі ұғымдарға саяды. *Хоросанмен* сал.

**Борсық** — Арал теңізінің солтүстігіндегі құмның аты. Семантикалық жағынан *борсық* сөзінің *борсу* (*ет*) немесе *борсық* хайуанатымен байланысы жоқ, түр., сәл көнелеу, осы күнгі тіліміздегі *борпылдақ* (*сын.*) түсінігіне жуық мәні бар.

**Борықтыкөл** — Шымкент облысының Шардара атырабындағы көлдің аты. Қаз. *борық* — «саяз көлдерде өсетін тамырлы өсімдік».

**Боскөл** — тау көлдерінің аты. *Көне түр. бос* (боз < бұз < мұз) және *күл* сөздерінен жасалған — «мұзкөл» мағынасындағы атау.

**Бостанқұм** — Маңғыстау түбегінің орта шеніндегі құмның аты. Қаз, этнонимі. *Этим.: ир.* тіліндегі *бостан* «ұрмақ» сөзімен қатысы жоқ. «Бостанның құмы» мағынасындағы атау.

**Бота** — мекен аты (Көкшетау обл.). *Түр.-ир.* тілдеріндегі *бота* (қаз. *бұта*) тұлғалы атау. Кейінгіде этноним және антропонимдік мәнге ие болған.

**Ботаборұқ** — Орталық Қазақстандағы мекен аты. *Түр.-монғ.-ир.* тілдері симбиозынан құралған *бота* және *борық* тұлғаларынан біріккен қос этноним. *Борық* тұлғасы түркі тілдерінде *бороқ* // *бозуқ* // *бузук* // *бузулук* түрлерінде ауытқып келеді, этнонимдік мәнге ие болған сөз (35. 539).

**Ботағай** — елді мекен аты (Орталық Қазақстан, Нұра бойы). Осы аттас *саға* бойынша қойылған атау. Ру аты болуы ықтимал. *Сал.: Атығай.*

**Ботаза** — мекен аты (Алматы обл.). *Түр.-ир.* этникалық топ атауы: *бота* және *за* (зақь), яғни «бұта жақ» деген ұғымды береді. *Сал.: ир.* тіліндегі Загедан атауы *за* (къ) және *дзан* — «қоршаулы» немесе «қорғанды жақ» ұғымын береді.

**Ботақан** — Семей облысындағы сайдың аты. *Түр.-*

*ир. бота (қар.) + қан (қар.)* компоненттерінен жасалған атау. Мағынасы: «бұталы сай».

**Ботақара** — Қарағанды облысындағы қорғаны бар төбенің аты. *Түр.-монғ. бота (қар.) және қара (қар.)* компоненттерінен жасалған атау. Мағынасы: «бұта төбе» немесе «бұталы төбе». Бота этнониміне қатыссыз.

**Боталы** — мекен аты. Қостанай облысында да осы аттас елді мекен аты бар. *Түр.-монғ. бота* есім тұлғасына *қаз. -лы* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Мағынасы — «бұталы». *Бұтақтымен* салыстырыңыз.

**Ботамойнақ** — мекен аты. Қазіргі қазақ тілі негізіндегі атау. «Кіші мойнақ» мағынасын береді. «Түйе-мойнақпен» салыстырыңыз.

**Ботасаз** — жайлау аты (Алматы обл.). *Көне түр. бота (қар.) және саз (<сас<тас)* сөздерінен жасалған атау.

**Бөгежіл-Қыбрай** — елді мекен аты. Қос этноним бойынша қалыптасқан атау (*Бөгежіл* және *Қыбрай*).

**Бөген** — өзен, елді мекен аттары (Шымкент және Қызылорда обл.). *Бөген* сөзі «бөгенді, бөгені бар» (сындық) мағынадағы тұлға болуы мүмкін. Бірақ бөгет сөзімен түбірлес болғанымен, сәл өзгелеу құбылыстың объектісіне тән: «өзен арнасының бөгенділігін — бір тарылып, бір кеңеюін» баяндайды.

**Л.-Лигети** осы тектес түркі терминдерін: «от гл. основы бугу (бугум>буум>боом) «теснить», яғни, «капчығай» тектес арна дейді (128. 9).

**Бөке** — тау аты (Қалбаның бір сілемі). *Көне түр. бұқа, бока* («батыр», күшті, жауынгер); *шағ.-ұйғ. бока, бөкэ* («күшті, палуан»); *түр. бұқа-палван; алт. пёкё, мёкэ* («күшті, батыл») (60. 94) түрлерінде келеді. «Бұғы» мағынасындағы оронимикалық атау болуы ықтимал.

**Бөкенші** — Шыңғыстаудағы бір бұлақ аты (Семей

обл.). Қаз. этникалық тобы бойынша қойылған атау. Осы мәндес *Жиренші* антропонимімен салыстырыңыз.

**Бөктер** — мекен аты. *Түр. бұқтар, бұқтыр* тұлғаларындағы топонимикалық терминдермен тең ұғымдағы атау.

**Бөлекаяқ** — Гурьев облысындағы гидронимиялық атау (көл және өзен аты). *Түр. этнотопонимі*. Атауға негіз болған *бөлек* этнониміне *йақ* («жақ») түріндегі үстеу сөз қосылған (*Бөлекйақ*). Айтыла келе, адаптацияланып, *бөлекаяқ* формасын қабылдаған.

**Бөлекшәулі** — кіші-гірім таудың аты (Семей обл.). Қос этноним (*Бөлек* және *Шәулі* этникалық топ аттарынан құралған).

**Бөлдек** — дала атыраптарындағы кіші-гірім бел аттары. *Түр. бөл* түбіріне айқындауыш мәнді *-дек* қосымшасы жалғанып, жазық жердің екі ұдай бөліну сипатын анықтайтын топонимдік қасиетке ие болған географиялық термин. *Жүргек, Үргек* терминдері туыстас.

Эвенкі тілінің осы мағынадағы *бблдо* атауларымен салыстырыңыз.

**Бұған** — өзен аты. *Түр. бұғұм//бөгөм//бөгөн//бөген* тұлғаларының қаз. адаптациясы. Бұл тұлғалар көбіне өзен арналарының тар тұстарын, кезенді жерлерін мезгейді. Мәселен, Шу өзені ертеде Ыстықкөлге (көлдің батыс пұшпағынан) құйған. Бергі тарихи дәуірлерде, көлдің суы тартылуымен байланысты, Шу арнасын жалт бұрып, ылди төмен кеткен. Шудың сол аралығы *Бұған* немесе *Көтемалды* аталады.

**Бурабай** — көл, елді мекен аттары (Қостанай, Көкшетау және Шығыс Қазақстан облыстарында). *Ор. «боровое»* тұлғасы негізіндегі атаулардың қаз. адаптациялары.

**Бурыл** — тау, қыр және өзен аты (Оңтүстік Қазақстанда). *Түр. орографиялық бұрыл//бұрма//борма//борал* тұлғалас «бұрыс, қиғаш» мәніндегі терминдерінің



айтыла келе қалыптасқан түрі. «Бурыл» сөзімен, түс белгісімен байланысы жоқ.

**Бурылбайтал** — тау жотасының, өзге түрлі жер бедері аттары. *Көне түр. бұрыл + бай + тал (қар.)* тұлғаларынан құралған атау.

**Бурылтай** — төбенің аты (Көкшетау обл.). *Көне түр. бұрыл + тай* тұлғаларынан құралған атау. *Бұрыс-төбе* немесе «көлденең төбе» мағынасындағы атау.

**Бурылтөбе** — төбенің аты. *Түр. бурыл және төбе* сөздерінен құралған топоним. Бурылтай мөңдес атау (*қар.*).

**Бурылшоқы** — тау шоқысының аты (Жамбыл обл.). *Бурыл және шоқы* сөздерінің мәнін қараңыз.

**Бутаковка** — бұлақ, мекен аттары (Алматы обл.). *Қаз. Бұтақты* атауының біраз жаңаланған тұлғасы. *Көне түр. «буткалы (туғу)»* атауымен түбірлес болуы ықтимал. Запорожьедегі Хортица биігін түркі тілді елдер солай атаған.

**Бұғылы** — тау, асу аттары. Қазақстанның барлық жерінде бар. *Бұғы-маралдардың* таралған жерлері. Алматы облысындағы Асы жайлауына жалғас Бұғылыны С. Мұқанов былай сипаттапты: «Бұғылы — тау бұлағы. Ол арада құраған мүйіздер жол бермей үйіліп жатады, сол себепті оны «Бұғылы» дейді...» Бұғылы екі шыңның астасқан жері. Жолы тастақ және тар. Сол арада, расында да құраған бұтақтарға ұқсап, бұғы мүйіздері үйіліп жатыр... Отызыншы жылдардың басында Талғар станицасында жолыққан жасы жүзді алқымдаған Естекбай қарт Асы жайлауын маған сипаттай отырып: «Кейбір жылдары, асуларға тастаған бұғының мүйізі көшке жол бермей, екі-үш күн тоқтап аршушы едік», — деген еді (145. 129-беттер).

**Бұғымүйіз-Бесмойнақ** — Алматы облысының батыс атырабындағы Жаманты тауының асу аты. Бұлай аталу себебі — асудың екі жақ қапталы да кері шал-

қақтап, бунақталған (бес бунақты алып бұғы мүйізінің елесін береді).

**Бұғыты** — Қазақстанның оңтүстік-шығыс атыраптарындағы тау аты. Көне түркінің *бұғу ту* яғни *бұғы тау* мәніндегі сөздерінен қалыптасқан атау (көнедегі *ту* тұлғасы қазіргі қазақ тілінде «ты» формасына бейімделген). *Аршаты, Қарағайты* т. б. тау аттарымен салыстырыңыз.

**Бұзауөлген** — мекен аты (Қостанай обл.). *Түр.-монғ.* тілдеріне тән *боз* тұлғасына *-ау* қосымшасын жалғау (*қаз. сын.* «боздау») және *өлең* (шөп аты) сөзін қосарлау арқылы жасалған атау. *Қоңыр-Өлең* атауымен салыстырыңыз.

**Бұйрат** — мекен аты (географиялық термин бойынша қалыптасқан атау). Түбірден жасалған жалқы есімдер деуге болады. «Ойлы-қырлы белестер, созылып жатқан қырқа, адыр» (124. 2-т., 494).

**Бұқпа** — тау аты. Осы тау аясында Көкшетау қаласы орналасқан (Көкшетау облысының орталығы). *Қаз. бұқпа* сөзінің «көзге түспейтін қалтарыс, таса мағынасындағы *зат* және *сын.* мәні бары «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (124, 2-т. 504-бет) келтіріліпті. *Этим.:* 1) таудың тұрқы сондай бұғыңқы жатаған болғандықтан, оған метафоралық ат берілуі ономастикалық нормаға сияды; 2) қала орналасқан сол қоныстың өзінің бұрынғы аты *бұқпа* («ықтасын») мәнінде болуы мүмкін. Онда таудың аты сол қоныстың ауа райын баяндайтын («Бұқпаның тауы») қосалқы ұғымның қысқарған түрі («бұқпа») болуы ықтимал. Бір сөзбен айтқанда, Бұқпа — оронимиялық атау.

**Бұқпан** — Орталық Қазақстандағы және Сарқан өңіріндегі (Жетісуда) мекен аттары. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *бұқпан* тұлғасының етістік мағынасын ғана ашыпты (124. 2-т., 505). *Бұқпан* атауларының мәнін объект есебінде «бұқпа» немесе «қалқан» (*қар.*) есімдерімен тең мағынада деуге болады.

**Бұқтырма** — өзен аты (Ертістің оң жақ саласы. Шығыс Қазақстан обл.). Халық этимологиясы бұл атаудың шығу себебін: ағыны қатты асау тау суы арнасына іліккендерді бас көтертпей «бұқтырып» ала жөнелетіндіктен солай атанған деп айтады. Бірақ атаудың (қаз.) «бұқтыру» етістігімен байланысы болмауға тиіс. *Көне түр. бұқтыр* (қаз. бөктер) тұлғасына *-ма* қосымшасын жалғау арқылы жасалған гидронимиялық атау. «Өзеннің тау бөктерлеп ағатынын баяндайды». *Көне бұқтыр* тұлғасының түркі тілдерінде *бұқтыр > бұқтөр > бөктер > боктор* түрлерінде ауытқып келетін кезектері бары ол көпке аян. Махмұд Қашғари: *буктир* «тау етегі» дейді (137. 424). К. К. Юдахин: *-ма* қосымшалы *бұқтұр* тұлғасының семантикалық мәні кеңдігін айтқан: «дұшпанды жасырын тосу, бұқтырма қою» (226. 222).

Өзге түркі тілдеріндегі *Бұқтар*, *Бұқтарйұл* және *Сарбөктер* топонимдерімен салыстырыңыз.

**Бұланты** — Бетпақдаладағы кіші-гірім тау, құрғақ арнаның аты. *Түр. бұлаң* және *-ты* қосымшасы жалғанған тіркес, *-ты* қосымшасы көнеде *tü* немесе *tu*, яғни *тау* мағынасындағы компонент болуы шарт. Сонда бұл атау «бұлантау» ұғымын беруі керек.

**Бұлдырты** — қыраттың аты (Қазақстанның батыс және оңтүстік атыраптарында). *Түр. бұлдыр* және *ту* тұлғаларынан түзілген атаулар. Қазіргі қаз. тілінде «бұлдыртау» немесе «бұлыңғыр тау» мағынасын беретін атаулар.

**Бұрған** — кіші-гірім өзен немесе тоған, елді мекен аттары. «Бұрған» көбіне (канал түрлерінде) жаңадан қазылып, соған негізгі арнадан су бұрылады, кейде оған кіші-гірім сай, жылғалар да пайдаланылады.

**Бұрғансу** — канал аты. «Бұрған» атауына «су» сөзін қосу арқылы канал аумағының едәуір көлемділігін көрсететін атау.

**Бұрқан** — тау, өзен-су, елді мекен аттары (Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында). Бартольдтің түсіндіруінше: *бұрқан* деген Оңтүстік Түркістан ақсүйектерінің, жалпы XII ғасыр тұсындағы түркілердің өктемдік атағы. «Олар өздерінің даңқты басшыларын Бұрхан-әд-дін — Парвар дигәр дейтін» (20. 78). *Бұрхан* сөзі жайлы көрнекті монғолист М. Н. Мельхеев жазғандарынан да ғибрат алуға болады: «Бұрхан немесе Шаман жартасы дегеніміз Байкал жағалауындағы Хұжыр поселкесіне қапталдас тұрған Өлхен аралының бір құзының аты... онда тас дәуірінен қалған саймандар табылған бір үңгір бар. Буряттардың ата-бабадан қалған аңызы бойынша Өлхеннің киесі сол үңгірді мекендеген әулие... Ол құзды сол үшін буряттар әулие тұтады... Буряттар пұтқа табыну дінін қабылдаған соң, құздың құдіреті одан да артып *Бұрхан-богдо, боды* атанып кетті. Құздың тастары *боды* тәңірісіне жазылған хаттарға толы» (140. 30). *Бұрхан* сөзін *көне түр. бұрғұн* «ие» сөзімен астарлас па деп ойлауға болатындай, өйткені оның *богдохан* сөзімен төркіндестігі байқалады.

**Бүйен** — таудан ағатын өзен суының аты (Жоңғар Алатауында). *Анат.* «бүйен» сөзімен байланысы жоқ. *Көне түр.* бір буынды *бий//ний* «биік» және көптік мән беретін *-ен* афф. жалғанған атау. Таудың биік шоқыларынан бас алған: *Балабиен, Бүркітбиен, Сұңқарбиендер* бір арнаға сарқылып, жалпыға ортақ биен атына ие болған.

Шығыс түркілердің «Алтайдың таусоқты өзендері» мағынасындағы *Бйй, Пий Алтай, Бйй Хем* немесе *Пий Хем* атауларымен салыстырыңыз.

**Бүйректал** — белдің аты (Торғай обл.). *Көне түр.* бұерак + тал «ойық бел» немесе «ойық беткей» мәніндегі тіркесі. «Бүйрек» тұлғасы адаптацияланған тұлға.

**Бүлікқұм** — құмды даланың аты (Қазақстанның оңтүстігінде). *Бүлік* және *құм* сөздерінің қосындысы-

нан жасалған атау. Құмды аймақтың күрт өзгеріп тұратын ауа райы бойынша қалыптасып кеткен атау.

**Бүрген** — мекен, өзен аттары (*зат.*) (Семей обл.). Атау тұлғалы топоним. *Бүрген* — ащы дәмді, қызыл қоңыр, бұталы өсімдік. Дәрі-дәрмек үшін пайдаланылады.

**Бүргендіой** — далалы мекен (сын.), бұлақ аты (Алматы обл.). «Бүрген қалың өсетін ойпат».

**Бүржар** — мекен, елді мекен аттары (Алматы облысының Кеген және Шелек аудандарында). «Жар беттері бұта-бұрлермен көмкерілгендіктен» солай аталып кеткен.

**Бүркітауыл** — биік тау (Оңтүстік Алтай), елді мекен аттары. *Түр.-монғ. бүркүт* және *оула* — «бүркіт тауы» немесе «Бүркіттау» мағынасындағы атау.

**Быжы** — өзен аты (Көксуға құяды. Талдықорған обл.). Көне тілдер көрінісі *бажса* формасының қазақ тіліне бейімделген түрі. Мағынасы — «саз» немесе «саздау жер». Сол мағынадағы ор. топонимі *Бажецпен* салыстырыңыз (130. 16).

**Бірлік** — елді мекен аты (Қазақстанның барлық жерлерінде кездесетін атау). Социалистік құрылыстың әуелгі кезеңдерінен елес беретін әлеуметтік топоним.

**Бітік** — мекен, канал аттары (Жайық-Көшім су артериясына жатады), әуелде көл аты. *Түр. біт* (*зоол.* зиянкес құрт-құмырсқалар түрі) + *ік* (өлі жұрнақ).

## Г

**Гурьев** — қала аты (1640 ж.), облыс орталығы (Жайық өзенінің Каспиге құйған жері). Ор. антропонимі. Қазақ арасында *Г.* — «Үйшік» атанған. Бірақ, ол сөздің *қаз. үй* (баспана) ұғымымен байланысы жоқ. Балық аулайтын түркі халқы тілінен орыстарға *уцуг* түрінде сіңген *ұшұқ* (балық сүзетін ау) сөзінің қазақ-

тың сөйлеу тіліне сіңген түрі (213. 1042). *Учуг* сөзі балық аулайтын ірі объект ретінде кезінде «Гурьев» атауын өтегені туралы П. Паллас мәліметтерінде де, П. Рычков еңбектерінде де жеткілікті айтылған.

## Д

**Дағандел** — мекен аты (Қарағанды обл.). *Қаз.* (*арх.*) *даған* немесе *таған* сөзіне *-ды* қосымшасын және ел сөзін кіріктіру арқылы жасалған топоним (*даған + ды + ел*). Мағынасы «билеп төстегіш ел» ұғымындағы этникалық атау.

**Дағанды** — Орталық Қазақстандағы және Балқаш көлінің солтүстік маңындағы таулардың аты. *Қаз.* (*арх.*) *даған* сөзіне *-ды* қосымшасын жалғау арқылы жасалған топонимдер. *Дағанды* сөзі «тұғыр» немесе «тұғырлы» мағынасында, сонымен синонимдес. «Тұғырлы тау» мәніндегі метафоралық атау.

**Даир** — елді мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Түр.* антропоним: *Таһир > Тахир > Таир > Даир* түрлерінде келеді.

**Далайты** — мекен аттары. *Монғ.-тиб.* *далай* («ұшантеңіз, көз жеткісіз») + *тэ* — көптік белгі (*қаз.* айтылуы *-ты*) жалғанған.

**Далакөл** — Сырдария бойындағы кең ойпаттың аты (Қызылорда обл.). Ойпаттың «көл» аталу себебі жыл маусымдарында қақ тұруымен байланысты.

**Далашық** — мекен аты. *Түр.* *дала + шық* тұлғаларынан жасалған атау. Атаудың *-шық* формасы бірден үйшік, бұзаушық тұлғалары үлгілес грамматикалық форма құратын кішірейткіш жұрнақ сипатты болып көрінетіні де рас, бірақ түркі тілдес топонимдерде ондай өлшем жоқ сияқты. *Шық* формасы одан гөрі этникалық формаға, атап айтқанда, *-чиғ* немесе *чиғил* тұлғасына ұқсайды. «Дала чиғы» атауына жуықтайды.

Оған *Кемчик, Таушық, Чиршық* топонимдері туыстас келеді.

**Дамба** — Оңтүстік Қазақстандағы мекен аты және Гурьев облысындағы селоның аты. *Неміс* тіліндегі, бірақ орыс тілі арқылы келген *дамба* «үйінді, бөгет» (су байлайтын бөгет) мәнін беретін сөз (183. 652). *Қаз. бөгет, бөген, байлама, госпа* сөздеріне пара-пар.

**Дамсы** — өзен аты (Есілге құяды). Түркі тілдері тарихында анлаут позициясындағы *Д* дыбысы әркез түрлі фонетикалық құбылыстарға (д<ж<й) ауытқытыны белгілі (*дьем*<жем<йем түрлерінде). *Дамсы* (дьемсі) топонимін *дам (дьем)* және *-сы* варианттарынан құралған «жемсу» мағыналы көне түркі тілдеріне тән тұлғалар деп ажыратуға болады.

**Дамылтам** — қара жол бойларындағы мекен аттары (*б.* «бекет»). *Д.* — жүргіншілер дамылдайтын, мемлекет тарапынан әр жерде салынған бірді-екілі үй. *Дамылдама.* *Қаз. дамыл* және *там* сөздерінен жасалған атау.

**Данабике** — өзен, мекен аты. *Көне тіл.* (үнді-иран) тана («өзен-су») + *биәке* («тік жаға») — «өзен жағалауы» мағынасындағы атау.

**Дандыбай** — Орталық Қазақстандағы мекен аты. *Ә. Марғұлан:* қазақ антропонимі.

**Дара** — Семей және Қарағанды облыстары территорияларының астасқан тұсындағы мекен аты. *Түр.-монғ.-ур. дара* — «шат, тау аралығы, терең сай» мағынасындағы атау тұлғалы топоним. *Дөре, төре, дере* компоненттерінің топонимдік мәндерін қараңыз.

**Дарат** — сайдың аты, көне қоныс орындары (Жезқазған обл. Атасу бойы). *Көне тіл. дара (қар.)* + *-т* қосымшасы көптік мағынада. Осы мәндес өзге атаулармен сал.: 1) *Дарасун* (Қиыр Шығыста); 2) *Алтында-ра* (Алай тауында).

**Дарбазақұм** — Оңтүстік Қазақстандағы құмның аты. *Ир.* тілдеріндегі *дарбаза* + *құм* сөздерінің қосын-

дысынан жасалған (сөзбе-сөз) «құмқақпа» мәнін беретін атау.

**Дардамты** — Алматы облысының оңтүсік-шығысындағы мекен-жай аты, дәлірек айтқанда, тау қыспағындағы шағын кеңістіктің аты. Көне үнді-ир. *дардам* сөзі көнеде жоғары эмоция тудыратын құбылыстарға, көздің жауын алатын асыл бұйымдарға таңданғанда айтылатын: *жарқырақ, жылтырақ, сусылдақ* мәндеріндегі дәріптеуді білдірген, көбіне жібек, маса ты тектес дүрдана т. б. дүниелерге айтылған. Топонимнің бұлай аталу себебі, көне тұрғындар оның таумен қоршалып, аспанмен көмкерілген мидай жазық құлпырған жайығын *дүрия* жібекке баласа керек.

**Дария** — Жезқазған облысындағы елді мекен аты. *Ир.* (сөзбе-сөз) «өзен-су». Мұнда «Дәрия топонимі суы тартылған ұлы арнаның ескі атын сақтаған. Осы күнгі иран (фарс) тілінде өзен-суды «руд» дейді. *Дәрия* сөзінің семантикалық сферасы қазақ тілінде сәл кеңірек: ұлы өзен, үлкен көл немесе тіпті теңізді де айтады. («Өзен» деген ат болмас, ат жалдарлық су болмай. Жамбыл.)

**Дарқан** — мекен аты (Оңтүстік Қазақстанда). *Қаз.* этникалық топ аты бойынша келе жатқан атау (Ұлы жүз қазақтарының шанышқыл тобы). *Этим.:* *түр.-монғ.* «еркін» немесе «еркіндік».

**Дашқала** — Маңғыстау түбегіндегі көне қоныстың аты. *Оғуз тіл.* *даш* + *қала* компоненттерінің қосындысынан жасалған «тас қорған» мәніндегі атау.

**Даулысор** — мекен, суы тартылған көлдің аты (Орталық Қазақстан). *Қаз.* «дау» сөзімен байланысы жоқ атау. *Д.* — қазақ тіліндегі метатезалық құбылыс барысында (дауылсор > даулысор) қалыптасқан атау.

**Дәмді** — өзен аты (Торғай обл.). *Көне түр. дәм* («жам») сөзіне *-ді* қосымшасы жалғанған атау. Мағынасы: «тамды» (*қар.*).

**Дәрәжі** — құмға сіңіп кеткен өзен аты, мал жайы-



лымы әрі жайлау аттары (Алматы обл.). *Көне түр. Дара* («сай») және *әджи* («ащы») сөздерінен кіріге қалыптасқан атау. *Этим.*: «ащысай».

**Дегелең** — таулы үстірттің аты (Семей облысының батыс атырабы). *Көне түр. деге* («теке») және *йелең* («қылаң-қараң») компоненттерінен құралған атау. Мағынасы: «теке қаптаған жер».

**Дегерес** — тау және елді мекен аттары. *Көне түр. тілдеріндегі тегер* («айналма, айналым») + *-ес* (өлі жұрнақ) формаларының қосындысынан жасалған атау. *Көне түрікте -ес* жұрнағы көбіне өзен-су аттарына жалғанумен бірге заттың, құбылыстың нендей бір сапасын, кейде санын да меңзейді. *Дегер* тұлғасы қазіргі қырғыз тілінде *тегерениш* «айналып өту» деген сөз.

**Делбегетей** — кіші-гірім таудың аты (Семей обл.). *Делбеген* (көне түркілердің анимистикалық ұғымынша «адам бейнесіндегі жалмауыз») + *тей//тай* формасындағы *а* дауыстысының ілгергі ықпал заңдылығы бойынша езулік *е* дауыстысына алмасқан осы бір компоненттерінен құралған: «делбегентау» немесе «жалмауыз тау» мағынасын берген атауы. А. Янушкевич жазбаларында «Желбегетау» түрінде таңбаланған (229. 12).

**Демікпе** — Жоңғар Алатауының шоқысының аты. *Қаз. демік* (ет. бұйрық райына) + *-пе* қосымшасын жалғау арқылы жасалған ороним.

**Денгіз** — Каспи маңы ойпатындағы елді мекен аты. *Қаз. (обл.) денгіз* географиялық терминінен қалыптасқан атау (әдеби түрі *теңіз*). *Денгиз* сөзіндегі фарингалды *ңз* оғуз тіліне тән.

**Дербісек** — мекен аты (Шымкент обл.). Этноним. **Дересін** — мекен аты. Л. Лигети: *дересин монғ.* «өсімдік» немесе «жайылым», ордостың сөйлеу тілінде *дересу* (о да өсімдік) «ши» болуға тиіс дейді. Біздіңше: *үнді-ур. дере* («сай») + *сін//чин* («көптік белгі») формаларынан қалыптасқан атау болуы ықтимал.

**Деркүл** — өзен аты (Шағанға құяды. Орал обл.).  
А. Дульзон: *кет-самод.* тілдерінің *дьер* («жер») + күл (көл) сөздерінен құралған — «толағай жер астының суы» деп түйеді.

**Діңгек** — мекен, совхоз аттары (Талдықорған обл.).  
Ел аузындағы аңыз бойынша: бір замандарда дүние салған салтанатты бикенің басына орнатылған, түстік жерден көрінетін діңгек (қашау) тас. Біздің тұсымызға дейін сақталған.

**Доғал** — мекен аты (Торғай обл. Аманкелді ауд.).  
«Сүйір емес, мұқыл. Алыста қызыл желек жамылып ұлылы-кішілі доғал шыңдар көрінеді» (124. 3-т., 142-бет).

**Доғалақ** — мекен, елді мекен аттары (Орталық Қазақстанда). Табиғат көрінісіне (тау, тас т. б.) қатысты атау (доғал — сүйірдің антонимі).

**Доланның жайлауы** — тау аты (Алматы обл.). Бұл топоним долон тұлғасының этнонимдік мәнін растай түседі. *Сал.:* 1) «Долондүн бели» (Доланның асуы) Қырғызстандағы асу аты; 2) Э. Р. Тенишев: КНР-дің Синьцзян өлкесінің Ақсу аймағында (Тарим жағалауларындағы) оңтүстік және Хотан оазисінің ту сыртындағы атыраптарда бытырай қоныстанған осы аттас ұйғырдың этникалық тобы кездесетінін қызықты баындаған (204. 94—95).

**Долнапа** — мекен аты (Гурьев обл.). *Қаз. (обл.)* *долы + напа* формаларынан құралған (ауыс мағынадағы) — «ащы, ашулы бұйым» мәніндегі атау. Тәрізі, «ащы кен» алынатын мекен-жай болуына қарай қалыптасқан атау.

**Домбар** — өзен аты (Қазақстанның оңтүстігінде). *Түр.* этникалық топ аты бойынша қалыптасқан түбір тұлғалы атау.

**Дамбарбұтақ** — бұлақ аты (Жамбыл обл.). *Түр.* *Домбар* (*қар.*) және *бұтақ* (*қар.*) компоненттерінен құралған атау.

**Доңыстаз** — мекен аты. *Тұр.* дыбыс алмасулармен қалыптасқан (з<с//с>з) атау.

**Дөненсор** — көлдің аты (суы тартылып бара жатқан көл. Орталық Қазақстан). «Едәуір үлкен сор» мағынасын беретін атау.

**Дөңмәлі** — елді мекен аты (Алматы обл.). *Қаз.* *дөң* және *мәлі* (шапраштының этникалық тобы) сөздерінен құралған атау. *Түркм.* этникалық топ аты Дәлі-Мәлі этнонимдерімен салыстырыңыз.

**Дөре** — тау шатқалының аты (Іле Алатауының биік қырынан бас алады) және сол шатқалымен ағатын бұлақтың да аты. География терминдерінің білгірлері Э. М. Мурзаев, В. А. Никонов, Н. Л. Корженевский, А. Мамаев, Е. М. Поспелов, А. И. Попов, В. Н. Топоров, Р. М. Юзбашев т. б. дүние жүзі географиялық атауларына ортақтығы бар осы *доро, доро, төро, төро, дәрә* формаларын көне *үнді-иран* тілдері негізіндегі *дара* (ор. «глубокое» или «горное ущелье») тұлғасының фонетикалық вариациялары дейді бір ауыздан. «Тар сай» мағынасындағы көне термин деп біледі (227. 07).

**Дос** — Солтүстік Қазақстандағы мекен аты (жазушы Сәбит Мұқановтың туған жері). *Тұр. тос* (пайдалы қазынды) — осы күнгі сульфат минералы тектес шикізат.

**Доссор** — қала типтес поселке аты (Мақат ауданының орталығы, Гурьев обл.). *Қаз.* *дос* және *сор* тұлғаларының қосындысынан жасалған атау. Қазақстанның оңтүстік-батысында және олармен іргелес түрікмендердің сөйлеу тілінде *дос* элементінің бірінші ұяң *д* дыбысы қатаң *т* арқылы *тос* түрінде айтылады (122. 337).

**Дүзен** — Қостанай облысындағы даланың аты. *Тұр. дүз* («түз, дала») және *-ен* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау (көптік немесе кеңістік мәнінде).

**Дүмқара** — Балқаш жазығындағы кіші-гірім тау аты. *Дүм* және *қара* сөздерінен құралған атау. *Дүм* тұлғасы «тұғыр» мәнінде қолданылғаны көрінеді (124. 3-т., 200-бет). *Қара* сөзі «шоқы» мәнінде.

**Дүлдүлақыр** — Үшқоңыр тауындағы мекен аты (Алматы обл.). *Дүлдүлақыр* үлкен жартаспен байланысты атау. Оның табанында жалпақ граниттерден берік етіліп «атақыр» қаланған. Жартастың бетіне аттың төрт тұяғының ізі қашалған (екі алдыңғы, екі артқы тұяқ іздері). Тұяқ іздерінің нанымдылығы сондай, оны көрген жан өз көзіне қанық бір саздау жердегі аттың ізін көргендей болады. Бірақ іздің аумағы үлкен қалпақтың шеңберіне жуық келеді. Осы себептен арғы ата-бабаларымыз оны дүлдүлге жорып, ақыры солай атаған. Орта Азиядағы бұған туыстас топонимдер: *Дүлдүлата*, *Дүлдүлчешме* және *Дүлдүлахыр* (сал.).

**Дүлдүлтас** — мекен аты (Орталық Қазақстанда). Мекеннің олай аталуы сондағы үлкен жартаспен байланысты мификалық ұғымға саяды. Жартастың сыртқы пішіні атқа жуықтау. Сондықтан да ол «дүлдүлтас» деген атқа ие болған.

## Е

**Ебейті** — мекен аты. *Қаз.* ебей (көп жылдық шөп аты) және *түр.-монғ.* -т қосымшасын (көптік белгі) жалғау арқылы жасалған атау (*қаз.* орфоэпикасынша -т қосымшасы -ті қабылдайды).

**Егізқара** — төбе аты. *Көне түр. эс* (<эгис>) — *егиз* («биік») және *қара* («төбе») сөздерінен жасалған атау «биік төбе» мағынасында.

**Егізқызыл** — шоқының аты. *Егізқызыл* топонимін «Биік қызыл» деп түсінуге әбден болар еді, бірақ олай кесіп айтудың қиындық жағы да бар. Өйткені *қызыл*

сөзінің түркі атауларында түстен өзге де түрлі мағыналы фонетикалық вариациялары көп: *көзәл* («әсем, сұлу»), *қысыл* («тар») т. б.

**Егізтөбе** — мекен аты. «Егіз» сөзінің мағынасы сондағы төбелердің санымен байланысты. Мәселен, төбенің саны екеу болса, онда «егіз» сөзі өзінің қазақ тіліндегі тура мағынасында болғаны, жалғыз болса, онда «егіз» сөзі (*көне түр.*) «биік» мағынасын береді.

**Егінді** — мекен, елді мекен аттары (Ақтөбе, Павлодар және Талдықорған обл.). Қазіргі қазақ тіліндегі *егін* сөзімен қатысы жоқ атау. *Көне түр.* тілдерінің *егін* < *игін* < *иін* түрлеріндегі байырғы түбіріне *-ді* қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан, қазіргі қазақ тілінде «иінді, иірімді, иілмелі» тұлғасындағы сындық атау. *Сал.*: ұйғ. *иирмаң*, өзб. *егри* (йор) т. б.

**Едрей** — Орталық Қазақстандағы аласа таудың аты. *Қаз.* тілінің едірею етістігімен бөлендей байланысы жоқ атау. *Этим.*: *көне түр. еді* («жеті») және *эрай* («арай») сөздерінен қалыптасқан атау. *Сал.*: түрікмен топонимдерінің *еди* анықтауышымен келетіндері: *Едигуйы*, *Едисуйри*, *Едиарық* (13. 81).

**Екіаша** — мекен аты. Екіаша топонимі — «екі өзеннің» немесе «екі сайдың құйысқан жері», сол сияқты «айырылысқан да жері». *Үшашамен* салыстырыңыз.

**Екібастұз** — Павлодар облысындағы қаланың аты. Әуелде тас көмір өндірілетін мекен аты. *Еркібастұзды* өткен ғасырдың 60-жылдары Қосым Пішенбаев ашқан (199. 08. 05. 1977). Онда ас тұзы да өндірілген. Түп негізінде *Е.* атауы екі объектінің, *Екібас* және *Тұз* объектілерінің біріктірілген қос тұлғалы атау болуы ықтимал.

**Елек** — өзен аты. Оралға құяды. *Түр. йел*, («жел») тұлғасына сын есімдік *-ек* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Әуелде, сол бір аймақтың *желмен* байланысты аты болуы керек. *Көне түр. Челек* атауымен пара-пар (*қар.*).

**Елік** — мекен аты (Ақтөбе облысының батыс атырабы). *Елік* атауы аша тұяқты жануарға байланысты болмауы тиіс. *Көне түр. йел* тұлғасына сындық *-ік* жұрнағы жалғанған атау болуы керек. Оған кейінгі реестрдегі *Еліктікөл* топонимі дәлел бола алады.

**Еліктікөл** — Батыс Қазақстандағы көлдің аты. Бұл атау — *көне түр. йелікті* («желікпе, мазасыз») сын есіміне *көл* сөзін тіркеу арқылы жасалған. *Этим.*: «желікті көл», яғни «тынышсыз» мағынасын береді.

**Елтай** — елді мекен аты. Республика бойынша мол таралған топоним. Қазақ АССР-і Орталық Атқару Комитетінің алғашқы төрағаларының бірі *Елтай Ернazarовтың* құрметіне қойылған.

**Елчен-Бүйрек** — Жетісу өлкесінің қиыр шығысындағы кең алқаптың және таудың аты. *Түр.-монғ. Елчен* және *Бүйрек* этнонимдерінен құралған қос этноним немесе этнотопоним. *Елчен* тұлғасы өзінің формасы жағынан *монғ. елчин* («шабарман») терминіне жуық келеді. «Монғолдың көнеден қалған жазба нұсқаларында» *-i, -ai, -ui* түрлерінде аяқталатын жалқы есімдер көпшесінде *-in, -an, -un* түрлерін қабылдайды (197. 58). «Бүйрек» — түркі есімдерін құрады (35. 553). Қос этнонимдер түркі әулеттерінің бірігу немесе ыдырау болмысының дәстүрлі әрекеті. Сонымен бірге *бүйрек* тұлғасының көне түркі тілдерінде тау беттеріндегі ойдым, жарық сипатты жер бедерін баяндайтын кезегі барын және ескерейік. *Бүйрек* сөзі атау тұлғасында Еділ бойы түркілерінің есіміне жиірек тіркеседі (17. 84).

**Емболат** — өзен аты (Батыс Қазақстанда). *Көне түр. йем* («жем») және *бөләт* <*болат*> («бөліт») сөздерінің қосындысынан жасалған атау. *Этим.*: «Жемнің саласы» мағынасын береді.

**Емелсу** — өзен аты (Батыс Тарбағатайда). Мағынасы: «Емелден басталатын су» (*емел сөзінің* этимологиясын қар.).

**Емелұялы** — көл, елді мекен аттары (Талдықорған обл.). Қаз. күрделенген тұлға. *Емел* және *Ұялы* атауларының кіріге тіркескен және ықшамдалған түрі. *Этим.*: «Емел құйған Ұялы (көл)».

**Еңлік** — таулы мекен (Алматы обл.). *Этим.*: *көне түр.* «өңлік» болуы ықтимал (қызыл сабақты өсімдік аты. Еңлікпен қыз-келіншектер беттерін бояп әрлейді).

**Еңрекей** — мекен аты (Семей обл.). Қаз. еңіреу етістігімен байланысы жоқ. *Түр.* тілдеріндегі *еңре (к) зат.* және кішірейткіш *-кей (қай)* жұрнағының бірігуімен жасалған деп білеміз. Осы күнгі қазақ тілі фразасында ілуде бір болса да, «тар жылға» мағынасында айтылатын атау тұлғалы *еңреу* сөзімен төркіндес болуы ғажап емес. Еңреу формасының арғы тегі түр.-монғ. тілдеріне ортақ аңғар тұлғасымен де туысады. *Аңра-қай* атауымен салыстырыңыз.

**Ералиев (б. Құрық)** — аудан орталығы, қ. т. поселке аты (Маңғышлақ обл.). Түркістанда Совет өкіметін орнату жолындағы күреске қатысқан Ш. Е. Ералиев есіміне байланысты қойылған атау.

**Ерейментау** — қала, аудан, т. ж. ст-сы, көрікті тау аты (Целиноград обл.). Шідерті мен Өлеңті өзендерінің су айрығы. *Түр.-монғ.* тілдері негізіндегі *арайман сын. шырай* («шұғылалы, арайлы») сөзіне қазақтың тау сөзінің қосылуымен жасалған атау. Мағынасы: «арайлы, үздік-создық, көз талдыратын көрікті тау». Демек, көне тұрғындар оған мақтау эпитетін табуға тырысқан. *Арай* сөзі көптеген түркі және кейбір монғол тілдерінде, тіпті, иран тілдері диалектілерінде «әрең-пәрең, нышан» (*үстеу*) мағыналарында ортақ қолданылады (108. 25; 201. 35).

**Ермензау** — едәуір биік дөңестің аты (Үлкен Алматы және Кіші Алматы өзендерінің аралығы). *Түр. ермен + зау* (зоо, зәулім) сөздерінен құралған атау. Е. атауы ұзақ жылдар бойы «Ремизовка» түріндегі (Ермензовканың метатезалық құбылысқа ұшыраған

түрі) жаңсақ атпен келді. Қазірде ол жаңсақтық жөнге салынған. Ондағы курорт орны енді «Көктем санаторийі» деп аталады.

**Ертіс** — Қазақстандағы үлкен өзен аты. *Тұр. артыш* («арту, асу» ет.) сөзі негізінде қалыптасқан атау. Атаудың олай қалыптасу себебін оның арнасының қилы-қилы жолдар арқылы өтуінен деседі. Мәселен, әуелде жазық даламен аққан Ертіс (Зайсаннан былай), аға келе, тар шатқалдар арқылы Алтайдың Нарын және Қалба жоталары биіктерінен оңай асады. Сондықтан да оның «артыш» немесе «асқыш» аталатын жөні бардай.

*Артыш* этимологиясын оның түркі тілдес дублеттері *Артасу*, *Астын-Артыш*, *Үст-Артыш* («Жоғарғы» немесе «Қара Ертіске» тең) және басқа гидронимиялық атаулар растайды.

**Есен-Аман** — кіші-гірім таудың аты (Қалдығайты өзені бойы. Орал обл.). Қос антропоним (Есен және Аман). Қазақ-қырғызға ортақ антропоним.

**Есентай** — Қазақстанның Оңтүстік және Шығыс атыраптарындағы өзен және мекен аттары. Антропоним және этнотопоним, соңғысы абақ-керейдің бір руының атымен де ұштасады. Көне түркілер өздерінің отағалары мен қосағаларын *тай* дейтін болған (101. 131).

**Ескене** — Қазақстанның Оңтүстік және Батыс атыраптарындағы мекен аты. *Қаз.* этнонимі.

**Ескіесім** — мекен аты (Гурьев обл.; б. Калмыков станицасымен жалғас жатқан мекен). Қазірде елді мекен. Антропоним. Тәрізі, осы маңда *Жаңа есім* мекені де бардай.

**Еспе** — көптеген мекен, елді мекен аттары. *Еспе* көбіне құмдауыт немесе сор топырақты аудандарға тән атаулар. Жалпы *еспе* сөзі (*сын*) «ақпа, сусымалы, борпылдақ мәндеріндегі құмның, қардың (кейде құ-



былмалы желдің) сипатын көрсетеді. *Еспе* атауы қаз. *есу* етістігінен — «ес» етістігінің қимыл тұлғасы» (124. 3-т., 448). «Еспе құмның суы жақын». Түркі халықтары тілдеріндегі *естек, ийшмақ, эшилме* тұлғаларының «есу, қазу» мағыналары *еспемен* пара-пар. Түркі тілдерінде бұл термин ертеден бардай (13. 18).

**Есік** — Шығыс Қазақстан және Талдықорған облыстарындағы мекен аттары. «Тар (*сай*)» мағыналарындағы атау немесе «таудың, құмның аузы».

**Есікті** — ҚТП аты (Алматы обл.), осы аттас өзен ағатын тау сайының аузына орналасқан. *Есікті* өзені қаладан он шақты километр жоғарырақтағы сол аттас көлден басталады. Оған дейінгі (көлге дейінгі) аты *Тескенсу* аталады. Жоғарырақта оған *Жарсай* құяды. Бұл екі өзен де тау шоқысынан басталған мұздың суы, сондықтан да олардың суы өте суық.

Көлдің *Есікті* аталуының түп төркіні мынадан туады. Ғалымдардың есептеуінше бұдан 8 мың жыл бұрын осы сайдың екі бүйіріндегі жақпар тасты құздар құлаған. Сондай бір үлкен алапатта *Тескенсу* өзені табиғаттың алып бөгетімен бекітілген де қалған. Сөйтіп, терең көл пайда болыпты. Көлдің суы ернеуіне тола келе өзін бөгеген қорым таудың бір қайқылау бөлігінен ақтарылып, ылди төмен асатын болған. Бір ғажабы сол, су асып жатқан гранит блок қаттары жасалынды босаға, табалдырықтың, бір сөзбен айтқанда, тас есіктің елесін береді. Осы себептен көлдің аты *Есікті* («есігі бар») атанған да, оның есігінен ылғи төмен ақтарылып жатқан ақкөбік су «*Есіктінің суы*» (сол көлдің суы) атанып кеткен. Сонымен байланысты бүкіл сайдың аты, келе-келе «*Есіктінің*» (сол көлдің) сайы деген атқа ие болған.

1963 жылы июль айындағы күшті селден табиғи бөгет бірнеше минутта ойран-асыр көзден ғайып болды. «*Есіктің*» қанаты қорымтаудың ізі қалмады. Бұл күнде көл орнында тау-мелиоративтік тәжірибе жү-

мыстары жүргізілу үстінде. Мақсат — табиғаттың таңғажайып сұлу көркін қалпына келтіру.

Бұл атаудың орыс тілінде теріс айтылу, жазылу себебін мынадан деп білеміз. Өткен ғасырдың орта шенінде осы аймақтарды қауырт зерттеген орыс ғалымдары «есікті» сөзінің фонетикалық ньюанстарын жөнді аңғара алмай, оны таудың арғы бетіндегі «Ыстықкөл» атауымен пара-пар деп білді. Соның нәтижесінде әлі күнге дейін «Иссык» формасы қосарланып келеді.

**Есіл** — Қазақстанның солтүстік атырабындағы суы мол өзеннің аты. Сондай-ақ аудан аты (Торғай обл.). *Қаз. ес* етістігінің (*бұйрық рай*) өзгелік етіс түріндегі *есіл* формасынан қалыптасқан атау. *Еспе* (сын.) топонимімен жақын туысады (*қар.*).

*Есіл* атауын *түр. йашыл > жашыл > жасыл* тұлғаларымен жанастыру — үлкен әбестік.

**Есілкөл** — Көкшетау облысындағы көлдің аты. *Қаз. есіл* (өзгелік етіс) және көл сөздерінен тіркескен атау.

**Ешкілікордай** — мекен аты (Қордай тауының шығыс баурайы. Жамбыл обл.). Тау ешкінің көптігімен байланысты қалыптасқан атау. Топонимнің өзіндік мәні сол тау ешкілері тек биік құздарды ғана емес, ретіне қарай, еңісті де мекендейтінін көрсетеді.

## Ж

**Жаба** — таулы мекен аты (Қазақстанның оңтүстік-батысындағы атыраптарда). *Түр. йаба* (*қаз. диал. жаба*) «аша», «айыр» мәніндегі сөз (122. 103).

**Жабағылы** — тау аты (Жоңғар Алатауының бір сілемі. Талдықорған обл.). *Көне түр. йабақұ* — XI ғ. түркі тайпаларының атына *-лы* қосымшасын жалғау арқылы жасалған — «жабағылық» (сөзбе-сөз) мәніндегі атау. *-лы* формасында аяқталатын этнотопонимдер ру-

тайпаны баяндайтын оғуз тілі төркіндес тұлғалар. Қазақ этнонимі тұстастарын *-лы* қосымшасының «барлықты» көрсететін мәніне қарай ажыратуға болады. *М., шанышқылы.*

**Жабай** — мекен, өзен аттары (Есілге құяды, Орталық Қазақстанда). *Көне түр.* этнонимдері: *жаба+ай*; бара-бара этнонимдік мәні ұмытылып, топоним түрлері ғана сақталған. *Сал.: Жабасақ.*

**Жабасақ** — Ақтөбе облысындағы елді мекен және Орталық Қазақстандағы өзен аттары. *Көне түр. жаба* және *сақ* компоненттерінен қалыптасқан атаулар. *Қар. Жабай.*

**Жағалбайлы** — мекен және дала аттары (Талдықорған және басқа облыстарда). *Қаз.* этнотопоним. Түркі тілдерінде «жағалбай» немесе «жағалмай» қырғи тектес құс аттары.

**Жағатал** — Талдықорған облысындағы мекен аты. «Жағалаудағы тал» мәніндегі атау.

**Жадра** — Жамбыл облысындағы пішендік жайдың аты (Шу ауд.). Қазақ этнонимдері және антропонимдері түрінде мол тараған термин. *Көне түр. чадра* «иен дала».

**Жазаба** — Шығыс Қазақстандағы жазықтың аты. *Түр. жаз* («жазық») + *аба* («баба» метаф.) «шалқыған дала» мағынасындағы атау.

**Жайық** (көбіне *Ақжайық*) — Батыс Қазақстандағы ірі өзен аты. А. Әбдірахманов: «Жайық сөзінің арғы формасы жазық», — дейді.

Қазақ тіліндегі *жаз* (зат.) формасының шор және тыва тілдеріндегі *чай*, татар тіліндегі *жай* формалары осы мағынада қолданылады. Қазақ тіліндегі *жаз* формасының көнелігін мынадан көруге болады. XIII ғасырдың «Китаби таржман уа фарси, уа түрки, уа монғоли» деген нұсқасында *сөйле* тұлғасы — «сөзле» екен (қазіргі қырғыз тілінде *сөзде*, өзбек тілінде «сузла»). Сонда, қазақ тіліндегі *сөйле* деген сөздің түбірі

сөй формасының бастапқы түрі сөз екеніне күмәндануға болмайды» (5. 157). Келтірілген мысалдан жайық сөзінің түп мағынасы «жайығу» немесе «жайлану», «жайласу», яғни *жайла* етістігінің қимыл атауы екенін көреміз. Қаз. Ақжайық, қырғ. Көкжайик топонимдерімен сал. С. Е. Малов: *көне түр. чай* тұлғасы осы заманғы түркі тілдерінің жаз тұлғасына пара-пар (132. 338) дейді.

**Жайылма** — мекен аты. Қаз. *жайыл* етістігінің қимыл атауы. «Өзен» немесе «жауын суының жайылмасы» мағынасындағы атау.

**Жайылмыс** — мекен аты (Алматы обл.). Жайыл етістігінен қалыптасқан атау. Бұрынғы Жетісу облысының оңтүстік-батыстағы әкімшілік этник бөлігі. Бара-бара этнонимдік мән алған атау.

**Жайынды** — Мұғалжар бойындағы өзен аты (Ақтөбе обл.). Қаз. *жайын* (балық) сөзіне *-ды* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау.

**Жайындыкөл** — көл аты. Қаз. *жайын* сөзіне *-ды* қосымшасын жалғаумен бірге анықталатын *көл* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

**Жайдақ** — Шымкент облысының Қызылқұмдағы жайлы мекен аты. *Көне түр. йайлақ* (<йай+дақ// жай+дақ: л>д) — *жайлау* мағынасындағы атау. Қазіргі қазақ тілі сөздік құрамының *жайдақ* сөзімен («жайпақ дала» мағынасындағы ұғыммен) қатысы жоқ деуге болмайды. Бұл дәлелдеуді керек етеді.

**Жайдақбұлақ** — бұлақ, жайлау аты (Алматы обл.). *Көне түр. йайлақ* («жайлау») + *бұлақ* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Жайма** — республика бойынша көптеген мекен аттары (солардың бірі бойынша Павлодар облысындағы пос. аты). «Жайылма» топонимімен мағыналас атау. Қазіргі қаз. тілінде *жайма* сөзі көбіне ашық алаңдағы базар мағынасында қолданылып келді (ор. «толқуш-

ка»). Бірақ бұл сөздің мәні архаизмге айналып барады.

**Жайнақ** — Целиноград облысындағы елді мекен аты. *Қаз.* және *қырғ.* этникалық топ аттарынан сыр тартатын атау және екеуіне бірдей ортақ антропоним.

**Жайпақ** — елді мекен аты (Талдықорған және Қостанай обл.), әуелде осы екі облыстағы өзен аттары. Өзен арналарының жайпақтығымен байланысты атау.

**Жайсаң** — жайылым, елді мекен аттары (Алматы, Ақтөбе және Жамбыл обл.). *Этим.*: *түр. жай* «мекен» және *сын есім* (шырай) тудыратын *-сан* қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан — «шұрайлы» мағынасын беретін атау. Қазіргі *қаз.* тілінде *жайсаң* сөзі (*арх.*) «билеп-төстеуші», *жарқын*, *жайдары* (адам), *жайлы*, *құт (мекен)* мағыналарын береді.

**Жайтөбе** — төбенің аты. *Түр. жай* («жаз») және *төбе* сөздерінен құралған тұлға. «Жайлау (*жаздау*) төбе» мағынасындағы атау.

**Жайыққожа** — республиканың Батыс атырабындағы бір мекен аты. «Жайықтың қожа» мәндес атауы. «Жайық» сөзінің мәнін қараңыз.

**Жәйрем** — қала типтес поселкенің аты (Жезқазған обл.). Жәйрем топонимінің шыққан тегін сыртқы форма жағынан *зоол. жайра* сөзіне *-м* қосымшасы жалғанған тұлға деп жорамалдауға болады.

**Жақсы** — Орталық Қазақстандағы елді мекен аты. Ертедегі қазақ руының аты бойынша қалыптасқан топоним.

**Жақсыабралы** — Сарыарқаның шығыс атрабындағы таудың аты (Абралының бір бөлігі. *Қар.*). *Жақсы* сөзі топообъектінің анықтауыш сыңары есебінде екі түрлі қызмет атқарады: 1) қатар объектілердің бірінен-бірінің биіктігін ажыратады; 2) қатар объектілердің бірінен-бірінің табиғи артықшылығын ажыратады.

**Жақсыайыртау** — Орталық Қазақстандағы тау аты (*Айыртауды қар.*). «Жақсы» сөзі екі сападағы анық-

тауыштық қызметтің (таудың биіктігін немесе табиғи артықшылығын) бірін атқарады.

**Жақсыақиректі** — таулы мекеннің аты. «Жайлы қоныс, отты мекен» үлкен ирек тау мағынасындағы атау.

**Жақсыарғанаты** — республиканың Шығыс және Орталық аудандарындағы тау аттары. «Жақсы» сөзі екі сападағы анықтауыштық функцияның (таудың биіктігін немесе табиғи артықшылығын) бірін атқарады.

**Жақсыаула** — Баянауыл тауларының бір биігінің аты. «Биік аула» мағынасын береді (103. 89).

**Жақсықаба** — тау аты (Шығыс Қазақстанда). Батыс Алтай түркі халықтарының этникалық тарамы («көп қабалардың» бірінің атауы). «Жақсы мекен» немесе «қаба мекендерінің таңдаулысы» мағынасындағы атау.

**Жақсықылыш** — мекен аты. «Жақсы мекен» ұғымындағы атау. «Жақсыға» қосарланған «қылыш» компоненті: «тар өткел», әйтеуір сондай бір *тар, қысалаң, қылталы* жерге тән ұғым. Қаз. *қылы* сөзіне кішірейткіш *-ша* қосымшасы жалғанған тұлға (*диал.*), келе-келе аяққы *а* дыбысының жартылай естілуі немесе соңғы *ы* дыбысы әсерінен, мүлде естілмей (айтылмай да) қалуы заңды құбылыс. *Қылыш (а)* — «тар арық» (122. 222).

**Жақсысарысу** — өзен бойы, *Сарысу* өзенінің басқы атырабы (Атасу жапсарлас). «Сарысу бойының сулы, нулы тұсы» мағынасындағы атау.

**Жақсытағылы** — Орталық Қазақстандағы таудың аты. «Жақсы» сөзі Тағылы мекенінің (*қар.*) жайлы қоныстығын ашыңқырай түседі.

**Жалағаш** — мекен, аудан аты (Қызылорда обл.). *Көне түр.* белгілі термин *jal* («жал») және *ғош* («қос») тұлғаларының қосындысынан жасалған атау; айтыла келе (*йалғош > йалғаш > жалғаш*) *жалағаш* формасына тиянақтаған атау. *Сал.: Белағаш.*

**Жалаңағаш** — тау жайлауының аты (Талдықорған обл.), әуелде суы тартылған арнаның аты. *Түр. жалаңағаш* («жалаңаш») сөзінен адаптацияланған атау. *Жалаңағаш* тұлғасы ескі Ташкенттің айналасындағы арық аттары түрінде кездеседі. *Қарачай* және *балқар* тілдеріндегі *чанағаш//залан* тұлғаларымен сал. (осы мағынада).

**Жалаңашкөл** — Жоңғар Алатауының Қапшағай қыспағындағы көлдің аты. Көлдің олай аталу себебін жағалауында көзге ілінетін табиғи дүниенің жоқтығынан деседі және арагидік ебінің жойқын желі мен сайқан желі көлді шайып тастайтындай суыра соғады. Осы себептерден оның «жалаңаш» көл аталуының жөні бар.

**Жалаулы** — республиканың биік қыраттарындағы жеке тау аттары, солар бойынша өзен, көл аттары. *Түр.-монғ. өл//йөл* («бүркіт») + *олу* («тау») сөздерінен құралған атау. *Этим.*: «бүркіттау» мағынасын береді (143. 184).

**Жалғансай** — мекен аты (Гурьев обл.). *Қаз. (ет.) жалған* (ырықсыз етіс) және *сай* сөздерінен жасалған атау. *Этим.*: «тізілген сайлар» мағынасын береді.

**Жалғасқан** — мекен, елді мекен және өзен аттары (Қостанай обл.). *Қаз. жалға* (*зат.*, барыс ж.) және *асқан* (*ет.*) сөздерінен қалыптасқан атау.

**Жалғызаяқ** — тарихи, Алматы облысындағы төте жолдың аты (шұбырынды із). Қазіргі Маловодное (б. Атамқұл. Шелек ауд.) селосы мен Жиренайғыр ст.-сының (Жамбыл ауд.) аралығын жалғастырған көне заманғы керуен жолының оқтай түзу жалғасы. Жиренайғырдан жол үш айрылып: Қордай, Шоқпар және Қастек асуларына тартылатын.

**Жалпақ** — тау қырқаларының аты (Алматы және Жамбыл обл.). Орталық Қазақстанда құм, қырқасы. Қырқалардың сырт көрінісіне қарай «жалпақ» аталса

керек. Осы атаудың көне дублеті *чалпақ* немесе *шалпақ* түрлерінде келеді (*қар.*).

**Жалпақасар** — мекен аты. Көне заманғы қорғанның орны (Сырдарияның орта шені). *Қаз. жалпақ және ир. асар* компоненттерінен қалыптасқан атау. *Сал.: Жетіасар.*

**Жаманабралы** — тау сілемінің аты. Абралының (*қар.*) бір бөлігі (Шыңғыс жалғасы). Бұл атаудағы жаман сөзі «кіші» мәнінде. *Этим.:* «Кіші Абралы» мағынасындағы атау.

**Жаманағашсай** — кіші-гірім өзен аты (Шығырлы-Құмды деп те аталады. Ақтөбе обл.). *Қаз. жаман + ағыс + сай* сөздерінен құралған атау. Өзеннің олай аталу себебі суы жұтаңдығынан. «Шығырлы-Құмды» аталуының өзі соны растайды. «Ағыс» сөзінің *ағашқа* айналуы экстралингвистикалық факторлармен байланысты. *Ұзынағаш* атауымен салыстырыңыз.

**Жаманайбат** — Орталық Қазақстандағы таудың аты. *Қаз. жаман + ай + бет* компоненттерінен құралған күрделі атау. «Бет» сөзінің «батқа» айналуы — кейінгі ықпал әсерінен.

**Жаманайыртау** — Жезқазған облысындағы таудың аты. «Кіші Айыртау» мағынасындағы атау.

**Жаманақжар** — мекен аты. *Жаман* сөзі «болымсыз, елеусіз» мағынасын береді. *Қар. Ақжар.*

**Жаманақиректі** — тау аты. «Жайлы қоныс, отты мекен» — кішіректеу мағынасындағы атау.

**Жаманарғанаты** — тау аты (Қазақстанның Шығыс және Орталық атыраптарында). «Кіші Арғанаты» ұғымын береді. *Қар. Арғанаты.*

**Жаманащы** — көлдің аты, сол бойынша т. ж. пункті (Көкшетау обл.). «Сортаң, жарамсыз жер» мәндес атау.

**Жаманаула** — тау аты (Баянауыл тауының бір бөлігі. Павлодар обл.). «Кіші Аула» мағынасындағы атау.



**Жаманбарша** — құмның аты (Жезқазған обл.). *Түр. йаман және барша* сөздерінен құралған атау. «Жаман қотыр» мағынасын береді (*түр. барша* сөзі «ойдым-ойдым», «тілім-тілім» деген сияқты сипатқа тән).

**Жамандария** — тартылып қалған өзен арнасының аты (Қызылорда обл.). «Қоныссыз дария» мағынасындағы атау.

**Жамандариялық** — ертедегі өзен арнасының аты. Атаудың екінші компонентіне жалғанған *-лық* жұрнағы көнеліктің белгісі. *Ж. Д.* тіркесі атаудың белгісіз бір замандарда-ақ *сусыз арна* (дариялық) және *қолайсыз қоныс* (жаман) болғанын баяндайды.

**Жаманесекжал** — Орталық Қазақстандағы жалдың аты. Компоненттер жалдың мардымсыздығын білдіреді.

**Жаманжалғызтау** — таудың аты. «Қоныс жайлары тапшы тау» мағынасындағы атау.

**Жаманқаб** — тау, өзен аттары (республиканың шығыс атырабы). Өзеннің аласапырандарда құбылмалы мінезіне қарап қойылған атау. *Қаб* — этноним (*қар.*).

**Жаманқара** — төбе аты. Тарбағатай тауының бір жатаған сілемі де осы атпен аталады. Этнонимдік жағынан *Ж. Қ.*, белгісіз себептерден, қазақтың ұсақ ру аттары түрінде көбірек тараған жайлары бар; антропоним түрінде де мол тараған тіркес (барлық жүздерде).

**Жаманқарасай** — толып жатқан сай аты. «Жаман» аталуы «қолайсыз» мағынасын беруі мүмкін, әйтеуір сондай бір жайсыз жағы себепкер болуы сөзсіз.

**Жаманқарт** — тау аты (Орталық Қазақстанда. Нұра өзенінің басы). *Ж. Қ.* — қазақ этнонимінің аты. Түпкі *Жаманқара* этнонимінің көпше түрі (жаманқара *-т*) айтыла келе, соңғы *а* дыбысынан арылып, *жаманқарт* формасын қабылдауы сөзсіз.

**Жаманқұм** — құм аттары (республиканың әр түкпірінен кезігетін атаулар). *Көне түр, йаман құм* (<иманқұм). «Жаман» сөзі ол құмдардың малға жайсыз, ауа райы қолайсыз жақтарын «ескертуі» мүмкін.

**Жамансары** — мекен аты. *Қаз.* этникалық топ аттарын еске түсіреді. *Ж. Сары* этнонимдік атау болумен бірге оның антропонимдік таралу шегі көпті қамтиды. *Сал.: Малайсары, Жаманқара, Сары, Сарыбай* т. б.

**Жамансор** — көл, елді мекен аттары (Гурьев обл.). «Кеуіп бара жатқан сор» мәніндегі атау.

**Жамантағылы** — Орталық Қазақстандағы таулы мекен аты. *Тағ(ы)лы* тауының бір сілемі. «Жаман» аталуы қатынас жолдарының қиындығына, ауа райының әсеріне қатысты.

**Жамантау** — тау аты. *Ж. Т.* топонимдері республиканың Жамбыл, Павлодар, Көкшетау, Қарағанды, Алматы, Ақтөбе және басқа облыстарында да бар. *Қаз.* «мүжілген тау, тоқал тау, жатаған тау» мағыналарындағы атау. *Жаман* сөзінің түпкі лексикалық ұғымы (*түр.-монғ.*) *йаман* болуға тиіс («жатаған, пәкене» мағыналарында), мәселен, *бот. ямаан арц* «можжевелиник малый», *ямаан харгана* «чилига карликовая» (144. 693). *Сал.: аз. алчагтаг* (сол мағынада).

**Жамантөрткүл** — мекен аттары (республиканың оңтүстік атыраптарында). «Ескі төрткүл», «қираған төрткүл» мағыналарындағы атау. *Төрткүлді* қараңыз.

**Жаманты** — тау, өзен аттары. Бұл атаудағы *-ты* қосымшасы (топоформант) *көне түр. ту* («тау») сөзінің қазақ тілі орамына қарай соңғы *у* дыбысының езулік *ы* дыбысын қабылдаған түрі. «Жамантау» мағынасындағы атау. *Сал.: қырғ. сөйлеу тілінде Жамантоо.*

**Жаманхәнтөрткүл** — Оңтүстік Қазақстандағы тау мекенінің аты. «Хан (тауы) тұсындағы Жамантөрткүл» мағынасын береді.

**Жаманшұбар** — мекен аты. «Батпақтышұбар» ма-

ғынасындағы атау. *Шұбар* атауының түсінігін қараңыз.

**Жамбай** — Батыс Қазақстандағы мекен аты. Қаз. этнонимі. Дұрысы — *Жанбай* (қар.)

**Жамбақы** — қияның аты. «Қисық, қыңыр» мағынасындағы атау. *Жамбақы қаз.* сөйлеу тілінде (обл.) «ұры, қалташы, жанқалта бағушы» мағынасын береді.

**Жамбас** — тау асуының аттары. Асудың олай аталуы жолының *жанама, қиғаш* түсуімен байланысты.

**Жамбасжол** — тау асуының аты. «Жамбас асуынан асатын жол» мағынасындағы атау. Әуелде «Жамбастың жолы» болуы мүмкін.

**Жамбыл**<sup>1</sup> — қала аты. Осы аттас облыс орталығы (б. Әулиеата, көне Тараз деседі). Республика бойынша ауыл, село толып жатқан поселке және өзге объектілер аттары.

**Жамбыл**<sup>2</sup> — тау аты. *Көне түр. чам (шам)* тұлғасына («лай, тұмба» мағынасындағы сөзіне) барлықты көрсететін *-былы* қосымшасы жалғанған атау (чамбылы > жамбылы > жамбыл). Б. Бафин және басқалардың *қыт. қорған, қамал* деп ажыратуы сөздің сырт ұқсастығынан болуы мүмкін (123. 81).

**Жамшы** — өзен аты (Жезқазған обл.). *Самсы* немесе *Шамшы* (Чамшы) атауларының фонетикалық түрі (қар.).

**Жаңаарқа** — дала аты (Арқаның бір бөлігі), аудан аты (*Арқаны* немесе *Сағьярқаны* қар.).

**Жаңаарна** — Оңтүстік Қазақстандағы ескі арналардың аты. Әуелде «жаңа қазылған канал» мәнінде айтылған болуы мүмкін, өйткені Орта Азия жерлерінде (Хорезмде де) ертеде үлкен каналдарды солай «арна» деп атаған. Беріде, өзбек тілі термині оқшауланып арна ұғымын «канал» немесе «қатта канал, кичик канал» терминдері басқан.

**Жаңабітік** — село аты (Орал обл.). *Қаз. бот. бітік*

сөзімен қатысы жоқ. Қазақтардың «Новый битюг» аргосы.

**Жаңадария** — Сырдарияның бір саласының аты (Қызылорда обл.). «Жаңа арна» мағынасын береді.

**Жаңадариялық** — Сырдарияның ескі арналарының бірінің аты. Атаудың екінші компонентіне жалғанған *-лық* қосымшасы көнеліктің белгісі.

**Жаңақала** — елді мекен аты. Жаңағала, Жаңғала деп те айтылады (Орал облысындағы аудан орталығы).

**Жаңақорған** — пос. және аудан аты (Қызылорда обл.). Тарихи деректер бойынша оғұз түркілерінің орталықтарының бірі Яниқұрған. Бұған қарнақ қалалары *Сауран*, *Сүткент*, *Сығанақтар* кірген (Байпақов К.).

**Жаңасу** — асу аты. *Жаңа* және *асу* мәніндегі атау.

**Жаңатас** — қала аты (Жамбыл обл.). *Жаңатас* атауы «рудалы тас» мағынасында қалыптасқан атау.

**Жаңашар** — елді мекен аты (Алматы обл.). *Түр.-ур.* гибриді (*жаңа + шар*). *Сал.: аз. Тазакенд, уйғ. Яңыжа.*

**Жанбел** — тау аты. «Жалпақ бел» мағынасындағы атау.

**Жанбике** — мекен аты. *Түр.* «шалқақ беткей» мағынасындағы атау. *Сал.: Базарбике.*

**Жаңғақ** — мекен аты (көне қоныс. Шығыс Қазақстан обл.). *Ж. сын.* «Жанғыш, өртенгіш» мағынасындағы атау.

**Жаңғырық** — Қазақстанда кездесетін бірнеше өзен аты. Солардың бірі Іле Алатауындағы тар шатқалды өзен. С. Е. Дмитриев осы соңғы атауды «жаңғыру» етістігінен, яғни жартасқа соғылған асау тау суының жаңғырық атауынан туған деп топшылайды (1927). Бұл ажыратым халық этимологиясына жақындау сияқты, өйткені тау суының бәрі дерлік құлақ тұндырады, тұтас жаңғырады. Тау суының осыған орай жаңғырық аталуы өзге туыстас түркі тілдерінде бар (бал-

қар ж. б. түркі тілдерінде), бірақ ол сөздің (жаңғырықтың) түркі-монғол тілдеріндегі түсінігі гидронимиялық терминге тартады, көбіне тоқай, тоқой, тохой, яғни «қылта» («шығанақ») мәніндегі ұғымға келеді.

**Жаңғырықтау** — тау аты (Іле басы. Алматы обл.). Қазақ тіліндегі жаңғырық сөзімен қатысты болмауы мүмкін. Түр. жинғриқ «бұрылыс, терең шатқал» мәндес сөзіне байланысты болуы ықтимал. «Шатқалды тау» мәніндегі атау болуға тиіс.

**Жандосов** — пос. аты (Алматы обл.). Жалынды революционер, большевик Ораз Жандосовтың құрметіне қойылған атау.

**Жанкент** — мекен аты, б. з. IX ғасырдағы оғұз-қыпшақ қаласының орны (Сарысудың аяғы). Көне түр. «йени кент» болуы мүмкін.

**Жантақ** — мекен аты. Жантақ өсімдігіне қатысты атау.

**Жантезек** — Жетісудың шығыс атырабындағы өзен аты. Түр. *йан* + *тез* (-ек) элементтерінен құралған атау. *Этим.*: «тау кемерлеген ағынды (тезек) өзен» мәніндегі атау.

**Жаншора** — көлдің аты (Қостанай обл.). Қаз. этникалық топ атауы. *Сал. Байшора.*

**Жаныбек-Шалқар** — Целиноград облысындағы көлдің аты. «Жаныбектің шалқары» (антропотопоним).

**Жаныспай** — елді мекен, т. ж. ст.-сы аттары (Торғай обл.). Қаз. этникалық топ аты.

**Жапалақты** — Орталық Қазақстандағы жатаған тау аты. Түсінігі екеу: 1) жапалағы көп тау; 2) жалпиған тастары қонып отырған жапалақтарға ұқсағандықтан солай аталуы мүмкін.

**Жараспай** — елді мекен аты (Целиноград облысының Нұра бойы). Көне түркі тілдері жайлы жазба нұсқаларда бұл сөз (*йараспай*) *жүзім* атауын өтеген. Қазіргі қазақ тілінде адам аты ғана.

**Жаркентарасан** — тау шатқалындағы арасан бұла-

ғының аты (Талдықорған обл.). *Панфилов* қаласының бұрынғы атына (Жаркент) *арасан* сөзі жалғанған атау. 1963 жылға дейін *Қу Арасан* (қар.).

**Жарқайын** — Қостанай және Целиноград облыстарындағы көл аты. «Жарға шыққан қайың» мәніндегі атау.

**Жарқайық** — мекен аты (Солтүстік Қазақстан обл. Совет ауд.). Ұқсастыру (қайыққа ұқсату) жолымен қойылған атау. «Қайыққа ұқсаған дөңес» болуы мүмкін.

**Жарқұдық** — мекен аты (Талдықорған обл.). «Жар түбіндегі құдық». *Сал. өзб. Еркудук.*

**Жарқұлақ** — тұмсық (Байнқол өзенінің басы. Алматы обл.), елді мекен аттары. Су жағалаған жол сол тұмсыққа тірелгенде жоғары көтеріліп, оны кесіп өтеді, былайша айтқанда, «құламаньң» өзі. *Көне түр. құлақ* сөзінің үш түрлі мәні бар: 1) *құлама* (тайғақ); 2) кіші-гірім су жүйелері; 3) тар шатқал. Сонымен *Жарқұлақ* атауы «құлама жар» мағынасын беретін есім боп табылады. Өзбек топонимисі С. Қораев осы жүйедегі өзбек атауларының бір тобын келтірген: *Шопайзакулок, Киргызкулок, Тошкулок, Янгикулок* т. б. (109. 138).

**Жарлыбұтақ** — өзен аты (Елекке құяды). «Бұтақ» компоненті «тарам, сала» мағыналарын береді.

**Жарлысуат** — өзен аты. *Көне түр. йарлысуват. Қар. Ақсуат.*

**Жарма** — ескі арна, ірі елді мекен, т. ж. ст.-сы және аудан аттары (Семей обл.). *Қаз. (арх.) жыру ет.* «жар» ұғымын береді. Қазіргі чуваш тілінде *жырма* сөзінің екі түрлі мәні бар: 1) *өзенше*; 2) *жыра* (185 а. 654). *Жарма* — көлдің де аты (Солтүстік Қазақстанда).

**Жармыш** — елді мекен аты (Маңғышлақ обл.). *Түр.:* 1) *қаз. жар*; 2) *түркм. (диал.) мыш* — «қайнар» = «жарқайнар» мағынасын беретін атауы.

**Жарсай** — биік таудағы шатқалдың аты (Алматы

обл.), өзен аты — *Есіктінің* басы. *Жарсай* атауы Қазақстанның басқа өңірлерінде де бар (суы тартылған арна аттары).

**Жарсуат** — өзен, көл, елді мекен аттары. *Суат* сөзі *көне түр.* тұлғадан — «суват» («суы мол» мәніндегі сөз). *Жарлысуатпен* пара-пар.

**Жартас** — мекен аты. Осы аттас өзен де бар. *Көне түр. чарташ* түрлерінде келеді. *Жартас* атауларының бірі Шар қаласының іргесінде (Семей обл.). Соңғы жағдай Шар атауының да көне тілдердегі чар//шар тұлғаларымен ілік-шатыстығы жоқ па екен деген ой тудырады. *Қар. Шар.*

**Жарық** — мекен, өзен, көл, елді мекен және жұм. пос. аттары (Қазақстанның батыс және орталық атыраптарында). *Жарық* тұлғасы түп негізінде этникалық топ аттары, көне және қазіргі кейбір түркі топтарында чарық немесе чарых түрлерінде келеді (тыва, хакас). Ал дж-шыл форма қазіргі Орталық Қазақстан тұстас: «Джаруки» — назв. племени тюрков, расположенные между югом и севером [(X в.) 86. 95].

**Жарықтау** — Мұғалжар тауындағы бір төбенің аты. «Жарылған тау» (төбе) мәніндегі атау.

**Жарылғап** — Алматы және Қарағанды облыстарындағы мекен аттары. Этноним (арғын және дулат тайпалары топтарының аты).

**Жарыпшыққан** — өзен аты (Ойылдың бір саласы, Гурьев обл.). *Қаз.* фразалық тіркестерінен (есімше формалы) қалыптасқан атау. Өзеннің *Тайсойған* құмын жарып өтуі оны осы атқа ие еткен.

**Жасажырық** — өзен аты (Шымкент обл.). *Түр. ясы + ажырық* сөздерінен құралған «жазық арық» (айырық) мәніндегі атау.

**Жасқұсқұм** — Каспи маңы ойпатындағы сор қақтары мол құмның аты (116. 4-т., 334). *Қаз. жазық + ыссы + құм* сөздерінен құралған, айтыла келе қысқарып ықшамдалған атау.

**Жасыбай** (кейде *Жасыбай көлі*) — көл аты. Республика бойынша екі жерде: 1) Павлодар облысының Баянауыл ауданында; 2) Алматы облысының Кеген ауданында. Эллипсистік атау, толық түрі — «Жасыбайдың көлі». Көл сөзі сөйлеу тілімізде көбіне айтылмай қалады, себебі ол тәуелдік тұлғада тұрғандықтан өзінің иесі болып табылатын Жасыбай сөзінен бөлек айтылып, бөлек жазылады да, сөйлеу тілімізде аздап оралымсыздық тудырады.

**Жасылкөл** — қар суымен қоректенетін биік тау көлдерінің аты. Республиканың биік таулы аудандарында көптеп саналады. Олай аталу себебін: «суының көкшіл-жасылдығынан өзге себеп жоқ» деседі көл мамандары. Әсіресе, өткен ғасырдың екінші жартысындағы орыс географтары *жасыл көл* жайлы молынан жазды.

**Жаутөбе** — құмтөбенің аты (Шардарада). *Жаушықұмтөбемен* пара-пар атау (*қар.*).

**Жауыр** — таулы мекен, елді мекен аттары. «Жауыр» атауы сол бір мекен-жайдың кедір-бұдырлығын меңзейді. Мәселен, **Жауыр** — Алматы облысындағы ескі тоғанның да аты («Қасымбектің жауыры» деп те атайды оны, қаздырған адамның атымен).

**Жауыртағы** — тау аты (Семей обл.). *Түр. жавр + тағы*: «Жауыртау» мәндес атау.

**Жаушықұмтөбе** — Қызылқұмдағы биік құм төбенің аты (Шымкент обл.). Атаудың төркіні *түр. жуушы (жуу ет.)* және *құм + төбе* сөздерінен құралуы мүмкін. «Жылжымалы құмтөбе» мағынасындағы атау болуға тиіс.

**Жая** — Іле және Жоңғар Алатауларындағы жайлаулардың аты. Теңеу жолымен қойылған атау: «жаядай (немесе *жаяша*) жайылып жатқан жайлау» мәніндегі атау.

**Жәді** — ауыл аты (көне қорған орны, Орал обл.). *Қаз. (обл.)* «көненің көзі» мәніндегі сөзі.



**Жебеней** — Орталық Қазақстандағы мекен аты. Бұл атау, акад. Ә. Марғұланның ажыратуына, IV—V ғасырларда (б. з.) осы атырапты мекендеген тайпалар аты.

**Жезбұғы** — Орал облысындағы кіші-гірім өзен аты. Өсімдік атымен қойылған атау. *Сал.:* *Барбұғы, Семізбұғы.*

**Жезді** — өзен, қала аттары. Әуелде Жезді және Кеңгір өзендері аралығындағы өңірдің аты (түгел «Жезді» атанған).

**Жезкент** — Семей облысындағы ҚТІІ аты. *Түр.-ир.* симбиозы «жезқала» (сөзбе-сөз) мәніндегі атау.

**Жекен** — өзен арнасы, мекен және елді мекен аттары. *Жекен (бот.)* — сулы жерге өсетін көп жылдық өсімдік. «Желкен желінде, жекен суында» (әрқайсысы өз кемелінде келісті). Халық мәтелі.

**Жекенді** — ескі өзен (*арна*), мекен және басқа объектілер аттары.

**Желдіқара** — төбе және бұлақ аттары. Қазіргі *Жалғызтөбе* т. ж. ст.-сы (Семей обл.) орналасқан мекеннің дублет аты *Желдіқара* болатын. *Этим.:* «желді төбе» (*қара* сөзінің мағыналарын қар.). *Жалғызтөбе* станциясында соғатын сұрапыл жел сол *Желдіқара* тарапынан келеді.

**Желек** — елді мекен (Қызылорда обл.). *Челек* немесе «Шелек» атауымен пара-пар (*қар.*).

**Желімдікөл** — көл аты (Есіл аяғы. Солтүстік Қазақстан обл.). *Қаз. (арх.) желім* («шіркей») + *-ді* қосымшасы және көл сөздерінен қалыптасқан «Шіркейлі көл» мәніндегі атау.

**Желкебұлақ** — бұлақ, елді мекен аттары (Алматы обл.). «Белден асқан бұлақ» немесе «бел үстінде аққан бұлақ» мәндеріндегі атау.

**Желкеқарағай** — Шелек өзенінің бойы (Алматы обл.). *Желкебұлақ* атауымен пара-пар. *Шелек* арнасының бір дөңес қарағайлы бойы.

**Желтимес** — мекен аты (Шымкент обл.). Әсірелеп қойылған: «тұнық» мағынасындағы атау. Желге қатысы жоқ.

**Желтораңғы** — мекен аты (Балқаш атырабы). «Желді, тораңғылы».

**Желшағыр** — кіші-гірім тау аты: 1) Орталық Қазақстанда; 2) Талдықорған облысының Кербұлақ ауданында. Қаз. *жел* және *шағыр* сөздерінен құралған атау. «Шағыр» түп-түп боп өсетін көп жылдық өсімдік.

**Жем** — Батыс Қазақстандағы ірі өзен, ҚТП аты. Түр. *йем* («йем бойы» тіркестері түрінде де кездеседі). А. Ю. Якубовский келтірген Ибн-Фадлан (930 ж.) жазбаларында бұл атау *Джам* түрінде кезігеді екен (Вопросы этнографии. 1947, № 3, 51-б.).

**Жетіасар** — көне қорғандар орны (Қызылорда обл.). «Жеті» сөзі жалғастырыла салынған қорғандардың көптігін көрсетеді.

**Жетіген** — Алматы облысындағы елді мекен аты. Түркі этнонимдерінше қойылған атау (фольклорда *Жетіген* немесе *Жетіқарақшы*).

**Жетіжол** — таулы жердің, дәлірек айтқанда, Шу-Іле тауының жалпақ жонының аты. Осы жон арқылы батыстан шығысқа, оңтүстіктен солтүстікке тартқан сыр алғы жолдар сақталған. Жолдың көптігінен жон «жетіжол» атанған.

**Жетіжон** — жалпақ жонның аты (Шу-Іле тауының айқышталған жолы көп жоны). Оны кейде «Жеті жол» дейді (*қар.*). *Жеті* сөзі жол мен жон ұғымдарын абстракцияландырып, мағыналарын сыбайластырып жіберген.

**Жетіқаба** — Шығыс Қазақстандағы тау белестерінің аты. Қаз. *жеті* және *қаба* (этнос) тұлғаларынан қалыптасқан атау. «Белестен-белес» мағынасындағы эмоциялы атау.

**Жетіқара** — ҚТП аты. Әуелде дөңес аты (Қостанай

обл.). *Жетіқара* атауының этнонимдік те мәні бар. Ел аузында «жітіқара» түрінде айтылатын кезектері де бар. Зерттей түсуді керек етеді.

**Жетіқоңыр** — құмның аты, негізінен «бетпақ» ұғымындағы ұшы-қиырсыз шөлдің аты. Былайша айтқанда, *Жетіқоңыр* дегеніміз Мойынқұмнан Ұлытауға дейінгі үлкен аймақты алып жатқан өлке. Осы «өлкелі құмда» республиканың төрт облысының малы қыстап шығады. Осындай біртұтас өлкенің *Ж. қ.* аталуында үлкен бір елеулі фактор болуға тиіс. «Қоңыр» сөзі тек этнонимдік қана мәнде бола алады. *Жетіру* («көп ру») атауымен салыстырыңыз.

**Жетіқыз** — Арқадағы қырлы даланың, сол дала арқылы ағатын өзеннің аты. *Жеті* және *қыр* сөздерінен қалыптаса келе, соңғы *р* дыбысының 3-ға ауысуынан (*қыр* > *қыз*) пайда болған атау.

**Жетісу** — өлкенің аты. *Жеті* және *су* (өзен, бұлақ) сөздерінен қалыптасқан халық атауы. «*Жеті*» — өзекті сан есім (*қар.*). *Жеті* сөзімен келетін *Жетіадыр*, *Жетіарал*, *Жетіасар*, *Жетікөл*, *Жетіөзен*, *Жетіоба*, *Жетісай* т. б. тіркестердің бәрі семантикалық жағынан сол *Жетісу* атауымен астасады. Бұл атаулардағы *жеті* санының дәл мөлшері жоқ, көптікке мезгейді. *Жетісу* — сулы өлке мағынасындағы атау.

**Жетітөбе** — төбе аты. «*Жетітөбенің*» бірі *Жамбыл* облысының *Жуалы* ауданындағы көне қорған орындарының аты.

**Жетітөр** — биік тау асуының аты (Түрген өзенінің басы. Алматы обл.). «Ең биік асу» мәніндегі атау. *Қаз.* фразеологиялық тіркестерінде «төрдің төрі» мәнін береді.

**Жидебай** — мекен аты. *Жидебай* атауы автохтондардың ата-бабаларының есімімен байланысты антропонимнен қалуы мүмкін.

**Жиделі** — өзен, жылға аттары (Іле өзенінің ескі бір арнасының, сол бойынша мекен аты және *Ақтөбе* об-

лысындағы бір бұлақтың, Арал теңізінің солтүстік жағалауындағы шығанақтың аты).

**Жиделіқоңыр** — Бетпақдаладағы мекен-жай аты (*Жетіқоңырдың* бір сілемі. *Қар*). «Жиде және қоңыр өсімдіктерінің ұласқан мекені» мәніндегі атау. *Қоңыр* топонимінің түпкі төркінін қараңыз.

**Жиекқұм** — құмның аты. *Қаз. жиек* және *құм* сөздерінен қалыптасқан атау: «өзен жиектеген құм», яғни *отты* (бозды) дала мен құм арасын бөліп тұрған өзенді жиектеген «шекара» құм мәніндегі атау. Ол «шекараны» жиек деп те атайды (*қар*).

**Жиенқұм** — дала (мал жайылымының) аты (Шымкент обл.). *Қаз. жиын* және *құм* компоненттерінен пайда болған атау. Түрлі экстралингвистикалық факторлардан *жиын* сөзі *джиен* формасын қабылдап кеткен.

**Жиренайғыр** — таулы-далалы мекен, өзен аты (Күртіге құяды. Алматы обл.). *Үнді-иран* тілдері негізіндегі *жайран* сөзі мен түркінің *айрығ* сөздерінің қосындысынан қалыптасқан атау. Компоненттер, айтыла келе, қазіргі қазақ тілінің артикуляциялық базасына сай: әуелгі *жайран* формасы *жирен* тұлғасына, *айрығ* сөзі метатезалық алмасу барысында *айғыр* тұлғасына бейімдеген. *Жайран киігін*, қазақтар беріде оның сыртқы белгісіне сай «қарақұйрық» дейтін болған (35. 243).

**Жиренат** — Орталық Қазақстандағы көлдің аты. *Үнді-иран* тілдері негізіндегі *жайран* сөзіне *түркі-монғ.* көне көптік белгі *-ат* қосымшасы жалғанған атау. «Жирен+ат (ет.)» сөздерінен құралған деген версия ақталмайды.

**Жиренді** — Семей облысындағы қырқаның аты. *Үнді-иран* тілдері негізіндегі *жайран* сөзіне *қаз.* тілінің барлықты білдіретін *-ді* қосымшасы жалғанған атау.

**Жиренкөл** — көлдің аты. *Үнді-иран* тілдері негізіндегі *жайран* сөзіне *қаз.* көл сөзін қосу арқылы жасал-

ған атау. Мағынасы: «жайран киіктерінің келіп-кетуімен байланысты» болуы керек.

**Жиренқопа** (*Исатай* деп те айтылатыны байқалады) — мекен, елді мекен аты (Ақтөбе обл.). *Үнді-уран* тілдері негізіндегі *жайран* сөзіне қаз. тіліндегі *қопа* сөзін қосу арқылы жасалған атау. Мағынасы: «жайран киіктерінің келіп кетуімен байланысты» айтылуы керек. *Сал.*: Түркменстан шөліндегі жазиралы ойпат аты *Жейренли тақыр* (Ағанизов С.).

**Жокер** — мекен аты. Екі жерде кездеседі: Орталық Қазақстанда және Оңтүстік Балқаш маңы ойпатында. *Түр.* этникалық топ аттары бойынша қойылған атау.

**Жолан** — кіші-гірім тау және мекен-жай аты (Орталық Қазақстанда). *Көне түр.* этнонимі. *Сал.*: *чолан//долан...*

**Жорғабайтал** — тау аты. Ақшатаудың бір сілемі (Балқаш көлінің солтүстік қыры. Семей обл.). *Көне түр.* *чорға + бай + тал* компоненттерінен құралған атау: «отты-сулы тау» мағынасын береді. Компоненттердің этимологияларын *чорға* және *байтал* атауларынан қараңыз.

**Жөкей** — көл аты (Көкшетау обл.). *Қаз. (арх.) жөкей* — «жәдігөй, сиқыршы, арбаушы» мәніндегі сөз (124. 4-т., 178). Тәрізі, көлдің елеулі сыры болуымен байланысты айтылғандай. *Жөкей* — Біржансалдың туған жері.

**Жөлек** (*Жүлек* түрінде де айтылады) — елді мекен аты (Қызылорда обл.). *Түр.* *жүл* түбіріне кішірейткіш *-ек* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. Қазіргі қазақ тілінде «жылға», «өзек» ұғымын береді. *Сал.*: *түркм. жүлге* сол мағынада.

**Жуанқара** — төбенің аты. *Жуан* — оғұз түркілерінің *йұван* сөзінің («су орған, шайған» мағынасындағы етістігінің) қазақ тіліне бейімделген түрі. Мағынасы: «жырма төбе».

**Жуанқоңыр** — Жезқазған облысындағы даланың аты. *Оғұз. йұван және қоңұр* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Жуантөбе** — төбе, елді мекен аттары. *Оғұз. йұван* және *төпе* сөздерінен қалыптасқан атау. Оғұз топонимдерінің осы *йұрмақ* (жуу, «шаю» етістіктерімен келетін) топонимдерімен салыстырыңыз: *йұванқала* (су әкеткен қала), *йұвандере* (су орған сай). Келтірілген салыстырулар *Жуантөбе* атауының шыққан төркіні «жуылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (*зат*) атау тұлғасын қосу негізінде қалыптасқан топоним екенін көреміз.

**Жұзағаш** — дала, елді мекен (т. ж. ст.-сы. Аякөз ауд.). «Сулы-нулы жер» мағынасындағы атау. *Жүз* сөзінің ауыспалы мағыналарымен салыстырыңыз.

**Жүзқұдық** — мекен аты (далалы аудандарда көп тараған атау). *Жүз* сөзінің ауыспалы (көптік) мағыналарымен салыстырыңыз.

**Жүндіқара** — төбенің аты (Орталық Қазақстанда). *Көне түр. жүн* (қаз. *жон* сөзінің фонет. түрі) тұлғасына *-ды* қосымшасы мен *қара* (биік) сөзін қосу арқылы жасалған атау.

**Жүнжүрек** — таулы жайлау, өзен аттары (Талдықорған обл.). *Көне түр. жүн* (қаз. *жон* сөзінің фонет. түрі) және *йүрек* (жүрек — таудың бір бөлігі) тұлғаларының тіркесінен жасалған атау. «*Жоны бар жүрек*» немесе «*Жонды жүрек*» мағынасын береді.

**Жүншілік** — мекен аты (Торғай обл.). *Қаз.* «Ұлпалы шілік» мағынасындағы атау.

**Жүрекадыр** — таудың аты (Семей обл.). *Көне түр. йүр-ек* «жүргін» немесе «жүргінші» сындық мәндес — «жолды адыр» мағынасын беруі мүмкін.

**Жылан** — Арал теңізі ойпатындағы мекен аты. *Қаз. жылан* сөзімен (атауымен) қатысы жоқ. *Көне түр. йалаң* тұлғасының қазіргі қазақ тіліне бейімделген

түрі. Мағынасы: «алаң, жазық» (23. 39). *Жылан* сөзі атау тұлғада топоним құрмайды.

**Жыланды** — Қазақстан бойынша әр атыраптардағы мекен аттары. *Жыланы* болғандықтан солай атауы ономалық нормаға сияды.

**Жыланшық** — мекен, тау және өзен аттары (Қазақстанның әр атырабынан кездесетін атау). *Қаз. жылан* тұлғасымен қатысы жоқ топоним. *Көне түр. дьалан//йалаң* формаларынан қалыптасқан *Дьалаң + шық* атауының қазақ тіліне бейімделген түрі. Мағынасы: «далашық», яғни «кіші-гірім жазық».

**Жыланшықеспе** — Жезқазған облысындағы өзен аты. *Көне түр.* бейімделген *йелең* (+шық — кішірейткіш афф.) тұлғасына *қаз. еспе* тұлғасын қосу арқылы жасалған атау. «Шағын дала» мағынасын береді.

**Жыланшықтүрме** — Торғай облысының Торғай даласындағы белестің (асудың) аты. *Көне түр. жыланшық (қар.)* тұлғасына *қаз. түрме* (белес, қайқы, көтерме мәніндегі) терминін қосу арқылы жасалған. «Далашықтың асуы» мөндес атау.

**Жылбұлақ** — бұлақ аты (Алматы және Шымкент обл.). *Қаз. жылы бұлақ* тіркесі айтыла келе жылы сөзінің *аяққы* дыбысы түсіп, «жылбұлақ» түрінде қалыптасқан атау. *Сал.: қырғ. Жылуубұлақ.*

**Жылтың** — мекен аты (Балқаш маңы жазығы). *Қаз. (обл.)* ауа райына қатысты: *жым-жырт, ызыңсыз, тыным* мағыналарын өтейтін сөзі (*ор.* батыс тілдерінен енген «штиль» тұлғасы осы сөздің өтеуін береді).

**Жылымшық** — Маңғышлақ облысындағы тау құмының аты. *Көне түр. йылы және мышық (мөшүк)* тұлғаларынан қалыптасқан атау. *Этим.:* «жылы тау» (құм).

**Жымпиты** — поселке, аудан аты (Орал обл.). *Қаз. жымпиты* етістігімен ешбір байланысы жоқ. Етістіктің ол формасының топоним құрастырар активтігі жоқ.

Бұл атаудан ескі жалпы азиялық топокомпоненттердің жігі білінеді: *соғды-иран* тілдерінің «қорған, бекініс» мағыналарындағы *чим* тұлғасына көне түркі тілінің «сұсты, еңселі» мағынасындағы *ни (т)* тұлғасын тіркеу арқылы жасалғандай. Бірақ объектінің тарихы мен табиғатының бұл этимологияға үйлесу-үйлеспеуін салыстыра отырып қарау керек.

**Жынғытқала** — көнедегі бекіністің (төрткүлдің) аты (Қызылорда обл.). Соғды-иран тілдерінің *жынғт* («таразы») және қала («қорған») сөздерінен қалыптасқан атау: «таразылы қала» немесе «кірқала» мағынасын береді.

**Жыңғылды** — мекен (дала) аты (көбіне Оңтүстік облыстарда). Қаз. *жыңғыл* сөзіне (баялыш, теріскен тұқымдас өсімдік аты) *-ды* қосымшасы жалғанған атау. *Ж.* сөзінің арғы түбірі *түр. (сын.) чуң//жүң-чүң-нүл//жүңнүл* формаларынан болуы ықтимал (13. 92). Бұл төркіндету *жыңғыл* сөзінің *жың* түбірі *чүң (чүңірек) > шүң (шүңғыл)* тұлғаларымен төркіндес болуының логикалық жөні бар. Өсімдіктің терең тамырлылығын, түбінің шүңғылдығын сипаттауы аборигендердің талғамдылығын көрсетеді.

**Жырғалаң** — тау жайлауының аты. Түркі-монғ. тілдеріне ортақ *жырғалу* етістігіне балайды. Біздіңше бұл атау (*бот.*) ну жыныс боп өсетін (шырғалаң) жидекті бұтамен байланысты, соның қалың жері. Монғол тілінде *жарғалан* дейтіндей. Бас позициясында *ч* немесе *ш* ызың дыбыстарымен айтылатын кезектері көне түркі тілдеріне тән, өйткені осы күнгі Монғолияда *Жарғалан, Жарғаланту* түрлеріндегі топонимдер басым.

**Жібекши** — Қызылқұмды ішкерілей жатқан мекен аты (мал жайылымы. Шымкент обл.). «Жібекши» атауы ондағы балауса ши түптерінің мал азығына пайдаланылатының бейнелейтін көрікті топоним.



**Зайсан** — Шығыс Қазақстан облысындағы көлдің аты. «Монғолдың *заасинг* («жақсы») сөзінен қойылған атау» дейтін версия тым асқақтау (156. 143). Сол сияқты «қалмақтар 1650 жұт жылы осы көлден балық аулап жандарын сақтапты, содан көлдің аты *Заасинг* немесе *Зайсан* атаныпты. Ал қазақша *Зайсан* аталуы сол сөзден — монғол сөзінен» (103. 91 және 5. 98) деген версия да алдыңғы қатар. *Жайсаң* тұлғасы — қазақтың төл сөзі: «жайсаң жігіт, жаны жайсаң, жақсы мен жайсаң» тіркестерінде келеді, монғол сөзі деп төркіндету — дәлелденбейді. *Зайсан* атауын ойраттың (демек, монғолдың ғой) *захасун* («балық»), онан беріректегі, яғни XVIII ғасырға дейінгі *захсэн* (ол да «балық») сөздерінен деп төркіндету (102. 41) ол да жаңсақ.

*Этим.:* *Зайсан* атауы қаз. *жай* сөзіне *-саң* қосымшасын жалғау арқылы жасалған туынды сын есім (таңдаулы шырай) түріндегі атау. «Жайсаң тұлғасы жергілікті тұрғындар тілінде осы күнге дейін сақталған» (5. 99). Ал жазба түрі (*Зайсан*) экстралингвистикалық факторлар әсерінен болуы сөзсіз.

Өткен ғасырдың аяғында салынған қала да сол көл атын алған (*Зайсан* қаласы).

**Зеренді**<sup>1</sup> — аласа тау аты (Жабай өзенінің басталар жері. Көкшетау обл.). *Ир.* тілінің «киік» мағынасындағы *джайран* сөзінің ертеде сол атырапты мекендеген елдің сөйлеу тіліне (*-ді* қосымшасымен) сіңіскен түрі. «Киікті» мағынасын береді.

**Зеренді**<sup>2</sup> — көл аты (Көкшетау обл.). Зеренді оронимімен байланысы жоқ. Көлдің олай аталу себебі иран тілі негізіндегі *зерен* (қайқы қылыш) мәндес сөзімен ұштасқандай дейді Қазақстан көлдерін сарқа зерттеген табиғатқұмар ғалым проф. Г. Муравлев.

**Зымыстан** — тау аты. *Ир.* тілі негізіндегі *зимистон* сөзінен: «қатал, кәрлі, қытымыр» мағыналарында.

## И

**Изенді** — Қазақстанның оңтүстік атыраптарындағы мекен аты. *Қаз. изен (бот.)* сөзіне *-ді* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атаулар.

**Иқансу** — өзен аты (Сырдарияға құяды. Шымкент обл.). «Иқандар мекенінің суы» мәніндегі атау.

**Илек** (қаз. Елек) — өзен, елді мекен аты (Қазақстанның батыс атырабында). *Көне түр. йел* немесе *йил* + *ек* қосымшасынан қалыптасқан атау. *Шелекпен* салыстырыңыз.

**Иман** — мекен аты (Торғай және басқа да облыстарда. *Көне түр. йеман* («жаман») сөзінен қалыптасқан атау. Қазақ тіліндегі айтылу түрі *иман*: осы түрінде этникалық топ атына, келе-келе қыпшақ дәуіріндегі түркілердің адам атына орайланған (220. 6). *Ар. иман* сөзімен ешбір байланыссыз.

**Иманбұрлық** — Көкшетау облысындағы өзен аты (Есілге құяды). *Көне түркі* элементтерін (*йаман* және *бұрлық*), сақтаған атау: *йаман (қар.)*, *бұрлық* (бұрма) сөзі өзен сипатын көрсетеді. *Мағынасы*: «Имантау көлінен бас алған өзен» (Есілге құяды).

**Иманқара** — Каспи маңы ойпатындағы аласа таудың аты. *Көне түр. йаман* және *қара* сөздерінен қалыптасқан атау. «Жаман қара» мағынасын береді (*қар.*).

**Иманқұм** — құмның аты (Жамбыл обл.). «Жаманқұм» мағынасындағы атау (*қар.*).

**Имантай** — Орталық Қазақстандағы аласа таудың аты. *Көне түр. йаман* және *тай* сөздерінен құралған атау. «Жамантау» мағынасын береді.

**Имантау** — тау аты (Көкшетау обл.). *Көне түр. йаман және қаз. тау* сөздерінен қалыптасқан атау. «Жамантау» мағынасын береді. Г. М. Василевичтің *иман* сөзі тұнғус-манчжур тілдеріндегі «қар» мағынасын беретін сөз деген түсінігі республика атыраптарындағы бұл жүйелес атауларға үйлеспейді (37. 325). *Имантай* атауымен пара-пар.

**Итауыз** — Мұғалжар тауындағы қуыстың аты. Атауды иттің аузына теңеуде «кеңдік» ұғым (эмоция) бар.

**Итжатпас** — Жезқазған облысындағы таудың аты. Таудың олай аталуында теңеу, ұқсастыру бар: кескін көріністері бір топ итті (түрегеп тұрған иттерді) бейнелейді.

**Иткешу** — мекен аты, дұрысырағы Шу-Іле тауынан тартылған өзен арнасының аты. *Иткешу* түркі дәуірі тұсындағы атау: «итөткел» мәнін береді. Өзен суының тартылуына байланысты қойылған атау.

**Итмұрынды** — Сарыарқадағы аласа таудың және Балқаш көлі жағасындағы (солтүстік жағада) биік төбенің аты. *Қаз.* итмұрын (тікенекті өсімдік) сөзіне барлықты білдіретін *-ды* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. «Итмұрынды» — көнедегі микролиттердің — аңшы қауымдардың мәдени қалдықтары табылған мекен (127. 18. 05. 1968).

**Итөлген** — Іле Алатауындағы қырдың аты. Ұқсастыру жолымен қойылған атау.

**Итсары** — көлдің аты (Қостанай обл.). «Итсары» — балықтың бір түрі.

**Итшоқы** — Жоңғар Алатауындағы мұзды шоқының аты (Борақожыр өзені сол таудан бас алады. Ілеге құяды). Ұқсастыру жолымен қойылған атау.

**Итшыққан** — Алматы қаласының оңтүстік-батыс атырабындағы таудың (тау жайлауының) аты. *Қаз. ит* және *жыққан* тұлғаларынан қалыптасқан атау. Айтыла келе, бірінші тұлғадағы қатаң *т* дыбысының әсері-

нен екінші тұлғадағы ұяң *ж* дыбысының *ш*-ға ассимиляцияланған түрі.

**Иір** — елді мекен аты (Балқаш маңы жазығында). «Иіржаға» мәніндегі атау.

**Иіржар** — елді мекен аты (Шымкент обл.). 1863 жылдың жазында орыс армиясы қоқандықтарды жеңген жер. Сонымен байланысты Иіржар беріде Ержар аталып кетті.

**Иірсу** — тау суының аты (Жетісу өлкесінде). Көне түркілердің діни нанымдарымен байланысты атауы болатын да жобасы бар. Өйткені *орхон* жазуларында *ийр-суб* атауы «су атасы» делінген жерлер бар және алтай тіліндегі *дьер су* да («әулие») сол мағынада.

## К

**Кебектау** — Орталық Қазақстандағы шоқының аты. *Қаз.* *кебек* және *тау* сөздерінен қалыптасқан топоним. *Этим.*: «Шұрқтесік тау» мәніндегі атау.

**Кебін** — өзен аты (Шудың бас саласы. Кейбір тарихи деректерде Балашу аталады. Қазақ ССР-і мен Қырғыз ССР-і аралығындағы өзен), сол бойынша тау аралығындағы алқаптың аты. Қырғызша — *кемін*. *Көне түр. кем* («өзен») тұлғасына *-ін* қосымшасын (көптік белгі) жалғау арқылы жасалған атау. Өзеннің ұзына бойына екі бүйірінен тау бұлақтары құйылып отырады. Көптік белгі солардың өтеуін беретіндей. *Көне түр. Кам, Кем* атауларымен (гидронимдерімен) салыстырыңыз.

**Кебірсай** — көне арнаның (Жезқазған обл.), алқаптың аты. *Қаз.* «Күнге қақталған тақыр» (алқап). *Алт. Кебер* топонимімен салыстырыңыз (осы мәндес).

**Кеген** — өзен, тау, поселке, аудан аттары (Алматы обл.). *Көне түр. Көгмен* («көк тірескен») оронимінің

фонетикалық көрінісі. Осымен сілемдес *Кетпен* (көне түрі *Кетман*) атауымен салыстырыңыз.

**Кедір** — мекен аты (Ақтөбе облысы). *Қаз. кедір-бұдыр* (сын есім) мәніндегі қос сөздің 1-сыңарын зат есім тұлғасында даралап айту — сирек құбылыс. Сондықтан бұл атау қазақ топонимикасының ертедегі нұсқасы деп түсінеміз. *Этим.*: «ойлы-қырлы жер».

**Келес** — өзен, елді мекен, аудан аттары (Шымкент обл.). *Келес* сөзі көне топоним, өйткені Келес даласы, тарихшылардың дәлелдеуінше, б. з. бұрынғы VI—II ғасырларда сақ тайпаларының мекендеген жері (Г. В. Григорьев). Атаудың *түр.-монғ.* тілдері негізіндегі *келе* («тіл») сөзінен шықты деген гипотеза онша дәп келмейді. *Келес* — көне тайпалар тілінде — үлкен кесіртке (116. 12-т., 273-б.). Бұл атауды алтайдың *Келескелу* гидронимімен салыстырыңыз. Сөзбе-сөз мағынасы: «кесірткелі». «Кесірткелі өзен» мәніндегі атау.

**Келінтам** — мекен аты (Жезқазған облысындағы көне мазар аты). *Түр.* «келін» сөзі атау тұлғадағы *келу* етістігі негізінде қалыптасқан грамматикалық форма. «Жиын жер, әлдекімдер келіп-кетіп жатқан там» мағынасында.

**Келінтөбе** — төбе, елді мекен аттары (Қызылорда обл.). «Келін там» мәндес атау. «Жиын төбе» ұғымында.

**Келтемашат** — бұлақ аты. *Оғуз түр. келте* («қысқа») + *башат* (бастау) — «өзенше» мәніндегі атау. *Түр. башат//машат* формалары — *баш + ат//бастау* формаларымен пара-пар. *Башат* сөзінің *бастау* мәні қазіргі қырғыз тілінде сақталған (226. 121).

**Келтетал** — тау, өзен аттары. Тым көне: *келте* (*қар.*) + *тал* («төбе») — «шағын төбе» мәніндегі атау.

**Кемер** — мекен, қыр аттары. *Үнді-ур.-ар.* тілдері негізіндегі *қамар*, *қамыр*, *хамар* немесе *халхамонг. хам*, *кам*, *хем*, *кем* + *ар* (-ар, -ер) — терең сай, саға, тар алқап, кейде қыр (одан аққан өзен) мәндерін береді.

*Кемер* термині біріккен тұлғаларда көп жағдайда *түр. бұктар, қобұ* терминдерінің де өтеуін береді. Мәселен: *ар. комор* (аралдары) «ай», *ир. хами «ой»*; *алт.-хақ Кем* (чик), Улуг Хем (Енисей); *қаз. Ақкемер, Саркемер, Қаракемер, өзб. Сарыкам, Даровозкам; бур. Хамар-Добан* (Шығыс Сібірдегі тау қыры); *балк. Беккам* (сөзбе-сөз) «терең шат» атауларынан осыны көреміз.

**Кемерши** — мекен, елді мекен аты.

**Кенгір** — өзен аты (Ұлытауды бойлай ағады) және ескі арнаның аты (Жамбыл обл. Мойынқұм өңірі). *Түр. кангар* сөзінен. Кангарлар Сырдарияның сағасында және Арал жағасында өмір сүрген (133. 60). Аз. этникалық атаулары *кенгер, кангорлармен* салыстырыңыз.

**Кендірлік** — Сарысу бойындағы даланың аты (Жамбыл обл.). Түріктердің этникалық топ атына қарай қалыптасқан.

**Кендірсақал** — Талдықорған облысындағы мекен аты. Түріктердің ру тобы бойынша қалыптасқан атау.

**Кеңестөбе** — мекен (төбенің аты). *Келінтөбе* пара-пар (*қар.*).

**Кеңқазан** — мекен аты (Торғай обл.). *Оғұз «кен»* және *қазан* (ет. «қазған») сөздерінен қалыптасқан атау. *Кенқазғанға* пара-пар (56. 86).

**Кеңқияқ** — мекен, елді мекен аты (Ақтөбе обл.). *К.* — қияқтың бір түрі.

**Кеңсай** — сайдың аты. *Жалпақсайға* пара-пар. *Түркм. Гингол* топонимімен салыстырыңыз.

**Кеңтарал** — мекен, Ұлытау маңындағы көнеден қалған қоныс орны. *Ир.-түр. симбиозы: кент + арал* — «қалалы арал» мәніндегі атау.

**Кеңтарлау** — дала аты (Орталық Қазақстанда). *Түр. кең* және *тарлау* сөздерінен қалыптасқан атау. Соңғы сөздің мәні де, тұлғасы да көнелеу — «жайылым», «өріс» мағынасын береді. «Кең өріс» мәніндегі тіркес (136. 138).

**Кеңтүбек** — Балқаштағы түбек аты, Павлодар об-

лысындағы мекен аты. Соңғысында «Кеңтүбек» атауы түбек мағынасында емес, «елеулі екі объектінің аралығындағы мекен» мағынасында.

**Кеңшоқы** — шоқының аты (Жезқазған облысындағы рудалы мекен).

**Кербұлақ** — бұлақ аты (Алматы, Талдықорған және Көкшетау облыстарында). *Кербұлақ* — негізінен, суы тартылып бара жатқан, арналары ойдым-ойдым бұлақтар. Өйткені *кер* сөзі осы күнгі түркі-монғол тілдерінде кір тұлғасының (балшық, шалшық, лай көз) мәнін береді (206. 83; 140, 157). Бұл атаудың түркі-монғол тілдеріне ортақтығы сол, қазіргі Иркутск облысының *Алар* аймағындағы буряттардың бір ұлысының аты да Кербұлақ (140. 158).

**Кердала** — Орталық Қазақстанның Шерубай-Нұра бойындағы бір мекен аты. *Қаз.* (көнелеу) «жайқалған дала, жасыл жазира» мәніндегі атау.

**Керей** — Целиноград облысының Қорғалжын ауданындағы мекен, көл, өзен аты. Этнотопонимдер.

**Кертау** — Орталық Қазақстандағы тау аты. *Шидергі* пара-пар. Бірақ бұл екі атау генезисі жағынан түркі тілдерінің әр дәуірдегі даму кезеңдерін көрсетеді. *Кер тау* — бергі, қазақ тілінің қалыптасу тұсына жақын дәуір.

**Кескен** — Қаратал бойындағы мекен аты (Талдықорған обл.). *Түр. кешкен, кечік* («кешіп өту») — «өткел» мағынасындағы атау.

**Кескенбегім** — мекен аты (Іле бойындағы Үшбақанастың басы. Алматы обл.). *Түр. кешкен* (қар.) және *биэг* («жаға, жиек») сөздерінен құралған тұлға. «Өткелді жаға» мәніндегі атау.

**Кескентал** — мекен аты. *Түр. кешкен* (қар.) және (*көне*) *тал* тұлғаларынан қалыптасқан «Биік өткел» мәндес атау.

**Кескентас** — мекен аты. *Түр. кешкен* (қар.) және *таш* формаларынан қалыптасқан, бірақ қазіргі сөйлеу

тіліміздің дыбыстық нормасына түсірілген атау. Қаз. «Тасөткел» мәнінде.

**Кесік** — мекен аты. *Көне түр. кечік* «өткел» мәніндегі атау. *Өзб. кечув* атауымен салыстырыңыз (ол да «өткел» мәнінде).

**Кетешағыл** — құмның аты (Гурьев обл.). Этнотопоним; *кете* (қаз. ру аты) және *шағыл* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Кетпен** — тау жотасы (Тянь-Шань тауының шығыс бөлігі). Көбіне **Кетпентау** деп те аталады. Жетісу тарихын қозғайтын көне деректерде «Темірқапығ» деген де аты бар. Екі түрлі версияда түсіндіруге болады: ол версиялардың екеуінде де *кет* (немесе *кете*) бөлшегі ертедегі этникалық компонентке баланады. Ал *пен* (немесе *мән*) бөлшегі: 1) *түр. мен* («тосқауыл»); 2) *ир. бент* (ол да «тосқауыл») элементтеріне баланады. Мәселен, көне түркілердің *Көгмән* («аспантау») атауымен салыстырыңыз. Соңғысы *Саян* тауларының көне қырғыздар тұсындағы аты. *Этим.*: шамамен «Кет шыңы»//«Кет қорғаны»// «Кет қақпасы» мәндес атау.

**Кешпе** — мекен аты. *Көне түр. «кешу»* (ет.) түріндегі атау тұлғасы. «Кечік, Кечув, Кесік» формаларымен мәндес.

**Киғаш** — Батыс Қазақстандағы мекен аты. *Түр. Киуәш* — «бастау» мәніндегі топоним (196. 72). Осы күнгі башқұрт топонимдерінің құрамында да сақталған.

**Кизан** — Маңғышлақ облысындағы село аты. *Түр. кизан* («ен, таңба») тұлғасы негізіндегі атау (196. 72). Қаз. «*қию, ою, өрнектеу, таңбалау*» тұлғалары мәндес. Тегінде, сол мекендегі бір таңба-белгілермен байланысты атау екендігі сөзсіз.

**Киелі** — өзен аты (Жемнің бір саласы). Этнотопоним. *Түр. «Ки елі»* тіркесінің қазақ тіліне адаптацияланған түрі.



**Киикбай** — бұлақ, елді мекен аттары (Талдықорған обл. Малайсары баурайы және Алматы обл. Шелектің бір саласы). *Түр.* этноним бойынша аталған.

**Көгершін** — Қырғыз Алатауының Луговой ауданымен (Жамбыл обл.) астасқан бір сілемінің аты. *Түр. көк* («биік») + *аршын* («жазық, кең») мәніндегі сөз тіркесі.

**Көжек** — өзен аты (Кіші Қарой көліне құяды. Көкшетау обл.). *Түр.* этнонимі. *Қаз.* көшек этникалық топ атауының прототипі.

**Көкайрақ** — биік тау асуы (Іле Алатауы), өзен аты (Шуға құяды). Көне түркі атауы. Әуелде *көкарайақ* болуға тиіс («көктің аржағы»). Түркі тілдеріндегі *көк, гөк, күк* сын есім тұлғаларының семантикалық жағынан «аспан», «биік», «жайылым» т. б. мәндері де бар. Мәселен, «көкжиек» т. б.

**Көкарал** — арал аты: 1) Арал теңізіндегі аралдың аты. Бұл арал теңізді екіге бөліп: «Үлкен Арал теңізі» және «Кіші Арал теңізі» деген жергілікті атаулар туғызған. «Судың аралы» (көк сөзі «су» мағынасында); 2) Балқаш көліндегі аралдың аты (бұ да сол мағынада); 3) Шымкент облысындағы мекен аты (екі сайдың аралығындағы жазық). «Тегіс арал» мағынасында.

**Көкбұлақ** — Қазақстанның таулы өлкелеріндегі бұлақ, бастау, қайнар аттары (жүздеп саналады). «Көктің бұлағы» мәніндегі атау.

**Көкдаба** — белдің аты. *Түр.-монғ.* «биік асу» мәнінде.

**Көкдөлен** — Қазақстанның батыс атырабындағы даланың аты. *Түр.-монғ. көк* және *дөлен* сөздерінен құралған топоним. «Жайылым дала» мәніндегі атау. Түркі тілдеріндегі *долан, долон, қаз. далаң* түрлері дала сөзімен түбірлес тұлғалар.

**Көкжазық** — мекен аты (Ақтөбе обл.). «Көкдөлен» ұғымына жуық атау (*қар.*).

**Көкжайдақ** — тау жайлауының аты (Іле Алатауы). *Қаз. көк және жайдақ* сөздерінен қалыптасқан атау. «Аспан жазық» мәніндегі атау. «Көк» сөзі атауға эмоциялық мән беріп, «жайдақ» сөзін әсірелеп тұр.

**Көкжал** — тау аты. «Биік жал» мәнделес атау. *Қаз. көк* сөзінің семантикаларын қараңыз.

**Көкжамбас** — тау аты (Талдықорған обл.). *Көк және жамбас* тұлғаларынан қалыптасқан атау (*қар.*).

**Көкит** — Балқаш жазығындағы мекен аты. *Қаз. көкию (ет.)* атау тұлғасынан қалыптасқан өзгелік етіс түріндегі топоним.

**Көкқабак** — елді мекен аты (Жезқазған обл.). Түспен байланысты атау.

**Көкқайнар** — елді мекен аты (Жамбыл обл.). Әуелде қайнар аты. Түспен байланысты атау.

**Көккемер** — Жезқазған облысындағы өзен аты. Түспен байланысты атау.

**Көкқия** — биік тау беткейінің аты. Көк сөзі «тік» мәнінде.

**Көкқиясай** — өзен аты (Сырдарияға құяды). *Итқырылғансайды* қараңыз. Көкқия тіркесі «тік қия» + «сай» мәнінде.

**Көккөл**<sup>1</sup> — Оңтүстік Қазақстан атыраптарындағы көлдер аты. «Тұнық көл» мағынасындағы атаулар.

**Көккөл**<sup>2</sup> — Алтай тауының бір биігіндегі арасан қайнардың аты (көл емес) — «Әбдірахман арасаны». Қалың тайгадағы осы қайнардың мөлдір суы қырық метрлік биіктен себездеп тасқа құлайды. Сол жер — шипалы су — *Көккөл* аталады (127. 9. 03. 1981). «Көктің суы» мағынасындағы атау.

**Көкөзек** — гидротопонимдер аты: 1) өзек, ауыл аты (Орталық Қазақстанда); 2) бұлақ аты (Оңтүстік Қазақстанда). «Көк» сөзі түспен байланысты анықтауыш компонент.

**Көкөн**<sup>1</sup> — құмды адырдың аты (Лепсі өзенінің ортаңғы ағысы. Талдықорған обл.). Найман тайпасының

этникалық топ атауы. *Көкөнай* антропонимімен салыстырыңыз.

**Көкөн**<sup>2</sup> — Шыңғыс тауының бір сілемі. Этникалық атау. *Көкөнай* антропонимімен салыстырыңыз.

**Көкөшүйелі** — Балқаш маңы жазығындағы атыраудың аты. *Көне түр.* қос этнонимі: *көкө* және *шүй* + *ели* мәніндегі атау. *Шу* немесе *шүй* (*чүй*) атауларымен және *қаз. көке* фразасымен салыстырыңыз.

**Көкпек** — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы таудың және батысындағы құмның аты. *Бот.* өсімдік атауы.

**Көкпекқолат** — мекен аты: 1) Қазақстанның оңтүстік атырабында; 2) Семей облысында (Ащысу өзенінің бұрынғы арнасының бойы). *Көкпек* және *қолат* сөздерінен тіркескен атау. «Көкпекті қолат» (тау жылғасы) мәніндегі атау.

**Көкпекті** — өзен аттары: 1) Шығыс Қазақстан облысындағы өзен, елді мекен аты; 2) Қарағанды обл. Нұраның бір саласы; 3) Қостанай облысындағы мекен аты. *Бот.* «Көкпекті» (эллипсис).

**Көкрек** — мекен аты. «Төспен» пара-пар (*қар.*): *таудың төсі* мағынасында (226. 760). *Жүрек, саға, қолтық, қолқа, иін* т. б. топонимикалық терминдермен салыстырыңыз. *Көкрек* — Жамбыл облысындағы Ванновка пос. орналасқан мекеннің аты.

**Көксаз** — Лепсі өзенінің басындағы биік тау жайлауының аты (Талдықорған обл.). *Көне түр. көк* және *сас* сөздерінен қалыптасқан атау. «*Көк тас*» мәнін береді.

**Көксай** — терең сай аты (Жоңғар және Іле Алатауы бойларында, Қазақстанның батыс аймақтарында). «Ну жыныс сай» мәніндегі түске байланысты атау.

**Көксала** — өзен аты (Бақанас өзенінің бір саласы. Семей обл.). «Тау суы» мәніндегі атау (Шұбартаудан бас алған).

**Көксарай** — елді мекен аты (Шымкент обл.). Шәуілдір ауданындағы көне қоныс орны. Көнеде солай аталса керек.

**Көкпектің жазығы** — Алматы облысының шығыс атырабындағы даланың (жазықтың) аты. «Көкпекті» эллипсисінің қазіргі қазақ тіліндегі толық грамматикалық формасын көрсететін атау.

**Көксеңгір** — жазық жердегі төбе, жайлау және елді мекен аттары. «Көрінеу сеңгір» (*қар.*) мәніндегі атаулар. Ел аузында: «Көксеңгірдің көк төбесі» тіркесі түрінде айтылатын кезектері бар. «Көксеңгірдің ұшар басы» мәнін береді.

**Көксеңгірсор** — көл аты (Қостанай обл.). Осымен байланысты *сеңгір* сөзінің *Ақсеңгірдегі* вариантынан өзге түп төркіні жайлы екінші версияны да ескерген жөн. *Сеңгір* сөзі көне түркі тілдерінің *сеңгір*//*сеңгір* (*қаз. сіңір*) «ұры» мәніндегі термині болар дейтін де жорамал бар. Ал жазықтағы мына көлдің *көк сеңгір* компоненті қазақ тіліндегі *көксоқта* немесе *көк тайғақ* үлгілес фразеологиялық тіркестер тобына жақын ба деп ойлаймыз. Өйткені көлдің тұзы жентектелін, жата-жата үйінділерге, төбелерге ұласатыны соны аңғартады. Сонда *көк* сөзі түсті меңзейді.

**Көксор** — көлдің аты. Түспен байланысты атау. *Көксеңгірсор* атауының түсінігін ашыңқырай түседі.

**Көксүңгі** — сай аты (Семей обл.). «Биік сүңгі» мәніндегі атау (дәнді дақылмен қатысы жоқ).

**Көктал** — тау, дала, шоқы, өзен және қ. т. поселке аттары. Көне атауларының бірі. *Тал* және *көк* сөздерінің біріне-бірі қарама-қарсы тіркестері қатысты мағынадағы «бел-белестер» ұғымын береді.

**Көктас** — тау, дала және өзен аттары. «Көктас» тұлғалары өздерінің (*көк тас*) тіке мағынасымен бірге «тотияйын» терминін де өтеген.

**Көктас-Жартас** — Айыртау сілемдеріндегі біріне-

бірі қарайлас жатқан екі төбенің біртұтас аты. Бұл — қазақ ономастикасының өз өзгешелігі.

**Көктау** — тау аты (Қостанай, Талдықорған және Шығыс Қазақстан облыстарында). «Көктің тауы» мәніндегі атау.

**Көктекше** — Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарындағы тау жондарының аты. «Көктегі текше» мәніндегі әсіреленген атаулар.

**Көктерек** — мекен, елді мекен және өзен аттары (соңғ. Талдықорған обл. Панфилов ауд.). «Көк» компоненті теректің түрімен байланысты.

**Көктіңкөл** — Сарыарқадағы көлдің аты. Ел аузындағы аңыз бойынша «жайдың оғынан» (метеориттен) пайда болған көл. Ондай аңыздардың тууына көлдің өзінің өзгеден ерекше дөңгелектігі және түбінің тереңдігі түрткі болғандай.

**Көктөбе** — төбе аты. Олардың бірі — Алматының Көктөбесі. Ол — қаланың шетінде. Бұл арада «көк» сөзі «заңғар биік» немесе тінті «аспан» мәніне сай келеді. Халық түйсігі табиғат сырын құр қалдырмаған, оны топоним түрінде кейінгілерге бекітіп берген.

**Көктұма** — елді мекен және т. ж. ст.-сы (Талдықорған обл.). Әуелде тұманың аты. *Көк* анықтауышы тұма қазылған жердің тас жыныстарының түсіне қатысты.

**Көктырнақ** — Арал теңізінің солтүстік жағалауындағы кіші-гірім түбек аты. *Түр. көк* және *тырнақ* терминдерінен құралған атау (*қар.*).

**Көкше**<sup>1</sup> — таудың аты (Сарыарқада). «Көкше» — сол жүйедегі таудың ең биік бөлігі. *Түр.* өсімдік аты. *Көкшенің* қалың жері. *Сал.:* ескі Ташкенттің бір бөлігін ертеде сол өсімдік бойынша *Кукча* атаған (174. 67).

**Көкше**<sup>2</sup> — тау аты (Оңтүстік Алтай тауларының бір шоқысының аты). *Түр.* өсімдік атына байланысты қойылған атау. Түркі тайпаларында *көкше* сөзі этно-

нимиядан да, антропонимиядан да кең орын алған (202. 220).

**Көкшетау** — қала аты (облыс орталығы). Әуелде көлмен көмкерілген, флораға бай (көбіне қарағай, қайыңды) тау шоғының аты. *Көк* сөзін жайшылықта сын есімнің таңдаулы шырай категориясы деп білеміз. Бірақ ол сөздің мәнін, біздіңше, екі түрлі концепциядан қарауға болады: 1) «көкшелі тау»; 2) қазақтың осы тауды жайлаған (не қыстаған) ескі ру тобының («Көкшенің») атымен байланысты. Оның үстіне қазақтың *Көкшебай*, *Байкөкше* антропонимдерімен жақсы үндеседі.

**Көлащы** — Алматы облысындағы кіші-гірім көл (көлшік, бастау, қайнар) аты. Бұл бір түсініксіздеу атау. Түсініксіздігі сол, біріншіден, Көлащының суы тұщы, кәдімгі ауыз суы, екіншіден, компоненттердің орналасу тәртібі қазақ тілі грамматикалық құрылысына сай келіңкіремей, *ащыкөл* орнына анықталғыш компонент басына келіп тұр. Сол жағынан бұл топоним түрікмен халқының мал суаратын құдықтарының аты Қарақұмдағы *Көладжи* топонимдерімен біраз үндескендей. Бірақ ол көладжидың суы тұщыға жатпайды, расында да ащы, мал ғана ішеді.

**Көнектолағай** — төбенің аты (Жезқазған обл.). *Тололағай* атауының этимологиясын қараңыз.

**Көржылға** — сайдың аты. *Көне түр. қор* («құр// «құры»), *қаз. жылға* — «қуры жылға» мәніндегі атау. *Ир.* тілінің *көр* сөзіне жатқызу версиясы ақталмайды.

**Көсегенің көк жоны** — Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау қырының биік жондарының аты. *Көсеге* сөзінің көнедегі «шымылдық» немесе «қоршау» мәндері семантикалық та, логикалық та жағынан көптеген қазіргі түркі тілдерінде (*монғ.* хөшиг) сақталып келеді (123. 106—107). *Этим.:* «Қоршаулы (бұлт басқан) көктің жоны» мағынасын береді.

**Көшек** — елді мекен аты (Семей обл.). *Түр.* этникалық топ атауы. *Көшек* сөзінің түркі тілдерінде екі түрлі мағынасы бар: 1) туынды тұлға («көшпелі, көшүші»); 2) «бота». *Көшек* этнонимі бірінші мағынада пайда болған атау.

**Көшкентал** — елді мекен аты (т. ж. ст.-сы. Талдықорған обл.). Бұл атаудағы типологиялық *тал* сөзі «дөң» (құм дөңдері) мәнін беруге тиіс. Метеорологиялық жаймен байланысты қалыптасқан атау: құм дөңестердің көшуін көрсетеді.

**Күзеутабылды** — мекен аты (обл.). *Қаз. күзеу* және *табылды* тұлғаларынан қалыптасқан атау (Жезқазған обл.).

**Күйген көл** — көл аты (Жамбыл және Орал обл.). «Өртенген көл» мәніндегі атаулар (жағалауларын жиі өрт шалған көлдер).

**Күйікшабра** — мекен аты (Жамбыл обл.). *Қаз.-қырғ.* симбиозы: *күйік* және *шабыр* атауларынан тіркескен қос тұлғалы топоним (226. 894).

**Күлтабан** — мекен аты (орта ғасырлық шағын қаланың орны. Жамбыл обл.). «Төрткүл іргесі» мәніндегі атау (төрткүлдің орны).

**Күлтөбе** — мекен аты: 1) Сырдарияның аяқ шеніндегі кіші-гірім төбенің аты; 2) Шу сағасындағы төбешіктің аты. Соңғысы ел аузында «Күмістөбе» деп те аталады. «Күлтөбенің басында күнде жиын» фразасы бірінші топонимге қатысты айтылғандай. Онда Тәуке үш жүздің билерімен «Жеті жарғы» заңын қабылдаған) (83. 176). *Этим.:* *түр. күл* («мұнара») және *төбе* сөздерінен қалыптасқан атау. «Мұнаралы төбе». Осы тұлғадағы және сол мағынадағы атаулар Орта Азияның өзге атыраптарында да бар: *Күлдепе, Күллүже т. б.* (13. 154). *Төрткүлмен* салыстырыңыз.

**Күнгеі Алатау** — Тянь-Шаньдағы тау жотасы. Қазақ ССР-і мен Қырғыз ССР-нің шекарасында. Оңтүстігінде Ыстықкөл қазаншұңқырымен шектеседі, солтүс-

тігіндегі Іле Алатауынан оны Шоңкемін және Шелек өзендері бөліп тұрады. *Кунгей* деп аталуының себебі: бұл беткейге күн сәулесі мол түседі.

**Күнгес** — өзен аты (Алматы облысының оңтүстік-шығыс атырабы). Синцзян қазақтарының сөйлеу тілінде бұл атау *күнөс* түрінде айтылады (Қырғыз тілінде *кунгей* ұғымы да осы сөзбен өтеледі). Э. Мурзаев: «Күнгейлеп ағатын өзен» дейді («Топонимика востока». М., 1962, 27-бет.).

**Күп** — өзен аты: 1) Семей обл. (Аякөздің бір саласы); 2) Павлодар обл. *Этим.*: қаз. еліктеуіш сөз негізіндегі атау деген ұйғарым ақталмайды. «*Ир.* тілі негізіндегі *күһ* немесе *хуф* («тау» мағынасындағы) тұлғаларынан жалғасқан» деген жорамал (10. 11) да келмейді. Қазақ тілінің диалектологиялық негізіндегі «су сақтауға арналған қойма, сай-саланың тұйық, ояң жерлеріне иірілген су» (122. 175).

**Күреңбел** — Қазақстанның барлық жерінде кездесетін мекен аты. Түспен байланысы жоқ. «Күреңсе» сөзінің қысқарған түріне *бел* сөзін жалғау арқылы жасалған атау. *Күреңсе* — өсімдік аты (124. 5-т., 359-б.).

**Күреңкей** — мекен аты (Талдықорған обл.). *Қаз.* этникалық топ атауы антропоним түрінде де таралған тұлға.

**Күреңөгіз** — бұлақ, асу аты (Шығыс Қазақстан обл. Бұқтырма өзенінің басы). *Көне түр.* *Күрең* және *үгүз* сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы: «Күреңді су» (күрең — өсімдік аты, мүмкін, тау шалғыны, өйткені, *Күреңөгіз* асуы теңіз деңгейінен 2790 м биіктікте жатыр).

**Күркүлдек** — мекен аты (Аякөз өзенінің Балқашқа құяр тұсы). *Қаз.* еліктеуіш сөз негізіндегі: судың үздік-үздік шуы күркілдеп естілуімен байланысты айтылып кеткен атау.

**Күрлеуіт** — дала аты (Торғай обл.). *Түр. күр* («от жайылым») + *леуіт* (сын. шырайы).



**Күрмекті** — мекен аты (Алматы және Семей обл.).  
*Бот.* өсімдік аты (шырмауық тектес).

**Күрпетау** — ұсақ төбешік аты (Баянауыл тауының «ұшқындары». Павлодар обл.). *Қаз. (диал.) күрпе* («кебек») + *көне түр. тай* («тау») сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы — «шашыраған тау» (122. 176).

**Күрті** — өзен, аудан аттары (Алматы обл.). *Этим.*: *түр. күрт* («сең») тұлғасына *-ті* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. Айтылу процесінде қатар т дыбыстарының бірі түсіп қалуы — заңды құбылыс. «Сеңді» мағынасындағы эллипсис атау. Таулы Алтай топонимиясындағы осы мәндес *Күрттүкөл* атауымен салыстырыңыз (17. 65).

**Күрчүм** — өзен, аудан аттары (Шығыс Қазақстан обл.). *Көне түр. күр* («от») және *чим* («жем») сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы: «отты-жемді» (*жер*).

**Күсеп** — елді мекен аты (Көкшетау обл.). *Қаз. күсе* түбірлі этнонимдік атау. Күсебай, Күсебек, Күсенбай, Күсеғұл антропонимдерімен салыстырыңыз.

**Күшікқалпе** — су каналының аты (Талдықорған обл.). Қос тұлғалы этноним. *Күшік* және *Қалпе*.

**Кіндікқарағай** — Көкшетау облысындағы пос. аты. Әуелде тоғай аты. «Үлкен қарағай» мәніндегі атау.

**Кіндіктау** — кіші-гірім тау аты (Семей обл.). «Томпақ тау» мәніндегі атау.

**Кіндікті** — мекен, өзен аттары (Талдықорған обл.). Тегінде, төбе немесе тау болуы мүмкін. *Кіндіктау*, *Кіндіктөбе* атауларын қараңыз.

## Қ

**Қаба** — Шығыс Қазақстан облысындағы таулы даланың аты. *Қаба* сөзінің арғы төркінін соғдының «тік қия» мәніндегі *ғаба* тұлғасынан деседі, бірақ оның

семантикалық мәні едәуір кеңейіп: *айнала элем, шартарап*, «ит өлген жер» дегендер сияқты абстракцияланып кеткен. Қаба сөзінің этнонимдік те мәні бар. Мәселен, қаба — қырғыздың ірі этникалық тобының аты; *қабасан* — қарақалпақтың этникалық топ аты (21. 185). Қазақ тілінің фразалық сөздіктерінде *қаба* тұлғасы: *қабасақал, қабажал, қабатұяқ* («құйып қойғандай тік тұяқ») тіркестері түрінде сақталған.

**Қабак** — мекен аты. Термин түріндегі мәні — «судың қабағы». Топонимиялық компоненттер ролінде *Аққабак, Жарқабак* гидронимдерінде ұшырасады.

**Қабарасу** — Тарбағатай тауындағы асу аты. *Қабар* және *асу* сөздерінен қалыптасқан атау. Қаз. «еңселі, көтеріңкі асу» (124. 5-т., 458-б.).

**Қағыл** — Орталық Қазақстандағы аласа таудың аты. Қаз. *қағу* етістігінің өзіндік түрі. «Қар тоқтамайтын желқақты жер» мәніндегі атау.

**Қазалы** — қала, т. ж. ст.-ның, аудан аттары (Қызылорда обл.). Екі вариантта талданады: 1) *тұр. қаз* және *алы* этнонимдерінің қосарланған түрі; 2) *қаз. қазелі* атауының иран тілінде ассимиляцияланған түрі. Ал арабтың *газел* («киік») сөзіне таңудың ешбір қисыны жоқ, ол мүмкін емес (5. 115).

**Қазанқап** — өзен аты (Жезқазған обл.). Өзен ағысының белортасында көне заманғы қазынды шұңқырлар іздері сақталған. Сол себепті *қазаан* (оғуздың «қазған» етістігі) және *қап* сөздерінің кіріккен түрі деп жорамалдаймыз. Көне тайпалардың бұл бір кәнігі ірі кәсібі болғанға ұқсайды. *Қазанқап* топонимі тегіннен-тегін жай этнонимге айналмаса керек. Келе-келе айшықты антропонимге ауысқан.

**Қазансор** — көл аты (Орталық Қазақстанда). Екі вариантта талданады: 1) *көне тұр. қазаан* және *шор*, яғни «тұзқазған» мәніндегі; 2) *қазан* (сияқты) *сор* (көл) мәніндегі атаулар болуы ықтимал (99. 53).

**Қазаншұңқыр** — мекен аты (Семей обл.). «Қазған

шұңқыр» мәніндегі атау. *Көне түр. Қазаан* — «қазған» немесе «қазылған» етістік категориясындағы атаулар, жалпы түркі тілдерінің көбіне ортақ.

**Қазбек** — кіші-гірім таулы үстірт және төбе аттары (Қазақстанның орталық және оңтүстік атыраптарында). *Қазбек* — атау тұлғаларынан (*зат есім + сын есім*) құралған топонимдер: протезалы *қаз* (<аз>*һаз*) этнониміне географиялық *бек* (<бейек>*беек*) терминін қосу арқылы жасалған. *Этим.*: «қазбиігі» немесе «қаздар биігі» мәніндегі атау. *Қазбек* атауларының қай-қайсысы болсын далада «мен мұңдалап» тұратын объектілер болуының өзі бір елеулі ат қоюды ұсынғандай көрініс.

**Қазғұрт** — тау аты (Қаратаудың оңтүстік бір жотасының аты). Аңызда «Нұхтың тауы» аталады. *Қазғұрт* — көне түркілердің тайпа аттарымен байланысты қос этнонимнен құралған атау. *Этим.*: *қаз* және *құрт* этнонимдерінің қосарланған түрі. *Қаз* және *құрт* түркілері б. з. VII—VIII ғасырларда өмір сүрген тайпалар.

**Қазды** — көл аты (Солтүстік Қазақстанда). Эллипсис: «қазды көл» немесе (*һазды*) *сазды көл* мәніндегі атау.

**Қазы** — елді мекен аты (Павлодар обл.). *Көне түр.* «қаздар» этнонимімен байланысты атау болуы мүмкін. Өзге *қаз...* немесе *қазы* мәніне келмейді. Егер *Қазы* мекені *саздау* жер болса *түр. һаз* түбіріне жуықтар еді?

**Қазыбек** — мекен аты: 1) Гурьев облысының Индер ауданындағы мекен аты; 2) Ұлытаудағы өзен аты (Сарысуға құяды). *Қазыбек* — жалпыға әйгілі қазақ антропонимі.

**Қазық** — Қарағанды облысындағы кіші-гірім төбешікті даланың аты. *Көне түр.* этнотопоним. *Қаз* этнониміне *-ық* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. Түркілердің *азық* этнонимімен салыстырыңыз.

**Қазылы** — мекен, көл аттары (Павлодар обл.). *Көне түр.* «Қаз елі» мәніндегі атау (оғұз тілі негізіндегі атау). Қыпшақ тобы тіліндегі қазылық атауымен тең.

**Қазылық** — Сарыарқадағы мекен аты. Осы мекенді жайлаған (б. з. IV—V ғғ.) қаз немесе қазы тайпаларының атымен байланысты (178. 14). *Қарлық* (немесе Қарлұқ) этнонимімен салыстырыңыз.

**Қайып** (Қаратал деп те айтылады) — өзен аты (Жамбыл облысының қиыр солтүстігінде). Антропоним.

**Қайыпата** — мекен аты (Жезқазған обл.). Осы атас мазар.

**Қайыпқанжол** — Бетпақдаладағы (шығыс атырабындағы) дала жолының аты. Антропотопоним. *Мағынасы:* «Қайып пен Қан арасындағы күре жол».

**Қайыпмергеннің жартасы** — мекен аты (Бетпақдаланың шығыс атырабында). «Қ. мергеннің қыстауы» мәніндегі атау. Мерген — «датқа, әмірші, көсем, көреген» мағынасында.

**Қайыптоған** — мекен аты (Сарысу бойындағы ескілікті мекен). «Қайыптың тоғаны». *Тоған* сөзінің қазіргі қазақ тілінде екі түрлі мағынасы бар: 1) канал, үлкен арық; 2) су қоймасы.

**Қайыр** — көлшіктің аты (Ақтөбе обл.). «Таяз көл» мағынасын аңғартады.

**Қайдақ** — Үстірттегі сордың аты (Маңғышлақ обл.). *Қайдақ* сөзі (обл.) «мұнар» мәнінде айтылатын кезектері бар. Бұл топоним сор бетінің біртұтас көрінісін мұнарға теңеу арқылы (мұнартып көрінуі де мүмкін) жасалған.

**Қайқы** — Алматы облысындағы белдің аты. Сөйлеу тілінде «қайқы бел» (көбіне жылқы малына айтылады), «қайқы қылыш», «қайқы мұрын» т. б. сөз тіркестерінде жиі келеді. *Өзб.* тіліндегі *құтал* немесе *құтарма* топоним терминдерімен салыстырыңыз.

**Қайнар**<sup>1</sup> — мекен, елді мекен аттары (Алматы жа-

не Семей обл.). Қаз. этникалық тобының аты. Атау тұлғадағы немесе түбір тұлғалы топоним.

**Қайнар**<sup>2</sup> — Арал теңізінің шығыс жағасындағы елді мекен аты және Жемге құятын бұлақ аты. Қайнар — атау тұлғадағы немесе түбір тұлғалы топоним («көз» мағынасында).

**Қайрақ** — көлдің аты (эллипсис). Қаз. *қайыр*, *қайраң* түрлеріндегі анықтауыш тұлға мағынасына жатады, анықталатын көл сөзі бара-бара түсіп қалатын көзектері болады. *Қайрақ* сөзінің «білеме» ұғымымен байланысы жоқ. Сал.: өзбек тілінде *хайра* тұлғасы «құм» мағынасын береді.

**Қайрақты** — Қазақстанның оңтүстік және батыс атыраптарындағы далалы мекендердің және бұлақтардың аттары. «Қайрақ тастары табылатын жер» деп тәркіндету — халық этимологиясына жатады. Түркі тілдерінде «қайрақ» — тәлімі «жер» немесе «шөл» деп те айтады. Мәселен: *қайрақ жер* «суарылмайтын жер», *қайрақ шөп* «боздың шөбі» (226. 320).

**Қақпақты** — мекен, тау жолы аттары (Жоңғар Алатауында). Қаз. *қақпақыл* (зат.) немесе *қақпақтау* (ет.) тұлғалары негізіндегі атау. Мәселен, жолдың жарғас арасынан өтетін тар жері көштің жүгін қақпақылайды. «*Қақпақтау, қаққылау*» мәніндегі атау. *Қақпатасқа* пара-пар.

**Қақпансор** — Шымкент облысындағы мекен (*сор*) аты. *Қақпансор* әріптердің орын ауысуынан теріс тұлғаланған. *Қақпан* ұғымымен байланысы жоқ, *қабу* етістігі негізіндегі атау (*қапқан сор*). «Жабысқақ, тартпа» (*сор*) мәніндегі атау.

**Қақпатас** — мекен (тау жолының) аты. «Қақпақты» атауына пара-пар топоним.

**Қалақтас** — мекен аты (Жезқазған обл.). Мекеннің олай аталу себебі адамдар ол жерден ерте заманнан бері-ақ түрлі тас қалақтар, темірден соғылған әшекей бұйымдар тауып келген. Сол үшін *Тасқалақ* атанған.

**Қалба** — жота аты (Шығыс Қазақстанда). В. Даль сөздігі бойынша *қалба* — «ащы жуаның» аты (4-т., 592-б.), бірақ түбір тілі жайлы түсінік берілмеген. Осы түсінікті қолдайтын (Қалба тауының атын талқылауда) өзге де зерттеушілер бар: «қалба (*түр.*)— жабайы жуаның аты» (6. 81). О. Нақысбеков: *диал.* «ұрыс, жанжал» (жігіттің жаманы қалбада жүреді). Монғол тіліндегі *холбого* («дәнекер») тұлғасы зерттеушілердің назарын аударады. *Хлбоо*: «ұштасу, дәнекер болу» деген сияқты ұғымдарды беретін атау тұлғалы сөз. Сондағы мағынасы: «Алтай мен Тарбағатайды ұштастырып жалғаған тау» мәнінде болуы мүмкін.

**Қалбұлақ** — мекен аты. *Қаз.* «қалың бұлақ» атауының орта буыны қысқарған түрі.

**Қалғанкөл** — көл аты. Көлдің олай аталу себебі оның суы тартылып құрғауымен байланысты. «Қоныстықтан қалған» мағынасындағы атау. Өзбек гидронимдерінің сол сыбайлас *Калгонсир*, *Калгончирчик*, *Калгондаре* түрлерімен салыстырыңыз (109. 153).

**Қалғұтан** — көл аты (Целиноград обл.). *Қаз.* «қалың құтан» тіркесінің қысқарған түрі.

**Қалғұты** — тау бұлақтарының аты (Алматы және Шығыс Қазақстан обл.). «Қалқұтты» этнонимінің фонетикалық жағынан сөйлеу тіліне ықшамдалған түрі.

**Қалдар** — мекен аты (Семей обл.). *Қаз. (арх.)* «нулы жер» мағынасындағы атау. Кейінде антропонимдік жағы басым.

**Қалдығайты** — өзен аты (Орал обл.). Этнотопоним. *Қаз.* «қалды-қайтты» түріндегі экспрессивтік тіркес деушілер жағы басым.

**Қалдыр** — Жетісудың қиыр солтүстігіндегі көлдің аты. Этимологиялық жағынан *қалдыр* формасы *қалған* есімшесінен етіс категориясы жағынан ғана айырмасы бар деп ойлауға болар еді, бірақ оның (дыбысқа) еліктеуіш тұлға екені қырғыз тілі материалдарынан анық көрінеді. Ол сөз қазіргі қырғыз тілінде *күркіреу*,

*сарқырау* мағынасын береді екен (226. 330—331). Бұдан біз қалдыр тұлғасының түркі тілдерінде *сарқырау*, *күркіреу* деген мәндері барын анық біле аламыз.

**Қалжат** — Алматы облысының ұйғыр ауданындағы пос. аты. *Түр.* этникалық топ атауы.

**Қалжыр** — Шығыс Қазақстандағы тау жазығының аты. Түркі тайпаларының көне және қазіргі ру-тайпа аттары.

**Қалқағар** — Қордай асуының аты (Іле Алатауының солтүстік-батысындағы шоқының аты). *Түр.* *қалқа* және көне *ғар* тұлғаларынан қалыптасқан атау. Мағынасы: «ық шоқы».

**Қалқамантұз** — Павлодар облысындағы тұзды көлдің аты. «Қалқаман (тауы) маңындағы тұз» мағынасын беретін атау.

**Қалқан** — Іле бойындағы тау аты және сол атыраптағы қаз. кіші-гірім этникалық топ аты. Атаудың негізі *қалқа* тұлғасынан, аяққы *-н* ілік септігінің қысқарған түрі.

**Қалмақтас** — мекен аты (Семей обл.). Мекеннің олай аталу себебі сондағы таңбалы тастармен байланысты. Тасқа ойылған таңба-нұсқалардың бәрін «қалмаққа балау» — қазақтың ежелден келе жатқан халық дәстүрі.

**Қалпы** — мекен аты (Орал обл.). *Қаз.* этникалық тобының атауы.

**Қалшенгел** — мекен аты. *Қаз.* «қалың шеңгел» тіркесінің қысқарған түрі. *Жылбұлақ* атауымен салыстырыңыз.

**Қамау** — мекен аты. *Қамау* (*арх.*) осы күнгі *құйған* сөзінің өтеуін береді. Географиялық әдебиеттерде (*тарихи*) Іле, Қаратал өзендерінің Балқашқа құйған тұстары *Қ.* аталады. Қамаулар: Бас Қамау, Аяқ Қамау және Орта Қамау атауларымен өзара шектеледі.

**Қамқалы** — көл, мекен аттары. *Қамқа* сөзі түркі-

лерге иран тілінен ауысқан. Түркі тілі өтемін құндыз тұлғасы береді. Қамқалы атауы «құндызға» пара-пар.

**Қамсақты** — өзен аты (Орталық Қазақстанда). *Қаз. (сын.)* «Қамысы қалың (өзен)» мағынасын береді (124. 5-т., 621-б.).

**Қамыстыкөл** — көл, елді мекен аттары (Ақтөбе және Гурьев обл.). Қамыскөл пара-пар.

**Қамысты Самар** — Орал облысындағы көлемі едәуір аумақты көлдің аты. Бұл атаудағы самар тұлғасы көне тілдер жұрнағы. Мағынасы: «су бассейні, ернеу». С. Аманжолов т. б. *самар* сөзін «бассейн» деп түсіндіреді (9. 402).

**Қамыстышандақ** — көл, елді мекен аты (Қостанай обл.). *Шандақ* сөзі (*диал.*) «шалғай» мағынасында айтылатын кезі болады. *Қамыстышандақ* — «қонысты жерлерден шалғайда жатқан көл» мағынасын беретін атау.

**Қан** — Қазақстанның оңтүстік және батыс атыраптарындағы мекеннің, таудың, судың, сол өңірлердегі қатынас жолдың және елді мекеннің аттары.

Ең әуелі есте болатын нәрсе топонимиялық *қан* терминінің *-қан*, *-ған* түрлерінде аяқталатын форманттармен (тау аралығы, қыспақ, шат; терең сай ұғымдарымен) ешбір қатысы жоқ. Сол сияқты фонетикалық жағынан *хан* боп сіңіскен «патша» ұғымымен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сонымен бірге *қан* сөзінің өлім-жітім, қырғын-кескілес, сойқан, қан төгіс ұғымдарымен байланысты тарихи компонент болуының да тіпті ыңғайы жоқ. Қазақстан топонимдерін талқылаған бір сөздікте осы тәріздес *Қанды*, *Қандыағаш*, *Қандыадыр*, *Қандыарал*, *Қандысу*, *Қандыбас*, *Қандықара*, *Қандыкөл*, *Қандысай*, *Қандышалқар* атауларын түгелімен «қан төгілген» немесе «қан шашылған» әйтеуір сондай бір қырғын оқиғалармен, жаманшылықтармен байланысты атаулар ретінде түсіндірілгені бар. Ол тү-



сініктердің көңілге тым қонымсыздығын Э. М. Мурзаев көрсетті (147. 139).

**Қан** сөзі — (арх.) атау тұлғада «от», «молшылық» мағыналарын береді («оты қалың жер»).

**Қанай** — өзен, елді мекен аттары (Ертіс бойы, Шығыс Қазақстан және Семей обл.). *Қанай* — қазақ ұлыстарының этникалық топтарының да аты. Қанай, Данай, Жанай антропонимдері бір төркіндес.

**Қанатқайыры** — Арал теңізінің шығыс жағалауындағы мекен аты (Қызылорда обл.). Қазақ антропонимі *Қанат* есімімен (мүмкін, *ир. қанаат*) байланысты атау.

**Қанаттас** — таулы мекен аты (Жезқазған обл.). *Қаз. қанат* және *тас* сөздерінен құралған атау. «Қанатша жайылған тас».

**Қаңбабасор** — көл аты (Жезқазған обл.). *Қаз. «Қанбабаның соры»*. *Қанбаба* — антропоним.

**Қандағайты** — тау аты. *Түр.-монғ. қандағай* («бұғы» және тұлға//«тау») тұлғаларының кіріккен түрі. *Бұғыты* атауымен пара-пар топоним (*қар.*).

**Қандарлы** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Қалдарлы* атауының айтыла келе біраз өзгеріп, дыбыс ауысқан түрі (*қар.*).

**Қандыарал** — арал аты (Арал теңізінде). Өз мағынасындағы (тура мағынасындағы) атау.

**Қандыбас** — көлдің аты. *Қаз. қанды* және *бас* сөздерінен құралған атау. *Бас* компоненті «көлдiң басы» ұғымындағы қолданыс.

**Қанжолы** — жол аттары: 1) ескі күре жолдың аты (Бетпақдаланың шығыс атырабы мен Балқаш жиегін бойлай өтетін қатынас жол). 2) *Хан жолы* реестрін қараңыз. Қазіргі шартты түрде «Жоңғар қақпасы» делініп жүрген асу арқылы өтетін (Қаптағайдағы) жол да ел аузында солай аталады және Жоғарғы Қанжолы, Төменгі Қанжолы болып екіге бөлінеді.

**Қанқорық** — Бетпақдаланың оңтүстік-шығысында-

ғы даланың аты. *Қорық* тұлғасы (обл.) *қорыс* (қорс) мәндес сөйлемше (*қар.*).

**Қансеңгір** — дөңес аты (Батыс Қазақстанда). «От сеңгір» мәніндегі атау. *Сеңгір* атауының этимологиясын қараңыз.

**Қансу** — Маңғышлақ облысындағы (Үстірттегі) көне арнаның аты. «Отсу» мәніндегі атау.

**Қантағы** — тау аты (Қаратаудың бір сілемі. Оңт. Қазақстан). Көне *хан* (*қар.*) және *тағ* (*қар.*) тұлғаларынан қалыптасқан атау. Грамматикалық форма жағынан *тағ* сөзі *қан* тұлғасына *ы* дыбысы арқылы тәуелденген. Бұл форма бір мағыналы сөздердің қабаттасып келген кезегі — көне топонимдерге тән құбылыс.

**Қантауы** («Қантау» деп те айтылады) — тау, елді мекен аттары. *Қантағы* пара-пар. Фонетикалық құбылған түрін *Хантау* реестрінен қараңыз.

**Қаншабылған** — өзен аты (Ащюйылдың оң саласы. Торғай обл.). *Этим.*: «Мол шабындық» мәніндегі көне атау.

**Қапал**<sup>1</sup> — мекен аты (Іле Алатауының сағасы, Алматы обл.). Қаз. этникалық тобы бойынша қалыптасқан атау (Дулат тайпасының бір бұтағы). *Қапалшегір* атауымен салыстырыңыз.

**Қапал**<sup>2</sup> — мекен, аудан, село аттары (Талдықорған обл.). Қаз. *қопа* тұлғасына + *лы* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Орыс тілінің дауыстылар заңдылығы бойынша «Копальск» түрінде таңбалану салтынан қазақ тіліндегі жазылу және айтылу түрі *қапал* формасын қабылдап кеткен. Бұл форманың өзге мәні жоқ.

**Қапаларасан** — мекен (арасан) аты. «Қапалдағы арасан». Шын мәнінде «Қопалы Арасан» мағынасын береді.

**Қапалшегір** — Балқаш көлі маңы жазығындағы мекен аты. Қос этноним (қапал және шегір). Бұл екі

этнонимнің этнографиялық шекаралары дәл келіңкі-ремейді, өйткені *қапал* этнонимінің мекен жайлары Алматы және Жамбыл облыстарының орталық аудандары жерінде болғанда, *шегір* этнонимі ғана мекен жайына дәл келе алады. *Байшегірмен* сал.

**Қапас** — Ақширақ шоқысындағы мұздықтың аты. (Алтайдың Бұқтырма өзені содан бас алады. Шығыс Қазақстан обл.). *Қаз. қапас (зат.)* ауыс мағынада «қапырық» мәнінде.

**Қаптағай** — тар шатқалдың аты (Жоңғар Алатауы). *Қаптағай* тұлғасы көне түркінің (*қапчал* < *чачал* жүйелес) *қапчағай* тұлғасымен пара-пар болуы керек. «Қыспақ» мағынасын береді. Географиялық атау ретінде республиканың оңтүстік-шығыс атырабында да бар.

**Қапшағай** — Іле аңғарына салынған бөген, қала аттары. Осындай топоним (мекен) Шымкент облысының Алғабас ауданында да бар; *түр.-монғ. қап* (қабу, қысу) етістігіне сындық *-чы* және кішірейткіш *-ғай* (*қар.*) қосымшаларын жалғастыру арқылы жасалған атау. *Қаз.* «шатқал», «таршат» сөзінің өтеуін береді.

Кейбір қазіргі түркі тілдерінде бұл терминнің осы *қап* түбірінен келетін *қапчығай* > *қапчал* тұлғалары сақталған. Соңғы форма алтай тілінде (143. 50).

**Қапшықтау** — тау аты (Қызылорда обл.). Ұқсастыру жолымен қойылған атау. «Төртбақ тау» мағынасында. *Тарғаппен* салыстырыңыз.

**Қараайғыр** — өзен аты. *Көне түр. қара* және *айрығ* сөздерінен (соңғы компоненті метатеза түрінде) қалыптасқан атау.

**Қараадыр** — адыр аты. «Қара отты адыр» мағынасындағы атау. «Қалыңадыр» мағынасында да айтылуы ықтимал.

**Қараалаң** — құдық, мекен аты. Әуелде түске байланысты атау (құдықтың басы).

**Қарарша** — тау мекенінің аты. «Қалың арша» мағынасындағы атаулар.

**Қарабайтал** — таулы мекен аты. Көне атау: *қара* және *бай* + *тал* компоненттерінен құралған. *Қара* және *байтал* сөздерінің семантикасын қараңыз.

**Қарабақанас** — көне заманғы арналардың аты. «Қара отты бақанас» мәніндегі атаулар. *Бақанасты* қараңыз.

**Қарабала** — мекен аты (Батыс Қазақстанда). *Қаз.* этникалық топ аты бойынша қалыптасқан атау.

**Қарабалық** — 1) Қостанай облысындағы елді мекен аты (қыпшақтардың ру тобы бойынша қалыптасқан атау); 2) Сырдария өзенінің басты саласының аты. Этимологиясы мәлім емес.

**Қарабас** — мекен, т. ж. ст.-сының аттары (Қарағанды обл.). Өсімдік аты (өлеңшөп). Этноним де бар.

**Қарабастау** — елді мекен аты (Шу-Іле жотасының Тамғалы сайында). «Адам мен мал шоғырланған жер» мәніндегі атау.

**Қарабастұз** — суы тартылған көл аты (Семей обл.). *Қаз.* *Қарабас* этникалық топ атымен аталады. Қарабастұз көлінің түбінен көнедегі алып жануарлардың қаңқалары табылды (199. 22. 03. 1970).

**Қарабатан** — мекен аты (Маңғышлақ обл.). *Түр.* (оғұз) *қара* + *батан* сөздерінен құралған атау. Оғұз тобы тілдерінде *батан* формасы (*ет.* өткен шақ формасы) *батқақ*, *батпақ* мәндерінде айтылатыны байқалады. *Қ.* — «қарабатпақ» мәніндегі атау.

**Қарабауыр** — мекен аты (тау баурайындағы жазықтың аты). «Ықтасын жер» мәніндегі атау (60. 57).

**Қарабал** — көне заманғы құрылыс қалдықтары бар мекен аты (Сыр бойындағы орта ғасырлық Сығанақ қаласының орны). *Көне түр.* *қара* және дыбыстық жағынан *ар.* қос ерінді *дз* (*абдз*) терминдерінен қалыптасқан атау. *Қайыс* бұйымдарын жасаушы (мекен) мағынасын береді.

**Қарабек** — биік дөңнің аты. *Көне түр.* *қара* және *бейек* сөздерінен кіріге қалыптасқан атау.

**Қарабелдеу** — мекен аты, әуелде белдің аты. *Қаз. (арх.) қара* және *бел + деу*, яғни *бел* тұлғасына шырай категориясына тән *-деу* аффиксін жалғау арқылы қалыптасқан атау. «Кіші-гірім бел» мәнін береді.

**Қарабидайық** — толып жатқан мекен, көл, өзен аттары. *Қ.* — дәнді өсімдіктердің бір түрі.

**Қарабие** — Алматы және Жезқазған облыстарындағы шатқал аты, сонымен бірге Солтүстік Қазақстан облысындағы қалың тоғайдың аты. *Көне түр.-монғ.* *қара* және *бәе (бые)* сөздерінен қалыптасқан атау. «Биіккемер», «Биік жаға» немесе «Биік қия» мәндеріне жақын атау. *Қара* және *бие* терминдерінің семантикалық мағыналарын қараңыз.

**Қарабілік** — кіші-гірім жотаның аты. *Көне түр.* *қара* және *билик* компоненттерінен қалыптасқан атау. Соңғы компонент *көне түр, бил* (*қаз.* бел) түбіріне *-лік* қосымшасын жалғау арқылы түрленген тұлға; *-лік, -лық, -дық, -дік, -тік* жұрнақтары зат есімнің әуелгі мағынасын үстемелеп, айқындай түсетін жұрнақтар.

**Қаработа** — мекен, өзен аттары (Орталық Қазақстан). *Түр.* *қара + бота*: «қалың бұта» мағынасындағы атау. *Қара* және *бота* сөздерінің фонетикалық түрленуін қараңыз.

**Қарабұйрат** — Орталық Қазақстандағы бұйратты жер аты. «Қалың бұйрат» мағынасындағы атау (60. 57.)

**Қарабұқа** — мекен, өзен аттары (Орталық Қазақстан). *Түр.* «қарабұғы» — дәрілік өсімдік аты.

**Қарабұлақ** — Қазақстандағы толып жатқан бұлақ аттары. «Қарасу» атауымен пара-пар (*қар.*).

**Қарабұта** — дала, елді мекен аттары (Семей обл.). «Қалың бұта» мағынасындағы атау. *Қаработа* пара-пар (*қар.*).

**Қарағайлы** — мекен (тау бөктері), бұлақ аттары. Орталық Қазақстанда көлдің де аты. *Қаз. қарағай* тұлғасына сын есімдік *-лы* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Осы атаумен байланысты ескеретін бір елеулі қателік бар. Алматы қаласының іргесіндегі *Қарағайлы* бойына орналасқан демалыс үйінің аты *Қарғалы* түрінде жаңсақ жазылып, онымен тұрмай, орысша грамматикалық категория белгісі *-ика* (Каргалинка) аффиксі қосарланып жүрген жайы бар. Ал, шындығында, бұның Қарғалы атауымен туыстығы да жоқ.

**Қарағайты** — тау, төбе аттары. *Көне түр. Қарағай* және *ту* сөздерінен кіріге қалыптасқан атау. *-ту* формасы көне түркі тілдерінде тау мағынасын береді. Қазақстан топонимдеріндегі *-ты*, *-ті* форманттарының тарихи лексикалық мәндерін қараңыз («Топонимика Востока». 1969, 146-б.).

**Қараған** — Қазақстан бойынша едәуір тараған мекен аты. Солардың бірі Каспи жағалауындағы *айлақ* аты (Гурьев обл.).

Қараған — бұршақ тұқымдасқа жататын ағаштың және бұтаның аты.

**Қарағанды** — мекен, өзен, бұлақ, қала (Қарағанды облысының орталығы) аттары. *Қараған* — өсімдік аты. *Қараған* сөзіне *-ды* қосымшасы жалғанған атау.

**Қарағаш** — көптеген мекен, тау, адыр, дала аттары. Қарағаш топонимдері қара және ағаш сөздерінен қалыптасуы мүмкін емес. Бұл атау көне түркілердің қарақас, қарағас этнонимдерінің сарқыншақтары болуға тиіс.

**Қарағашты** — өзен аты. *Қаз. қарағаш* зат есіміне сын есімдік *-ты* жұрнағын жалғау арқылы қалыптасқан атау.

**Қарагем** — өзен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Көне түр. қара* және *кем* сөздерінен қалыптасқан атау. Екінші компоненттің бастапқы қатаң (*к*) дыбысы айтыла келе ұяң *г* формасын қабылдаған. *Көне кам, кем*

тұлғаларының компоненттесетін кезектерінің бірі Кемін гидронимінен айқын көрінеді. Қарагем атауы қазіргі Қарасу атаулары мәндес (қар.).

**Қарадала** — мекен аты. Қаз. «қара отты дала» мағынасындағы атау.

**Қарадария** — өзен аты. Түр.-ир. «қардария» мәніндегі атау.

**Қараертіс** — өзен бастауы, елді мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.). Қ. атауы түске қатысты гидроним деп айту дәлелсіз. Түр. «қар ертіс» мәнін берген атау.

**Қаражайлау** — мекен аты (*жайлау*). Қаз. «қара отты жайлау» мәніндегі атау. Демек, далалы жерлер. Аққыстау атауы осыған антонимдес (*қар.*).

**Қаражал** — биік жал, өзен аттары. Сондай бір жал аты бойынша *жұм. пос. аты* (соңғысы Орталық Қазақстанда). *Ақжалмен* салыстырыңыз.

**Қаражамбас** — Бозашы түбегіндегі едәуір биік жонның аты. *Қара* және *жамбас* сөздерімен қалыптасқан атау. Осы компоненттердің топонимдік мәндерін қараңыз, дәлірек айтқанда, *Қара* және *Жамбасжол* атауларының мәндерін қараңыз.

**Қаражар** — Ақтөбе және Көкшетау облыстарындағы мекен аттары, сонымен қатар Торғай облысындағы (Науырзымдағы) көлдің аты. Түр. «Биік жар» мәніндегі атау.

**Қарақабак** — мекен аты (Павлодар обл.). Қаз. *қара* және *қабак* сөздерінен қалыптасқан атау. «Қар жатпайтын қабак» мәндес атау. Ол жерде қазірде *Жаңа-тілек* атты елді мекен бар. Соңғы топоним «Қарақабак» атауын теріске балап, тәрк етудің көрінісіне ұқсайды.

**Қарақамыс** — өзен, көл және Темір қаласының б. аты (Ақтөбе обл.). «Қалың қамыс» мағынасындағы атау.

**Қарақас** — мекен, елді мекен аты. *Сал.:* *Қарақаш* және *Қаш* — Шығыс Түркістандағы алқап аттары.

**Қас** — Орталық Азиядағы өзен аты. **Қаш** — Орта Азиядағы елді мекен аты. **Қарағаш** пара-пар (қар.).

**Қарақасқа** — көл, мекен аттары. «Айдынды» (көл), «тегіс жазық» (дала) мәнді атаулар.

**Қаракемер** — өзен арналарының (көбіне тартылған арналардың) аты. *Этим.*: бір жақ қабағы биік су орған арна (226. 371). *Ақкемермен* салыстырыңыз.

**Қаракеткен** — елді мекен аты (Қызылорда обл.). Қазақтардың кіші-гірім руының аты.

**Қаракету** — Бозашыдағы сордың аты (Маңғышлақ обл.). Мағынасы: *көне түр.* «батпақ өткел». *Қараөткелмен* салыстырыңыз.

**Қаракөл** — көл аты (Жезқазған, Гурьев, Қызылорда және басқа облыстарда). *Түр.* «көзді көл» мағынасындағы атау. Олай аталу себебі бұл тіркестегі *қара* сөзі «жер» мағынасында. *Қарасумен* салыстырыңыз.

**Қарақобда** — қырат аты (Ақтөбе обл.). *Түр.-монғ.* *қара + қоба* тұлғаларынан қалыптасқан атау. Мағынасы: «қыратты алқап».

**Қарақобы** — ескі арнаның аты. *Көне түр.* *қара* және *қобы* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Қарақоға** — елді мекен аты. «Қалың қоға» мәніндегі атау.

**Қарақойын** — мекен аты (Торғай обл.). *Көне түр.* *қара + қой + ын* қосымшасы жалғанған атау. Мағынасы: «қалың қыстақ». Сөзбе-сөз: «қалың елдер».

**Қарақойтас** — мекен аттары. *Қаз.* *қара* және *қойтас* сөздерінен қалыптасқан және көп тараған атау.

**Қарақол** — Орта Азия атыраптарында көп тараған өзен аттары, әсіресе Қырғызстанда көп кездеседі. Қазақстанда бұл аттас өзендер Семей, Көкшетау, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында ұшырасады. Мағынасы: «қалың бұлақ». *Қол* — түркі тілдерінде бұлақ, кіші-гірім өзен мәніндегі сөз.

**Қарақоныс** — мекен аты. Ол жердегі елді мекен



Масанчи аталады (Жамбыл обл.). Қаз. «байырғы қоныс, атамекен» мағынасындағы атау.

**Қарақопа** — Қазақстанның әр жерінен кездесетін дала, көл аттары. Қаз. «батпақ қопа» мәніндегі атау. *Қопа* сөзінің этимологиясын қараңыз.

**Қарақұдық** — көптеген құдықты мекендер аты. «Қарақұдық» бұлақтың да аты (Солтүстік Балқаш атырабында). «Қара» сөзі құдық басының қарайып көрінетін түріне орай айтылуы керек.

**Қарақұм** — Қазақстанның оңтүстік аймағын алып жатқан құмдардың аты. А. Н. Кононов пен Э. М. Мурзаевтың топшылауынша *қара* сөзі кейбір топоним тұлғаларында, *ақ* сөзі сияқты, көне түркілердің түстік сын есім ұғымын емес, *жер* ұғымындағы термині болғандай, сондықтан *Қарақұм* атауын құмның түсін көрсететін топоним деуден гөрі «құмжер» деп ұққан дұрыс. Мәселен, осы күнгі түрікмендер *Қара* (құм) сыңарымен келетін осы бір сөзді *Аққұм* делінетін құм атауларындағы *ақ* сөзінің керісінше «өсімдік дүниесі қалыптасқан» құм есебінде ұғады.

**Қарақұлжа** — мекен аты (Орталық Қазақстанның шығыс атырабында). Қ.— бұл күнде антропоним түрінде сақталған.

**Қаракүр** — мекен (мал жайылымы) аты. *Түр. қара + күр* сөздерінен құралған атау: «қара оты құлпырған» мағынасында (226. 469). Қаз, диал. күрлеу (құлпыру) етістігімен салыстырыңыз (124. 5-т., 368).

**Қарақұрт** — Қазақстанның оңтүстік атыраптарындағы мекен аты. *Қаракүр* формасына *түр.-монғ. -т* қосымшасы жалғанған көпшесінің қазақ тіліне бейімделуі.

**Қарақыз** — мекен, түгі таймайтын отты даладың аты (Жамбыл обл.). *Түр. қарақ* және *көз* сөздерінің кіріге тіркесуінен қалыптасқан атау. Келе-келе *қарақыз* тұлғасына айналған.

**Қарақыстақ** — өзен, елді мекен аттары (Алматы

және Жамбыл обл.). *Қара* және *қыстақ* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Қаралабақ** — мекен аты. *Қаз. қара + ала + бақ* компоненттерінен құралған атау.

**Қараман** — мекен, елді мекен аттары (көбіне оңтүстік аймақтарда). Осы аттас топоним Торғай облысының Аманкелді ауданында және Маңғышлақ облысында кездеседі. Арғы тегі *қаз.* этникалық топ аттары бойынша қалыптасқан топонимдер. *Көне түр. қараманлы* этнонимімен салыстырыңыз.

**Қарамеңде** — өзен аты (Тоқырауынның бір саласы, Жезқазған обл.). Этнотопоним. Беріде антропоним.

**Қараметнияз** — мекен аты. *Түр. қос. этноним (қарамет және нияз)* бойынша қалыптасқан атау.

**Қарамола** — мекен аты. «Қалың мола» мағынасындағы атау.

**Қарамұрт** — пос. аты (Шымкент обл.). *Қаз.* этникалық топ атауы бойынша қойылған топоним.

**Қарамұрын** — елді мекен аты (Жезқазған және Қызылорда облыстарында). *Қаратұмсықпен* мағынасы бір (*қар.*)

**Қарамырза** — елді мекен аты. Түркі этнонимінен қалған атау.

**Қаранұра** — өзен (Нұраның саласы). «Нұраның қайнар бұлағы» мәніндегі атау. «Қара» сөзі *қайнар, көз ұғымын* береді. *Қарасу* атауларындағы осы сөздің мәнімен салыстырыңыз.

**Қараөзек** — мекен аты. «Қара отты (жиегі) өзек» мәніндегі атау.

**Қараөзен** — өзен аты (Орал обл.). «Қара отты (жағалауы) өзен» мәніндегі атау.

**Қараөткел** — топтап мал айдайтын немесе жүргінші көп жүретін өткел аты. «Лайлы өткел», «жағалаулары тапталған өзен» мәніндегі атау. Бұл этимологияға Целиноградтың бұрынғы аты (Ақмоланың дублеті) Қараөткел атауы толық үйлеседі.

*Түр. Қаракегу* топонимімен салыстырыңыз.

**Қарасаз** — саздың аты. *Қара* сөзі «жер» (грунт) мәнінде. Бұл атаудың өзіндік сипаты сол — жер асты суы жер бетіне тым таяу жатады. Сондықтан да бұл атау көнедегі «жер-су» немесе «саз-су» ұғымындағы сөз тіркесін толық дәлелдейді.

**Қарасамар** — көл аты. *Қара* және *самар* сөздерінен құралған атау. Кейбір түркі және иран тілдері диалектілерінде *самар* сөзі «үлкен астау» ұғымын береді. *Қарасамар* атауы шартты түрде «су қоймасы» ұғымына жақын (9. 402).

**Қарасеңгір** — тау аты. Тарбағатайдың бір сілемі (Шығыс Қазақстанда). «Үлкен сеңгір» мәніндегі атау. *Сеңгір* тұлғасының этимологиясын қараңыз.

**Қарасу** — Қазақстанның көптеген өзен, бұлақ, толып жатқан елді мекен және басқа объектілер аттары. *Қарасу* атауларындағы *қара* сөзі судың түсіне қатысты сөз емес. Қарасу ұғымы ежелден-ақ «мөлдір су», «сусын» мәнін берген. «Бір ұрттам қара су көз көрім жерге апарады» деген халқымыз.

Ілгеріде келтірілгендей және түркі тіл топонимдерін зерттеушілердің бір мәмлеге келін болғанындай: *қарасу* — үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы *қара* сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Сондағы мағынасы, біздің ұғып келгенімізден өзгешерек «жер суы» (грунт) деген ұғымда.

**Қарасуан** — Қаратаудағы (асудағы) қыстау аты (Шымкент обл.). *Түр.* этникалық тобы бойынша қойылған атау.

**Қарасуат** — Орталық Қазақстандағы көлдің аты. *Түр. қара* және *суат* сөздерінен қалыптасқан атау. «Сулықөл» мағынасындағы атау.

**Қарасуық** — Орталық Қазақстандағы бір мекен аты. *Түр.* қарасу тұлғасына мекен-жайды меңзейтін

-ық қосымшасы жалғанған атау. Мағынасы: «қарасу жақ».

**Қаратабан** — Ақтөбе облысындағы даланың аты. *Қаз. қаратабан* (эпитет) «абат жер» мәніндегі атау.

**Қаратай** — Қазақстанның шығыс және орталық атыраптарындағы мекен аты. *Түр. қара және тай* сөздерінен қалыптасқан көне атау. «Қаратаумен» парпар («тай» сөзінің этимологиясын қараңыз).

**Қаратал** — Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық өңіріндегі жер аттары. Талдықорған облысында таудың, ірі өзен (Балқашқа құяды), поселке және аудан аттары. Қаратал нұсқасы түркілердің этнографиялық ғұрыптарынан да орын алғандай. Мәселен, қырғыздың Құшчү ру-тобының ұраны «қаратал» (226. 350). Қырғыздың солты тайпасының ұраны да «қаратал» дейді Ш. Уәлиханов (35. 338).

**Қаратамақ** — мекен аты (Ақтөбе обл.). «Екі өзеннің сағалай құйған жері». *Башқ.* топонимі *Сверлита-мақпен* салыстырыңыз (196. 152).

**Қаратасты** — өзен аты (Бурылтайдың бір саласы. Көкшетау обл.).

**Қаратау** — жеке таулардың, тау жондарының (Қазақстанның оңтүстік-шығыс атыраптары), биік қыраттардың (Маңғышлақ түбегі) аттары. Э. М. Мурзаев: «бұл атаудағы *қара* сөзі түспен байланысты, өйткені Қаратауларда өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» дейді (149. 103).

**Қаратерең** — көл (Арал теңізінің жағалауындағы көл, б. Қосарал), елді мекен аттары. *Қаз. (арх.)* «биік жаға» мәніндегі атау.

**Қаратөбе** — республика бойынша толып жатқан мекен, төбе, тау, елді мекен аттары. *Этим.:* *қара* (хара) — *көне түр.* немесе *түр.-монғ.* қабаттарының «төбе» + *қаз.* «төбе» сөздерінен құралған — «төбе + төбе» мәніндегі атау.

**Қаратұма** — тұма, мекен аттары. *Этим.*: «адам мен малдың шоғырланған жері», «тапталған, қарайған жер» мәніндегі атаулар. Арал теңізінің шығыс жағалауындағы шығанақтардың бірі *Қаратұма* аталады.

**Қаратұрық**<sup>1</sup> — көне қоныс орны, село аты (Алматы обл.). *Этим.*: *қара* сөзі анықтауыш ролінде қалың, ығы-жығы мағынасын береді, *тұрық* немесе түркінің *тұрұқ* сөзі «үй-жай, қора-қопсы» мағынасын берген тұлғалар. К. К. Юдахин қырғыз фольклорынан келтірген үзіндіде:

«Мейлің көшіп қорық қыл,  
Мейлің қонып тұрық қыл»

осы тұлғаның мәнін тапжылтпай ашып берген (226. 409; 82. 107; 35. 449).

**Қаратұрық**<sup>2</sup> — ертеден Қаңлы тайпасының Қарақаңлысынан тараған Еңке, Танта руларының тұрақ қонысы. Шамамен VI—VIII ғасырларда салынған. Сондай-ақ Орхон ескерткіштерінде «Тұрұқ», «я тұқ» (жатақ) сөздері мал өсіруші халықтар қонысы мағынасын білдірген. Қ. аты осы төркіннен шықса керек (Қазақ Совет Энциклопедиясы, Алматы, 508-б.).

**Қаратүп** — Каспи теңізі жағалауындағы түбек аты. *Қара* және *түп* атауларын қараңыз.

**Қарауыл** — мекен аты. Этнотопоним.

**Қарауыладыр** — адырдың аты. «Қарауылдардың адыры» мағынасындағы атау. Этнотопоним.

**Қарақұжыр** — тау аты. *Көне түр. қара + хожұр*; сөзбе-сөз (*қаз.*) «қара құс» мәнін береді. Көне түркі этнонимі.

**Қараш** — тау, асу, алқап аттары (Алматы обл.). Жергілікті тұрғындар Қараш-Қараш түрінде қос тұлғалап та атайды, соңғы түрі едәуір аймақтың, яғни тау, асу, алқаптардың өтеуін тұтас береді. Атаудың жалпы тұлғасында түркі этнонимдерінің нұсқасы бар

сияқты. Оны ноғай этнонимі *қарас* сөзімен салыстырып та көруге болады.

**Қараша** — Оңтүстік облыстардағы тау жайлауларының аты. *Қаз.* *қар* және *аша* сөздерінен қалыптасқан атаулар. *Қаз.* ай атымен байланысы жоқ.

**Қарашақұлақ** — мекен-жай, көлдің аты (Орталық Қазақстан). *Түр.* *қараша* және *құлақ* сөздерінен қалыптасқан атау. *Қараша* — түстік сан есім («Қарауытқан» мәнінде) + *құлақ* — «құламалы». *Жарқұлақпен* салыстырыңыз.

**Қарашалғын** — дала, елді мекен аттары (Целиноград обл.). «Қалыңшалғын» мәніндегі атау.

**Қарашан** — Сарыарқадағы көлдің аты. Өз кезінде түркілердің сөйлеу тілінде өркен жайған *қара* және *шан* тұлғаларынан (соңғысынан *шанақ* сөзінің түбір тұлғасы) құралған фраза.

Қазіргі тілімізде бар эмоциялы «*Қара қазан*» тіркесімен салыстырыңыз.

**Қарашеке** — мекен аты (Жезқазған обл.). *Қаз.* *қара* және *шеке* сөздерінен қалыптасқан атау. Көне заманғы қазындылардың орны. Аз-кем эмоциялы-экспрессивті мәні бар «шекесі ойылған, дағы бар төбе-жота» мәніндегі атау екенін ұғынуға болады.

**Қарашеңгел** — елді мекен аты. «Қалың шеңгел» мағынасындағы атау.

**Қарашілік** — мекен аты. «Қалың шілік» мағынасындағы атау.

**Қарашоқат** — мекен, кіші төбе аттары. «Қалың шоқаттар» мәніндегі атаулар.

**Қарашоқы** — тау, оба аттары (Талдықорған обл.). «Биік шоқы» мәніндегі атаулар. *Қара* сөзі — түстік сын есім тобына жатпайды.

**Қарашолақ** — төбе, көл және жайылым аттары (Орталық Қазақстан). «Шолақтөбе» мәніндегі атау. Анықталғыш *қара (төбе)* сөзінің анықтауыш шолақ

сөзінен бұрын келуі топонимнің көне екенін көрсетеді.

**Қарашоңғал** — биік төбенің аты. «Кесек қойтастарымен көзге түсетін төбе» (141. 64).

**Қарашүмек** — өзен, мекен-жай аттары (Шығыс Қазақстанда). «Сыздықтап аққан қара су» мәніндегі атау.

**Қарашыған** — Арал теңізінің, Балқаш көлі мен Алакөлдердің шығанақ аттары. Сөзбе-сөз «төбе шыған» немесе «шыған төбе» мәндес атаулар. «Қара» сөзі шығанақтың биікке тірелген тұсын көрсетеді. *Қарашыған* атаулары өздерінің грамматикалық құрылысы жағынан *Қарашолақ* атауымен тұтастығы байқалады. Сонымен бірге гидронимдердегі *шыған* компоненттерінің *шығанақ* сөзімен ұғымдас екенін осы атаудан байқауға болатындай. Оған мынадай дәлел бар: Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс атырабындағы осы объектінің (Қарашығанның) екінші аты — «Тілеубайдың шығанағы». Өткен ғасырда осы атыраптарды тәуір зерттеп, картаға түсірген А. Голубев «казахи топоним Карашыған (у юго-вост. берегов оз. Балхаш), иногда попросту называют Тлеубайдын шығанагы (бұл жөнінде А. Голубевтің «Географическая карта оз. Балхаш» деген жазбасын қара.).

**Қарашығанақ** — теңіз және көл жағалауларындағы шығанақтар аты. «Қара» компоненті жағалаулардың биіктігін көрсетеді.

**Қарашық** — тау жотасының (Оңтүстік Қаратау. Шымкент обл.), өзен аттары. *Қарақ* пара-пар (*қар.*).

**Қарғалы** — өзен, пос., село, жайлау, қыстау т. б. аттары. *Қарғалы* атауы Қазақстан жерлерінен басқа Батыс Монғолия, Сібір, Тува және Еуропаның Солтүстік атыраптарына дейін таралған (146. 103). Қазақстанда тек таулы-тасты жердің өзендері. «Қарға терминінің осындай ұлан-асырға сіңісті болуы таңдандырмай қоймайды, — дейді Э. және В. Мурзаевтер. — Бүкіл Ев-

разияның елдерінен табылады». Әрине, өзімізге таныс *қарға* сөзіне *-лы* жұрнағы жалғанған атау деп қарау жөн болмас еді, бірақ евразиялық *қарға* элементінің мәні олай емес. Тарихи-семантикалық жағынан *қарға* тұлғасы *көне түр.* «қойтас» немесе «сандықтас» ұғымын беретін термині, сонда Қарғалы немесе Қарғалық атаулары «сондай тастардың мол үйілген жері» деген мағынаны береді (136. 162).

**Қарғалытау** — тау аты (Торғай үстіртінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі жон). *Көне түр.* «Қойтасты тау» мағынасындағы атау.

**Қаржантау** — Қаратау жотасының солтүстік баурайындағы тау жайлауы. Этнотопоним. «Қаржандар тауы» мәніндегі атау.

**Қарқара** — тау, өзен және елді мекен т. б. объектілер аттары (Алматы обл.). *Арх.* қыздар киетін сәулетті бас киіммен қатысы жоқ. *Қар* форманты тым көне топонимдік *гар* («биік») формасымен қатысты болуы мүмкін. Мысалы, *Қалқағар, Талғар* т. б. Олай болған күнде *Қарқара* атауының мәні «биік (тау) қыры» деген ұғымға жуықтар еді. Оған *Қарқара* топонимінің қырғызша сөйлеу тіліндегі (ресми де) *Қарқыра* формасы септігін тигізер еді («Советтик Қырғызстан», 1965, 28 июль). Сөйтіп, *Қарқара* атауын қазіргі қазақ тілінде «биік қыр» ұғымына жақын деуге әбден болады.

Монғол Халық Республикасы жерлеріндегі *Хархира* атауларын біздің Қарқараның дублеттері деп білеміз (149. 307).

**Қарқаралы** — тау, өзен, қала, село аттары (Сарыарқада). *Көне түр.* *Қарқара (қар.)* тұлғасына *қаз. -лы* қосымшасы жалғанған атау.

**Қармақшы** — ҚТІІ. *Түр.* қормақ (құру) етістігіне кәсіптік *чі* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. «Құрушы» немесе «құрылысшы» (тұрғын үй, ғимарат,



қорған және басқалар). *Тат. Қурдим* атты елді мекенімен салыстырыңыз.

**Қармыс** — мекен аты (Шымкент обл.). *Қаз.* этникалық топ бойынша қалыптасқан атау.

**Қарнақ** — Сыр бойындағы елді мекен аты (оғұз тайпаларының көнедегі қаласы орнына салынған мекен). Этноним.

**Қарой** — кіші-гірім аймақ аттары. *Түр. қара* және *ой* сөздерінен құралғандай, бірақ мағынасы тым бұлыңғыр. *Қарой* атауы республика бойынша кездесіп қалып отырады. Бір қызығы сол *Қараой*, біздің ойлайтынымыздай, ойпаң жер емес, тұтасқан таулы үстірт төбе тізбегі, қырқа, биік-биік құм жоталар. Ғылыми әдебиеттерде келтірілгендей, Алматы облысының *Үлкен Қаройы* өзінің геоморфологиялық сипаты жағынан, *ой* болудан гөрі, Жоңғар Алатауының батыс сілемінің, атап айтқанда, Малайсарының сүйірленген тұсы. Осы тұста оны Ле өзені кесіп өтеді (Қапшағайды қараңыз). Осы *Қаройды* Е. А. Казанская былай деп суреттейді: «...Қарой дегеніміз өте көне заманда қираған таулардың орнында жатқан таулы үстірт, биіктігі 600—650 м-дей келеді. Жекелеген жалаң төбешіктері болмаса бұл таулы үстірттің беті жазық тегіс деуге болады. Орталық тұсының жайдақ бел-белестері, кіші-гірім сай-салалары көп. Қаройдың оңтүстік атырабы Балатасқабақ, Балатаспара, Шошқалы атты төбе-шоқыларымен шектеледі» (89. 39 және 57). Енді бір деректе: «Қарой дегеніміз Айтаудан асып, Күртіден өткен соң көзге түсетін жон. Оның солтүстік пен оңтүстік бүйірлері құммен көмкерілген» (14. 40). Келтірілген деректерді Қаройдың физикалық-географиялық қасиеттерімен салыстыра отырып, біз бұл атаулардағы *қара* компоненті ежелгі «қыр, жон» мәніндегі көне қабаттардан деп айта аламыз. Ал *ой* компоненті қазіргі қазақ тілі негізіндегі тұлға, яғни қатысты түрде «төменгі, төмен жақ» деген ұғымын береді. Сонымен

бір атаудың екі компоненті өздерінің генезисі жағынан екі түрлі тілдік құбылысқа меңзейтінін байқаймыз. Компоненттердің орын тәртібі тіліміздің қазіргі грамматикалық нормасына сай келмейді. Сондықтан да бұл мәндес атаулардың *ойқара* орнына *қара* ой түрінде қалыптасып бекінгенін көреміз.

**Қарсақбай** — қала типтес поселкенің аты (Жезқазған обл.). Әуелде жайлау аты. Қаз. антропотопоним. Осы аттас мекен-жай Гурьев облысының Индер ауданында да бар. Адам аты бойынша қойылған.

**Қаршығалы** — мекен, бұлақ аты (Орталық Қазақстанда). Қаз. *қаршыға* тұлғасына *-лы* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау.

**Қарынжарық** — құм аты (Маңғыстау түбегі мен Үстірт аралығында). *Қарынжарық* — жарлы жылғалар: әуелде «қарлы жарық». Айтыла келе жаңа формаға ие болған.

**Қарынсалды** — өзен аты (Торғай обл., Торғай өзенінің бір саласы). «Қарынсалды» тіркесіндегі бірінші компоненттің түбірі *қар* (С. Шүкіров. — 127. 3. 09. 1982), ал *қарын* формасы сол түбірдің «салды» етістігімен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуіне байланысты туған форма. Өзеннің қар суымен қоректенетін күйін баяндайтын тіркес.

**Қарынсарық** — мекен аты (ойпаң жер. Маңғышлақ облысындағы Үстірттің баурайы). Қаз. *қар* (зат.) және *сарқ* (ет.) тұлғаларынан қалыптасқан атау. Бұл атау өзінің конструкциясы жағынан «Қарынсалды» жүйелес. *Қар* суының сарқылуын өмірдегі елеулі фактор қатарына қойған.

**Қаскелең** — өзен, асу, қала және аудан аттары (Алматы обл.). *Көне түр. Қашқа* және *йелең* тұлғаларынан қалыптасқан атау. *Этим.*: «тасқынды су» мәндес атау.

**Қасқаайыр** — мекен аты (Орталық Қазақстанда). Қаз. этникалық топ бойынша қойылған атау.

**Қасқабас** — таулы мекен аты. «Бәрі көздің алдындағыдай» деген ұғымда қалыптасқан атау. Келе-келе этнонимге сіңген. Қырғыздың Солты тайпасының бір руы *Қашқабаш* (сал.).

**Қасқабұлақ** — әр тараптағы бұлақтар аты... «Қасқа» компоненті бұлақтың көзге шалымдылығын, арнасының алыстан көз тартатындығын, «табанасты» еместігін баяндайды.

**Қасқақұм** — құмның аты. «Өсімдік өспейтін құмды жер» мәніндегі атау.

**Қасқаөгіз** — өзен аты (Іленің төменгі бір саласы). Түр. *қашқа* және *үгүз* компоненттерінен қалыптасқан атау. *Үгүз* тұлғасы көне түркі-монғол тілдерінде *өзен* (ағын су) мағынасында қолданылған. *Этим.*: *Қасқасу* атауы пара-пар (*қар.*).

**Қасқасу** — өзен аты. *Қаз.* қасқа және *су* тұлғаларынан қалыптасқан атау. «Әшпақ боп көрінетін тау суларының аты» (әшпақ су).

**Қастек** (сөйлеу тілде Кәстек түрі басым) — өзен, тау асуының аты. Беріде елді мекен аты (Алматы обл.). *Көне түр. қас* немесе *қаш* және *тек* сөздерінен қалыптасқан атау. *Қас* тұлғасы — көне түркі этнонимі (арғы түбірі *қаз*), *тек* тұлғасы синтаксистік жағынан *қас* тұлғасына тіркескен *қатысты сын есім*. *Тек* сөзінің жеке мағынасы «шыққан тегі» ұғымын береді. *Этим.*: «Қас тектес елдер» мәніндегі атау. *Әйтек* этнонимімен салыстырыңыз.

**Қасық** — Оңтүстік және Орталық Қазақстандағы мекен-жай, ауыл аттары. Түр. этникалық топ аттары. Фонетикалық жағынан түркілердің этнотермині ретінде: *аз>аз>һаз* → *һазық>қазық>қасық* түрлерінде эволюциялануы заңды құбылыс (19. 2-т., 1-б. 1963, 553-б.).

**Қату** — тау (Іле алқабы. Талдықорған обл.), елді мекен аттары. *Қату* тұлғасы көне түркінің (қарлұқ тұсы) VIII—IX ғасырлар шамасынан қалған термин:

«қатқан, семген, қаратас» мағынасын береді және дыбыстық өзгерістермен *қатұн//қадын* тұлғаларында Қазақстанның оңтүстік-шығыс атыраптарында жиі ұшырайды. Көбіне таумен байланысты келетін атаулар немесе солардың компоненттері. Семенов-Тянь-Шанский *Қатуды* «жалған жанартау» деп қана қойыпты. Ә. Т. Қайдаров: Қату — *Хотан* өңіріндегі ұйғырлар лексикасында «кереует» деген ұғымды білдіреді дейді. Бірақ ол түсініксіз, мүмкін семантикалық жағынан сондай өң алған «қатыл, жайдақ» жөніндегі диалектілік құбылыс болмаса...

**Қатынадыр** — адырдың аты. *Көне түр. қатын + адыр*: «қатып қалған» немесе «беріш болған адыр» мәндел атау.

**Қатынтау** — тау аты (Жоңғар Алатауының бір сілемі). *Көне түр. қатын + тау* «қатқыл тау» мәніндегі атау.

**Қауылжыр** — елді мекен, т. ж. ст-сының аттары (Ақтөбе обл.). *Көне түр.* этникалық топ атауы. *Қауылжыр//Қауылдыр* атаулары генетикалық формасы жағынан *Чауілдір* этнонимімен туыстастай.

**Қауыншы** — Оңтүстік Қазақстандағы елді мекен аты. Археологиялық мәліметтер бойынша *Қаңлы* мемлекеттері тұсындағы мәдени мұралар табылған мекен. *Қауыншы* атауын «бақшашы, көк өсіруші» мәнінде түсінуге болады.

**Қашар** — өзен, елді мекен аттары (Қостанай обл.). Көне түркілердің *ар* формасында аяқталатын немесе сол формада басталатын этникалық атаулармен туыстасады. Мәселен, *араншы*. «Қақира» транслитерациясы дұрыс емес. *Атар, Топар* этникалық атауларымен салыстырыңыз.

**Қашқанбегім** — мекен аты (Алматы обл.). *Көне түр. қашқан + бәек + ім* (грамм. форма): «қашқан жиек» немесе «қашқан жағалау», яғни «ескі (бұрынғы)

жағалау» (Іленің ескі арнасының жағалауы) мәніндегі атау.

**Қашқансу** — мекен аттары: 1) Жезқазған облысындағы ескі арнаның аты; 2) Арал теңізінің шығысындағы бұрынғы шығанақ орнының аты. *Қаз.* «суы тартылған» немесе «суы ауған» мәніндегі атаулар.

**Қашқантеңіз** — көл (*б.* шығанақ), т. ж. ст.-сының аттары (Балқаштың батыс жағалауы. Жезқазған обл.). Қамыс-қоғалы, суы ащы көл, бірақ «Үлкен Балқаштан» бөлінуімен байланысты солай «бөлінген теңіз» мағынасында айтылып кеткен.

**Қима** — аудан орталығы және село аты (Торғай обл.) X—XI ғасырларда түркілердің *қимақ* этнонимі негізіндегі атау. «Қырғыздардың батыстағы көршісі қимақтар болды. Олар Ертіс бойлап, осы күнгі Қазақстанның солтүстік атыраптарында көшіп-қонып жүрді... Батыс атырабын печенегтердің шығыстағы көршісі қыпшақтар мекендеді. Олар кейін өз алдына бөлек ел боп тұрды (61. 45).

**Қиматас** — мекен аты (Павлодар обл.). *Қаз.* *қима* + *тас* сөздерінен қалыптасқан атау. Мағынасы: «шабылып өңделген, қиылып кесілген, әрленген тас» ұғымына теңеледі.

**Қисықауыз** — мекен аты. *Тур.* «қисық» және ауыз сөздерінен қалыптасқан атау. «Тарауыз» мағынасын береді.

**Қисыққамыс** — мекен, елді мекен аты (Орал обл.). Қамыстың түзу немесе қисықтығы топонимикалық деталь бола алмайды. *Қ. қ.* — өсімдік түріне тән атау. *Сарықамыспен* салыстырыңыз.

**Қиыл** — өзен аты (Ойылдың бір саласы. Ақтөбе обл.). *Қаз.* *қи* етістігіне зат есім тудыратын *-ыл* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. «Қиыл» атауы өзеннің Ойылға қиылып, көлденеңінен құятын сипатын көрсетеді (5. 123).

**Қобда** — өзен аты (Ақтөбе обл.). *Ир. хавза* («су

қоймасы») терминнің біраз икемделген түрі. Бұл терминнің өзге тілдерде *хауз* > *хауза* (Қазақстанның оңтүстік облыстарында тіпті *қауыз*) түрлерінде айтылатындары бар-ды. Осы термин Орта Азия түркі тілдерінде (өзб. ховза, *түркм.*, ховдан) гидронимдерге айналған (13. 242), бірақ мағыналары бір «су қоймасы». Атаудағы *з* дыбысының түрікмен тілінде *д*-ға айналуы заңды құбылыс және қазіргі түрікмен тілінде тіс аралық спирант *дз* сақталып қалған.

Қобда аборигендері өзеннің «су қоймасы» деуге лайық қасиетіне қарай (оған бірнеше өзен құяды), *ховдза* сөзін дыбыстық өзгеріспен өз тілдерінде *Қобда* түрінде қалыптастыруларының қисыны келеді (5. 124).

**Қобланды** — Қобды өзені бойындағы ауыл аты (Ақтөбе обл.). Халық аңызы қазақ эпосының батыры Қобланды есімімен байланыстырады, бірақ оған тарихи не бір ғылыми деректер жоқ. Түркі және монғол аңыздарында небір малтықпа құмдарды, қиын өткел терең қобыларды батырлардың жау тойтарған жерімен үйлестіреді. Бірақ ол да ғылым үшін сенімді дерек бола алмайды. Бұл топонимнің арғы тегі түркі-монғол тілдерінің *қобы* варианттарымен түбірлес келетіндей.

**Қобы** — географиялық термин негіздерінде қалыптасқан атау. Жалпы мағынасының түркі-монғол тілдеріне ортақтығы да, түбір ұқсастығы да бар сияқты: *қаз.* *қобы*, *аз.* *қобу*, алтай-саян түркі тілдерінде *хобу* сөздері «құрғақ арна» мәнінде болса, осы сөздің монғол тілдеріндегі *хоббэ* және *гобо* дублеттері «қалың құм» ұғымын береді.

**Қодар** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Қаз.* «қодыраңдау, қодыраң қағу» етістіктерімен байланысы түсініксіз. Монғол тіліндегі *хұдэр* («тау жынысы») тұлғасының көне түркі тіліне ортақтығы неғайбіл (144. 572).

**Қозған** — мекен, қорық аты (Целиноград обл.). *Қаз.* этникалық топ аты (түркі тілі негізіндегі *қозы*

сөзінен өрбіген атау). Осы сөзге етістіктің *-ла* (*қозыла*) + *-ған* жұрнақтарын (қозылаған) жалғау арқылы қалыптасқан, бара-бара сөз ортасындағы *-ыла* дыбыстарынан арылған туынды тұлғаның қысқарған түрі.

**Қозы-Көрпеш** — мекен аты (Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағалауы, Таңсық разъезінен 12 км). Сондағы көнеден қалған күмбез бойынша аталады. Халық аңызы бойынша ол Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлудың күмбезі.

**Қозыкөш** — өзен аты (Целиноград обл.). Күзгі-қысы аласапырандарда Нұра мен Есілді жалғастыратын өзен. «Екі ортасы бір қозы көш жер» (С. Мұқанов).

**Қойбағар** — елді мекен, т. ж. ст.-ларының аттары (Қазақстанның барлық жерінде бар). *Қаз.* этникалық және антропонимикалық тұлғалар бойынша қалыптасқан атаулар. Етістік тұлғаларындағы Жылқайдар, Қойайдар, Маймер т. б. жалқы есімдермен салыстырыңыз.

Қойбағар топонимінің бірі Қаратаудың *Күнгей* жағындағы құз жартастың аты. Республиканың көрікті жерлеріне тән осы жартаста шалғай өрнектер, жабайы түйе, сан қилы жан-жануардан бастап, қола дәуірінен бергі б. з. VIII ғасырға дейінгі дәуірлерде салынған мыңнан арта сәулет өнерлерінің таңбалары бар (В. Алексеев. 126. 08. 1971).

**Қойқап** — тау аты (Қордай тауы мен Іле Алатауын жалғастырып тұрған таудың аты). *Қаз.* «қойып-қап» сөздерінен шығару негізсіз. *Ир.-ар.* мифологиясында қойқап «жердің түбі» немесе жердің бетін айнала қоршаған таудың табаны» мәніндегі ұғым (226, 417).

**Қойқырылған қала** — Іле өзені бойындағы тастан қаланған аумақты бекініс. Шамамен: *қой* (көне түр. «отырықшы ел») + *қырылған* + *дала* («бекініс») — «ел қырылған бекініс» ұғымына жуық атау.

**Қолтықкөл** — Көкшетау облысындағы көлдің аты. «Бұқпа көл» мәндес атау («қолтықтағы көл»).

**Қолутон** — өзен аты (Целиноград обл.). *Түр. қол қутан* тіркесінің біраз адаптацияланған түрі.

**Қоңызтау** — тау аты (Қоңырсай басы. Ақтөбе обл.). *Қоңыз* сөзінің этимологиялық мәні бола алмайды. Тегінде, *қаз.* Қоныссай атауының ортақ ассимиляцияға түсуі нәтижесінде болған өзгеріс.

**Қоңыр** — республика облыстарының көбіне тау-тау құмды, қырқалы таулы аймақтарындағы жайлау, қыстау, жайылым аттары. Түспен немесе ауа райымен байланысты атаулар болуы екіталай. Ыңғайына қарағанда, топоним төркіні түркі немесе түр.-монғол тілдерінде бұрын болған, бірақ беріде жаңғырған өсімдік (*от*) атымен аталғанға ұқсайды. Бара-бара бұл термин көшпенді елдердің этнонимдері мен антропонимдер компоненттеріне сіңіскен. Ал топоним атаулары орындарында ғасырлап қала берген. *Қоңыр өлең* атауымен салыстырыңыз.

**Қоңырадыр** — Орталық Қазақстандағы адырлы дала аты. «Қоңырлы адыр» мәнін береді (қоңыры қалың адыр).

**Қоңырат** — Орталық Қазақстандағы қаланың, көптеген пос., елді мекен, совхоз аттары. Әуелде әр тараптағы төбе аттары. *Қ.*, және республиканың оңтүстік-батысын ежелден мекендейтін елдің аты. Атау картоткаларын түптей қарағанда *қоңыр* компоненттерінің басым көпшілігі этно- және антропокомпоненттер құрамдарына енетіндігі күмәндандырмайды. *Қоңырат* тұлғасының аяққы-*ат* формасы көне тілдерде көптікті көрсеткен. Мәселен, тым көнедегі түркілердің *Алмат*, *Аят*, *Дулат*, *Қарат* және басқа этнонимдерімен салыстырыңыз.

**Қоңырат-Есалы** — Жезқазған облысындағы мекен аты. «*Этим.*: этноантропоним немесе қос этноним: 1) «қоңырат есалы»; 2) қоңырат-есалылар.

**Қоңырәулие** — үңгір аты (Орталық Қазақстан жә-



не Шығыс Қазақстанда). «Қоңыр этносына жататын әулие».

**Қоңырбай** — мекен аты. Антропотопоним. «Байқоңыр» пара-пар. Бірақ екеуі түркі тілдерінің екі басқа дәуіріне тән (соңғысы қазақ тілі дамуының тарихи бір кезеңі). Бұл құбылыс түркі тілдерінің IX—X ғасырлар тұсындағы жазба деректерінен көрініс береді. Антропонимдердегі анықталғыш сөздер бірінші компонентте анықтауыштың орнында тұрады да, анықтауыш мүше екінші компонентте анықталғыштың орнын басады (66. 48). Қазіргі қазақ антропонимдері *Алшынбай*, *Арғынбай*, *Қыпшақбайлармен* салыстырыңыз.

**Қоңырөлең** — Талдықорған облысындағы алқаптың аты. «Қоңыр және өлең шөптеріне бай» мағынасындағы қос тұлғалы атау. *Түр. өлең*, тұлғасы *монғ. олан*, бірақ «от жер» мағынасын береді (100. 17).

**Қоңыршәулі** — Семей облысының оңтүстік атырабындағы тау тізбегінің аты. *Этим.*: қос этноним (қоңыр және шәулі). Соңғысын *Шәуілдір* этнонимімен салыстырыңыз (*қар.*).

**Қопа** — республиканың түкпір-түкпірінен ондап табылатын мекен, елді мекен, көл аттары. «Бос топырақты, қоға, қамыс, құрақты жер». Жалпы айтқанда, *қопа* сөзі топырақ бетінің құрылымын көрсететін географиялық терминнен бара-бара топонимге ауысқан (103. 114).

**Қора** — Жоңғар Алатауының бір бөлігінің аты, өзен және мұздық аттары. *Қора* атауын *түр.-монғ.* тілдеріндегі Боро-Хоро, Хархира немесе Қарқара атауларымен өзектес деуге болады (88. 27).

**Қорама** — Оңтүстік Қазақстанның Қызылқұм жиегіндегі жазықтың аты. *Құрама* тұлғасының фонетикалық ауытқыған күйі.

**Қорғалжын** — көл, поселке және аудан аттары (Целиноград обл.). Көне түркілер этнонимі.

**Қорғанбұлақ** — Шымкент облысындағы мекен аты. Обл. «бейітті бұлақ» мәніндегі атау.

**Қорғанқұм** — Шу алқабының Тесік бұлағы бойындағы құмды даланың аты. Обл. «бейітті құм» мәніндегі атау.

**Қорғантас** — Баянауылдағы тастақ төбенің аты (Павлодар обл.). «Тасқорған» мәніндегі атау.

**Қордай** — тау, асу аты (Шу-Іле қырқасының бас-тамасы). Түр. екі компоненттен құралған атау: 1) *қор* немесе *құр* сөзінен (180, 240, 191, 577) және *көне түр.* «тау» мағынасындағы *дай* (*дей, дой, тай, тей, тау, тоу, ту* т. б.) формантынан тұтасқан атау. «Құрдың тауы» мәнін береді.

**Қоржынбұлақ** — бұлақ аты (Ақтөбе обл.). Бұлақ арнасының суы іркіліп, пірімделген формасына қарай теңеу жолымен қойылған атау.

**Қоржынғақ** — Орталық Қазақстандағы тартылып бара жатқан көлдің аты. Көлдің көрінісін қоржынға теңеп қойылған атау.

**Қоржынтау** — тау аты (Келес өзенінің бас алған жері. Шымкент облысы). Таудың екі жарылған (дөңгелек) көрінісіне қарай қойылған атау.

**Қоржынтүбек** — Арал теңізі мен Балқаш көлдеріндегі арал-түбектердің аттары. Ұқсастыру жолымен қойылған атау.

**Қорқыт** — мекен, т. ж. ст-сының аты (Қызылорда обл.). Аңыз бойынша қобызшы Қорқыт атаның жерленген жері. Қорқыт атағы түркі халықтарының тарихы мен өнерінен деминутивтік орын алады. Түркі тайпаларын былай қойғанда, бурят монғолдарының Тункин аймағындағы бір руының да аты Хоркуд (4. 64).

**Қорс** — Іле өзенінің Бақанас бойындағы (Орта Бақанас) сексеуілі қалың даланың аты. Қаз. орфограф. *Қорыс* — «қалың жыныс, нулы жер».

**Қорскөл** — көл аты. «Нулы көл» мәніндегі атау.

**Қорымды** — таулы мекен аты (Талдықорған обл.). «Қорым тастардың» үйілген жері.

**Қорымдық** — бұлақ аты (Шелек өзенінің оң саласы). «Қорымды» пара-пар (сәл көнелеу).

**Қорымтас** — Алматы және Талдықорған облыстарындағы тау мекендерінің аты. «Қорым» сөзінің төркіні жалпы түркі және монғол тілдерін былай қойғанда, одан арғы көнеге, тіпті, санскритке кететіні байқалады. Ол тұжырымға *Қарақорым* топонимі түрткі бола алады. Қарақорым жалпы азиялық атау: 1) Орхон өзені бойындағы ежелгі Монғолиядағы Шыңғыс әулеті билеген мемлекеттің астанасы; 2) Үндістанның қиыр төрістігіндегі кіші-гірім тау аймағының аты. Осы таудың сай-салаларында *бұрұшаски* атты халық мекендейді (223. 122).

**Қосағаш** — мекен аттары. Қос ағаш тауын «қатар тұрған екі ағаш» деп түсіну қате. «Қос тігілген жер» мәніндегі атау. *Қос//көш* тұлғаларының түбірі бір.

**Қосақ** — өзен аты (Жезқазған обл.). «Егіз» мәніндегі атау.

**Қосасар** — Қызылорда облысындағы мекен аты. «Қосқорған» мәніндегі атау. *Жетіасармен* салыстырыңыз.

**Қоскелін** — мекен аты. *Қаз. қос* және *келін* (келінкетім түріндегі қос сөздің 1-сыңары) сөздерінен тіркескен көнелеу атау.

**Қотан** — мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.) және Талдықорған облысының шығысындағы жартасты үңгірдің, таудың аты. Негізінен термин. Түркі және монғол филологиясына кең тараған ортақ тұлға. *Қотан* сөзі «қора, қорған, қоршау, қоныс» мәндерінде көпке бірдей таныс термин.

Ә. Мұрзаев бұл терминді үнді-иран тілдері негізіндегі элементке жатқызады. «Хорезмдіктердің *кат* (биік дуалмен қоршалған алап) немесе *кут* — бекініс, «үйдің бұрышы», соның ішінде *монғ. хот, укр. «закуток»*

формаларының *Жогин, Красный Кут, Боркута, Тарханкут, Кутаис, Калькутта* және *Солкат* (Қырымның көне астанасының аты) атауларындағы *кат//кут* формаларымен бәрінің тегі бір — үй, баспана, қоршау, хутор мәніндегі ұғымдар», — дейді. Сонымен бірге *хотон* (котон) Монғол Халық Республикасындағы тайпа өкілдерінің аты. «Хотондар — Қобдо өзені бойындағы (Қобдо округындағы) дүрбіттер арасында монғол боп кеткен түркілердің этник тобы (И. М. Майский).

Қотан атауы қазақ тілінің сөздік құрамында «дөңгелек» ұғымын береді.

**Қотанқарағай** — мекен, аудан аты (Шығыс Қазақстан обл.). Үш түрлі версияда түсіндіріледі: 1) үнді-иран тілдері негізіндегі *қотан* тұлғасы компоненттескен атау («қоршау қарағай»); 2) Л. Қызласов түркі тілдері диалектілерінде Ертіс топонимін *Қотан ес* («татар өзені») дейтін кездері болғанын ескертеді; 3) А. Әбдірахманов көне түркі тілдеріндегі фонетикалық өзгеру заңдылықтарына (*хатын//қадын//қадұң//қайың* формаларындағы  $p > d > t > z > y$  дыбыстарының сәйкестігіне) сүйене келіп, бұл атаудың мағынасы «қайың-қарағай» деген қос сөз дейді (5. 101).

Біздіңше, бұл атау өзінің қазіргі қазақ тілі аясындағы «қотан қарағай» немесе «қоршау қарағай» (қарағай ортасындағы алаң) мәнінде тұрғандай.

**Қотансу** — Алакөлге құятын өзен аты (Талдықорған облысы). Қотансу — сырт тұлғасы бұзылған атау деуге болады, өйткені Қазақстанның өткен ғасырдағы кейбір карталарында бұл атау Қатынсу түрінде таңбаланғаны байқалады. «Қатын тауының суы» мәндес атау (*қар*).

**Қотыртау** — тау аты (Торғай обл.). *Ауыс*. «Қорымды тау» мағынасын береді.

**Қошқар** — Қазақстандағы сай-салалардың, өзен-сулардың, ой-қырлардың, елді мекендердің аттары. Орта Азия жер-су аттары ретінде көне заманғы араб

жиһанкездерінің жазбаларынан кездесетіні жөнінде В. В. Бартольд және басқа Шығыс зерттеушілер еңбектерінен көп көрініс береді. *Этим.*: *Қошқар* атауы да түркілердің *бұғы, бұқа, бура* атаулары тектес ру-тайпа аттарынан болуға тиіс.

Қырғыз ғалымы Д. Исаев *Қошқар* атауын монғол тіліндегі «шұңқыр жер мәніндегі *хотгор* тұлғасының фонетикалық өзгерген т>ч түрі деп түйеді (79. 98). Бұл ажыратым қошқар атауларының орографиялық құрылымына дәл келіп жатыр.

**Қошқарата** — өзен, мекен және тұзды көл аттары (соңғысы Ақтөбе облысында). Антропотопоним. *Қошқар* руымен байланысты атау.

**Қоянкөз** — мекен аты (әуелде қайнар аты. Талдықорған обл.). Ұқсастыру жолымен қойылған атау. *Сал.*: «балықкөз» (өсімдік аты).

**Қоянқұлақ** — мекен аты (Гурьев обл.). «Өсімдіктің түрі» бойынша қойылған атау.

**Қу** — өзен (Талдықорған обл.) және тау (Қарағанды обл.) аттары. *Түр.* этнотопонимдері.

**Қуарал** — Бетпақдаланың батыс атырабындағы мекен аты. «Шөл арал (жазық)» мәніндегі атау. Қазақтың асқан қобызшысы Ықыластың (1843) туып өскен және өлген жері (115. 7. 11. 1980).

**Қуарасан** — мекен аты (Талдықорған обл.). «Қу өзені бойындағы арасан» мәніндегі атау. 1963 жылдан бері «Жаркентарасан» (елді мекен).

**Қуандария** — ескі арнаның аты (Қызылорда обл.). *Түр.-ур.* тілдерінің *қуван* (этноним) және дария сөздерінен қалыптасқан «қуван дариясы» мәніндегі атау. Алтай түркілерінің *Куванды, Кувандығ, Кувандық, Құманды* этникалық атауларымен салыстырыңыз.

**Қукебен** — өзен аты (Көкшетау обл.). *Көне түр.* *Қу* және *кебен* сөздерінен қалыптасқан атау. «Қулы өзен» мәніндегі атау.

**Қулық** — тау аты (Алматы обл.). *Көне түр.* этно-

ним. Түр. этнонимдерінің мекен-жайды көрсететін -лық, -лұқ, -лік аффикстері, дәстүрлі формалар. Қарлұқ этнонимімен (IX—XI ғғ.) салыстырыңыз.

**Қусақ** — Қазақстанның әр тұсындағы өзен, көл, тау аттары. Көне этнотопонимдердің бірі: *қу* және *сақ* этнонимдерінен қалыптасқан.

**Қутөбе** — мекен аты. «Айналасы елсіз төбе» мәніндегі атау.

**Қушоқы** — биік төбе аты. «Қутөбе» пара-пар. «Қушоқы» атауының бірі бойынша Қарағанды қаласы маңындағы қ. т. пос. аты, ірі өндіріс орны.

**Қуырдақшы** — тартылып бара жатқан өзен аты (Ақтөбе обл.). Қаз. (обл.) «құндақты» сөзінің фонетикалық қалыптасқан түрі.

**Құдайқұл** — көл, село аттары (Павлодар обл.). Қаз. антропотопоним.

**Құдайменде**: 1) Сарысуға құятын өзен аты; 2) Қаратал бойындағы мекен аты (Талдықорған обл.). Қаз. этнотопоним.

**Құйған** — мекен, елді мекен аттары. Мағынасы: «екі өзеннің құйысқан жері» немесе «өзеннің көлге құйған жері».

**Құйық** — көл аты (Қостанай обл.). Қаз. диал. «Судың иірімі» (124. 6-т., 446-б.). «Түпсіз» мағынасындағы атау.

**Құлайғыр** — елді мекен аты (Қарағанды обл.). Антропоним. Қаз. *Құлай* және *қыр* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Құлақты** — мекен аты. Түр. *құлақ* (уст.) + *ты* «құламалы» мәніндегі атау.

**Құлақшын** — мекен, т. ж. ст-сының аттары (Алматы обл.). Түр. *құлақ* (қар.) және *шың* сөздерінен қалыптасқан атау. Обл. «Құламалы сай» мәніндегі атау.

**Құламан** — мекен аты. Қаз. *құл* және *аман* сөздерінен қалыптасқан атау. Этникалық топ атауы.

**Құлан** — мекен аты (Жезқазған, Жамбыл обл.).

Көнедегі қаланың орны. Кейбір топонимнің әуелгі аты «құлан» болу лайығы жоқ. Тегінде, көне түркілердің *Қойлан* этнонимінің қазақ тіліне бейімделген түрі болса керек.

**Құлансаз** — таудың, тау жайлауының аты (Алматы обл.). Тіліміздің қазіргі сөздік құрамындағы *саз* тұлғасымен байланысы жоқ. *Көне түр. сас > чач* → «тас» мағынасындағы сөзі. «Құлантас» мәніндегі атау (жайылған құландарға ұқсас келетін ірі-ірі тастарға қарата қойылған атау).

**Құламан** — далалы мекен аты (Ақтөбе обл.). *Қаз.* этнотопоним. *Құл* және *аман* сөздерінен қалыптасқан атау. *Қалқаман, Жоламан, Мүлікаман, Еламан* этнонимдерімен салыстырыңыз.

**Құлбарақ** — Гурьев облысындағы көне қорған аты. *Қаз.* қос тұлғалы этнонимі: *құл* және *барақ*.

**Құлжабасы** — көбірек тараған тау топонимдерінің аттары, Шығыс Түркістанда *Ғұлжа бәши* түрінде кездеседі.

**Құлсары** — қала типтес пос. аты (Батыс Қазақстанда). *Түр.* этнотопоним. *Малайсары, Жүзімсары, Ортақсары, Қойсары* этнонимдерімен салыстырыңыз.

**Құмақ** — мекен (ауыл) аты (Ақтөбе обл.). «Ұсақ құмды мекен» мәніндегі атау.

**Құмбел** — белмен байланысты мекен аттары. Ә. Мурзаевтің келтіргеніндей, құмбелдер *асу* да болуы мүмкін. Синьцзянда солай, бірақ олар биіктігі 7—8 метр шамасындағы құм белдер, көбіне *Белтағ* аталады (149. 338). *Құмбелдер* шұрайлы тау жайлауының да аттары (Алматы обл.).

**Құмбелсу** — биік таулардағы мұздықтан түзілген кіші-гірім көлдер аты.

**Құмкент** — көне мекен аты (Шолаққорған ауд. Жылыбұлақ бойы). Көне қалаға тән атау.

**Құмқала** — мекен аты (Қызылорда обл.). Құрғақ арнаға тән атау. Қала қалдығының белгілері жоқтай.

**Құмтекей** — көне заманғы қираған қоныс орны (Алматы облысының қиыр шығысында). *Текей* — ұмыт болған өсімдік аты.

**Құрдақты** — өзен аты (Ақтөбе обл.). *Қаз. (обл.) «Құрғап бара жатқан»* өзен мәніндегі атау.

**Құрдым** — Ақтөбе облысындағы көлдің аты. *Түр. құрдум* (құрым) «лай» мәніндегі сөзі. *Қаз. «су аяғы — құрдым»* фразасымен теңестіріңіз.

**Құрөтпес** — мекен аты (Гурьев обл.). «Қалың бұта, шеңгел» ұғымын беретін атау.

**Құрпісте** — тау аты (Оңтүстік Қазақстан). Ұқсастыру жолымен қойылған атау. *Құр* анықтауышы бұл атаудың екінші түрі де барын білдіреді.

**Құсжетпес** — Арал теңізінің шығыс жиегіне таяу жатқан арал аты (жағадан 19 км). *Поэт.* теңеу жолымен қойылған атау. *Оқжетпеспен* салыстырыңыз.

**Құсмұрын** — пос. және т. ж. ст-сының аттары (Қостанай обл.). Әуелде тұмсық аты. Ұқсастыру жолымен қойылған атау.

**Құстұмсық** — тұмсық аты. *Құсмұрын* пара-пар.

**Қыз** — көл аты (Ақтөбе обл.). *Көне түр.* этникалық топ атауы.

**Қызай** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Көне түр.* этникалық топ атауы. Негізінде қос тұлғалы (*қыз + ай*) атау болуы мүмкін.

**Қызасу** — асу аты (Тарбағатайда. Шығыс Қазақстан обл.). «Қыздардың асуы» мәніндегі атау. «Қыз» — этноним.

**Қызбел** — Қостанай облысындағы түйетайлы белдің аты. *Қыз* сөзі көне түркі тілдерінде «қыр» мәнін де береді ( $z > p$ ). *Қызбел* атауы *Қырбел* мәніндегі топоним болуы мүмкін.

**Қызтоған** — мекен аты (Жамбыл обл.). Халық аңызында «қыздар қазған тоған (арық)». Түркі тілдеріндегі ротацизм заңдылығы ( $p$  дыбысының алмасуы)



бойынша *қыр//қыз* тұлғалары ауыс-қағыс айтыла береді. *Қ.* — «қырға шығарылған тоған» мәніндегі атау.

**Қызыл** — тау аты. Эллипсис. «Қызыл тау» мәніндегі атау. Тас жыныстарының түсімен байланысты.

**Қызылағаш** — өзен, мекен аттары (Талдықорған обл.). Ежелгі аты — Қызылағыс. *Қ.* — жайпақ арналы, саяз су («қызылсу») мәніндегі атау. Орыс тілінің сөйлеу мәнерінде өзге тілден енген атаулардың аяққы буындағы *ы* дыбысының *а*-ға ауысу салты жиі кездеседі. Сол салтпенен *ағыс* сөзінің соңғы *с* дыбысы да *ш*-ға ауысып, одан гөрі түсінікті *ағаш* формасын қабылдаған. *Ұзынағашпен* салыстырыңыз.

**Қызыларай** — Жезқазған облысындағы бір мекен аты. *Түр. қызыл* және *ир. арай* («сәуле») сөздерінің қосындысынан қалыптасқан атау. Түркі тілдерінде *з* дыбысының *с*-ға немесе кері ауыс келуі бар құбылыс. Мәселен, *қызыл//қысыл* сөздері жер-су аттарында *тар* мәнінде көп айтылады. *Қ.* — көзге көлгір немесе бұлыңғыр шалынатын тар жол (*сай*).

**Қызыларт** — асу аты. *Түр. қызыл* және *арт* сөздерінен қалыптасқан атау. «Тар асу» мәнін береді.

**Қызыләуіт** — мекен, су қоймасының аты (Жамбыл облысы). *Түр. қызыл* («қысыл, тар») және *ир. һаут* («сарқынды, бассейн») сөздерінен құралған атау. «Тар тосқауыл» мәніндегі атау.

**Қызылауыз** — Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аттары. *Қызыл//қысыл* сөздерінің жер-су аттарында «тар» мағынасын өтейтін кезектері көп ( $z > c$ ), ал *ауыз* сөзі шатқалдың «шыға берісі» не «кіре берісі» өтеуін беріп *түр.* «Тар ауыз» мәніндегі атау.

**Қызылбалық** — Талдықорған облысындағы өзен аты. *Көне түр.* «қызыл су» мәніндегі атау. *Балық* сөзінің семантикасын қараңыз.

**Қызылжар** — көптеген мекен және елді мекен аттары (солардың ішінде Петропавл қаласының да ескі аты). «Қызыл» сөзінің мәні жардың топырақ бетінің

реңімен байланысты. *Ор. Красный Яр* атауымен салыстырыңыз (156. 215).

**Қызылкесік** — елді мекен аты (Тарбағатай бөктері. Семей обл.). *Түр. қызыл және кешік* сөздерінен құралған атау. «Тар өткел» мәнінде.

**Қызылқайнар** — қайнар, елді мекен аттары. Түспен байланысты атау. Қайнар басындағы тас-топырақтардың түсі бойынша қойылған атаулар.

**Қызылқұм** — құм аты (Бозащы түбегінде, Амудария мен Сырдария аралығында. Зайсан қазан шұңқырында). «Жұқа сусымалы, жеңіл құм» мәніндегі атау.

**Қызылсу** — республика бойынша жүздеген өзен аттары. «Қардың суы (саяз су)» мәндеріндегі атаулар.

**Қызылтаз** — тау аты (Орталық Қазақстан). *Фон.* «Қызылтас» пара-пар.

**Қызылтас** — тау, өзен аттары. Түспен байланысты атау.

**Қызылтау** — республика бойынша бірнеше тау аттары. «Қызғылт түсті палеозой граниттерінен түзілген таулар». Түске байланысты атаулар.

**Қыпшақ** — өзен, көл аттары (Целиноград және Шымкент обл.). Этнотопоним. Қыпшақтар қазақ елінің ұйтқысы болған тайпалардың біріне жатады.

**Қыр** — Қазақстанның әр жерінде кездесетін аласа тау аттары. Сонымен қабат *қыр* сөзі жалпы түркі-монғол тілдеріне тән географиялық термин (түркі тілдерінде *ой* сөзінің антонимі). *Түр.-монғ.* тілдеріндегі географиялық атауларда кездесетін *қыз, ғыз, ғыс, қыс, ғыр, ғар, гөр, ғұз, киз, қыз, хир, хира* формалары түп негізінде осы *қыр* сөзінің дублеттері болып табылады және осы тілдер топонимиясының тарихи даму дәуірлерінің қай тұсында болсын түпкі мағынасы осы бір элементке — *қырға* саяды, соның фонетикалық көріністері болып табылады. Негізгі аргументтер: Түркменстан Қарақұмының оңтүстік бір пұшпағының ежелгі *Бадхыз* (қорықтың аты. Халық этимологиясын-

да «байғыз») және Хакасиядағы ежелгі *Асқыз* (Абакан өзенінің бір саласы) атауларының түсініктерін қарастыру барысында аяққы *хыз*, *қыз* компоненттерінің жалпы түркі және монғол тілдеріне ортақ *қыр* (қырат, жал, төбе) мағынасындағы сөздер екендігін совет ғалымдары анықтағаны ғылымға аян (146, 224; 140. 14).

**Қырғауылдың бөлдегі** — мекен (дөңес) аты. *Қаз. қырғауылды (ілік сеп.) + диал. бөлдек* («аласа бел»). «Қырғауылдардың қалың болатын белі» мәніндегі атау.

**Қырғызсай** (ор. Подгорное) — село аты (Алматы обл.). Этнотопоним.

**Қырық** — мекен аты (Алматы обл.). Этникалық топ атауы бойынша қалыптасқан топоним. Сал.: Рашид-эд-динде «қырқын».

**Қырықастау** — құмдағы мекен (құдық) аттары (Торғай және Жезқазған обл.). «Суы мол» мәніндегі эпитет.

**Қырықбұлақ** — дала аты (Қызылорда обл.). «Бұлақты жер» мәніндегі эпитет.

**Қырықкөпе** (ор. Горняк) — жұм. пос. аты (Шымкент обл.). «Қалың жер үй» мәніндегі атау.

**Қырықкөл** — шығанақ аты (Арал теңізі). *Түр.* «қырық күл», яғни «көп күлді» (трапеция үлгілес) шығанақ ұғымын беретін атау. Эллипсис.

**Қырыққарақшы** — тау шоқысының аты (Қарағанды обл. Егінді бұлақ ауд.). «Көп қарақшы» мағынасын беретін («көп обалы») атау.

**Қырыққұдық** — мекен (қыстау) аты (Гурьев обл.). «Қалың құдық» мәніндегі атау.

**Қырыққұлаш** — мекен аттары (әуелде құдық аттары). «Терең құдық» мағынасындағы атау.

**Қырыққыз** — тау аты (Өгем тауы. Шымкент обл.). «Қырыққыз» дастанындағы аңызға сай қойылған атау. Табиғат көрінісін «қыздар бейнесіне» балау, әсірелеу бойынша қойылған халықтық атау.

**Қырықтүтін** — мекен аты. «Көп үйлі ауыл отырған жер» мәніндегі атау. «Этникалық топ атауы» болуы да мүмкін.

**Қырықшелек** — құмды жерлердегі мекен аты, әуелде құдық аты. «Суы берекелі құдық» мәнінде.

**Қырман** — Ұлы таудағы мекен аты (Жезқазған обл.). Көнеде қырман тұлғасы «ұра» мағынасын берген (58. 163).

**Қыршынды** — елді мекен аты (Жамбыл обл.). Қаз. *қыршын* + *ды* аффиксін жалғау арқылы жасалған топоним. «Көктесін» мәніндегі атау. «Сал.» қаз. (обл.) *шиен*, түркм. *гыртыш* (тықыр көк).

**Қырымқожа** — елді мекен аты (Гурьев обл.). «Қырымдық қожа» мәніндегі атау.

## Л

**Лаба** — тау шатқалының аты (Жоңғар Алатауы). *Көне түр.* сай, өзен, жыра мәндеріндегі *лаба*, *лапа* тұлғалары қазіргі *якут* және *чуваш* тілдерінде сақталған. *Қар.* (172. 1457; 185а. 06).

**Лабазы** — өзен аты (Алматы облысының қиыр шығысы): 1) *ир. лаб* («жағалау») + *азы* — «аз жағалауы» — этнотопоним; 2) қаз. *Іле* + *басы* сөздерінен құралып, ілгергі ықпал әсерінен дыбыстық өзгерістерге ұшыраған атау.

**Лабар** — өзен аты (Талдықорған обл.): 1) *ир. лаб* («жағалау») + *ар* түріндегі (*сын.*) өлі аффикс жалғанған «лабалық» мәніндегі этникалық атау; 2) *көне түр. лаба* («өзен су») + *ар* түріндегі (*сын.*) өлі аффикс жалғанған — ол да «лабалық» мәніндегі этникалық атау. *Атар*, *Топар*, *Қашар* этнонимдерімен және отар сөзінің *-ар* аффиксі арқылы жасау тәсілімен салыстырыңыз (94. 17).

**Лабасы** — бұлақ аты. *Көне түр. лаба* (*қар.*) + *асы*

(қар.) сөздерінен қалыптасқан атау. *Этим.*: «Асының саласы».

**Ленгер** — қала аты (Оңтүстік Қазақстан). Бұл атау жөніндегі жорамалдар көбіне иран тілі негізіне әкеп соғады: «тұрақхана, мүсәпірхана» мағыналарына теліді (184. 361; 13. 129). Біздіңше бұл атау сол *ир.* тілі негізіндегі *лянг + гар* («теріс қыр») ұғымына жуықтау келеді. Атаудың *гер* формантын *Заңғар, Қалқағар, Қандағар, Талғар* нұсқаларымен, Қашғариядағы *Терек Лянгар* және *Чуляк Лянгармен* салыстырыңыз (51. 218).

**Леп** — кіші-гірім өзен аты (Ілеге құяды, Алматы обл.). *Қаз. леп (зат.)* тұлғасымен байланыстыру жорамалы, яғни «судың салқын лебінен ескен жел» мәніндегі жорамал өзеннің физикалық сипатын бере алмайтындай. *Көне түр. лап* («өзеннің саласы») тұлғасының қазіргі қазақ тіліне бейімделген түріне жақын атау деуге болады. *Лепсімені* үндеседі.

**Лепсі** — өзен, қала және т. ж. ст-сының аттары. Екі түрлі версияда түсіндіріледі. 1) *қаз. леп* және *су* сөздерінен қалыптасып, келе-келе, аяққы су сыңары *-сі* формасын қабылдаған атау. А. Әбдірахманов: өткен ғасырдың аяқ кезінде *лап* су аталғаны жайлы Н. А. Аристов еңбегінде айтылған дей келіп, «атаудың бірінші компонентінің түбірі *леп* емес, сол нұсқада айтылғандай *лап*, одан *Лапсу > Лепсу > Лепсі* түрлерінде өзгеріске түскен», — дейді (05. 129); 2) *көне түр. лаба//лапа* сөздері мен *қаз. су* сөздерінің қосындысынан қалыптасқан атау. *Көне түркілердің сай, өзен, сала, жыра* мәндеріндегі *лаба//лапа* тұлғалары қазіргі якут және чуваш тілдерінде күні бүгінге дейін сақталып келеді (172. 1457; 185а. 06). *Лапасу* атауының қазақ тілі мәнеріне, келе-келе *Лапасу > Лапсы > Лепсі* формаларын қабылдауы логикаға сияды.

## М

**Майбалық** — елді мекен аттары (Орталық және Солтүстік Қазақстан). Әуелде өзен аттары. *Көне түр.* *май* және *балық* сөздерінен қалыптасқан атаулар. «Киелі өзен» мәніндегі атау.

**Майбұлақ** — республиканың оңтүстік атырапта-рындағы бұлақ аттары. *Көне түр.* *май* және *бұлақ* сөздерінен қалыптасқан атаулар. «Май» тұлғалас тіркестер түркі тілдерінің көкке табыну дәстүрінен елес береді: *қаз.* «от ана, май ана», *алт.* «май эне», *орхон* жазбаларында «ұмай» (139. 13). Майбұлақ бойлары тасқа салынған таңбалармен сипатталады. *М.* — «киелі бұлақ» ұғымындағы атау.

**Майқан** — өзен аты (Алакөлге құяды. Талдықорған обл.). *Түр.-монғ.* «қос» — елді мекен мәніндегі атау. С. Қораев: *ур.-ар.* тілдері негізіндегі *маехан//механ//вәтан*, яғни «үй, тұрғын жер, отан» мәндерін беретін сөзге жатқызады (108. 145).

**Майкөл:** 1) Қостанай облысындағы көлдің аты; 2) Ақтөбе облысындағы өзеннің аты. *Көне түр.* «әулие көл» мәндес атау.

**Майкөмген** — елді мекен аты (Гурьев обл.). *Қаз.* *май* және *көмген* сөздерінен қалыптасқан атау. «Мұнай» табылуымен байланысты солай аталған.

**Майлыбалта** — мекен аты (Көкшетау обл.). *Қаз.* *майлы* және *балта* тұлғаларының тіркесінен қалыптасқан атау. *Этим.:* «Майлыдағы балта» (балта — этноним).

**Майлыбас** — мекен аты (Қызылорда обл.). *Қаз.* *Майлы* және *бас* тұлғаларының тіркесінен қалыптасқан атау. *Этим.:* «Майлыдағы бастар» (*бас* — этноним).

**Мақаншы** — елді мекен аты (Семей обл.). Жергілік-

ті тұрғындар *Мұқаншы* деп те атайтыны байқалады. *Түр.* этникалық атауы (*мұқ* түбірінен).

**Мақпал** — мекен және үңгір аттары (Алматы, Көкшетау, Жамбыл обл.). *Қаз.* мұқ тұқымдас өсімдік атымен қойылған топонимдер. *Қырғ.* *Мақмал* топонимімен салыстырыңыз.

**Малай**<sup>1</sup> — мекен, сол бойынша тоған (ескі канал) аты (Талдықорған обл.). *Көне түр.* этноним.

**Малай**<sup>2</sup> — кіші-гірім өзен (Ақтөбе обл. Мұғалжар маңында). *Көне түр.* этноним.

**Малайсары** — тау аты (Жоңғар Алатауында). *Көне түр.* қос тұлғалы этноним (*Малай* және *Сары*) бойынша қалыптасқан атау.

**Малыбай** — ауыл аттары (Орталық және Оңтүстік облыстарда). *Қаз.* антропонимдер. Алматы облысының шығыс атырабындағы *Малыбай* атауын Ш. Уәлиханов Сөгеті қазақтарының XIX ғ. екінші жартысындағы әкімгері және суан сұлтаны Тезек төренің сыбайласы болған біреудің есіміне жатқызады.

**Мамыр** — Павлодар облысындағы тұзды көлдің аты. Көнедегі кәсіпорны. Ел аузында «Кіші Қалқаман тұз» деп те аталады. Кейбір рауаяттардан Қалқаман-Мамыр антропонимдері келе-келе адам атына айналған жер-су аттарынан болулары ықтимал.

**Мамыр** — «суы тынық» (көл) мағынасындағы атау. *Қалқаманмен* салыстырыңыз.

**Маңқыстау** (немесе *Маңғышлақ*) — Каспи теңізінің шығыс жағалауындағы таудың аты, облыс және аудан аты. *М.* өзі аттас түбектің солтүстік атырабындағы, ұзына бойына 200 километрге созылып жатқан тау: *Қашақ* шығанағы (батысы) мен *Қайдақ* сорының (шығысы) арасын алып жатыр. Орта шені Қаратау жотасы, оңтүстігі Ақтаумен түйіседі. Тегінде, бұған көне деректер басшылыққа алынғандай. «Ман қышлағ — оғуз жұртының бір мекені», — дейді *М. Қашғари* (136. 432). Ал біздің тұсымыздағы тіл зерттеушілері: *қаз.*

«мың қыстау», түр. «мың қышлақ», ноғ. «менкілер қышлағы», қаз. «қойқара» т. б. түрлерінде тәркіндетеді. Біздіңше *М.* тек таудың аты (91. 120) және оның алғашқы түрі *Маңғыш тағ* болуға тиіс. Этнографиялық жағынан бұл атау ертедегі түркі және монғол тайпаларының нанымындағы *маңғыс* немесе *маңғыс* атты «кереметпен» байланысады. *Маңғыс* деп олар жер жүзін жалмайтын қас күшті айтқан. Оған құрлық та, теңіз де бәрібір (162. 120). *М.* Қашғари келтіргеніндей, сол XI ғасырдың өзінде-ақ бұл атаудың бірінші компоненттегі *ман* бөлшегі өз алдына дараланып, ал оның аяққы *ғыш* бөлшегі екінші *тағ* компонентіне қосарланғаны көрінеді. Сөйтіп, *Маңғыш тағ* атауының оғузша *Маңғышлақ* формасын қабылдауы немесе қазақ тілінің ырқымен *Маңғыс тау* түрінде бекінуі орынды дей аламыз.

*Этим.*: «Маңғыс тау».

Таулы Алтай а. о. гидронимы *Маңғыш-оймен* салыстырыңыз (160. 183).

**Маңкент** — (ор. Манкент) — қала аты (Оңтүстік Қазақстан). *Үнді ир. ман (қар.) + кент (қар.)* сөздерінен қалыптасқан атау. *Қаз. орфоэп.* Мәңкент (регрессивтік ассимиляция). *Этим.*: «қамал қала» немесе «берік қала» мағынасындағы атау.

**Маңрақ** — тау қырының аты (Сауыр тауының батыс жалғасы. Шығыс Қазақстан обл.). *Қаз.* «маңырақ» формасы — *көне түр. йаңрақ* (60. 234) сөзінің фонетикалық жағынан ауытқыған түрі, яғни «тау қойнауы, қолтық» мәніндегі атау.

**Масат** — елді мекен аты (Шымкент обл.). *Қаз. (обл.), әуелде түр. машат* («бастау»). *Сал. бошат* — қазіргі қырғыз тілінде «ағыны қысқа, ұзамай жерге сіңіп жатқан бұлақ» (226. 120).

**Матайтамы** — мекен аты (Павлодар обл.). *Қаз. (обл.) матай* және *там* («зират») сөздерінен құралған атау. «Матай зираты».



**Маутан** — қыратты даланың аты (Сарысу өзенінің бас алқабы). *Біздің зам.* IV—V ғасырлары тұсындағы түркі тайпасының аты (Ә. Марғұлан). *Маутай, Моотан, Мүйтен* антропонимдері түбірлес (*сал.*).

**Маяқұм** — Оңтүстік Қазақстандағы Қызылқұмның бір бөлігінің аты. Ұқастыру жолымен қойылған атау.

**Мәремік** — Семей облысының батыс және шығыс атыраптарындағы мекен аттары. *Қаз.* этникалық топ атаулары. *Этим.*: *мар* және *емік* сөздерінен құралған жалқы есім. *Сал.*: марқасқа.

**Мелдекөл** — көл аты (Ақтөбе обл. Қарашолақ бауыры). *Қаз. (арх.)* «мелдеккөл» мәнінде.

**Мейізек** — тау аты (Сарыарқаның шығыс сілемі). *Қаз.* этникалық топ атауы.

**Меңдіқара** — ауыл аты (Қостанай обл.). *Қаз.* этникалық топ атауы.

**Мерген** — мекен және елді мекен аттары; Арал теңізіндегі бір аралдың аты. Түркі тілдес халықтардың ортақ термині. *М.* сөзі ең алдымен түріктердің ірі этникалық топ атауы — Қоңырат тайпасының бір үрім-бұтағының аты (шежірелерде «Қоңыраттың бір баласы») делінеді. *Мерген* сөзінің түбі одан да тереңде — монғол және тұнғұс-манчжур тілдерімен ұштасып жатыр. Соңғысында «батыр» мағынасын береді (Аврорин). Қазіргі қазақ тілінде «атқыш» немесе — «көздегіш» түріндегі бір-ақ мағына, ал жалпы түркі және монғол тілдерінде бұл сөздің кең және күрделі мағыналары бар: *көреген, көсем, алғыр* т. б. (172. 238). *Мерген* топонимі атаудың көнедегі осы бір мағыналарын сақтаған. Қазақтың ертеректегі халық мәтелдерінен де көрініс береді. *Баламергенмен* салыстырыңыз.

**Меркі** — өзен аты (Алматы обл.) және пос., аудан аттары (Жамбыл обл.). *Көне түр.* этноним.

**Мойынтоғай** — Шарын өзенінің бүйіріндегі сайдың аты. «Қисықсай» мәндес атау. *Тоғай* сөзінің этимоло-

гиясын қараңыз (өзен салаларының шілікті, бұталы жерлері, мойнақ, *бұрылыс* мағыналары да бар).

**Мойынты** — Сарыарқаның оңтүстігіндегі кіші-гірім таулы елді мекен (т. ж. ст-сы) аты. *Көне түр. мойын ту* сөздерінен қалыптасып, айтыла келе, қазақ тілінің артикуляциялық базына сай еріндік ұ дыбысы езулік «ы» түрін қабылдаған. «Мойынтау» мағынасындағы атау («Топонимика Востока», 1969, 140—146-беттер).

**Мортықсай** — мекен аты. *Этим.*: «мортық өсетін сай».

**Мөңке** — кіші-гірім өзен аты. *М.* — балық аты (124. 7-т., 238-б.).

**Мұғалжар** — Қазақстанның батыс, солтүстік-батысындағы аласа таудың аты. Бұл атаудың X—XI ғғ. Орта Азия мен Арғы Кавказ ой-қырларын мекендеген *мұған* түріктерімен байланысы бардай. *Түр. мұған + жар* сөздерінен қалыптасқан біріккен тұлғалы атау. *Мұғанжар* этнонимі айтыла келе сөз ортасындағы сонор *н* дыбысы түсіп қалуы заңды құбылыс. *Этим.*: «мұған жары» мағынасындағы атау. Арғы Кавказдың *Мұғандүзү* этнотопонимімен және *мұғ. миқ, мық* топонимдерімен салыстырыңыз (227. 8).

**Мұзарт** — Тянь-Шань тауының шығыс атырабындағы биік асудың аты. *Түр.* «мұзасу» мәніндегі атау.

**Мұзбалақ** — Жоңғар Алатауындағы жайлау аты. *Қаз.* «Мұздың табаны» мәніндегі атау. «Балақ» термині көнедегі *бала* тұлғасымен мәндес (*қар.*).

**Мұзбел** — Сарыарқа мен Қан тауындағы асудың және Үстірттегі Қарабауыр төбесінің (басының) аттары.

**Мұздық** — тау, елді мекен аттары (Павлодар обл.). *Қаз.* көне топоним: *мұз* сөзіне *-дық* жұрнағының (*-ды* орнына) жалғануы топонимнің түркі тілдерінің сарқыншағы екенін сипаттайды.

**Мұқыр** (ор. Мукур... Мукури) — республика бойынша әр қилы атыраптағы әр түрлі объектілердің ортақ

атауы: Талдықорған облысындағы өзен, елді мекен, Ақтөбе облысындағы мекен, Гурьев облысында елді мекен, Павлодар облысының Ертіс жағалауындағы ағынды көлдің аттары т. б. Қазақстанның жер-су аттарын сөз ететін көптеген әдебиеттерде, солардың ішінде П. С. Паллас, А. Левшин шығармаларында да: «бұл атау қалмақтың *Мукорь* деген сөзі екен, осы бір қып-қысқа жылғаның атына сайма-сай келіп тұр»,— дейді. Осы пікірді басшылыққа алған біздің замандастарымыз монғолдардың Қазақстанда «қойып кеткен» атауларының санын асырды. Бірақ қазірде олар кеміген үстіне кеміп барады. Тіл ғылымы олардың орнына түркі-монғол тілдерінің түбір бірлестігі проблемаларын тудырды. Сонымен *мұқыр* объектілері тарихи деректерге: Рашид-әд-диннің, Бичуриннің (Иакинфтің), Грум-Гржимайло, Мурзаевтердің келтіргендеріне қарағанда түркі тайпаларының миграциялық жолдарымен байланысты VI—VII ғғ. жататын *мұқ*, *мық* топтарының атынан туады (Страны и народы Востока, 2-бас. 1961, 108—109-беттер).

**Мүңке** — тау, өзен аттары (Жамбыл обл.). *Түр.-монғ.* «мәңгі» ұғымында (қар жамылған тау). *Сал.:* *Мүңке Сарыдағ* Шығыс Сібірдегі тау жотасы.

**Мық** — мекен аты. *Мық* сөзі түркі тілдеріндегі «шеге» мәнінен өзге көне түркі жұрттарының бір топтарының аты. *Мықтар* (*мұғ* немесе *мық* топтары) IV—V ғасырларда Орта Азия мен Арғы Кавказдың тау мекендерін жайлаған (115. 25. 06. 1976).

**Мықтың үйі** — Батыс Тарбағатай тарамдарының етегіндегі қорым тастар мен қой тастардың қазақ үй үлгілес табиғи шоғырлары. Осы тастар *Мықтың үйі* аталады. *Мық* реестрін қараңыз.

**Мың** — мекен аты. Таза этникалық негіздегі атау. Мағынасы: қоспа, кірме рулар тобынан құралғандар мекені («жеті ру, қырық ру» жүйелес). Өзбекстанның «мың кишлок» (Самарканд обл.) атауымен салыстыры-

ңыз. Ол мекенде өте көп рудың өкілдері болғандықтан солай аталып кеткен (109. 75).

**Мыңадыр** — мекен (*адыр*), елді мекен аттары (бірі Қарағанды облысында). *Мың* сөзі түркі тілдері атауларына (жалпы түркі тілдерінде) бейнелі сипат және көптік мағына үстемелейтін метафоралық элемент.

**Мыңарал** — Балқаш көліндегі аралдың аты. Екі түрлі версияда төркіндегіледі: 1) этнотопоним («мыңдардың аралы»); 2) географ. «архипелаг» мәніндегі атау.

**Мыңбайсай** — Сарыарқадағы (Атасу бойындағы) керікті мекен аты. Антропотопоним («Мыңбайдың сайы»).

**Мыңбіртөбе** — Шымкент облысының Темірлан маңындағы төбелі жердің аты. Әуелде *мыңтөбе*. Қазақ арасына көп тараған қисса атауының («Мың бір түн») әсерінен жаңа тұлғада қалыптасып кеткен атау.

**Мыңбұлақ** — тау, мекен аттары. Көне атаулар. «Мың» сөзі атаулардың мазмұнын байытып, әсірелеп тұр. Қытай жиһанкезі Цюань Цзан келтірген көне деректерде (б. з. VII ғ.) *Винью* — Талас өңіріндегі қорық аты (115. 07. 02. 1975). Совет топонимистері бұл тектес атаулардың *Пенза* топонимімен (РСФСР) түбірлестігін ашқандары бар: «Пенза атауы көне бұлғар-чуваш тілдерінің *пен* (қазіргі чуваш тілінде *пин*) «мың» және «су», яғни *Пенсу* < *Пензу* — «мың су» сөздерінен шыққан», — дейді. Ондағы *пен* немесе *пин* сөздері дәл санды емес, көптікті білдіретінін, ал *зу* тұлғасы, айтыла келе сөйлеу тілінің ырқымен *-за* формасын қабылдағаны дәлелденді (112. 48—49; 127. 13. 09. 1967).

**Мыңғырман** — Балқаштың оңтүстігіндегі мекен аты. Мыңғырман мекені көне заманғы *Көрпегөк* каналын жағалай орналасқан.

**Мыңжылан** — дала аты. Көне түркі тілдеріндегі аффрикат *дж* (қазіргі алтай тілдерінде *дьж//дьа*) формалары қазіргі қазақ тілі аясында *ж* немесе *д* форма-

сын қабылдайтыны белгілі. Мәселен, *дьер//жер*, *дылаң//далаң* т. б. М.— мыңдалан мәніндегі атау.

**Мыңжылқы** — тау және таулы мекен аттары. Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасы бір биігінің аты да *Мыңжылқы*. «Мыңжылқы сиятын тау жайылымы» деген түсінік шындыққа жатпайды. Ақиқатында: «жусап жатқан» немесе «жайылымдағы көп жылқыны елестететін қалың тас» мәніндегі атау.

**Мыңкөл** — көл топтарының аты, елді мекен аты (Павлодар обл.). «Көп көл» мағынасындағы атау.

**Мыңқап** — мекен аты (Қызылорда обл.). «Қаптан бұйымды елестететін» тастақты мекен. «Қалың қап» мәніндегі атау.

**Мыңқұдық** — мекен аты (Ақтөбе обл.). «Көп құдық» мәніндегі атау.

**Мыңөрік** — мекен аты (Сырдарияның қазіргі Шардара қаласы орналасқан тұстағы көне қаланың аты) (155. 43). *Көне түр. миң және өрік* сөздерінен қалыптасқан атау. «Мың өріс» немесе «кең өріс» мәнін берген топоним.

**Мыңорпа** — мекен аты (Гурьев обл.). «Көп құдық» мәнін беретін атау.

**Мыңшұңқыр** — мекен аты (Мұғалжар тауының Сүрената мазары тұстас жер, Ақтөбе обл.). «Толып жатқан шұңқыр» мәніндегі атау. Бұл атау Н. Баяндиннің түсіндіруінше: «Көне заманғы темір қорытқан тіршіліктің куәсы» (117. 1949, № 4, 89-б.). *Мыңшұңқыр* атауы Жоңғар Алатауы қойнауларында да бар.

**Мыржық** — тау аттары: 1) Сарыарқаның батыс атырабы, Атасу басы; 2) Қалба тауының Қарқаралыға ұласатын тұсы. *Қаз.* этникалық топ атауы. Антропоним түрінде де таралған атау.

**Міртөбе** — мекен аты (көне қалашықтың орны. Шымкент обл.). *Көне түр. мір* («міз<бис<піз<пис» «өткір, үшкір» + төбе мәніндегі атау (123. 148).

## Н

**Назар** — биік таудағы жайлау (Алматы және Талдықорған обл.) және жұм. пос. (Торғай обл.) аттары. Ар. «зейн, ықылас» (124. 308.) Қаз. антропоним. Қазақ антропонимдерінде: Назар, Назарбай, Назаралы, Назарбек, Қайназар, Ерназар түрлерінде кездеседі.

**Найза** — тау аты. Сырт сипатына қарай қойылған атау.

**Нарлы** — тау шоқысының, бұлақтың аттары. Ұқастыру жолымен («нары бар») қойылған атау.

**Нарым** — өзен аты (Ертістің оң саласы. Шығыс Қазақстан обл.). «Нарын атауының жаңсақ варианты» деген ажыратым дұрыстыққа жатпайды. Угор тілінің «саз» мағынасындағы сөзі деп төркіндетудің де лайығы жоқ (140, 85). Нарым атауының таралу шегі еліміздің шығыс атыраптарында, әсіресе Батыс және Шығыс Сібірде жатыр. Бұрынғы *Нарым өлкесі* атауы соның айғағы.

**Нарын** — тау, қыр, су аттары. Көптеген еңбектерде бұл атауды, тіпті Нұраны да, монғолдың *нарин* («тар, жіңішке») сөзімен теңейді де, қазақтың «жіңішке» аттас гидронимімен туыстастырады (103. 94). Бірақ оның қисыны келіңкіремейді, өйткені *Нарын* атаулары (Батыс Қазақстандағы Нарынқұмнан өзгелері) түп негізінде едәуір биік объектілерге тән атаулар. Оған дәлел: ертеде Нарын атауы бір ғана емес, қатар жатқан бірнеше тауды қамтығаны көрінеді. Мәселен, солтүстік Арғанатыдағы Көгілдір, Едрей, Қарақия, Қоңыршәулі тауларын біртұтас «Нарын» деп атаған. «Вся эта территория носит общее название Джайлау-нарын» (П. П. Румянцев). Бұдан біз көнедегі *нарын* сөзінің көптік тұлғадағы атау екенін (*нар+ын*) және аңғарамыз. Түбірі — *нар* (түйе мәніндегі «нардан», сөз жоқ, тереңде жатыр). *Нар, нор* тұлғалары орал-алтай

тілдеріне ортақ «тау, тау қыры» мәніндегі сөздер (162. 33) және *Нарын*, *Нарынгол*, *Норинжон*, *Нарлақ* топонимдерінің түбірі болып табылады.

**Нарынқаб** — тау және өзен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Тұр.-монғ. нарын + қаба (қар.)* — «нарындағы қаба» мәніндегі атау. Этнотопоним.

**Нарынқол** — Алматы облысының қиыр шығысындағы пос. аты (әуелде өзен аты). *Тұр.-монғ.* «Нарын суы».

**Нарынқұм** — Батыс Қазақстандағы үлкен құмның аты. Дұрысырағы, жазық даладағы биік құм жондары (Ә. М. Мурзаев). *Нарын* компоненттерінің келтірілген түсініктері бұл атаудың мәнін «тау құм», «биік құм» тіркестерінің өтеуіне пара-пар көне атау деуге мүмкіндік береді.

**Науырзым** — Қостанай облысындағы қорықтың аты. Ландшафт жағынан қарағай, қайың, терек, мойыл, өзге де көне дүние табиғаттар данасы мол сақталған, өзен, бұлақ, көлдері жалғасып жатқан кең атырап. Иран тіліне жатқызу қате пікір. *Көне тұр. новур (қорым* мәніндегі) сөзі негізіндегі атау болуға тиіс. *Новур* термині өзбек топонимдерінде күні бүгінге дейін сақталып келеді: *Каттановур*, *Кизилновур* т. б. (108. 88). *Қаз. нәпір* сөзімен салыстырыңыз.

**Науша** — Бетпақдаладағы мекен аты. *Ир. ноушо* («қара қас»).

**Нияз** — Орталық Қазақстанның солтүстік атырабындағы таудың аты. Бұрынғы Шідерті тауының кейінгі тұста қойылған атауы болуы ықтимал. *Қаз. этноним* бойынша қойылған атау, бірақ иран тілі негізіндегі сөз.

**Нұра** — тау және өзен аттары. Бұл атаудың таралу шегі бүкіл Түркістан және Орталық Азия қырларын алып жатыр. Шалғай жатқан осы өлкелердегі жер-су аттарының *нұра* және *нарын* формаларында арыдан келе жатқан туыстық бардай, өйткені Алтай

тауын монғолдар «Алтайн-Нұра» деп атайды. Ал қазақ тілінің диалектологиялық материалдары нұраны әр түрлі талқылайды: 1) *Нұра* (Қызылорда обл.) — «көз жеткісіз ен дала»; 2) *Нұра* (Шығыс Қазақстан обл.) — «жыра, терең сай-сала» (122. 258); 3) *Нұра* (Алматы обл., тау баурайындағы аудандарында) — «төбенің басы». Бірақ кейбір терминдердің тіл-тілдерде түрлі мағынада айтылатын кезектері көп. Мәселен, көне *тал* сөзі көптеген үнді-европа тілдерінің бірінде *тау*, бірінде *дала* мағыналарын беретіні бар (селжүк түріктерінің тілінде де соңғыша). *Нұра* атауын таза монғол тілінің «жыра» немесе (*нуур*) «көл» мағынасындағы сөздеріне жатқызатындар бар. Бірақ нұра тұлғасы жер бетінің рельефімен (биіктікпен) байланысты айтылған көне тілдердің қалдығы болуға тиіс. Шынында да, Земчевтер скиф дәуірінен қалған қырқа мағынасындағы атауға қосады (76. 62).

**Нұрақ** — Балқаш көлінің оңтүстігінде созылып жатқан төбенің аты. *Көне: нұра + қ* (кішірейткіш өлі жұрнақ) — «кішкене қыр» мәнін береді.

**Нұраталды** — пос. аты (Жезқазған обл.). *Көне нұра (қар.) + қаз. талды* — «талды нұра» мәніндегі атау.

**Нұргай** — өзен аты (Қарабие бойы). *Ар. нұр + тай* қосындыларымен келетін антропоним бойынша қалыптасқан өзен аты болуы мүмкін емес. -*Нұра* және *тай* сөздерінен құралған атау болуы мүмкін. Келе-келе *нұра* сөзінің аяққы *а* дыбысы түсіп қалуы әдеттегі құбылыс.

**Нілді** — пос. аты (б. Успен руднигі. Қарағанды обл.). *Ар. nil («көгілдір») + қаз. -ді* жұрнағы арқылы жасалған атау. Сол жерде минералды көк бояу жасалатын пайдалы қазбалардың болуына байланысты қойылған атау.

Орта Азияның *Нилғар* (сөзбе-сөз «Көгілдір тау») оронимімен салыстырыңыз (13. 179).



**Оба** — толып жатқан микропонимдер. Арғы түбі тунгус-манчжур тілдеріне тән (*обо*): «шошақ тау, үйінді тас, жалғыз төбешік» ұғымындағы сөз. Көбіне «буддистер табынатын тас үйінділер» немесе бір «шекара белгісі үшін үйілген» және басқа мәндес «үйметас» белгілер (140. 86). Оғуз-қыпшақтар «нысана» мәнінде түсінеді. *Сал.*: қырғ. *обоо* немесе *обочо* (қаз. *оңаша*); *түркм.* және *азерб.* ауыл-село мәнінде түсінеді (обалы — ауыл тұрғыны), *өзб.* мулотош («молатас») т. б.

**Обаған** — мекен аты (Қостанай обл.). Көне түр. *оба+ған* (өлі аффикс, заттың көптігін көрсетеді).

**Ожар** — тау аты (Алматы және Павлодар обл.). *Түр.* ұچار («биік мәніндегі атау тұлғалы сөзі. *Сал.*: *азерб.* ұжар — «биік», *Батыс Сібір түр.* Ұچار — тау аты, *Қырымда Ұчансу* — биік сарқырама (гидроним) және қаз. фразасы «ұшан теңіз» т. б.

**Ожырай** — тау аты (Солтүстік-Батыс Ұлытау). *Қаз.* (ет.) «оқшаулану, бөлектену» мәніндегі атау.

**Ойбастау** — мекен (бастау) аты. «Ойпаңдағы бастау».

**Ойжайлау** — Жетісудың таулы жеріндегі жайлау аты. Сол жайлауды (Лепсі бойын) поляк демократы Адам Янушкевич жер жұмағына теңеген (229. 92).

*Сал.*: *түркм.* *ойұқ* — «үйілген бұта» («Советская география». М., 1960).

*Этим.*: *түр.-монғ.* *оо>ой* («тоғай») және *йайлақ* сөздерінен қалыптасқан — «ну жайлау» мәніндегі атау.

**Ойқарағай** — мекен аты. *Түр.-монғ.* «ну қарағай» мәніндегі атау. *Ойжайлауды* қараңыз.

**Ойқұдық** — мекен аты. *Ойбастау* пара-пар (*қар.*).

*Көне* тоғалар түркінің ой («қайнар») сөзімен төркіндес болуы да ғажап емес.

**Ойсылқара** — Ақтөбе облысындағы елді мекен аты. Әуелде *Орға* құятын өзен аты. *Қаз. (миф.)* «түйе малының пірі, атасы» (124. 396).

**Ойтерек** — мекен аты (Солтүстік Қазақстан обл.). *Көне түр. ой + дарақт* сөздерінен қалыптасқан атау. *Мағын.: (сөзбе-сөз)* «тоғай-терек» — «қарағай тоғай» мәнін береді.

**Ойық** — пос., с/з аттары (Талас бойы. Жамбыл обл.). *Қаз. этникалық топ атауы. Этим.: ойық (зат.)* еннің аты. Этногр. «малдың құлағына салынатын ендердің *ойық* түрі (124. 396).

**Ойықшан** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Көне түр. ұюқ* («саз») + *шаң* қосымшасы арқылы жасалған атау. *Мағын.:* «саздау жер». *Ұюқман* атауымен салыстырыңыз.

**Ойыл** — өзен, село және аудан аттары (Ақтөбе обл.). *Түр. ой* сөзіне *-ыл* жұрнағын қосу арқылы жасалған атау (05. 139). Бірақ *ой* сөзі етістік тұлғасында емес, зат есімдік тұлға, атап айтқанда, шор тіліндегі *ойғаш* «котловина», *кач*, *қойбол*, *сағай* тілдеріндегі *оймақ* «низменность», ұйғыр тіліндегі *ойман* «углубление», шор тіліндегі *ойыс* «низменность», *башқұрт* тіліндегі *уйыл* «долина» тұлғалары пара-пар; және *ойыл* атауындағы *-ыл* жұрнағы, проф. А. Ысқақов келтіргендей, қазақ тілінде есімдер мен етістік тудыратын омонимдес жұрнақтардың бірі. Мәселен, «...тіліміздегі қаңқыл, жарқыл, жалтыл, батыл тұлғалары белгілі бір сөз тобына ғана емес, бірнеше грамматикалық категорияға ортақ, нағыз омоним форма екендігі айқын көрінеді (81. 216).

*Мағын.:* *қаз. ой (зат.) + ыл* жұрнағы арқылы жасалған атау.

**Ойылтам** — мекен аты (Шымкент обл.). *Қаз. ойыл*

(қар.) және *там* сөздерінен құралған — «ойылдағы там» мәніндегі атау.

**Оқпан** — өзен аты. Қаз. (зоол.) құстың аты. «Өгіз-өкірген» деп те атайды. Оқпандар жемсауына су толтырып, басын кекжите ышқынғанда өгіздің өкіргеніндей дыбыс береді.

**Омақакөл** — мекен аты (Павлодар обл.). Қаз. белгі үшін қойылған үйінді (*оба*).

**Омаш** — мекен аты (Ақтөбе обл.). Қаз. зат. (көне) «ағаш соқа».

**Омбы** — мекен аты (Талдықорған облысының батыс аймағында). Қаз. (обл.) «оппа (қар)» мәніндегі атау.

**Овүй** — мекен аты (Алматы облысының шығыс аймағында). Қаз. этникалық топ атауы.

**Орал** — қала аты (1613), облыс орталығы, әуелде өзен аты. Түркі тайпалары ішінде башқұрт, татар ұлыстары *Урал* атағандай. Ол — *Жайық* (яик) атауының бір дублеті (қар.). Топоним *Орал* тауының атымен байланысты. Этимология варианты қилы нұсқада айтылып келеді: угор, түркі тілдеріне тән *ур + ала*, *Ор + ал* формаларынан қалыптасқан атауға балайды. *Урал* формасын ежелгі башқұрт сөзіне тән деседі. Бұл атаудың солтүстіктегі Үлкен Оралға (тау Оралға) қатысы жоқтай. Тек болғаны В. Н. Татищев, П. И. Рычковтардың географиялық зерттеулерінде сол өңірлердегі тау жүйесін (қазіргі Орал тауын, Е. Қ.) бір-ақ сөзбен айту үшін солай қабылданған. А. И. Макшеев келтірген «Үлкен Чертеж кітабы» туралы мәліметтерде *Аралтовы горы* түрінде таңбаланған. Ыңғайы, *Оралтау* дегендегі аяққы тау сыңарын жете түсіне алмай, *гора* сөзімен үстемелеген сияқты. А. Әбдірахманов: «Орал тауының және өзеннің аты оралу егістігімен түбірлес түркі сөзі болу керек. Бұл атауды осы маңда өмір сүрген башқұрттар не татарлар қойған болу керек. Орал

деген атау өзеннің оралып ағатын көрінісін дәл береді», — дейді (05. 131).

**Оралкөл** — көл аты (Көкшетау обл.). Қаз. сын. «оралмалы, айналмалы көл» мәніндегі атау.

**Оралсай** — мекен аты (Орал обл.). Қаз. сын. «оралмалы, айналмалы сай» мәніндегі атау.

**Орда** — аудан орталығы (Орал обл.) және тау аттары (Семей обл.). Түр.-монғ. *орда//ордұ* — «хан сарайы, көп қанатты ақ үй, қалың қол (*әскер*)» мағыналарындағы сөз. Көне түркілердің орхон жазуында және М. Қашғари еңбектерінде *ордұ* (соңғысы — Шу өзені бойының *Баласағұн* маңындағы бір мекен аты. Бұл *Құзорда* деп те аталған). Жалпы түркі тілдес халықтар мекені атыраптарында бұл аттас өзге топонимдердің мынадай түрлері бар:

1) **Ордұбад** (*түр.-ир. орда-абад*) — Иран Азербайжанындағы көне қаланың аты. Сол бойынша Ордұбади псевдонимі, «Тұманды Тевриз» авторы.

2) **Орда** — Түркияның Анатолий валайтындағы қаланың аты.

*Этим.*: «хан сарайы», «хан тағы» және «қалың нөпір».

**Ордабасы** — асу аты (Шымкент обл.). Түр. *оурдо башь* — «ауыр жолдың басы» мағыналас сөз тіркестерінің ыңғайына келеді. Сол мағыналас түркі топонимдерімен салыстырыңыз (*қырғ. Оробашы, өзб. Ұрабашы*).

**Орқаш** — мекен аты (Мұғалжар тауы. Ақтөбе обл.). Қаз. (обл.) «өркеш» мәніндегі (ұқсастыру жолымен қойылған) атау.

**Орпа** — мекен аты (Гурьев, Маңғышлақ обл.). Қаз. (диал.) *ор+па* (афф.) — «құдық» мағынасын береді. Сал.: чув. урапа, түркм. ұрпақ немесе ұнтақ. Түркияда арпа түрлері сол мағынаны береді.

**Ортабақанас** — көне арнаның аты (Үш Бақанастың ортаңғысы, Алматы обл.).

**Ортакөл** — тау шатқалының аты (Тарбағатай етегі), көл аты (Сарыарқада). Аталған шатқалда көл қалдығы жоқ. *Орат қол* (бұлақ мағынасында) болуы мүмкін.

**Ортау** — тау аты (Сарысу өзенінің басы). Қазірде с/х. аты.

**Отар** — Қызылқұмдағы мекен аты (Шымкент обл.). *Қаз. от + ар* қосымшасы арқылы қалыптасқан термин-топоним.

**Отрар** — ежелгі түркілер қаласының орны (Шымкент обл.). Этимологиясы белгісіз. Бұл күнде мекен аты (археологтар партиясы орналасқан).

**Ошағанды:** 1) мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.); 2) өзен аты (Нұраның саласы, Қарағанды обл.).

**Ошақты** — мекен аты (оңтүстік аймақтарда). Екі түрлі этимология ұсынылады: 1) ошағы көп жер; 2) «ошақтылар» (Ұлы Жүздің бір ру тобы) мекені.

## Ө

**Өгізарал** — Балқаш көліндегі аралдың аты. *Этим.:* *көне түр. үгүз* («өзен су») және *арал* сөздерінен қалыптасқан атау; «сулы арал» мәнінде. «Уус» сөзі жөніндегі Доможаков этимологиясын қараңыз (57. 47).

**Өгізбасы** — мекен аты. «Су басы» немесе «өзен басы» мәніндегі атау. *Өгіз* формасы *көне түр. үгүз* («өзен») тұлғасының қазақ тіліне контаминацияланған түрі.

**Өгізсай** — мекен аты. Көне түркі тайпалары тіліндегі *үгүз* және *сай* (чай) тұлғаларының, яғни бір мағынадағы екі ұдай тұлғаның қабаттаса тіркесуінен қалыптасқан атау. Демек, екеуі екі дәуірдің элементіне тән, бірақ бір мағынадағы тұлғалар. Топонимикада жиі ұшырайтын құбылыс.

**Өзен** — ҚТІІ (Маңғышлақ обл.). *Өзен* сөзінің өзге

түркі тілдеріндегі мағыналары: *балқар* тілінде — алқап, жазық, алаңғыт, *өзб.* ұзан — «су саласы», *хак.* өзен — «жыра» мағынасын береді.

**Өлеңті** — қыр, өзен аттары (Орал және Целиноград обл.). *Көне түр.* өлең және *тү* сөздерінің кірігуінен қалыптасқан атаулар. Сөзбе-сөз «өлеңтау» мағынасын береді.

**Өркеш** — көл аты (Қостанай обл.). *Қаз.* бейнелеу (теңеу) жолымен қойылған атау.

**Өрөл** — Шығыс Қазақстандағы құз жартасты мекен аты. Бұл топоним бізге түркі-монғол тайпаларының көнедегі генетикалық байланысы жайлы сыр тарта шертеді. Мәселен, буряттардың ежелден келе жатқан сенімі бойынша *Өрөл* (Байкал жағалауындағы жартастың аты) — *Өлхөн* тәңіріне тән Бұрханның баласы.

**Өренді** — мекен, кіші-гірім жылға аты (Жамбыл обл.). *Түр.* эллинизацияланған *Ореанда* (Қырымда) атауымен салыстырыңыз.

**Өртең** — мекен (тау) аты. «Жұтаң жер» мәніндегі атау.

**Өсек** — өзен аты (Талдықорған обл.). *Түр.* *өсек фон.* «өзек» мәнін береді. *Сал.:* қазіргі хакас тілінде өзен мәнінде сақталған.

## II

**Пазрық** — тау шатқалының аты (Ұлаған басы. Алтайда). *Көне түр.* (пазарық < пазайрық < бұзайрық) *мұзайрық* мәніндегі атау.

**Пұшантай** — тау қойнауының аты (Шыңғыс бойы, Семей обл.). *Көне түр.* *пышан (қар.) + тай (қар.)* — «пিশен тау» мәніндегі атау.

**Пышен** — алқап аты (Қарағанды обл.). *Ор.* айты-

луы «Пашен». *Көне түр.* пышан — «пшшен» мәніндегі атау.

**Пісте** — кіші-гірім тау аты (Оңтүстік Қазақстан). *Ир.* фиста, *бадам* — «әдемі, түзу, толықша» мағыналарын береді.

## Р

**Рабат** — мекен аты (ежелгі қоныс орны. Қызылорда обл.). *Ар.* ғимарат, құрылыс мәнінде.

**Рақпантау** — мекен аты (Оңтүстік Қазақстан). *Ар.* *рахман* негізіндегі («мақтаулы, айтулы») тұлғаға *қаз.* тау сөзін қосу арқылы жасалған симбиоз деп жорамалдауға болады.

**Райсай** — тау сайының аты (Алматы обл.). *Ар.* *рай* («кейіп, көңіл қошы») + *қаз.* *сай* сөздерінен қалыптасқан — «имандысай» мәніндегі атау.

**Райым** — мекен аты. *Ар.* «тартымды» мәніндегі атау. Райым — *ар.-қаз.* симбиозы: *ар.* *рай* сөзіне *қаз.* *-ым* жұрнағын жалғау арқылы қалыптасқан атау.

**Рауғашты** — тау мекенінің теріскей жағының аты. *Қаз.* *рауғаш* сөзіне барлықты білдіретін *-ты* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атаулар (қырғыз-қазақ тілдерінде *рауғаш*, *раваш*, *рауаш* түрлерінде әр түрлі айтылады). Ж. Болатов: «Бұл атаулы тұлға *рау* және *ағаш* сөздерінен қалыптасқан болуы керек», — дейді. Рауғаштың сабағы тіл үйіртетін тұщы шырынға толы. «Анар дәмдес өсімдік», — дейді Ш. Уәлиханов (35. 239).

**Рахманов-Арасаны** — Рудалы Алтайдағы арасан көзі. *Р.* — *қаз.* Әбдірахман антропонимінің орыс тілі адаптациясы (127. 10. 09. 1968).

**Рым** — ауыл аты (Қостанай обл.). *Қаз.* этникалық топ атауы.

## С

**Сабаз** — өзен аты (Қаработа деп те аталады. Емелге құяды. Алакөл бассейні. Талдықорған обл.). *Ар. саба* («жұпар шөп») + *з* (өлі аффикс, көптікті білдіреді). «Сабалар» мәнделес, «дәрі шөптері» ұғымын білдіреді (60. 478).

**Сағабүйен** — өзен аты (Талдықорған обл.). *Саға* және *Бүйен* (*қар.*) атауларының қосындысы (біріккен тұлғалы жалқы есім).

**Сағай** — елді мекен (Ақтөбе обл.). Этникалық топ атауы (алтай түркілерінде сақталған).

**Сағыз** — мекен, өзен аттары (Ақтөбе, Гурьев обл. Соңғыда елді мекен аты). *Түр. сағ + ыз (афф.)*: *сағ* сөзі оғуздардың айрықша әскери термині, басқа түркілердің «оң» сөзінің орнына жүреді, яғни «алдыңғы сап» ұғымын береді. Бұл туралы М. Қашғари да көрсеткен (20. 577). *-ыз* — *түр.* көптік жалғау.

**Сағыр** — мекен аты (Гурьев обл.). *Түр.* ротацизмі (*з > р*). *Сағыз* (*қар.*). *Сағыз* тұлғасы түркі тілдерінде «суыр» мағынасын да береді.

**Саз** — Қазақстанның оңтүстігіндегі тау аты. *Түр. сас* «қатқақ (жер)» немесе «тас» мәніндегі сөз; мәселен: *сасқа* — бір бейне үлгісінде үйілген тас, ондай тастар көбіне шоқының басында болады (207. 355). *Құлсансазбен* салыстырыңыз — саздың жұғыны жоқ тау жайлауы.

**Сайғынды** — дала аты (Қызылорда обл.). *Көне түр. сай* («жапан дүз») + *ғыр* (*сын. афф.*) — «қатқақ тақыр дала» ұғымын береді (60. 480).

**Сай** — атау тұлғалы мекен аты және ежелден келе жатқан географиялық термин. Бұрынғы өзен мағынасынан арылған тұлға. Түркі тайпаларының оғуз группасы тілдерінде өзен өтеуін *чай* түрінде сақтап келеді. Өзб. тілінде *сой* формасы «құрғақ арна» мағынасын



береді. *Құрықсой, Сувлисой* топонимдері соның салдары (109. 158). Қазақстанның оңтүстік өлкелерінде бұл термин көбіне *әдеб. шат, шатқал* мағыналарын өтейді, мәселен: Медеу сайы, Үлкен Алматы сайы, Қарғалы сайы, Ақсайдың сайы т. б. Ал «кішірек сай» ұғымы *қоқты, қолат* терминдерімен өтеледі. *Сайр* — монғол тілдерінде «құрғақ арна» пара-пар. Жалпы түркі тілдерінде бұл сөз ертеде өзен, су мағынасын бергені анық. *Сай, чай* түрлері Евразия шектерінің біраз атырабына сіңісті терминдер және этникалық мәндері бар (Гокчай, Қарачай, Кизилсай т. б.).

**Сайқан** — тау шатқалының аты (Талдықорған обл.). *Этим.*: «Басқан» үлгілес атау — «кең алқап» мағынасын беруі ықтимал. *Сай+қан* (ған) тұлғалары тым көненің көздеріне жатады.

**Сайқын**: 1) Орал облысындағы елді мекен аты; 2) Талдықорған облысында соғатын дүлей желдің аты (батыс бағыттан Алакөл маңы жазығындағы Жалаңашкөлді беттей соғады). Сібір өзені *Сайқы* немесе монғол тіліндегі *сын. сайхын* тұлғасымен жұптастырудың қисыны жоқтай. Біздіңше, *Сайқан* және *Сайқын* тұлғалары бір ұғымның екі түрлі айтылуымен байланысты туған атаулар, өйткені, жергілікті елдің сөйлеу тілінде соңғысын «сайқ(а)нның желі» деп те айтады.

**Сайнбөлек** — Жетісудағы таулы мекен аты. *Сайн* сөзі түркі тілінде «артық туған (әулетті)» ұғымының баламасын береді. Осы сөздің сол мәнін қазіргі *шор* тіліндегі *сеок (сүйек)* сөзі өтеуге жақын (178. 112). *Этим.*: «жақсылар әулеті» мәніндегі атау. *Сал.*: *Сайн* — *түркм.* этнотопонимі (13. 199).

**Сайрам** — қала аты (б. Исфиджаб. Оңтүстік Қазақстан). Әуелде кіші-гірім өзен аты (*Өгем* тауынан бас алады. *Сайрам* шоқысы сонда). Көне деректерде *сайрам сув* (М. Қашғари т. б.). Атаудың шыққан тегін таумен байланыстыратындар: *түр. таиш, сай* деп төркінде-

теді. Бәрінен гөрі толығырақ талдау жасаған А. Әбдірахманов: *түр. суға* байланысты «*сайр//сайз//саяз* (р>з) су» мағынасындағы атау екендігін түбегейлі дәлелдеді (05. 148—152).

**Самсы** — пос., әуелде бұлақ аттары (Алматы обл.). Ескі түркі тілдеріндегі *чам//шам* (лай, құрым) мәніндегі атаудың *с* дыбысы арқылы айтылуы. Қырғыз тілінде ол сипатты өзен-бұлақты *чамбыл аққан су* дейді (226. 843). Бұл атаудың аяққы *-сы* формасы *көне түр. су* тұлғасының ықшамдалған түрі. *Лепсіні* қараңыз.

**Сандықтас** — мекен аты. Бұл аттас мекендер республиканың әр тұсынан байқалады. Мекеннің олай аталу себебі тастан орнатылған ескерткішпен байланысты. Тастан қашалған төрткүл тас сағаналар алыстан-ақ әшекейлі *тас сандық* үлгісін көз алдыға тартады.

**Сантас** — Жетісудың оңтүстік атырабындағы тау асуының аты. Көне түркілердің дәстүрімен байланысты жол аузындағы үйілген тас; тау тәңірісіне сиының белгісі. «Ақсақ Темірдің сарбаздары бір-бір тастан тастап өткен» деген аңыз шындыққа жанаспайды. *Этим.*: «сан жетпейтін тас» ұғымын беретін түркі фразасы, әуелде *санташ* болу керек. *Оба* ұғымына жуық атау. *Айдарлымен* салыстырыңыз.

**Сарайшық** — Орал өзенінің Каспиге құйған тұсындағы көне мекен аты. *Көне түр. чиф сарайы*. Этноним.

**Саран** — қала аты. *Қаз. сораң (обл.)* «сортаң жер» мағынасындағы атау.

**Сарқан** — пос. аты, әуелде терең шаттың, таудың, өзеннің және мұздықтың да аты (Ақсу саласы). *Түр. «кең шат»* мәніндегі атау.

**Сарман** — өзен (Павлодар обл.) және мекен аттары (Ақтөбе обл.). *С.* — түп негізінде жалқы есімдер құрамын: *сар+ман* элементтерінен қалыптасқан тұлға; *түр.* этнонимдері мен антропонимдері құрамынан кез-

деседі. Мәселен, қырғыздың Солты руының бір тобы және қазақтың адам аттары. Г. Ф. Саттаров: монғол тіліне тән кірме элементтерге, яғни чағатай тілдеріндегі *Айтұғды*, *Айтуған* есімдеріне жанастырады. Біздіңше, *сарман* атауының қалыптасу және семантикалық өрбу жолдары *Қалқаман* атауымен («өміршең мағынасында») үндесетіндей.

**Сарыой** — мекен аты. Сарыдала пара-пар. Олардың Қырғызстан мен Өзбекстан атыраптарынан кезігетіні байқалады.

**Сар(ы)арқа** — өлкеңің аты. Экспрессивті-эмоциялы атау. «Қеңарқа» мағынасында айтылады. Кейде «Арқа» деп те айтады. Толығырақ «Кіріспеде» (*қар.*).

**Сарыбай сөресі** — мекен аты (Алматы обл.). *Қаз. С.* және *сөре* сөздерінен құралған атау — соңғысы (*обл.*) «көмбе, қарақшы».

**Сар(ы)бел** — бел аттары. «Аумақты», «асу» мәніндегі белдер. Бір «Сарыбел» бойынша пос. аты (Талдықорған обл.).

**Сарыбұлақ** — республиканың түкпір-түкпіріндегі бұлақ аттары. Солар бойынша елді мекен аттары. «Кең бұлақ» мәніндегі атаулар.

**Сарыгөсір** — Алматы облысының шығыс атырабындағы алқаптың аты. «Шалқыған алқап» мәніндегі атау. *Қаз. (арх.)* көл-гөсір фразасымен салыстырыңыз.

**Сарыесік** — Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан өрге тартылған қалың құмның аты. Дыбыс алмасуынан болған аблаут атау. Дұрысы (*түр.*): *сар + ич + жақ* — «ішкі кеңістік» ұғымына жуық.

**Сарыжайлау** — жайлау аты. *Қаз.* «кең жайлау» мәніндегі атау. Сарыжайлаудың бірі қазіргі Егіндібұлақ ауданындағы (Қарағанды обл.) мекен аты. Тәттімбет мекені. Оның бейіті де сонда, Сарыжайлау, былайша айтқанда, Бабалы, Бапалақ, Қызылтау, Үшқара, Едрей, Арқалық шоқыларының (тауларының) қоршауындағы көз жетпес кеңістік. Сарыдала ұғымдас.

**Сарыжота** — көптеген тау жоталарының аты. *Қаз.* «Кең жота» мәніндегі атаулар.

**Сарыкемер** — кемер аты. *Қаз.* «Кең жағалы кемер» мағынасындағы атау.

**Сарықұлақ** — елді мекен аты (Талдықорған обл.), әуелде тік жарқабақтың аты. «Үлкен құлама» мәніндегі атау.

**Сарымсақты:** 1) биік таудағы жайлау аты (Талдықорған обл.); 2) Оңтүстік Алтайдың бір қырының аты, сол бойынша өзен аты.

**Сарыноқай** — Қазақстанның оңтүстігіндегі мекен аты. *Түр.* этникалық топ атауы.

**Сарыоба** — Ертіс бойындағы көне қоныс аты (Павлодар обл.). *С.* — көнедегі керуен жолы (Ұлытаудан Сібірге (115. 23. 05. 1975)).

**Сарыөзек:** 1) өзен аты (Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл обл.). «Кіші өзен» деп те атайды. *Түр.* «кең су» мағынасындағы атау; 2) пос. аты (Қостанай, Көкшетау, Талдықорған обл.). Сары топырақты құр жылғаға байланысты атаулар.

**Сарысу** — өзен аты. «Кең су» мәніндегі атау. Қырғыз тіліндегі «сары өзен жайықтай» фразасы «сулы, нулы, кең алқап» мағынасын береді (226. 588).

**Сарысырым** — ауыл аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Қаз.* қос тұлғалы этноним: сары және сырым.

**Сарытас** — шығанақ аты (Маңғышлақ обл.). Жер қойнауынан шыққан жыныстардың түсіне қарай қойылған атау.

**Сарытауқұм** — құмның аты (Алматы облысының солтүстік атырабы). «Сары түсті тауқұм» немесе «тау-тау құмдар» мәніндегі атау.

**Сарытөр** — мекен аты. «Тау етегіндегі қоныс» мәніндегі атау.

**Сарышаған** — сулы мекен аты. *Түр.* *Сары* және *шаған* сөздерінен құралған атаулар. «Шаған өсімдік-

тері мол жер» мәніндегі атау. *Көне түр.* және *монғ.* тілдерінде: *шаған > сақан > цахан* — өсімдік аттары.

**Сарышығанақ** — мекен аты (көл жағалауы). «Кең шығанақ» мәніндегі атау. «Шығанақ» термині «тоғай» терминімен туыстасады (*қар.*).

**Сассай** — Каспи ойпатындағы таулы-жыралы мекен-жай аты (91. 136). Бұл атаудағы *сас* сөзі *көне түр.* тілінің тас мағынасын беретін позициялық варианттарының бірі, көнедегі *чаш* вариантына жақын (*қар.*). «Тастысай» мәніндегі атау.

**Састөбе** — жұм. пос. (Шымкент обл.), әуелде тау аты. *Састөбе* атауының көне дублеттерінің бірі *Чаштөбе* атауына өткен ғасырда Орта Азия және Жетісу өлкелерін зерттеген біраз ғалымдар (Н. Пантусов, А. Кун, кейінірек Е. Поливанов) көңіл аударған. Осы атаулар арқылы олар көне түркі тілдеріндегі *ч* және *с* дыбыстарының алмасу заңдылығын ажыратқаны белгілі. Мәселен: *чаш > сас > тас > таш* (Чашкен ~ Ташкент т. б.; 174. 395). Бұдан шығатын қорытынды: *Састөбе* атауының мәнін «Тастөбе» деп ұғынуға әбден болады.

**Сатылы** — тау шоқысының аты. *Көне түр.* *чаат бот.* өсімдік аты (бою жасайтын шикізат).

**Саумалкөл** — көл аты. Орын алып келген «саумал» (биенің сүті) мәніндегі түсінік дұрыс емес сияқты. Өткен ғасырдағы орыс зерттеушілері *саумал* сөзін өсімдік атымен ұштастырады.

**Сауыр** — Қазақстанның шығысындағы тау жотасының және Маңғышлақтағы көне бекіністің аттары. *Сауыр* сөзінің жылқының жонымен байланысы жоқ, түркі тілдері аумағынан тысқары қолданыла береді, әсіресе славян топонимдерінде кездеседі. Бұл сөз *мерген* тұлғасының синонимі орнына жүретін көне тілдер жұрнағы. Көнедегі керуен жолын (Ұлытау — Сырдария аралығын) «Сауыр жолы» деп те атаған.

**Саяқ** — ҚТІІ және т. ж. ст-сы, әуелде төбенің аты

(Орталық Қазақстан). Қырғыз халқының Саяқ тайпасымен қатысы жоқ. «Саяқтөбе» ұғымындағы атау.

**Саян** — тар шатқалдың аты (Талдықорған обл.). *Қаз. арх. сай* сөзіне күшейткіш *-аң* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Саян (Алатауы) атауымен туыстастығы болмауы мүмкін.

**Семей** — қала аты, өзі аттас облыс орталығы. *Ор.* Семипалатинск атауының қазақша түрі, яғни «жеті үй» сөзінің қазақ тіліне ықмашдалған түрі. Орыстың *Семипалат* атауын қазақтың «Алты үй», украинаның «Пятихатка» топонимдері үлгілес деуге болады. *Семей* атауы, тарихи деректерге қарағанда, орыс экспедициясы келгенге дейін (1718 ж.) *Сарчинкт* атанған. Ол атау, тәрізі, *түр.-монғ.* тілдерінде «кең кемер» немесе «биік кемер» мәндес атау болғандай.

**Сеңгір** — мекен аты. *Сеңгір* — көне термин. М. Қашғари сөздіктерінде *Кеншек-Сенгир* т. б. түрлерінде кездеседі. Екі түрлі түсінік беріледі: 1) *ир. зан* («зор») + *ғар* (тау) — «биік тау», «құз жартас»; 2) *көне түр. сеңцир* — «шошақ» мәніндегі атаулары болуы ықтимал.

**Сөгеті** — тау аттары (Жамбыл және Алматы обл., соңғыда сол бойынша тау бөктеріндегі кең жазықтың да аты). *Түр. сөгет* (талдың бір түрі) + *ту* — «сөгет тау» мәніндегі атау (180. 146).

**Созақ** — пос., аудан аты (Шымкент обл.); әуелде Қаратаудың солтүстік бөлігіндегі едәуір биік тау шоқысының аты. «Көне түркі сөздігіндегі» (1969 ж., 509-б.) «поселок» түсінігі лингвистикалық тұрғыдан жанасыңқырамайды. Көне түркі тілдерінде биік тік шоқыларды *сусақ*, *шучак* деп атаған, қазіргі *қырғ.* тілінде *сузак*, *башқ.* тілінде *сусак* атайды (45. 1967, № 1, 121), *қаз.* тілінде «шошақ».

**Сорбалқаш** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Қаз. (арх.)* «батпақсор» өтеуін беретін атау.

**Сорбұлақ** — құрғап бара жатқан көлдің аты (Алматы обл.). «Бұлақ» компоненті сол көлден ағатын бұлақ барын көрсетеді.

**Суаткөл** — көл және елді мекен аты (Солтүстік Қазақстан). *Түр.* «сулы көл» (суы мол көл) мәніндегі атау.

**Сулыкөл** — елді мекен аттары (әуелде көл аттары). Республика бойынша бірнеше мекен «сулыкөл» аталады. Сулыкөлдер көбіне «Сұлукөл» түрлерінде адаптацияланған (*қар.*).

**Сулықкөл** — Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы көлдің аты. Тілдік формасы жағынан көнелеу тұлға. Бұ да Сулыкөлге пара-пар.

**Суырту** — тау аты (Шығыс Қазақстан). «Суыртау» мағынасындағы атау (*көне түр. сувур + ту* сөздерінен. Обручев.).

**Суықтөбе** — жайлау аттары (Алматы және Талдықорған обл.). «Қоңыржай, қоңырсалқын төбе» мәніндегі, яғни «жағымды, мал-жанға жайлы қоныс» мәніндегі атаулар.

**Сұлужон** — далалы аймақтардағы жондардың аты. Қазақтың *сұлу* сөзімен байланысы жоқ, түркінің *сулу* «сұлұ» және *жон* сөздерінен қалыптасқан атау, яғни атаудың бірінші компоненті су түбірлі сөз. *Өзб. Сулуе жұн* атауымен салыстырыңыз.

**Сұлукөл** — көл аты, сол бойынша совхоз аттары (Қостанай және Орал облыстарында). *Сұлу* және *көл* сөздерінің, өзге де осы тектес топонимдер сияқты, географиялық атау құратын ыңғайы жоқ. Қазақ тілінің *сулы* мәніндегі сөзі кейбір түркі тілдерінде *сұлу* (*қырғ. суулуу*) формасында айтылатындары бар, яғни дауысты *у* дыбысы созылыққы келеді. Атаудың *сұлукөл* болуы осы дауыстылардың қазақ тілінде ауыс-қағыс қалыптасуынан (*сулу < сұлу*) деуге болады. *Сулыкөл* мәніндегі атау.

**Сұлуқамыс** — Қазақстанның оңтүстік аймақтарын-

дағы жер аты. Түркі тілі негізіндегі атау. Атаудың бірінші (*сулу*) компонентіндегі екі дүркін келетін созылықты дауысты *у* дыбысының бірі (біріншісі) қазіргі қазақ тіліне бейімделу нәтижесінде *ұ* формасын қабылдап, *сұлу* тұлғасына адаптацияланған.

**Сұлуісте** — Оңтүстік Қазақстандағы тау аты. Таудың көрінісін миуаға ұқсастыру арқылы қойылған атау және түркінің *сулу* сөзі қазақ тілінің «сұлу» формасын қабылдап кеткен. *Сулытау* мәндес атау.

**Сұлутау** — Семей облысындағы дөңестің аты. *Сұлу* сөзімен байланысы жоқ, түркінің *сулу*, яғни «сұлу» сөзінің кейіннен қазақ тіліне бейімделе келе, «сұлу» түрін қабылдаған атауы. Таудың сұлулығын емес, *сулылығын*, яғни ол жерде су барын баяндайтын атау.

**Сұлутөбе** — төбенің аты. *Сұлушоқының* немесе *Сұлутаудың* этимологияларын қараңыз. *Түркм. Сувлудене* (Сулытөбе мәніндегі) топонимімен салыстырыңыз.

**Сұлутөр** — Жамбыл облысының Қордай және Меркі аудандарындағы тау жайлауларының аттары. Түркі тілдері негізіндегі атаулар. Атаудың бірінші компонентіндегі (*сулу*) дауысты *у* дыбысының бірі (біріншісі) қазіргі қазақ тіліне бейімделу нәтижесінде *ұ* формасын қабылдап, *сұлу* тұлғасына адаптацияланған. Кейбір деректерде келтірілгендей, Түргеш-ханшасының жайлауы (Сұлудың төрі) дейтін версияны да тәрк етпейміз (83. 60).

**Сұлушоқы** — Сарыарқа кеңістіктеріндегі кейбір биік шоқылардың аттары. Түркі тілдері негізіндегі атаулар (*сулу* және *чоқұ*). Атаудың бірінші (*сулу*) компонентіндегі екі дүркін келетін созалаң дауысты *у* дыбыстарының бірі (біріншісі) қазіргі қазақ тіліне бейімделу нәтижесінде *ұ* формасын қабылдап, *сұлу* тұлғасына адаптацияланған, ал екінші компонентіндегі *афф. ч* дыбысы ызың *ш* дыбысына, аяққы *ұ* (еріндік) дыбысы езулік *ы*-ға айналған.

**Сұнақата** — Сыр бойындағы елді мекен (Қызыл-



орда обл.). А. Әбдірахманов: тарихи Сығынақ қаласының — көнедегі қыпшақ астанасының орнымен, соның атымен байланыстырады және оның *Сыгнак, Сугнак* тіпті *Сұғанақ* түрлерінде айтылатыны жайлы деректер келтіреді (05. 158). *Сұнақата* — «қыпшақтардың аңыз атасы».

**Сүгір** — тау шоқысының, сол бойынша бүкіл бір алаптың аты (Алматы обл.). *Таусүгір* деп те аталады, сол бойынша пос. және шаруашылық аты. *Тұр. сүгүр* — «сүйір, өткір» мағынасындағы сөз. Қазіргі тыва тілінде *сүүр* формасында сақталған (207. 379). Қазіргі *түркм.* тіліндегі *Сығырлы* топонимі сол мағынада. *Сүгір* формасы қазақ антропонимінде сақталған.

**Сүмбе** — тау, өзен аттары (Целиноград және Алматы обл.). Монғол тіліндегі *сүме* (монастырь) деген сөз (103. 94) мүлде қисынсыз. А. Әбдірахманов: Сүмбе атауы монғолдың *сүмбер* сөзімен байланысты «биік тау» дегенді білдіруі мүмкін. Түркі тілдерінде сөз аяғындағы *p* дыбысы түсіп қалуы ықтимал. «Өйткені *p, л, н* дыбыстары түркі тілдерінде тұрақсыз екені белгілі» дейді (05. 158). Біздіңше, бұл атау «таудың бір сүмбесі» мәніндегі қазақтың фразалық тіркесінің қысқарған түрі.

**Сүргітті** — суы тартылған арнаның, елді мекен аттары (Жезқазған обл.). *Сүргүт* — көне тілдерде балық аты.

**Сүрената** — Қазығұрттағы таудың аты. *Обл.* «ұраната» мәніндегі атау (діни ұғым).

**Сығанақ** — көне қаланың орны (Сыр бойы). Көп деректерге қарағанда *С.* — көне түркі этнонимімен байланысты атау, «байырғы» қыпшақтардың *сұнақ* топ атауына қатысты сөз болуы мүмкін.

**Сығынды** — Маңғышлақ түбегіндегі тастан қашалған бейнелердің, өзге де түрлі көне ғимараттардың қалдықтары мол сақталған мекен аты. *Сығынды* сөзі, былай қарағанда, жай бір өңі айналдырылған нұсқа

сипаттас көрінеді, бірақ ол сөздің мәнін жергілікті ел адайлықтардың сөйлеу тіліндегі *сұғын* сөзінен пайымдауға болады. «Сұғын» деп олар киікті айтады (90. 232). Сондықтан бұл атау түркі тілінің *сугунлы* немесе соның қазіргі қазақ тілі артикуляциясындағы *сығынды* тұлғасы — «киікті» мағынасындағы атауы деп білеміз (96. 424).

**Сырдария** — Орта Азия бойынша ірі өзен аты. Нарын (Оңтүстік Қырғызстан) және Қарадария (Оңтүстік Өзбекстан) т. б. тау суларынан құралған өзен. Александр Македонский шапқыншылығы заманында Яксарт атанады екен. А. Фирдоуси қиссасында бұл өзеннің орта атырабы *Канга* делінген. Э. Макаров С. сөзін иран тілі үлгісіне жатқызады. Б. з. алғашқы мың жылы бойында оғуз тайпалары бұл өзенді *үгүз* (өзен) деп атапты, олардың қалалары осы өзенді жағалай салынғанды (206. 99). Қазіргі атауы XIII ғасырдың басынан келеді. Өйткені, осы өңірді сол тұста шарлаған Плато Карпини — Асцелиндер *Сырдария* сөзінің шыққан төркінін ажыратпақ боп: *тур.-ир.* тілдеріне тән «Саридария» сөздері болар дейді (173. 274). Басты жұмбақ *сыр* сөзінің айналасында. Бұл сөз түрік тайпасының атымен байланысты онома болатындай: *сыр, сырым* этнонимдері соған ауытқиды. Көне түркі жазбаларынан С. Е. Малов келтіретін *сыр турк сыр будун* (132. 422) «сыр түріктерінің елі» нұсқасы бұл атаудың: 1) «Сыр өзені» немесе «Сыр жұртының дариясы» деген ат деп жорамалдауымызға ерік береді; 2) *сыр* және *шыр* (чир) сөздерінің семантикасы бойынша *Сырдария* атауын «Ұйтқыған дария» мәніндегі түрік-иран симбиозы деп те жорамалдауға болады. *Сыр* сөзі атау тұлғада Алтай-Саян түркілерінің (сағайлардың) алқап аты: *Үлкен Сыр* және *Кіші Сыр* түрлерінде кезігеді. Бірақ олардың этимологиялық мәндері әлі белгісіз.

**Сырымбет** — ауыл (пос.) аты, әуелде тау аты (Көк-

шетау обл.). *Қаз. сырм және бет* сөздерінен сiңiскен атау. *Сырм* — этноним. «Сырмдар беті» мәніндегі атау. *Айбетпен* салыстырыңыз. *Сырмбет* — қазақтың этникалық топ атауы болумен бiрге қырғыздың Тынымсеит тайпасының бiр тобының атауы.

*Сырт* — жайлау аты. *Түр. іч* немесе *һірт* сөзінің антонимі — *шеткері, арғы қыр, аймақ* мәніндегі географиялық термин. Сырттың осы мағыналары қырғыздың *Сырт* топонимінде де сақталған. Мәселен, Қарқара тауына қарама-қарсы тұрған тауды олар солай атайды (республиканың «сырт жағы» мәнінде). Біздің республиканың Кеген және Абай аудандарында (республиканың бірінен-бірі алшақ екі ұдай өлкелердегі жерлерде) *сырт* сөзінің бiр мағынада, яғни «арғы жайлау», «арғы тау» мәнінде айтылатыны байқалады. Кейбiр түркі халықтар тілдерінде сырт сөзі *арқа* жақ ұғымын өтейдi.

*Сыртқы адыр* — адыр аттары. *Этим.:* «арғы адыр» мағынасындағы атаулар.

*Сүртісу* — өзен аты (Сарысуға құяды). *Қаз. (арх.) сүрті* («сылбыр, баяу, жуас») + *су* сөздерінен қалыптасқан атау.

*Сілеті* — көл аты (Орталық Қазақстан). Түркі сөзі (*қаз. сілті*, сөзбе-сөз, сақардың тұнғаны). «Тұнық көл» мағынасындағы атау.

## Т

*Тағылы* — тау аты. *Көне түр. тағ* («тау») + *лы* (*афғ.*) — «таулы жер» мәніндегі атау. Тағылы: Жақсы Тағылы және Жаман Тағылы болып екіге бөлінеді. Бұғылы тұстас. Сарысу өзенінің басы (Жезқазған обл.).

*Тазтекелі* — тау шатқалының аты (Алтай тауындағы Қарақабаның бiр бүйірі. *Қар.*). *Түр. диал. таз*

(«тас») және *текелі* сөздерінен қалыптасқан атау. «Тасты-текелі» мәніндегі атау.

**Тайарал** — Каспи теңізінің биік жар жағалауының аты (Гурьев обл.). Түр. «тауарал» мәніндегі атау.

**Тайбас** — Павлодар облысындағы мекен аты. Қазақ этнонимі болуы мүмкін. Сал.: *Алабас, Қарабас, Қасқабас, Түлкібас* (түркі этнонимдері).

**Тайқоңыр** — Павлодар облысындағы көлдің аты. Қазақтың этникалық топ атауы.

**Тайпақ** — мекен аттары, солардың бірі бойынша пос. және аудан аты (Орал обл.). Қаз. жалпақтың синонимі.

**Тайпақкөл** — ескілікті канал аты (Шардара жерінде). «Жайпақ жердегі жасанды көл» мәніндегі атау.

**Тайсары** — Көкшетау облысындағы кіші-гірім тау, сол бойынша мекен аты. Қаз. этникалық топ атауы. *Байсарымен* салыстырыңыз.

**Тайсауыр** — Алматы облысының оңтүстік шығысындағы тау жайлауының аты. Түр. тай + сауыр — «қарауыл төбе (тау)» мәндес атау. Түркі дәуіріндегі *мерген* терминімен пара-пар. *Байсауырмен* салыстырыңыз.

**Тал** — республика облыстарының бәрінде кездесетін топонимдер мен топоэлементтер. Бұл тұлға тым көне тілдерден қалған географиялық термин. Көбіне рельеф сипатын — ойлы-қырлы, таулы-далалы мекенді меңзейді (227. 6; 60. 351).

**Таларық** — мекен аты (Қызылорда обл.). Қаз. *тал* және *арық* сөздерінен қалыптасқан «жағалауы талды арық» мәніндегі атау.

**Талас** — өзен және аудан аты (Жамбыл обл.). *Талас* — әуелде тау жонының аты. Көне түркі тілдері үлгілес атаулар жүйесі *Талас* тұлғасының этнонимдік мәні барын аңғартады. Орта ғасырлық *Тараз* қаласының атымен де ұштасады.

**Талғайраң** — Каспи жағалауындағы мекен аты

(Гурьев обл. Балықшы ауд.). *Қаз. тал* («бұта») + *қайраң* сөздерінен қалыптасқан тал-шілікті таяз жағалаудың аты.

**Талғар** — тау тізбектерінің ең биік шоқылары (Іле Алатауында. Күнгей Алатау мен Теріскей Алатауының түйіскен жері), сол бойынша өзен және оның жағалауындағы қаланың аты. Үнді-иран немесе санскрит тілдеріне саятын «көнегөз» *тал* (<дал>) → *тала* > *дала* + *ғар* («тау») терминдерінен қалыптасқан «жер шоқтығы» мәндес атау.

**Талды** — әр түрлі атаулар: мекен және елді мекендер, төбе-шоқы аттары, өзен және дала аттары (Аякөз, Нұра, Балқаш, Кеген, Мерке, Ақсу аудандарында. Соңғыда Басқан өзенінің басы және мұздық аты. Қарағанды облысында елді мекен және аудан аты). Санскриттік *тал* тұлғасына *қаз. -ды* жұрнағының жалғануы жұмбақ құбылыс.

**Талдыаспан** — мекен және елді мекен аты (Орал обл.). *Бот.* өсімдік аты:

**Талдыбұлақ** — мекен, көптеген бұлақ аттары. *Қаз. талды* және *бұлақ* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Талдыжөкер** — мекен аттары (Алматы облысының Балқаш және Кеген аудандарында). *Қаз. тал* тұлғасына *-ды* жұрнағын және *жөкер* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау. «Талдыдағы жөкер» мәніндегі топоним. *Жөкер* — өлі этноним.

**Талдықоңыр** — мекен, дұрысырағы, қараған, жыңғыл түптері топтап өсетін құмдақ даланың аты (Қарағанды обл.). Этнотопоним. «Талдыдағы қоңыр» мәніндегі атау.

**Талдықорған** — қаланың, облыс орталығының аттары. *Қорған* сөзінің түркі тілдеріндегі көне мағынасы «қамал», «бекініс» өтеуін берген. 900-жылдың басынан бері қарай бұл сөздің ол өтеуін (оңтүстік түркілерде) иран тілі негізіндегі *қала* (гала) тұлғасы өтейтін болды, сөйтіп *қорған* сөзі тас-топырақтан

үйілген аумақты оба мәнінде қалып қойды, кейбір түркілерде синонимдік роль атқарады. *Қорған* сөзінің ендігі мағынасы «бейіт, бейіттің басындағы үйінді» деген ұғымды береді (191. 115).

**Талдықұдық** — Аякөз бойындағы мекен аты. *Қаз. талды және құдық* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Талдынұра** — өзен аты (Қарағанды обл.). *Талды* және *Нұра* атауларының қосындысынан қалыптасқан біріккен тұлғалы топоним. *Мағынасы*: «Талдыдағы Нұра».

**Талдысу** — мекен аты (әуелде өзен аты. Орталық Қазақстан). *Қаз. талды* және *су* сөздерінен қалыптасқан атау («көнекөз *талды* сөзіне *қаз. су* сөзін қосу арқылы жасалған» версиясын тәркі етпейміз).

**Таманқаба** — тау аралықтарындағы кең жазықтың, өзеннің аттары (Шығыс Қазақстан). *Тұр. табан* және *Қаба* сөздерінен қалыптасқан атау. «Қабаның табаны (етегі)» мәніндегі атау.

**Тамарық** — мекен аты (Шымкент обл.). «Тамды арық» мәндес атау. *Сал.:* өзб. *Дамарик* (сол мағыналас атау).

**Тамғалы** — тау қойнауының, поселкенің аты (Шу-Іле тау тармағы). Тасқа басылған таңбалар бойынша солай аталған. *Обл. таңба//тамға* — метатеза.

**Тамғалы тас** — Іле бойындағы мекен аты. Қазіргі Қапшағай қаласы салынған жер (сол Қапшағайдың дублет аты). Жайпақ тас беттеріне адам, аң, күн бейнелері ойылып салынған, ру таңбалары, белгісіз қолтаңбалар, күн басты адам рәсімі және басқалар бар. Ғалымдардың болжауынша 12 нүктелі Күн тәңірінің культіне бағышталған және бұдан үш мың жылдар бұрынғы тіршілік. Дәл осы тәріздес тас таңбалар республиканың әр түкпірінен атой береді.

*Тамғалытас//Таңбалытас* — метатезалық құбылыс.

**Тамды** — өзен, сол бойынша елді мекендер: 1) т. ж. ст-сы (Ақтөбе обл.); 2) пос. аты (Жамбыл және Көк-

шетау обл.). Орта Азия топонимі *Дамлымен* салыстырыңыз.

**Тамшы** — елді мекен аты (Алматы обл.). *Қаз.* «тамша» — «тамсымақ қарасы бар мекен» мәніндегі дала-ның аты.

**Тамшыбұлақ** — бұлақ аты (Талдықорған обл.). «Тамтұмдап ағатын бұлақ» мәніндегі атау.

**Таңбалы** — мекен (шатқал) аты (Талдықорған обл.). «Тамғалы» атауының әдеби түрі (сол пара-пар).

**Таңбалы тас:** 1) Маңғышлақ облысындағы таулы мекен аты. *Қарлыбас* деп те аталады; 2) Жезқазған, Семей облыстарындағы мекен аттары. Көне заманғы ою-суреттермен бірге қазақ руларының таңба үлгілері молынан түсірілген қойтас, сандық тастар.

**Таңдай** — елді мекен (құмдауыт жер) аты (Гурьев обл.). *Бот.* құм өсімдігінің атымен аталады.

**Таңсық** — өзен аты (Семей обл.). *Көне түр.* *таң* («сарқырама») және *сұғ* («су») сөздерінен қалыптасқан атау (56. 532). Бұл этимологияның даусыздығы Шоқан Уәлихановтың *Қозы Көрпеш — Баян сұлу* ескерткіші жайлы жазбаларынан да көрінеді. Онда Аякөздің осы тұсының «грохочущая река» деген де аты бар делінген. Демек, ол *Таңсықтың* құйған тұсына дәл келіп жатыр.

**Тарбағатай** — Шығыс Қазақстанның шығыс өңіріндегі тау жотасының аты. *Түр.* тарбаған («суыр») және *тай* («тау») сөздерінен қалыптасқан атау. «Суырлы тау» мағынасын береді.

**Тарғап** — Алматы облысындағы пос. аты. Әуелде төбенің, сол бойынша бұлақтың аты. *Қаз. тары* және *қап* сөздерінен қалыптасқан, ұқсастыру жолымен қойылған атау.

**Тарғыл** — Балқаш көлінің солтүстік жағалауындағы мекен (сай, тау) аты. Осы аймақта өсетін өсімдікке байланысты қойылған атау. Кейіннен этникалық топ атына айналған.

**Тарғылата** — Тарғыл тауының ең биік шоқысы (Жезқазған обл.). «Береке басы» ұғымына тән сиындық мәнді жер. *Бектауатамен* салыстырыңыз.

**Тарғын** — Кенді Алтайдағы мекен және елді мекен аты. *Тур.* этноним және антропоним.

**Тарқапшағай** — тар шатқалдар аты. *Қапшағаймен* салыстырыңыз.

**Тартоғай** — сай, елді мекен аты (Қызылорда обл.). *Тоғай* сөзінің этимологиясын қараңыз.

**Таскескен** — мекен аты. *Тас* және *кешкен* сөздерінен құралған атау. Әуелгі мағынасы — «тас өткел».

**Таспа** — Жамбыл облысындағы жалдың аты. Жалдың түзулігіне қарата («таспадай созылған» мәнінде) қойылған атау.

**Тастау** — тау аты (Жоңғар Алатауында). *Этим.*: қаз. *тас* + *тау* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Тасты** — өзен, алқап аттары: 1) Қаратау бойында; 2) Торғай өзенінің бір саласы; 3) Үржар ауданында (Семей обл.); 4) Шымкент облысының Созақ ауданындағы көне қоныс орны, сол бойынша елді мекен аты; 5) Ұлытау өңіріндегі көне мекен орны (соның қалдықтары). *Қаз. тас* сөзіне *-ты* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атаулар.

**Татыр** — дала аты (Торғай және Ақтөбе обл.). *Тур.* «тақыр» мәніндегі атаулар (*фонет. қ > т*).

**Тауғаш** — елді мекен аты (Солтүстік Қазақстан). *Қаз.* этникалық топ атауы. *Жауғашпен* салыстырыңыз.

**Тауқұм** — құм, елді мекен аттары. «Тау-тау құм» мәніндегі атаулар, жолы қиын құм асулар.

**Таутал** — мекен, едәуір кеңістік аты (Алматы обл. Балқаш ауд.). Көне тілді «жықпыл» мәніндегі атау.

**Таушық** — пос. аты (Батыс Қазақстан). *Тур. тау* және *шиғ(л)* немесе *чиғ(л)* сөздерінен қалыптасқан этнотопонимге жорамалданылады.



**Тәтті** (ор. Татия) — мекен, сол бойынша елді мекен аты (Меркі ауд. Жамбыл обл.). Қаз. этникалық топ атауы.

**Тәттімбет** — Көкшетау облысы жеріндегі өзеннің және бүкіл алқаптың аты (Тәттімбет Мамай көліне құяды). Қаз. этникалық топ атауы.

**Текес** — өзен аты (Іле басы. Хәнтәңірінің солтүстік аумағынан бас алады). Т. туралы сөз болған көп деректерде бұл атау *Текелик суугы* немесе *Галджа баши* түрлерінде берілген. В. В. Сапожников: «Теке су», Э. М. Мурзаев: «Теріскейден ағатын су — Күнгестің антонимі» (149. 27). *Теке* және *-ес* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. *Ас, ес* қосымшаларын угор тіліндегі «су» мағынасына жатқызу біраз орын алған (117. 1967. № 4, 82-б.), бірақ ол терең талдауды керек етеді.

**Тектұрмас** — жол аузындағы тар сайдың аты (Жамбыл обл.). Бұрында өткен-кеткендерді торитындардың бұқпа жері.

**Телекей** — көл аты (Целиноград обл.). *Тұр.-монғ.* тілдері негізіндегі телегей («теңіз») тұлғасының фонетикалық түрі.

**Телекөл** — көл аты (Жезқазған обл.). *Тұр. теле* (этноним) көл сөздерінен қалыптасқан — «теле көлі» мәніндегі атау. *Сал.:* 1) *Теле* (ор. *Телецкое озеро*. Г. А. а. о.); 2) *Төлес тұр.* этнонимі; қазақ руларында да сақталған. Осы этнонимнің аясына қытайлар V—VI ғасырлар тұсындағы топ-топ түркі тайпаларын, соның ішінде көне ұйғырларды да сыйғызып айтатын, — дейді Бернштам; 3) *Телек* — тываның VI ғасырдағы этникалық тарауы (*теле* немесе *деле*) — «теле + ук (ұрқ) — теле тұқымы» мәнінде (86. 177).

**Телікөл** — өзен (Сарысуға құяды), көл, елді мекен аттары. *Қаз. арх. тел, телі* және *көл* сөздерінен қалыптасқан атаулар. Орта Азия топонимдеріндегі *Теллиғақ* атауымен үндесетіндей, яғни өзен мен көлді теліген

(жалғастырған) «екі жаққа бірдей» мәніндегі ұғымды береді. Осы жағынан бұл атау *Ақкөлмен* де үндеседі.

**Темеш** — мекен аты (Нұра бойы). Қаз. этнонимі. Көнеде *Бәсенжін*, *Қорғалжын* этностары Нұра бойын мекендеген топтар.

**Темір** — қала және ірі т. ж. ст-сы (Ақтөбе обл.). Әуелде өзен аты (Жем саласы). А. М. Макшеев келтірген «Ұлы чертеж кітабы» туралы мәліметтерде «Темірсу» делінген (131. 11). Кейбір деректерде «Қарақамыс». Т. сөзі түркі этнонимі болуы ықтимал.

**Темірлан** — елді мекен аты. Ақсақ Темір есімімен ұштастырылады. *Ир.* (сөзбе-сөз) «Темірақсақ».

**Терметас** — Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы тау мекендерінің аттары. *Түр. терм + тас* — «үйтас» мәніндегі атау. *Сал.:* қазіргі башқұрт тілінде *терме* сөзі «киіз үй» мәнінде айтылады (*ор. терем-теремок.* 56. 415).

**Тескенсу**<sup>1</sup> — елді мекен аты (Семей обл., Алматы обл.). *Түр. ташкешу* — «тас өткел» мәніндегі атаулар. *Сал.:* *Құмкешу* және *түркм. Дашкесен* (осы мәндес атаулар).

**Тескенсу**<sup>2</sup> — өзен аты (Алматы облысы, б. Есікті көліне нәр берген өзеннің басы). Бұл өзен шынында да қорым тастардан жылыстап «тесіп» өтетін биіктегі Бозкөлдің суы. Сондықтан да оны ерте заманнан «тескен су» атайды.

**Тобыл** — өзен аты. Бұрынғы ажыратым («ту бол») қайта қарауды керек етеді. *Бот.* түркі тілдерінде өсімдік аты (бұта).

**Тобылғылы** — тау аты. Қаз. *тобылғы + лы* жұрнағы арқылы жасалған атаулар.

**Тоғанас:** 1) мекен аты (Шымкент обл.); 2) мекен аты (Целиноград обл.). Этноним.

**Тоғыз** — елді мекен, с/з аттары (Арал, Ақтөбе және Шымкент обл.). Қаз. этникалық топ атауы.

**Тоғұзақ** — Алматы облысындағы тау асуының аты

және Торғай облысындағы пос. аты. *Түр. тоғыз + ақ* тұлғаларынан қалыптасқан: «бұлақ-қайнарлары мол» мағынасындағы атау. Кейінде этнонимдік мәнге айналған.

**Тоқмақсалды** — Қызылорда облысының оңтүстік атырабындағы мекен аты. «Тойтөбе» мәндес атау болуы мүмкін, өйткені *тоқмақ салу* — үйлену тойы кезіндегі ойын түрі (226. 472).

**Тоқпақ** — алқап аты. Қазақтың найман тайпасының бір руының аты. Түркі тілдері сөздіктерінде *тоқпақ* деп «су иірімдерін», «сусар аулайтын үлкен құралды» айтатынын түсіндірген (180. 4-том, 1157-б.). *Сал.:* *тоқпақ жығы* шор тілінде — өзен бойлаған асу.

**Тоқрауын** — өзен аты (Арқаның оңтүстік атырабында). Бір кезде Балқашқа құйған. Түркі тайпаларының аты (134. 14). Тәжік топонимі *Матрауынмен* салыстырыңыз.

**Тоқта** — Жетісудың қиыр шығысындағы тау жонының аты. Түркілердің тайпа атауы. Рашид-эд-дин шежіресінде Тоқта — меркиттер хаңы (182. 1-том, 1-кітап, 110-б.).

**Тоқта-Барлық** — Алакөл атырабындағы тау аты. Жоңғар Алатауы жүйесіндегі *Тоқта* және *Тарбағатай* тауы жүйесіндегі Барлық тауларының қос тұлғалы атаулары және әрқайсысы өз алдына этноним құрған атаулар. Мәселен, *Барлық* этнонимін түркілердің *Қулық*, *Қарлық* этнонимдерімен салыстырыңыз.

**Тоқтанай** — Семей облысының батысындағы мекен аты. Қос этноним (*тоқта* және *ай*).

**Тоқтыарал** — Балқаш көліндегі арал аты. Тоқты тұлғасымен байланысы жоқ. *Тоқта + арал* сөздерінен қалыптасқан атау (Тоқтаның аралы). Этнотопоним.

**Тоқшын** — мекен және пос. аттары (Солтүстік Қазақстан). *Көне* түркі этнонимі (*тоқ + шын*).

**Толағай** — тау, дала, қырқа, өзен, оба (Шет ауданы) және басқа түрлі әр тараптағы объект аттары.

Шығыс Қазақстандағы Маңрақ-Толағай ол бір тауды көтерген халық қаһарманы алыппен астасады. Тағы да басқа Ақтолағай, Көнектолағай, Жетімтолағай, Төппетолағайлар өз алдына. *Толағай* сөзін төркіндетушілер жағы Махамбет өлеңіндегі «қу толағай жас-танбай» тіркестеріндегі *толағай* сөзін тіке басшылыққа алады және оны монғолдың толгой (бас) сөзімен мәндестіреді: 1) Г. К. Қоңқашпаев: бұл монғолдың «шоқы, жеке тұрған биік тау» деген сөзі (102. 95); А. Әбдірахманов: «қазақ тіліндегі жер аттарында *толағай* сөзінің монғол тіліндегі шоқы, биік, төбе, тау деген екінші мағынасы сақталған (05. 175—176) дейді. Акад. К. К. Юдахин бұл сөздің қырғыз тіліндегі бірнеше мағыналарын ашумен бірге «тологой бойы» немесе «тұлқы бойы» деген де мәні барын көрсетеді (226. 746). Соңғы фразаның қазақ тіліндегі нұсқасы *тұла бойы...* Сонда *толағай* сөзінің туынды сын есім тұлғасынан қалыптасқан түркі тілдеріндегі *толұ* — *қаз. арх. толы + ғай* — прогрессивті ассимиляция түріндегі сөз екені анықталады.

**Топар** — Қазақстанның орталық аудандарындағы өзен, дала, қоныс аттары. Ал Қарағанды облысында ҚТП аты. *Түр.* этникалық топ атауы. Өзбек және Қарақалпақ топонимдерінен де осы мәнінде көріністер береді. *Этим.:* *түп* және *-ар* лексемасынан құралған — «түптегі ел» мәнін береді.

**Торайғыр** — Қазақстанның оңтүстік және солтүстік атыраптарындағы тау, асу, көл аттары. «Айғыр» сөзінің жануармен байланысы жоқ. Түркінің көне топонимдері, келе-келе антропонимдік мәнге ие болған. Түп негізі қос этноним (*торы* және *айғыр*) болуы ықтимал. Сол атыраптағы түркі этнонимі. Ақбура-Тұлпар тұлғасымен салыстырыңыз.

**Тораңғылы** — мекен аты (Арал теңізінің солтүстік жағалауы және Балқаш маңы жазығы). *Көне түр. тораң* (<*сораң*>*тораң*>*тораңқы*>*тораңғы*) сөзінің аф-

фикстер арқылы субстантивтенген тұлғасы. *Қаз. тораң + ғы* тұлғасының көне мәні «сортаңды» — «сортаңда өсетін терек» мәнін береді.

**Торғай** — Қазақстанның солтүстік-батысындағы ойпаттың, өзеннің, қаланың, облыстың аттары. Торғай ойпаты туралы өлкетану құралдары мынаны айтады. Бұдан мыңдаған жыл бұрын осы ара Орал мен Таймыр тауларынан оңтүстікке жылыстаған мұздықтардың түйіскен жері екен. Содан осы ойпат пайда болыпты (М. Зверев. 126. 1. 09. 1963). Әдебиет беттерінде *Торғай* топониміне: «Торғай ойпаты», «Торғай Қолаты», «Торғай таулы үстірті», «Торғай Бұғазы» немесе *Торғай Қақпасы* деген сияқты атрибуттардың қосарланып жүруі содан. Республика атыраптарында бір бұл ғана емес, өзге де торғай топонимдері бар: 1) Ерейментаудың Айсары жапсарлас ірі пос. аты; 2) Алматы облысының Шелек ауданындағы Ақтоған атты канал тартылған ойының аты. Физикалық-географиялық жағынан **торғай** атаулының тегі бір сияқты.

*Этим.*: көне тілдерге тән *тор* (*тӱр, дала* жүйелес: *сай, терең, тар шат. ойпат*) + кішірейткіш *-ғай (-қай)* аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау. Атаудың тым көнелігін Омбы облысындағы чұлым татарлары мекені *Торғай* поселкесінің аты растай түседі. Чұлым татарлары самодий тілдес халықтар тобына жататыны мәлім. Сондықтан да *Торғай* тұлғасы түркі тілдері аясынан артып, алтай дәуірінен сыр тартады деуге болады.

**Торғайлы** — мекен аты (Ақтөбе обл.). *Қаз. торғай* сөзіне барлықты білдіретін *-лы* жұрнағын жалғау арқылы қалыптасқан атау.

**Торлан** — асу аты (Қаратаудың оңтүстік сілемі). *Оғыз-қыпч. (ет.) торо* немесе *торго* (*қаз. тору*) мәндес атау. «Күзет (асу)» мағынасын береді.

**Төртқара** — мекен аты. *Қаз.* этникалық топ атауы.

**Төрткүл** — елді мекен аттары, топырақ үйінділері-

нен тұрғызылған көне және ерте орта ғасырлардағы (VIII—XIV ғғ.) бекініс орындары, төбесі тегіс, беткейлері тік келген төрткүлді дөңестер (200×180,—116. 11-том, 128-б.). Төрткүлдердің көбі бір жүйеде салынған: солтүстік және шығыс жағы құрылыс орындарының қалдықтары, ал оңтүстік-батыс және шығыс жағы каналмен немесе өзенмен қорғанған. «Жетісу қалалары керуен жолдарының бойына салынған. Төрткүл қалдықтарын сол жолдардың сүрлеуі деп ұғыну керек» (Н. А. Бернштам).

**Төрткүлтөбе** — мекен аты. Төрткүл қалдықтары (*қар.*). Сондай *Т.*-нің бірі Шымкент облысының Түлкібас ауданында.

**Төртауыл** — мекен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Қаз. төрт* және *ауыл* сөздерінен қалыптасқан атау. Этнотопоним.

**Төс** — тау баурайларының аты (*Қаз.* географиялық термин. *Сағаның* синонимі). К. К. Юдахин «Часть горы выше подошвы» дейді (226. 760).

**Төрежайлау** — тау жайлауының аты (Алматы обл.). *Көне тбр* («шат») + *қаз. жайлау* сөздерінен құралған атау.

**Тұғыл** — мекен аттары. 1) Шығыс Қазақстанның Қалба тауында; 2) Шымкент облысының Арыс сағасында (Ешкіөлмес атты көне қорған қалдығы тұстас). *Тұғыл* сөгі «тау қойнау», «дүлей шатқал» мәнінде айтылады.

**Тұз** — өзен аты (Павлодар обл.). Тұз кенінің өнімімен байланысты солай аталған. *Тұз* атауы кейіннен сол өңірдің *Екібас* мекеніндегі тас көмір кенінің ашылуымен байланысты күрделі атаудың компонентіне кірігіп, *Екібастұз* топониміне айналды.

**Тұзген** — көл аты (Алматы обл.). *Тұз* және *кен* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Тұлымты** — тау аты (Оңтүстік Алтай. Жетіқаба-

ның бір шоқысы). *Түр. тұлұм және ту* компоненттерінен қалыптасқан — «тұлымтау» мәніндегі атау.

**Тұщыбас** — Арал теңізіндегі шығанақтың, түбектің аты. *Қаз. «тұщы ағынның бастамасы»* мәніндегі атау.

**Тұяқ** → Айыртау ауданындағы пос. аты (Көкшетау обл.). *Қаз. этникалық топ атауы.*

**Түгіскен** — 1) Жамбыл облысындағы кең алқаптың аты (Қызылқұмның жиегі), сол бойынша совхоз және елді мекен аты; 2) Қызылорда облысындағы құмайт даланың аты; 3) Шығыс Қазақстан облысындағы Ұлан, Жыланды және Байсерке өзендерінің түйіскен жерлеріндегі алқап аты. Проф. С. Аманжолов бұл атауды соңғы себептен «түйіскен» сөзінің көне түрі (диалектілік тұлға) деп ажыратады. «Түйіскен атауы бізге қазақ тілінің тарихи кезеңдерін, яғни *г* дыбысының *й* формасын қабылдаған кезегін айқын көрсетеді» (09. 87). Бірақ проф. С. Аманжолов топонимияның негізгі қағидаларының бірі «бірлестік заңын» есепке алмағандай. Ол Ертіс бойындағы *Түгіскенді* қазақ жеріндегі бірден-бір атау деп білгендей. Біздің пайымдауымызша, *түгіскен* тұлғасы — ертедегі тұрғындардың сөйлеу тіліне сай, тіліміздің қазіргі әдеби нормасынан сәл өзгелеу, яғни екінші буындағы *е* дыбысы орнына қатаң *і* айтылатын говорлар қалдығы. Бұл құбылыс қазіргі тірі говорларда Гурьев, Маңғышлақ облыстары қазақтарының сөйлеу тілінен жиі байқалады.

Объектілердің сипатына сай *түгіскен* атаулары *түйіскен* ұғымын өтей алмайды, одан гөрі қазіргі әдеби нормадағы *түгескен* тұлғасының өтеуіне жақын. Сол объектілердегі бір құбылыстың (не бір заттың) осы өңірде *түгесілген* соңын, ақырын (*уст.*), шегін көрсететін атау деп білеміз.

**Түзашу** — өткел аты. *Түр. тұз («дала»)+ашу* — дала жолының (түздегі жолдан) тауға тірелген тұсы екендігін көрсететін атау.

**Түйеқұйрықты** — Іле Алатауындағы мұздықтың аты. *Ұқсастыру* жолымен қойылған атау.

**Түйемойнақ** — асу аты. «Үлкен мойнақ» мәндес атау. *Ботамойнақпен* салыстырыңыз.

**Түлкібас** — поселкенің, аудан орталығының және т. ж. ст-сының аттары (Шымкент обл.). *Қаз.* этноним.

**Түндік** — өзең аты (Қарағанды обл.). *Қаз.* «бір түндік жол» (бұлақтың бас-аяғы) мәніндегі атау.

**Түнқатар** — кіші-гірім тау аты (Қарқаралының жалғасы). *Қаз.* этникалық топ атауы.

**Түрген** — ҚТП аты, сол бойынша аудан аты (Алматы обл.). Әуелде тау өзенінің аты. *Көне түр. дүркін* («тез, шапшаң») сөзінен бекінген атау. Бұл үлгілес атаулар Орта Азияда (*Түркен*), Синьцзянда (*Түргүн*) және Алтайда (*Түргесүн*) көрініс береді. *Түрген* сөзі өзінің көне формасында және сол мағынада қазіргі алтай тілінде сақталған. *Атқан оқтай түрген ашты (фолькл.)* — «атқан оқтай (тауды) шапшаң асты» (160. 162); тува тілінде бұл сөздің анлауттық т дыбысы ұяңданғанын көреміз: *шақ дүрген эртип (фраза)* — «өмір шапшаң өтеді» (сөзбе-сөз. 207. 604); қазақ тілінде бұл сөз қос тұлғалы *дүркін-дүркін* тіркесінде ғана сақталған (81. 78). *Түрген* сөзі осы үлгілес ауытқулармен түркі және монғол тілдерінде қилы-қилы формада сақталған. Түркі тілдеріндегі осы мәндес су аттары *Тез, Тес, Ағынықатты* тұлғаларымен салыстырыңыз.

**Тышқантау** — тау аты (Жоңғардың бір парасы. Талдықорған обл.). *Түр. товшан > тошқан* («қоян») + *тағ* сөздерінен құралған — «қоянтау» мәніндегі оронимі.

## Ұ

**Ұзынағаш**<sup>1</sup> — мекен, елді мекен аттары (Павлодар және Қостанай обл.). *Қаз.* ұзын және ағаш сөздерінен қалыптасқан атаулар болуы мүмкін.



**Ұзынағаш**<sup>2</sup> — ҚТП (Алматы обл., Жамбыл ауданының орталығы). Әуелде бұлақ аты. *Қаз. ұзын және ағыс* сөздерінен қалыптасқан атау. Экстралингвистикалық фактор әсерінен *ағыс* сөзі (екінші компонент) *ағач* формасын қабылдап кеткен.

**Ұзынарал** — Балқаш көлінің шығыс және батыс аймақтарын (шартты түрде) бөліп тұрған бұғаз және түбек аты, соңғысы *Сарыесік*, деп те аталады. Бұл топонимдер бізге арал терминінің жұмсалу аясын (нормасын) тереңірек түсінуімізге нұсқа болады, тіл байлығының жолдарын көрсетеді. Бұдан біз *арал* термині ертедегі түркі қауымының, демек, қазақ халқының да *ор. остров* мағынасындағы объектіні ғана емес, жалпы «екі арадағы» кеңістік мәнінде де айтылатын кезектері болғанын көреміз.

**Ұзынбас** — Маңқыстау түбегіндегі мекен аты (көне қорған, бекініс орындары қалдығы бар мекен.). *Қаз.* этникалық топ атауы.

**Ұйықман** — мекен, көне заманғы елді мекен (қоныс) орны (Сарысу басы. Бетпақтың Жетіқоңыр құмымен ұласқан жері). Ә. Марғұлан бұл атаудың орта ғасырлардан бұрын болғанын ескертеді. Араб кезбешісі Гардізи: «Түріктер ол жерді *ұйықман* атайды» дейді өзінің «Зейнүл Ахбар» атты жылнамасында (134. 85). Түркі тілдес халықтар сөздіктерінде: *қарақалп.* *ұйық* — «батпақ», «саз» (95. 674), *түрк.* *ұйық* — «батпақ» (209. 699), *тыва уюк* — «саз» т. б. *Ұйық* сөзінің осы мәні Махмұд Қашғари лұғатында да айтылған екен (136. 1-т., 1960. 113-б.).

*Этим.:* *түр. ұйық* (ұйық) + *ман* сөздері «былқылдақ» мәніндегі ұғымды беретін күрделі тұлға түрінде кіріккен атау.

**Ұлан** — тау өзені, аудан аттары (Шығыс Қазақстан). Шамасы, түркі этнонимі бойынша аталуы керек. Бұл сөздің түркі тілдеріндегі негізгі мағынасы «бұғы» ұғымын береді, ал монғол тілдерінде «қызыл» мағы-

насындағы түсті көрсетеді. *Сал.*: Ұлан — Қырғызстанның Атбашы ойпатындағы мекен аты.

**Ұланбел** — белдің аты (Шу өзенінің төменгі бойы). «Бұғы мекені» мәндес атау.

**Ұлытау** — Орталық Қазақстандағы таудың аты. Тарихи деректерде және географиялық карталарда *Улатав* кейде *Улутау* немесе *Улугтау* (131. 13) түрлерінде транскрипцияланып жүрген жайлары бар, бірақ *Kishitaу* атауының антонимі екенін ескерген жөн.

**Ұлышалқар** — көл аты (Орталық Қазақстан), дәлірек айтқанда, Нұра бойындағы бір-бірімен жалғасып жатқан бес көлдің аты. Оған: Ұлы Шалқар, Ши Шалқар, Ұялы Шалқар, Шолақ Шалқар және Жан Шалқар атты көлдер жатады. *Шалқар* сөзінің этимологиясын қараңыз.

**Ұранғай** — елді мекен аты (Шымкент обл.). *Түр.* этникалық топ атауы (*ор. Урянхай*). Қазақтың сөйлеу тіліндегі Ұрымқай, Оралғай, Ұранқай, Үрімқай дублеттері бір этносқа нұсқайды.

**Ұранқай** — елді мекен (Шығыс Қазақстан обл.) және кіші-гірім тау аттары (Қарағанды обл.). *Түр.* этникалық топ атауы. Ұранғай пара-пар.

**Ұрымқай** — Көкшетау облысындағы елді мекен аты (сөйл. Үрімқай дублеті қатар айтылады). *Түр.* этникалық топ атауы. Ұранқай пара-пар.

**Ұста** — Орталық Қазақстанның Нұра бойындағы мекен аты. *Қаз.* ұста (көне заманғы темір ұсталық, металл өңдеу орны табылған жер) сөзінен атау алған мекен (61. 35).

**Ұяқаржан** (орфоэп. Ұяғаржан) — Іле Алатауының тұйығындағы қыстаулар аты (Алматы обл.). *Қаз.* ұя және Қаржан тұлғаларынан қалыптасқан атау. «Қаржан қыстауы» мәніндегі атау. Қаржан — этноним. Қаржантаумен салыстырыңыз.

**Ұялы** — көл, ауыл-село аттары (Қазақстанның шы-

ғыс және батыс аймақтарынан бірдей кезігеді. Ұялы— Арал теңізінің шығыс жағалауындағы жұм. пос. аты).

## Ү

**Үй** — өзен аты (Қостанай обл. Федоров ауд.). *Түр.* фонет. үй — «саз» мағынасындағы атау (136. 1-т., 1960, 113-б.). *Ұйықман* атауымен салыстырыңыз.

**Үйгентас** — Жетісу өлкесінің шығыс атырабындағы көрікті тау жайлауының аты (Панфилов ауд.). *Қаз. үйген* (ет.) + *тас* сөздерінен қалыптасқан атау.

**Үйсінкөл** — Сырдария бойындағы мекен аты (су қаптағыш жағалаулар). Үйсін тұлғасы этник белгісі болмауы мүмкін.

**Үйтас** — мекен аты. «Киіз үй» көрінісін елестететін жартасты мекендер. Онда тас қорған, обалар, тас мүсіндер де бар. Бір қызығы, осы аттас мекендер Ақтөбе облысы мен Оңтүстік Қазақстанның далалы атыраптарында да бары байқалады («Коммунизм жолы», 1967, 14 янв.), бірақ табиғи бітімі үйге ұқсаған кесек тастар бұрын-соңды ол өңірде болмағандай. Мүмкін, түркі сөздерінің контаминацияланған түрі болуы...

**Үкөк** — Алтай және Жоңғар Алатауларындағы биік тау жайлауларының аттары. *Көне түр. ұқ* («Тұқым, ру, ұрпақ, тек») сөзі негізіндегі атау. Мәселен, *алт.: ұқтан ұққа* — «тұқымнан тұқымға, ата-бабадан» мәніндегі тіркес (160. 166). *Ұрық* сөзінің редукцияланған түрі деп білеміз. Монғолдың сандықтау ұғымын беретін сөздері деп тәркіндету (103. 95) — алыс жорамал.

**Үкірші** — биік таудағы мекен аты. *Түр. үк* түбірінен қалыптасқан этникалық атау болуы керек. *Сал.: түркм.— үкүржимли* — «үкүрши елі» (13. 233).

**Үлекқұм** — Балқаш көлі бойындағы құмның аты (*Люккум* дұрыс емес). *Қаз. үлек* және *құм* сөздерінен

құралған атау. *Нар* жотасы сипаттас құм төбелер (Ақсу — Қаратал аралығы). Бір кезде Б. А. Моисеев «Қазақтың Орынбор говорындағы мал шаруашылық терминдерінде» ажыратқаны бар (142а. 133).

**Үндірік** (*сөйл. өндірік*) — Іле Алатауындағы терең шаттың, тау бұлағының аты (Үлкен Алматыға құяды). *Түр. монғ.* тілдері негізіндегі *һүндүр* («биік») сөзіне *-ік* жұрнағын қосу арқылы («биікті») қалыптасқан атау. Үстеу тұлғасындағы осы форма қазіргі азербайжан тілінде сақталған. Ал орта ғасыр шағатай тілінде спирант *h* дыбысы түсіп қалып отырған (В. Асланов). Қазіргі қырғыз тілінде *өндүр* сөзі «жылға, өзен жағалауы» мағынасындағы сөз (226. 594). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің (*сын.*) *өндірдей* (*жас*) түрі ғана сақталған.

**Үрбұлақ** — бұлақ, сол бойынша кіші-гірім тау аты (Түлкібас ауд. Шымкент обл.). *Түр. үр-бұлақ* сөздерінен қалыптасқан атау. *Үр//үрә* формалары *түр.-монғ.* және *манчж.* (эвенк) тілдеріне өр мағынасын береді. Сондықтан да: *үр башк.* «Маленькая гора» деген түсініктерді түркологиялық басылымдардан жиі көреміз (198. 1971. № 5, 19-6). Демек, *үр//үре//ұрала* формалары түркі тілдерінің алтай тілдері аясына кететін өр сөзінің прототипі деуге болады. *Сал. Өржар//Үржар.*

**Үржар** — пос., өзен, аудан аты (Семей обл.). *Түр. үр+жар* компоненттерінен құралған топоним.

**Үрқашар** — мекен аты. *Түр. үр+қашар* тұлғаларынан қалыптасқан атау. Этнотопоним. *Сал.: Қачар.*

**Үстірт** — Қазақстан мен Орта Азиядағы бірнеше аймақтардағы қыраттың аттары. Сондықтан да оны қарақалпақ тілінде атау тұлғада *қыр* деп атайды. *Түркм.* тілінде *үстдәки юрт* немесе «*биік даладағы жайлау*» (13. 232). *Үстірт* атаулының Қазақстандағы ең аумақтысы Арал-Каспи аралығындағы құз-жартасты елсіз қырдың аты. Жалпы көлемі 100 000 м<sup>2</sup>. Каспи теңізі деңгейінен 200 м-дей биіктікте жатыр

(115, 1970, 26. 06). Үстірт тұлғасын географиялық термин және топоним аралығындағы тең ортақ сөз деуге болады, өйткені *үст*, *аст*. үстеулері топотермин есебінде қазіргі алтай-саян түркі тілдерінде ғана жұмсалады.

**Үшапан** — Талдықорған облысындағы өзен аты. «Үшағаш» үлгісін қабылдаған атау, өйткені *үш* және *апан* сөздері объектінің сипатына сай емес, *апан* саны үшке дәл келмейді. *Үш* компоненті *көне түр. өзен-су* мәніндегі *үгүз* сөзінің (*үгүз > үүз > үүс > үс*) *үш* формасын қабылдаған түрі (57. 185). *Су апан* немесе *апан су* мәндес атау. Түркі-монғол топонимдеріндегі мұндай құбылыс көрнекті ғалымдар Н. Г. Доможаков («Записки», 1957), Ив. Сергеев («Из истории геогр. имен», 1963), Э. М. Мурзаев («Из тюрко-монг. гидронимов», 1964) т. б. еңбектерінде дәлелденген болатын. Үш сөзінің сандық сапаны көрсете алмайтын кезектері республика өлкетанушыларын да біраз ойландырғаны бар (115. 1968. 14. 09).

**Үшарал** — село, аудан орталығының аты (Талдықорған обл.) және елді мекен аты (Жамбыл обл.). *Көне түр.* «сулы арал» мәніндегі атау. Үшапанмен салыстырыңыз.

**Үшбиік** — төбе аты. *Қаз.* *үш* және *биік* сөздерінен қалыптасқан мекен аттары.

**Үшқара** — республика бойынша әр өлкеден кезігетін мекен аттары. *Үшбиік* пара-пар атау.

**Үшқатын** — Атасу басындағы таудың аты (Жезқазған обл.). *Көне түр. үшқат*//жабайы «қарақат» сөзіне *көне -ын* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау.

**Үшқашар** — Талдықорған облысындағы таулы мекен аты. *Түр.* этникалық топ атауы, *үш* және *қашар* этнонимдерінен құралған атау болуы да мүмкін, өйткені *көне түр. үш* сөзі (*үч*) туыс, қарын туыс және рулас мәнін берген (106. 206).

**Үшкөкше** — Бетпақдаланың оңтүстік-батысындағы

кең алқаптың аты (көбіне құмайт дала, мал жайылымы). *Тур.* этникалық топ аттары. *Үш* және *көкше* этнонимдерінің кіріккен түрі.

**Үшкүйік** — өзен аты (Арысқа құяды. Шымкент обл.). *Көне тур.* *үш* (<үс>үүс>үүз>үгүз)+*күйүк* сөздерінен қалыптасқан «Күйік өзені» мәніндегі атау.

**Үшқоңыр** — тау жайлауының аты (Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстарының таулы мекендері. Соңғысы Қаратау бойында). *Үшқоңыр* тым көненің кездері — б. з. дейінгі III және II ғғ. тұстарына тән атаулар. Түркі этнонимі. Қырғыздың *Үшбағыш* этнонимімен салыстырыңыз.

**Үшмеркі** — үш өзеннің ортақ атауы (Алматы обл.). Тегінде, этнонимдік атау болуы керек. Меркі тайпасының атына қатысты этнотопоним.

**Үштаңбалы** — жайлау аты (Қызылорда обл.). Этноним.

**Үштөбе** — ҚТІІ, т. ж. ст-сы (Талдықорған обл.), әуелде Қаратал бойындағы мекен аты. *Үш* сөзінің санмен байланысы жоқ. *Көне тур.* *үүс*+*төбе* сөздерінен қалыптасқан — «сулытөбе» мәніндегі атау.

## X

**Хабарасу** — асу аты (Тарбағатайда). *Қар. Қабарасу* («еңселі, дорбиған» асу).

**Хан** — тау аты (Шыңғыстауының бір сілемі). Арғы заман көшпенділерінің (түркі-монғол дәуіріне дейінгі) «тау» мағынасындағы термин.

**Хан жолы** — Арқа мен Оңтүстікті жалғастырған ежелгі жол. Бетпақтың жиегімен Балқаш бойлап өтетін шөл даланың жолы. Сондағы оның жөн-жобасы оңтүстіктегі Хантауымен ұштасады. Сондықтан да ол «Хан жолы» аталады. *Бектауатамен* салыстырыңыз.

**Ханқорық** — Бетпақдаланың оңтүстік-шығысын

алып жатқан алқаптың аты. Тарихи бір ханның қорығы болғаны жайлы дерек білінбейді. Бұл топоним де сол Хантауы объектісімен байланысты туған атау.

**Хантағы** — Оңтүстік Қазақстанның Қаратау жотасындағы таудың аты. Екі түрлі версияда жорамалданылады: 1) түркі тіліне дейінгі тау мағынасындағы *хан* немесе *қан* субстратына түркі тілінің тәуелдік тұлғадағы (-ы қосымшасы жалғанған) сол мағыналас *тағ* сөзін қосу арқылы жасалған атау, яғни сөзбе-сөз «таудың тауы»; 2) тарихи *хан* этнонимінен қалыптасқан атау, бірақ ол этнолингвистикалық деректермен толықтыруды қажет етеді.

**Хантауы** — шартты түрдегі Шу-Іле тауы деп айтылып жүрген жотаның жалғасы — қырқалы таудың, пос. және совхоздың аты («Хантау»). Этимологиялық жағынан **Хантағы** пара-пар.

**Хантелі** — Ақтөбе облысындағы жайлау аты. Көне түркі тайпаларының *хан* және *тәлі* сөздерінен қалыптасқан қос этноним немесе *қант елі* мәніндегі күрделі этноним деуге болады.

**Хантәңірі** — Тянь-Шань тауының ең биік шыңының атауы (ҚазССР-і мен ҚырғССР-нің аралығында). Сүйір төбелі көк тіреген алыптар. Көнедегі түркі және монғол халқы тілінде *тәңір* сөзінің екі мағынасы бары белгілі, бірі — құдай, бірі — аспан. Сондықтан да Тянь-Шань тауын монғолдар *Тенгриола* («тау тәңірі») деп атаған. Сол сияқты көне түркі тайпаларының бірі тува түркілері де қазіргі Саян тауын *Хан тәңірі* («аспантау») атаған (86. 319). Бұл жағдайлардан біз *Хантәңірін* көне түркілердің «Аспантау» мағынасындағы атауы деп айта аламыз.

**Ханшыңғыс** — Семей облысындағы Шыңғыс тауының орталық бөлігі. Екі түрлі мағынадағы атау болуы мүмкін: 1) *Кан* сөзінің көнеде тау мағынасы болғанын ескерсек *Ханшыңғыс* атауын (сөзбе-сөз) «таушыңғыс» немесе «шыңғыстау» мәндес атау деуге болады;

2) қаз. метафоралық қолданыстағы «қанжайлау» фразасымен пара-пар бола алады («шыңғыс» — жайлаудың синонимі).

### Ш

**Шабарты** — тау және өзен аты (Шығыс Қазақстан обл.). *Тур.-монғ. шібер* және *ту* сөздерінен қалыптасқан «саздытау» мәніндегі атау. *Шебірмен* салыстырыңыз.

**Шаға** — тау, мекен және елді мекен аттары (оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс облыстарда). Түркі тайпаларының этникалық топ аты: 1) ертедегі ұлы жүз қазақтарының жаныс тайпасы ішіндегі бір тобы; 2) Солтүстік Қазақстанның уақ тайпасы ішінде *шоға* түрінде сақталған; 3) қырғыз халқының Солты тайпасының бір тобының аты. *Этим.: түркінің* (жалпы бүтіннің) «кіші-гірім бөлігі» мәніндегі сөз.

**Шағалалы** — көл, арал, өзен аттары (Орталық Қазақстан). Қаз. шағала сөзіне *-лы* қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан халық атаулары.

**Шаған** — мекен, өзен, елді мекен аттары. Географиялық әдебиеттерде *шаған* және *шыған* (*ор. чиган*) терминдерін мәндестірудің қилы-қилы орын алып келген жақтары бар, бірақ олар осы терминдердің дыбыс ұқсастықтарынан, өзге түрлі экстралингвистикалық факторлардан туған жорамалдар болатын. *Шаған* (<*чаған, саған, сақан, цахан*) тұлғасы түркі және монғол тілдерінде құмдақ жерлерге тән өсімдік аты, тек түйе малының азығы (өзге тұлкке жағымсыз. 153. 158).

**Шағатай** — мекен, елді мекен аттары. *Түркі* этнонимі, қазақ этностары ішіндегі этникалық топ атауы. Негізінен Орта Азия елді мекендерінен жиі ұшырайды (20. 35).



**Шағлы** — Солтүстік Қазақстандағы көл және өзен аттары. *Түр. шағыллы* формасының қазақтың сөйлеу тілінде адаптацияланған түрі. Шағылды қараңыз.

**Шағыл** — құм аттары (қиыршық тас, құм төбешіктері қалың құмдар). Орыстың географиялық терминіне «бархан» түрінде сіңіскен (194. 1-т., 1895, 117-б.).

**Шағырлы** — республика бойынша көптеген мекен, қыстау аттары. *Қаз. шағыр* өсімдіктері (бұталары) өсетін мекен-жайлар.

**Шадра** (орфозп. *чадра*) — өзен аты (Ертіске құяды). *Түркінің чадра//жадра* формаларындағы этникалық топ атауы.

**Шажа** — Жоңғар Алатауындағы бұлақ аты. *Қаз.* ұқсастыру жолымен қойылған атау, «шаша» мағынасын береді (*ор. пучок, торчок, шаш*).

**Шақпақ** — тау, асу, бұлақ (Теріс өзенінің бір саласы), елді мекен т. ж. ст-сының (Жамбыл обл.) аттары. Түркі тілдеріндегі *шоқпақ* (*шоқ + пақ*) тұлғасымен байланысы бардай (*чоқтал* пара-пар), орнитологиялық әдебиеттерде бұл соңғы атау Қырғыз Алатауының батыс бөлігіндегі жыл құстары өтетін тау асуының аты. Бұл деректер бізге *шақпақ* сөзінің этимологиясы үшін ғана қажет. Қалай болғанда да *Шақпақ* атауын Ш. Уәлиханов та, С. М. Абрамзон да түркі этнонимі деп біледі (35. 553).

**Шақпақата** — мекен (микрופоль) аты (Маңғыстау түбегі). Тарихшылар болжамынша XIII ғасыр өнеріне тән фрескалы мекен. *Шақпақ* есімімен байланысты атау.

**Шақпақтас** — тау және мекен аттары. *Қаз.* шақпақ + тас тұлғаларынан қалыптасқан атау.

**Шақпақты** — жайлау аты (Талдықорған обл. Кербұлақ ауд.). *Қаз.* шақпақ сөзіне барлықты көрсететін *-ты* аффиксін қосу арқылы қалыптасқан атау.

**Шал** — таулы қырқалардың аты (Жамбыл обл.). Қазақ топонимдеріндегі *ч* фонемасының градациялық

дамуы жайлы ( $\ddot{y} > \dot{c} > \dot{ш}$ ) А. Н. Бернштам және өзгелердің жорамалдарынша *чал* атауын қазіргі қазақ тілінде *жал* деп түсіну дұрыс болады.

**Шалдар** — Оңтүстік Қазақстандағы қырқалы мекен аты, сол бойынша с/х және елді мекен аты. *Тұр. шал > чал > жал* тұлғаларының фонетикалық көрінісі. *Этим.:* қаз. *жал* тұлғасының көпшесі.

**Шаладыр** — адыр аты (Жамбыл обл.). *Чал* сөзінің көне түркілік аналогиясы бойынша бұл топоним *қаз. Жаладыр* мағынасын беретін тұлға.

**Шалғия** — Жезқазған облысындағы елді мекен (профилактория) аты. *Көне тұр. чал + қия (қаз.) «жал-қия»* немесе «*тікжал*» мағынасын беретін атау.

**Шалдуар** (*ор. челдовар*) — елді мекен, әуелде ескі қорған аты (Жамбыл обл.). А. Бернштам бұл атаудың аяққы (әуелгі) *-вар* форманты ескі иран-авест тілдерінен кезігетін тау шатқалдарына тән элемент (26. 34) дейді. М. А. Мамедов сир.-иран тілдеріне тән *бар//вар//пар* элементтері Орта Азия, Арғы Кавказ топонимдерінен Гадживар, Махмудвар, Мұсавар түрлерінде көрініс беретінін және олардың «мекен, орын-жай, киіз үй, тіпті семья, ру, тайпа мәндеріне де қатысты кең мағыналы форманттар екенін ескертіпті. Бұл деректерден біз сөз боп отырған атаудың бірінші компонентінің де иран тілдес этникалық мәні болуы талассыз деп айта аламыз (133. 83).

**Шалкөде** — тау алқабының аты (Алматы обл.), сонымен бірге өзен және елді мекен аттары. Осы атау жайлы қызғылықты очерк жазған журналист А. Вдовин: Бұл объект біздің планетамыздағы ең бір қызықты феномендер қатарына жататын табиғат кереметі, — деп түйеді. — Атаудың шыққан төркіні — қазақтың чалқыды су («ликовала река») тіркесінің ықшамдалған түрі (68. 30. 01. 1976) дейді. Бірақ бұл — тап-таза халық этимологиясы. Бұл атаудың мәні, біздіңше, көне түркі тілдерінен қазіргі қырғыз тілінде сақталған

және жер бетінің бедерін (рельефін) көрсететін: чалқ өйде немесе чалқ өйдолу — «тік ылди» мәніндегі (226. 840) сөз тіркестері болуға тиіс.

**Шалпақ** — көлдің аты (Семей обл.). Түркі тайпаларының *ч-шыл* диалект негізінде айтыла келе *ш-шыл* формада қалыптасқан тұлға. Негізгі мағынасы «жалпақ (көл)» — эллипсис атау.

**Шамалған** — ҚТІІ және т. ж. ст.-ның аты (Алматы обл.). Әуелде тау шатқалының, өзеннің аты. *Көне түр. чамал* (ч<ш<с «салқын, терістік») + *ған* («сай, шатқал») формаларының түзілуінен қалыптасқан — «самалсай (шат)» мәніндегі атау. *Сал.*: 1) *Самал* — мекен аты (1882 ж. Жаркент қаласы, қазіргі Панфилов орналасқан жер); 2) *Шамалтөбе* және *Шамалдысай* — қырғыз жерлеріндегі әйгілі мекен аттары.

Келтірілген фактілер *Шамалған* атауының «самал сай» мағынасындағы топоним екендігіне жеткілікті дәлел бола алады.

**Шамсы** — бұлақ аты (Орталық Қазақстан). *Көне түр. шам* (<*чам*) + *сы* формаларынан қалыптасқан — «лай су» мәніндегі атау. Көне түркі тілдеріндегі *чам//шам//сам* формалары қазіргі әдеби *шама* (*сама* — қайнаған шайдың қалдығы) терминдеріне жалғасқаны байқалады.

**Шар** — ҚТІІ, аудан аты (Семей обл.). Әуелде өзен аты (Ертіске құяды). А. И. Исқақов: түркілердің қазіргі азербайжан тілінде сақталған «айқай, шу» мәніндегі сөзі (81. 76). К. К. Юдахин: түркілердің қазіргі қырғыз тілінде сақталған «селдір тоғай» мәніндегі сөзі (226. 848); Э. және В. Мурзаевтер Орал-Алтай аясындағы угор тілдерінде бар «өзен саласы» мәніндегі сөзі (146. 256). Біздіңше, соңғы деректің үйлесімі бар.

**Шардара** — Қазақстанның оңтүстік атырабындағы қаланың, аудан орталығының, су электр станциясының аттары. Әуелде Сырдарияның ежелгі бір тармағы-

ның аты. *Этим.*: 1) *түр.-ур.* симбиозы, *түр. чар* («жар») + *ур. дара* («дария») — «жардария»; 2) *ур. чар* + *дара* — «дарияның саласы» мәніндегі атау болуы мүмкін.

**Шарық** (*обл.*) — мекен, елді мекен және с/х аттары (Солтүстік Қазақстан). *Түр. (фонет.)* «жарық» — этникалық топ атауы. *Қаз. (эд.) Шарық* тұлғасы жасалынды.

**Шарықты** — республиканың әр жерінде кездесетін мекен аты. *Қаз. шарық* («тас қайрақ») сөзіне барлықты білдіретін *-ты* қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан атау.

**Шарын** (*обл.*) — тау өзені аты (Алматы обл.). *Көне түр. чар* (*ет.*) (жар) + *ын* афф. — «жырынды» (су орган арна). Көне түркі тілдерінде *чаран//чағат* формалары «тау жылғаларын, тар шатқалдарды» білдіреді. Солар бойынша этникалық топ атаулары қалыптасқан. *Қаз. этникалық топ атауы Барынмен* сал. (115. (1963. 15. 10).

**Шат** (*диал. чат*) — таулы мекен аттары, дұрысырағы, географиялық термин (тау қойнауларындағы терең әрі ені тар сайлар). Түркі тілдеріндегі топонимикалық компоненттердің семантикалық мәні жағынан бұл терминді *дара, дөрө, дере* формаларымен теңдестіруге болады.

**Шаты** — таудың аты. Көне түркі тілдерінде (қазіргі алтай тілдерінде де *чаат//ча: т*) сөзі «қына» мағынасын береді. Атаудың аяққы *ы* дыбысы *қаз. (сын.) -лы* немесе *-ты* жұрнағын өтейді. Тау тұрғындарының этнографиялық тарихымен байланысты атау деуге болады. *Этим.*: «қыналы».

**Шаштазы** — Қызылорда облысындағы мекен (кұдық) аты. *Көне түр. чаш* («тас») және *таз* («жылтыр») сөздерінен қалыптасқан «жылтыр тас» мәніндегі атау.

**Шаян** — өзен аты (Шымкент обл.). Өзен аты бо-

йынша пос. және аудан аты. Жағалауынан су шаяны (зауза ~ рак) көрініс беретін өзен.

**Шаянтас** — мекен аты (Жамбыл обл. Шу ауд.). Қаз. шаян+тас тұлғаларынан құралған — «шаян нұсқалы тас» мәніндегі атау.

**Шәулімше** — Қызылорда облысындағы елді мекен (пос.) аты. Түркінің этнотопонимі (шәулі негізіндегі атау).

**Шәуілдір** — Шымкент облысындағы пос. аты. Түркінің этникалық топ атауы. *Чәулі* тұлғасына *-дер* қосымшасы (көптік жалғау) жалғанған атау. Бұл этноним *Чәудір* түрінде қазіргі түрікмен халқының құрамында сақталған (75. 63).

**Шебір** — Гурьев облысындағы елді мекен аты. *Түр.-монғ.* тілдері негізіндегі *шібер//сібір//шівер//шідер//шабыр*, яғни «лай су» мәніндегі ұғымдарға саятын атау. Қаз. *сабыр* сөзімен салыстырыңыз.

**Шегелек** — Семей облысының Көкпекті ауданындағы мекен аты. Көне түркі тілдеріндегі дыбыс ауыстығы бойынша (*дь>ж>ч>ш*) *шегелек* формасы *дегелек* немесе *тегелек* формасын қабылдауы мүмкін. Ал қазақ тілі аясында аяққы қатаң *к* дыбыс сонорлы *ң*-ға көшуі — заңды құбылыс. *Этим.*: *Дегелең* атауы парлар.

**Шелек** — пос., аудан аты (Алматы обл.). Әуелде тау шатқалының аты. *Орфоэп.* түрі *Челек* — әуелгі көне тұлғасын сақтап келе жатқан атаулардың бірі. Қазіргі сөздік құрамымыздағы *шелек* («бақыр») сөзімен байланысы жоқ. Көнеде *чел* сөзі *жел* мағынасын берсе, аяққы *-ек* қосымшасы сол мекендегі соғатын желдің құбылысын білдіреді. Арнайы әдебиет материалдары бұл атауды сол мекендегі оқтын-оқтын соғатын желмен байланыстырады (14. 28).

**Шерубайнұра** — өзен аты бойынша қалыптасқан. *Этим.*: «Шерубайдың нұрасы» мәніндегі атау. Шеру-

бай — этноним. *Нұра* мен *Шетнұра* атауларынан айыратын ономалық міндет атқарады.

**Шет** — Жезқазған облысындағы аудан аты. Жай тіркестердегі («ауыл шеті, қала шеті, ел шеті» дегендердегі) немесе өзге географиялық атаулар құрамындағы («Шетбақанас, Шетмеркі, Шетқұдық» дегендердегі) шет сөзімен байланысы жоқ. *Шет* атауы тіліміздегі *шеттік* сөзінің (миуалы бұта мәніндегі сөздің) түбірін сақтаған көне тұлға, яғни «жағалауы *шет* бұталарына сыңысқан» (тіліміздің осы күнгі нормасынша «шеттікті») мағынасындағы атау (191. 122).

А. П. Дульзонның (62. 53) *шет* немесе *цет* сөздері угор семьясына қатысты *кет* немесе пумпоқол тілдерінің өзен мәніндегі атауы дейтін пікірін жаңсақ деп санаймыз. *Шет* (шеттік) — түркі тілінің өзіне тән тұлға болуға тиіс. *Сал.:* *Шетпе* (Қазақстанда). *Четили* (Түркменстандағы четі қалың құмның аты).

**Шетбақанас** — Балқаш ойпатындағы Үшбақанас атты арнаның шығыстағысы. *Ш.* — «шеткі бақанас» мағынасындағы атау.

**Шетқарасу** — көптеген мекен аттары. *Ш.* — «шеткі қарасу» мағынасындағы атаулар.

**Шетпе** — Маңғышлақ облысындағы елді мекен аты. *Ш.* — «шет бұталарының қалың өскен жері» мағынасындағы атау.

**Шетсай** — Алматы облысының шығысындағы бір сайдың аты. *Ш.* — «шет бұталарының қалың өскен сайы» мағынасындағы атау.

**Шиелі** — Қызылорда және Қостанай облыстарындағы елді мекен аттары. *Ш.* — «шие жидегінің қалың жері» мағынасындағы атаулар.

**Шиен** — Алматы облысының тау сағасындағы село аты. Әуелде мекен аты. Халық этимологиясы *шиен* сөзін күздің аяғында қайта көктейтін от (шалғын) мағынасында ажыратады. Бірақ ол ғылыми этимология бола алмайды. *Ш.* — көне атау. *Көне түр. чийиң* («тұм-

сық», «мойнақ») мағынасындағы атауы. Оғұз тобының осы мағынадағы *чигин*, *чийин* терминдерімен салыстырыңыз.

**Шоқтал** — Қазақстанның әр тұсынан кездесетін шоқталған таудың, төбенің аттары. *Ш.* — түркінің *шоқ* (*чоку*) + үнді-иран тілдерінің *тал* (*қар.*) сөздерінен қалыптасқан таулы рельеф атаулары. «Іле Алатауының» қысы-жазы қар жататын биік бір тобы да *Ш.* аталады. Кезінде ұлы географтарды П. П. Семенов-Тянь-Шанский т. б. қызықтырған осы Шоқталдың ту қиясынан тау-таудың қабатындағы баққа бөленген Алматы көрінуі қай оқырманның ойын елітпеген. *Шоқтал* — «топ тау» («топ шоқы») мағынасындағы атау. Атаудың *тал* сыңарының шолуын қараңыз.

**Шөладыр** — Қазақстанның оңтүстік шығысында жатқан кең-байтақ шөл адырдың аты. Қазақтың *шөл* сөзі өзге түркі және иран тілдес халықтар тілдерінің көбінде сәл фонетикалық ауытқулармен *чөл*//*чул* түрлерінде, ал монғол тілдерінде *цёл*//*сёл* түрлерінде айтылатыны белгілі. Сондықтан да швед офицері Ренаттың 18 ғ. басында ойрат басқыншылары үшін түсірген Жетісу атырабының географиялық картасынан біз осы атаудың монғол тіліндегі (*үргү цел*, *сөзбе-сөз* «адыр шөл») дублетін көреміз (131. 85).

**Шу** — өзен, т. ж. ст-сы, қала және аудан аты (Жамбыл обл.). Қытай және тибет тілдерінің *чу* («су» мәніндегі) сөзінен деп төркіндететін жорамалдар — ескі таным әдістері бойынша пайымдау болып табылады. *Шу* — түркі тілі негізіндегі атау. Оның әуелгі тұлғасы *чүй* түріндегі этникалық атау екені байқалады. Ол ұйғарымды *шу* атауының мына төмендегі көрнекті дублеттері растай түседі. 1) *Шүй* — алтай түркілері жеріндегі (оның оңтүстік аймағындағы) өзен және алқап аты, солар бойынша этникалық топ атауы (*чүй кижү*); 2) көнелік деректерден б. з. бұрынғы VII ғасыр-

да Жетісу өңіріндегі тайпалар ішінде *чүй* және *қаңлылар* да болғаны мәлім («Живая старина», год IV, вып. 3—4, СПб., 1894, 403-б.); 3) *Шүй*, И. Г. Георгидің айтуынша, *сұрғұт* естектерінің өз аттары («Описание народов...» СПб., 1799, 77-б.); 4) *Шүй* — Батыс Сібірдің б. Кузнецк округындағы *шуй* болыстығы сол рудың атымен аталған; 5) *Шүй* — Хакассияның солтүстік аймағындағы (XIX ғ.) әкімшілік бөлігінің аты (этноним бойынша); 6) *Шүй* — Алтай-Саян түркілерінің қызылдар тобының бір бөлігі (И. Пестов, 1883, 127); 7) *Чүй* — Орхон-Енисей жазбаларында көрсетілген чүэ этно-топтарының бір тарамы (*чүй елі*) қазіргі найман тайпасының Садыр ру бірлестігі ішінен көрініс беретіні жайлы бұрын-соңды айтылып келеді (09. 59).

Келтірілген фактілер *Шу* атауының негізі түркі этнонимі екеніне толық дәлел болады.

**Шұбар** — республика бойынша бірінен-бірі алшақ атыраптардағы мекен аттары. «Шұбар» сөзін сол бір объектілердің шұбарланған түсіне балау, әрине, ономастиканың, қала берді қазақ тілі тарихының парқына бара алмағандық болар еді. *Шұбар* компонентінің арғы тегі көне түркі және монғол тілдеріндегі *шібер//шэбер//шібір//шебір* формаларымен түбірлес тұлға «сібір» сөзінің фонетикалық көрінісі. Қаз. сабыр сөзімен салыстырыңыз. *Этим.:* көне түр. «дымқыл жер» ұғымына жақын атау. *Шұбар* ономасы түп негізінде *ылғал, дымқыл*, тіпті *саз* немесе *шытырман, бұта көгал* мәндеріне ортақ тұлға (59. 13). *Сал.:* *бур. шэ-бэр* — «саз жер» (140. 179).

**Шұбартау** — республика бойынша екі атыраптағы таудың аты. 1) Орталық Қазақстанның батыс атырабында (Жезқазған обл.); 2) Орталық Қазақстанның шығыс атырабында (Семей обл.). *Көне түр.* «бұталы тау» мәніндегі атау.

**Шұлба** — мекен, елді мекен (пос.) аты (Семей обл.).



Топонимист С. Атаниязов *чұлба* тұлғасы қазіргі түрікмен тілінде тепе (*қаз.* төбе) пара-пар географиялық термин екеніне мысалдар келтірген: Тұпарчұлба, Қырқчұлба, Топчұлба (соңғы атау «топ төбе» немесе «шоқ төбе» мәндес) т. б. (13. 224). Бұл деректер бізге шұлба сөзінің түркі тілдерінде «кіші-гірім төбе» мәндес термин өтеуін бергендігін ашып береді.

**Шүнджа** — пос. аты (Ұйғыр ауданының орталығы. Алматы обл.). Жергілікті тұрғындар (ұйғыр-қазақ) сөйлеу тілінде бұл атауды *ч* дыбысы арқылы (чүнджә) айтады және *ә* дыбысымен аяқталады. Бұл атаудың төркіні жайлы тың пікір жоқ. С. Е. Маловтың «Сары ұйғыр тілінде» *чүнджа* тұлғасы «кең жай (танап)» мәніндегі тіркес делінген (111. 81): *чоң + дж + әй*. Осы тіркестер айтыла келе ұйғыр тілінің артикуляциялық нормасына сай аяққы *й* дыбысынан арылуы ықтимал.

**Шығанақ** — негізінен гидронимиялық атаулар: көл қойнаулары (Арал, Алакөл, Балқаш т. б.), су қойнаулары (Сарысу, Ертіс т. б.), кейде «қылының» синонимі (*қар.*). **Ш.** Орталық Қазақстанда көлдің де аты (Шідерті өзені соған құяды). *Шығанақ* сөзі көне түр. *шыған* («шынтақ») тұлғасына кішірейткіш + *ақ* жұрнағын жалғау арқылы жасалған термин.

**Шымкент** (*орфоэп.* Чімкент) — қала аты, өзі аттас облыс орталығы. Соғды-иран тілдеріндегі *чим* («қорған, төбе») және кент («қала») сөздерінің қосындысынан қалыптасқан «Қорған қала» мәніндегі атау. Қазақстанның көне заманғы құрылыстарының архитектуралық терминдерімен байланысты берген түсініктерінде Ә. Марғұлан *шым-чи* сөздерін «кірпіштің өрнегі» мәніндегі ұғымға балаған (134. 38). Соған қарағанда *чим* (немесе *шым*) сөзінің түркі тілдеріндегі «шимай, өрнек» мағыналарын тәрк етуге болмайтындай.

**Шымылдық** — Қазақстанның оңтүстік (Қаратау етегі) және батыс (Қалдығайты бойы) атыраптарындағы мекен аттары. *Этим.*: соғды-иран тілдері негізінде-

гі *чiм* («қорған») тұлғасына түрік тілінің +*ыл*+*дық* жұрнақтарын жалғау арқылы қалыптасқан — «қорған орны» немесе «чiм орны» мәніндегі атау.

**Шыңбастау** — бастау, мекен аттары (Жамбыл обл. Оңтүстік-шығыс атырабындағы тау шатқалы). *Түр. чың* («тік, терең шатқал») + *бұлақ* компоненттерінен қалыптасқан атау. *Шыңбұлақ* пара-пар.

**Шыңбұлақ** — тау бұлақтарының аттары (Жоңғар және Іле Алатаулары мен Қаратау бойларындағы терең шатқалдар арқылы ағатын бұлақтар). *Түр. чың* («терең, тік шатқал») + *бұлақ* сөздерінен қалыптасқан атаулар. «Терең шаттағы бұлақ» мәнін беретін гидронимиялық атаулар.

**Шыңғыстау** — Сарыарқаның шығыс атырабындағы тау тобының аты (Семей обл.). Қалбаның сілемі. *Көне шың* + *ғыс* (<*ғыр*<*ғыз*<*қыр*) формаларына *қаз.* тау сөзін жалғау арқылы қалыптасқан атау. *Шыңғыс* тұлғасын ажырата түсуді керек етеді.

**Шыңтүрген** — тау шатқалындағы мекен аты (Алматы обл.), әуелде бұлақ аты — Түрген өзенінің басы (*қар.*). *Түр. чың* «тік, терең сай» және *түрген* компоненттерінен құралған атау. «Түрген өзенінің терең шатқалдағы тұсы» ұғымын беретін топоним.

## Ы

**Ызбан** — мекен аты (Торғай обл.). *Көне түр. уз* немесе ұз этнониміне (X ғ.) типологиялық *бан* (ман) «жер, мекен» мәніндегі қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан атау. «Ұздар жері» мағынасын береді (119. 1967. № 8, 85-б.).

**Ызғар** — мекен аты (Қызылорда обл.). *Көне түр. уз* немесе ұз этнониміне (X ғ.) типологиялық *ғар* («тау» мәнінде) тұлғасын қосарлау арқылы жасалған

топоним. *Мағын.*: «Ұздар тауы» мәніндегі атау. *Ызбанмен* салыстырыңыз.

**Ырғайтақ** — тау аты. *Көне түр.* *ырғай* + *тағ* компоненттерінен қалыптасқан атау. *Этим.*: «Ырғай тау».

**Ырғайты** — тау аты. *Көне түр.* *ырғай* + *ту* компоненттерінен қалыптасқан атау. *Ырғайтақ* пара-пар.

**Ырғыз** — өзен аты, сол бойынша пос. және аудан аты (Ақтөбе обл.). Әуелде Ақтөбе облысының оңтүстігіндегі қыраттың аты. *Ызбан* (*Ұзбан*) атауымен туысады. «Ұзқыры» мәніндегі топонимикалық атау.

## I

**Іле** — Жетісу өлкесіндегі ірі өзен аты. «Орыс тілінің *ил* негізінен деген версия этимология емес» (156. 123). *Іле* атауының дублет формалары оның өзінің тым көнелігін көрсетеді. Мәселен, Бичурин томдарындағы *Или-гол* атауы (28. 3-т., 30-б.) немесе Батыс Монғолияның *Или-Кемі*, *Іле* бойындағы *Или-Балық* қаласы (83. 109) соған дәлел. В. В. Радлов *илә* деген сөз фарс тілінің дариясымен тең дейді. Жөн айтылған. Келтірілген деректер *Іле* атауын көне түркілердің *йел* немесе *йіл* түбірімен байланысты деуімізге болады, демек семантикалық жағынан *желек//есне* сөздерінің ауқымына келеді.

**Іңкәрдария** — Қызылорда облысының оңтүстік атырабындағы кең арнаның аты. Этнотопоним. *Іңкәр* — түркі тайпаларының бір тобының аты. Бұл топоним, тәрізі, *Іңкәрдарияның* шалқыған тұсында қалыптасқандай.

**Іңілшек** — тау қырының аты, сол бойынша мұздық аталады. *Көне түр.* *іңіл*, яғни *ил* етістігіне *-шек* қосымшасын жалғау арқылы жасалған тұлға. *Іңілшек* мағынасындағы туынды сын есім түріндегі атау...

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР, ДЕРЕКТЕР

1. Ленин В. И. Полн. собр. соч., т. 29.
2. К. Маркс и Ф. Энгельс. Сочинения, т. 19. Изд-во «Политической литературы». М., 1961.
3. Ф. Энгельс. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Қазақтың біріккен мемлекет баспасы. Алматы, 1948.
4. Абдимуратов К. Почему так названо. Каракалпакское книжное изд-во. Нукус, 1970.
5. Абдрахманов А. Топонимика и этимология. Наука, Алма-Ата, 1975.
6. Абдрахманов М. А., Бонюхов А. А. Топонимические названия Шорин. «Языки и топонимия Сибири», I. Изд-во Томского университета. Томск, 1966.
7. Абрамзон С. М. К семантике киргизских топонимов. «Советская этнография», 1946, № 3.
8. Абрамов Н. А. Алма-Ата или укрепление Верное с его окрестностями. «Записки ИРГО по общей географии», т. 1, СПб., 1867.
9. Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Казахское Государственное учебно-педагогическое издательство. Алма-Аты, 1959.
10. Андреев М. С. Таджики долины Хуф. Сталинабад, 1953.
11. Антонов Н. К. Материалы по исторической лексике якутского языка. Якутское книжное издательство. Якутск, 1971.
12. Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и сведения о их численности. «Живая старина», вып. III и IV, год шестой. СПб., 1896.
13. Атанязов С. Туркменистанин топонимик сөзлиги. «Туркменстан», Ашхабад, 1970.
14. Аубакиров Ж. Алма-Атинская область. «Казахстан», Алма-Ата, 1959.

15. А х а т о в Б. Х. Диалект западно-сибирских татар. Башгосиздат. Уфа, 1963.
16. Э у з о в М. О. Таңдамалы шығармалары, 1-том. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы, 1955.
17. Б а б а е в К. Р. Тюркизмы. В сб. «Лексика, терминология. Стили». Вып. I, Горький, 1973.
18. Б а н з а р о в Доржи. Собрание сочинений. М., 1955.
19. Б а р т о л ь д В. В. Сочинения, т. 2, ч. I и II. Изд-во «Советская энциклопедия» М., 1963.
20. Б а р т о л ь д В. В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Сочинения, т. 5. Изд-во «Советская энциклопедия», М., 1965.
21. Б а с к а к о в Н. А. Введение в изучение тюркских языков. «Наука», М., 1962.
22. Б а с к а к о в Н. А. Ногайский язык и его диалекты. Изд-во «Словарей восточных языков». М.—Л., 1940.
23. Б а т м а н о в И. А. и др. Современная и древняя Енисейка. Киргосиздат. Фрунзе, 1962.
24. Башкирско-русский словарь. Изд-во «Словарей восточных языков». М., 1958.
25. Б е л е ц к и й А. А. Лексикология и теория языкознания (ономастика). Киев, 1972.
26. Б е р н ш т а м А. Н. Древнетюркские элементы в этногенезе Средней Азии. «Советская этнография», 1947, т. 6—7.
27. Б е р т а г а е в Т. А. Исследование лексики монгольских языков. Бурятское госуд-ое изд-во. Улан-Удэ, 1961.
28. Б и ч у р и н (И а к и н ф) Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. В 3-х т., изд-во «Советская энциклопедия». М., 1950—1953.
29. Б л а г о в а Г. Ф. В. В. Радлов и изучение тюркской топонимии... В сб.: «Тюркологический сборник», 1971, М., 1972.
30. Большая советская энциклопедия. Изд. 1-е, т. 15.
31. Б у д а г о в Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. 1 и 2, СПб., М., 1960.
32. Б у л а т о в А. Б. К этимологии этнонима «Болгар». Ученые записки научно-исследов. Инст. при Сов. Мин-ов Чув. АССР. Вып. 29, 1965.
33. Бурят-монгольско-русский словарь. Изд-во Академии Наук СССР. М., 1951.
34. «Білім және Еңбек».
35. В а л и х а н о в Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. «Наука», Алма-Ата, 1961—1964.
36. В а н ю ш е ч ж и н В. Т. Заметки по этимологии областных слов: Куршахи, Полусадник. В сб. «Этимологические исследования по русскому языку», вып. 6, М., 1968.

37. Василевич Г. М. Древнейшие этнонимы Азии и названия эвенкийских родов. «Советская этнография», 1946, № 4.
38. Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. «Наука», Алма-Ата, 1967.
39. Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о касимовских царях и царевичах, ч. 2, СПб., 1864.
40. Вербицкий В. И. Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Казань, 1884.
41. Верещагин Н. К. Охотничьи и промысловые животные Кавказа. Баку. Изд-во АН АзербССР, 1947.
42. «Вечерняя Алма-Ата».
43. Владимирцов В. Я. Географические имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском языке. «ДАН», серия «В». № 10, 1929.
44. «Вопросы географии Казахстана», вып. 6, «Наука», Алма-Ата, 1960.
45. «Вопросы языкознания».
46. Выгодский М. Я. Справочник по элементарной математике. Изд. 23-е, М., 1974.
47. Гарипов Т. М. Башкирское именное словообразование. Башгосиздат. Уфа, 1959.
48. Гарипова Н. Д. Заметки об иранских элементах в топонимии Башкирии. В сб.: «Топонимика Востока». М., 1964.
49. Голубев А. Ф. Путешествие в Среднюю Азию и Заильский край. «Записки ИРГО», кн. I, СПб., 1861.
50. Городецкий В. Остатки древнего поселения к югу от г. Алма-Аты (бывш. Верный). В сб.: «В. В. Бартольд». Ташкент, 1927.
51. Гронбчевский Б. Л. Отчет о поездке в Кашгар и Южную Кашгарию в 1885 г. Маргелен, 1886.
52. Грум-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Урянхайский край, т. 3, вып. 2, Л., 1930.
53. Гумбольдт А. Ф. Центральная Азия, т. 1, М., 1915.
54. Гумилев Л. Н. Три исчезнувших народа. Происхождение народа тюркют. В сб.: «Страны и Народы Востока», вып. 2, М., 1961.
55. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. Т. 1—4.
56. Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. «Наука», М., 1962.
57. Доможаков Н. Г. Заметка о слове «уус». «Записки Хакас. НИИ языка, литературы и истории», 1957, вып. V.
58. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (Лексика). II б., «Ғылым», Алматы, 1955.
59. Досқараев Ж. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстар-

дың жұмсалуды. «Қазақ ССР ҒА Хабарлары», лингвистикалық серия, № 6, 1950.

60. Древнетюркский словарь. «Наука», Л., 1969.

61. Древние культуры Центрального Казахстана. «Наука», Алма-Ата, 1966.

62. Дульзон А. П. Этнический состав древнего населения Западной Сибири по данным топонимики. М., 1960.

63. Дюйсенов М. Древние письмены (яз. каз.). «Қазақ әдебиеті», 1981, 04. 09.

64. Евтюхова Л. А. Археологические памятники Енисейских кыргызов (хакасов). Хакасское книжное изд-во. Абакан, 1948.

65. Егоров В. Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чув. госуд. книжное изд-во. Чебоксары, 1964.

66. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. «Ғылым», Алматы, 1965.

67. Жданко Т. А. Очерк исторической этнографии каракалпаков. М.—Л., 1950.

68. «Жетісу».

69. «Живая старина», год IV, вып. 3—4. СПб., 1894 (см. ст. «Опыт выяснения этнического состава киргизов Большой Орды»).

70. Жирмунский В. М. Следы огузов в низовьях Сырдарьи. Тюркологический сборник. I, М.—Л., 1951.

71. Жубанов Х. К. Исследование по казахскому языку. «Наука», Алма-Ата, 1966.

72. «Жұлдыз».

73. Зарудный Н. А. Поездка на Аральское море летом 1914 года. «Изв. Турк. отд. ИРГО», т. 11, вып. 1, Ташкент, 1915.

74. Зверев Н. Иртышское диво. «Шмель», 1960, № 10.

75. Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк. «Записки Зап. Сиб. отд. РГО», кн. VII, вып. 2, 1885.

76. Земляной Б. и Чевокина Ю. «Древняя Русь», М., 1965.

77. Ибрагимов С. К., Храковский В. С. «Махмуд Кашгарский о расселении племен на территории Казахстана в X веке». См.: «Вестник АН КазССР», 1958, № 11 (164).

78. Иностранцев К. Хунны и гунны. Л., 1926.

79. Исаев Д. Жер-су аттарының сыры. «Мектеп» баспасы. Фрунзе, 1977.

80. Искаков А. И. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Автореф. докт. дисс. Алма-Ата, 1964.

81. Искаков А. И. Из истории слов. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 5 және № 12.

82. Исследования по тюркологии. «Наука», Алма-Ата, 1968.

83. История Казахской ССР. т. 1. Изд-во «Казахстан», Алма-Ата, 1957.
84. История Киргизии. т. 1, Киргосиздат, Фрунзе, 1963.
85. История народов Узбекистана, т. 1, 1947; т. 2, 1950.
86. История Тувы, т. 1, Изд-во «Советская энциклопедия», М., 1964.
87. И с к а к о в Ф. И. Исследования по сравнительной грамматике тюрк. языков. II. Морфология. Изд-во «Советская энциклопедия», М., 1956.
88. К а з а к е в и ч В. А. Современная монгольская топонимика. Л., 1934.
89. К а з а н с к а я Е. А. Природные условия и сельскохозяйственное освоение Илийского р-на, Алма-Атинской области. «Вопросы географии Казахстана», вып. 6, «Наука», Алма-Ата, 1960.
90. Казахская диалектология. «Гылым», Алма-Ата, 1965.
91. Казахстан. (Общая физико-географическая характеристика.) Изд-во Академии Наук СССР, М.—Л., 1950.
92. «Казахстанская правда».
93. К а й д а р о в А. Т. О некоторых общих тюрко-монгольских однокоренных основах. В кн.: «Якутский филологический сборник». Издание Якутского филиала СОАН СССР. Якутск, 1976.
94. К а м а л о в А. А. О топонимии Башкирии. «Советская тюркология», 1980, № 2.
95. Каракалпакско-русский словарь. Изд-во Академии Наук СССР, М., 1958.
96. К а т а н о в Н. Ф. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903.
97. К е њ е с б а е в С. К. Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы. «Халық мұғалімі», 1946, № 3—4.
98. К и с е л е в С. В. Неизданные надписи Енисейских кыргызов. «Вестник древней истории», 1939, 3(8).
99. К о к о в Дж. Н. и Ш а х м у р з а е в С. О. Балкарский топонимический словарь. Кабардин-балкарское государственное изд-во. Нальчик, 1970.
100. К о м а р о в Ф. К. Словарь русской транскрипции терминов и слов, встречающихся в географических названиях Якутской АССР. Изд-во «Словарей восточных языков». Москва, 1964.
101. К о н д р а т ь е в В. Г. Очерк грамматики древнетюркского языка. «Наука», Л., 1970.
102. К о н к а ш п а е в Г. К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана. «Известия АН КазССР», серия филологии и искусствоведения, 1959, вып. 1.
103. К о н к а ш п а е в Г. К. Словарь казахских географических названий. «Наука», Алма-Ата, 1963.



104. Конокбаев К. Топонимия Южной Киргизии. Изд-во «Мектеп», Фрунзе, 1980.

105. Кононов А. Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии. «Известия Отд. общественных наук АН Тадж. ССР», 1954, вып. 5.

106. Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочин. Абул-Гази хана хивинского. Изд-во Академии Наук СССР. М.—Л., 1958.

107. Кононов А. Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. В сб.: «Тюркологический сборник, 1975, «Наука», М., 1978.

108. Кораев С. Древние топонимы Средн. Азии в согдийских языках. В сб.: «Тюркологический сборник, 1975, «Наука», Киргосиздат, Фрунзе, 1980.

109. Кораев С. Географик номлар мальонасини биласизми. Изд-во АН Узб. ССР. Ташкент, 1970.

110. Қордабаев Т. Р. Қазақ тілі тарихын зерттеу мәселелері. «Қазақ әдебиеті», 1978, 15 декабрь.

111. Корнилов Г. Е. К вопросу о способах образования башкирских гидронимов и оронимов. В сб.: «Вопросы топониматики», вып. 1, Облкнигоиздат, Свердловск, 1962.

112. Корнилов Г. Е., Михайлов Т. Е. Квазисуффикс -за в ряду ойконимов Пензенской области. См.: «Диалектология и топонимия Поволжья». Сб. 1, Чувгосиздат, Чебоксары, 1972.

113. Кузеев Р. Г. Происхождение башкирского народа. «Наука», М., 1974.

114. Курышжанов А. К. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII—XIV вв. Автореф. докт. дисс. Алмата, 1973.

115. «Қазақ әдебиеті».

116. Қазақ совет энциклопедиясы, 1—13 тт. «Ғылым» баспасы.

117. Қазақ ССР ҒА «Хабаршысы».

118. «Қазақстан әйелдері».

119. «Қазақстан мектебі».

120. «Қазақстан мұғалімі».

121. «Қазақ тілі мен әдебиеті».

122. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. «Ғылым», Алматы, 1969.

123. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. «Ғылым», Алматы, 1966.

124. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1—7 тт. «Ғылым», Алматы, 1959—1983.

125. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. «Ғылым», Алматы, 1967.

126. «Ленинская смена».  
127. «Лениншіл жас».  
128. Л и г е т и Л. Монгольские элементы в диалектах казахов в Афганистане. Монголоведение и тюркология, вып. 83, М., 1964.

129. Л о й ф м а н Н. Я., П о п о в С. А. Топонимические названия Оренбургской области. «Ученые записки Оренбургского пединститута», 1962, вып. 15.

130. М а к с а к о в с к и й В. М. О происхождении географических названий, европейских стран народной демократии. В кн.: «Топонимика», М., 1970.

131. М а к ш е е в А. И. Географические сведения «Книги Большому Чертежу» о киргизских степях и Туркестанском крае. «Записки ИРГО по Отделению общей географии», т. 6 и 11. СПб., 1888.

132. М а л о в С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951.

133. М а м е д о в М. А. Сирийские источники по истории народов СССР. М.—Л., 1974.

134. М а р г у л а н А. Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года. «Известия АН КазССР, № 67, серия археологическая», 1949, вып. 2.

135. М а р т ы н о в П. И. Эвенкийские названия в районе озера Байкал на географической карте. Краеведческий сборник, вып. 5, Улан-Удэ, 1960.

136. М а х м у д К а ш г а р и. Диван лугат-ат-турк. т. 1, Анкара, 1915.

137. М а х м у д К а ш г а р и. Диван лугат-ат-турк. т. 2, Ташкент, 1962.

138. М а х м у д К а ш г а р и. Диван лугат-ат-турк. т. 3, Анкара, 1940.

139. М а х м у т о в А. Архаизмы и историзмы в казахском языке. Автореф. канд. дисс. «Наука», Алматы, 1963.

140. М е л ь х е е в М. Н. Топонимика Бурятии. Бурятское книжное издательство. Улан-Удэ, 1969.

141. Местные особенности в казахском языке. «Наука», Алма-Ата, 1973.

142. М и л л е р Г. Ф. История Сибири, т. 1, М.—Л., 1937.

142а. М о и с е е в Б. А. Казахские термины животноводства в оренбургских говорах. «Ученые записки Оренбургского пединститута», 1962, вып. XV.

143. М о л ч а н о в а О. Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайское Отделение Алтайского книжного издательства. Горно-Алтайск, 1979.

144. Монгольско-русский словарь. Изд-во Академии Наук СССР. М., 1957.
145. Муканов С. Саяхаттар. (Путешествия.) «Қазақстан», Алматы, 1954.
146. Мурзаевы Э. и В. Словарь местных географических терминов. Издательство Академии Наук СССР. М., 1959.
147. Мурзаев Э. М. Топонимика в Казахстане. «Известия АН СССР, серия географическая», 1964, вып. 6.
148. Мурзаев Э. М., Умурзаков С. У. Гидронимы Иссык-Куля и Байкала. «Известия АН СССР», серия географическая, 1974, № 6.
149. Мурзаев Э. М. Краткий топонимический словарь в кн. «Природа Синьцзяна...», «Наука», М., 1966.
150. Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. «Наука», М., 1984.
151. Мусакулов Т. Русско-казахский толковый биологический словарь, т. 1, «Казахстан», Алма-Ата, 1959.
152. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говорлары. «Ғылым», Алматы, 1972.
153. Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. «Наука», Алматы, 1982.
154. Народы Средней Азии и Казахстана, т. 2, М., 1963.
155. Никонов В. А. Введение в топонимику. «Наука», М., 1965.
156. Никонов В. А. Краткий топонимический словарь. «Мысль», М., 1966.
157. Новое в археологии Казахстана. «Наука», Алма-Ата, 1968.
158. Номинханов Ц. Д. Исследования по тюркским и монгольским языкам. «Наука», Алма-Ата, 1966.
159. «Огни Алатау».
160. Ойротско-русский словарь. Изд-во Академии Наук СССР. М., 1947.
161. Окладников А. П. Очерки из истории Западных бурят-монголов (XVII—XVIII вв.). Л., 1937.
162. Окладников А. П. Происхождение якутского народа. «Известия Всесоюзного географического общества», 1951, т. 83.
163. Олесева Г. И. Мансийские оронимы Северного Урала. В сб.: «Вопросы топониматики», вып. 1, Свердловск, 1962.
164. Омарбеков С. О топониме Чаульдир. «Изв. АН КазССР, серия филологии и искусствоведения», 1962, вып. 2 (21).
165. Ономастика Средней Азии. «Наука», М., 1978.
166. Орловская М. Н. О непроизводных наречиях в мон-

гольском языке. В сб.: «Монголоведение и тюркология», вып. 83, М., 1964.

167. Орос монгол толь, т. 1 и 2, Улан-Батор, 1969.

168. Өмірәлиев Қ. Этнолингвистикалық этюд. «Қазақстан мектебі», 1967, № 4.

169. Өмірәлиев Қ. Қазақ тілінің тарихи іздері. «ҚазССР ҒА хабарлары». Тіл-әдебиет сериясы, 1978, № 2, 53—61-бб.

170. Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российской империи, ч. I, СПб., 1773.

171. Пантусов Н. Н. Фергана по запискам султана Бабур... «Записки ИРГО по отделению этнографии», т. 6. СПб., 1880.

172. Пекарский Э. К. Словарь якутского языка, в 3-х т. Изд-во Академии Наук СССР, М., 1959.

173. Пано-Карпини, Асцелин. Сборник путешествий к татарам и другим восточным народам в VIII, XIV, XV столетиях. СПб., 1825.

174. Поливанов Е. Д. О происхождении назв. Ташкента. В сб.: «Бартольд туркестанские друзья...», Ташкент, 1927.

175. Попов А. М. Географические названия. (Введение в топонимику.) М.—Л., 1965.

176. Поппе Н. Н. Монгольский словарь Мукаддима Ал-Адаб. В 2-х т., М.—Л., 1938.

177. Потанин Г. Н., Струве К. Поездка по восточному Тарбагатаю летом 1864 г. «Записки РГО по общей географии», т. 1, СПб., 1867.

178. Потапов Л. П. Этнический состав и происхождение алтайцев. «Наука», Л., 1969.

179. «Ономастика Поволжья». III, Уфа, 1973.

180. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. 1, 1893; т. 2, 1895—1899; т. 3, 1902; т. 4, 1909—1911.

181. Рамstedт Г. И. Введение в алтайское языкознание. Изд-во Академии Наук СССР, М., 1957.

182. Рашид-эд-дин. Сборник летописей, т. 1, кн. 1 и т. 1, кн. 2. Изд-во Академии Наук СССР. М.—Л., 1952.

183. Риттер К. Землеведение Азии. Т. 5. Восточный или Китайский Туркестан. Вып. 1, СПб., 1869.

184. Розенфельд А. З. Название «лянгар» в топонимике Таджикистана. «Известия ВГО», 1940, т. 72, вып. 6.

185. Русско-алтайский словарь. Сост. П. П. Тыдыков. ОГИЗ. М., 1926.

• 185а. Русско-чувашский словарь. Госуд. изд-во иностранных и национальных словарей. М., 1951.

186. Садуакасов Г. Язык уйгуров Ферганской долины

и проблема взаимодействия уйгурских и узбекских диалектов. Автореф. докт. дисс. Алма-Ата, 1972.

187. Сарыбаев Ш. Ш. К вопросу о казахско-монгольских языковых связях. Вопросы истории и диалектологии казахского языка, вып. 2, «Наука», Алма-Ата, 1960.

188. Сауранбаев Н. Т. Некоторые черты древнекыпчакского языка. «Вестник АН КазССР», 1948, № 12.

189. Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілінің сөздік құрамын зерттеу туралы. «Халық мұғалімі», 1951, № 4.

190. Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. «Наука», М., 1966.

191. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. «Наука», М., 1978.

192. Сергеев И. В. Тайны географических названий. Изд-во Министерства Культуры СССР. М., 1965.

193. Серебренников Б. А. К истории суффикса деноминативных глаголов -ла в тюркских языках. См. «Советская тюркология», 1972, № 5, Изд-во «Наука».

194. Словарь Российской империи. СПб., 1885, т. 5.

195. Словарь современного русского литературного языка. Тт.: 3, 6, 7, 9, 14 и 15. М., 1951—1962 гг.

196. Словарь топонимов Башкирской АССР. Уфа, 1980.

197. Слоним И. А. О происхождении некоторых географических названий Азии. В кн.: «Страны и народы Востока», вып. 1, М., 1959.

198. «Советская тюркология» (С. Т.).

199. «Социалистік Қазақстан».

200. Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. «Наука», М., 1973.

201. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. «Мектеп» баспасы, Алматы, 1980.

202. Тадыева П. Е. Этнический состав дореволюционных алтайцев... «Записки Горно-Алтайского научно-исслед. ин-та», 1964, вып. 6.

203. Татарско-русский словарь. Татгосиздат. Казань, 1960.

204. Тенишев Э. Р. Доланы и их язык. В сб.: «Исследования по уйгурскому языку». «Наука», Алма-Ата, 1965.

205. Толковый словарь географических названий Азербайджанской ССР. Изд-во АН Азерб. ССР. Баку, 1960.

206. Толстов С. П. Города гузов. (Историко-этнографические этюды). «Советская этнография», 1947, № 3.

206а. Топонимика востока («ТВ»).

207. Тувинско-русский словарь. Состав. Сат. Ж. Ч. М., Изд-во «Советская энциклопедия», 1955.

208. Турецко-русский словарь. ОГИЗ. М., 1931.

209. Туркменско-русский словарь. Изд-во иностранных и национальных словарей. М., 1968.

210. Узбекско-русский словарь. Изд-во «Советская энциклопедия». М., 1959.

211. У з и н С. Тайны географических названий. Изд-во «Правда», М., 1961.

212. Уйгурско-русский словарь. Изд-во «Советская энциклопедия». М., 1968.

213. Ушаков Д. Н. Толковый словарь русского языка. В 4-х т. М., 1935—1940.

214. Ф а с м е р М. Этимологический словарь русского языка, т. 1-и 2. Изд-во Московского университета. М., 1964—1966.

215. Хакасско-русский словарь. Изд-во иностранных и национальных словарей. М., 1953.

216. Х о м о н о в М. Лексика древнемонгольского памятника «Сокровенное сказание». См. Труды Бурятского Инс-та общ. наук БФ СО АН СССР, вып. 13, 1970.

217. Хрестоматия по истории КазССР. «Наука», Алма-Ата, 1962.

218. Ш а н с к и й Н. М. Этимологический словарь русского языка. В 2-х томах, М., изд. МГУ, 1965.

219. Ш и п о в а Е. Н. Словарь тюркизмов в русском языке. «Наука», Алма-Ата, 1976.

220. Ш и р а л и е в М. Ш. Кипчакские элементы в азербайджанском языке. В журн. «Узбек тили ва адабияти», 1961, № 6.

221. Ш е р б а к А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. «Наука», Л., 1970.

222. Ы с қ а қ о в А. Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. «Мектеп», Алматы, 1974.

223. Экспедиция чл.-с. Ядринцева на Алтай. «Изв. ИРГО. 1881 г.». Вып. 1, т. 27, 1887.

224. Энциклопедический справочник. т. 1, М., 1953.

225. Этимология (сборник). «Наука», М., 1963.

226. Ю д а х и н К. К. Киргизско-русский словарь. Изд-во «Советская энциклопедия». М., 1965.

227. Ю з б а ш е в Р. М. Опыт исследования азербайджанских географических терминов. Автореф. канд. дисс. Баку, 1963.

228. Ю с у п о в Г. Б. Булгаро-татарская эпиграфика и топонимика. См. сб.: «Археология и этнография Татарии». Вып. 1, Татгосиздат. Казань, 1971.

229. Я н у ш к е в и ч А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. «Наука», Алма-Ата, 1966.

**Еркебай Қойшыбаев**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТТАРЫ СӨЗДІГІ**

**Еркебай Койчубаев**

**СЛОВАРЬ ТОПОНИМОВ КАЗАХСТАНА**

*(на казахском языке)*

**Редакторы З. Сариева.**

**Суретшісі И. Уразаев.**

**Көркемдеуші редакторы В. Логинов.**

**Техникалық редакторы И. Корзухина.**


**Корректоры Б. Тұяқбаева.**

**ИБ № 2294**

Теруге 11.01.85 жіберілді. Басуға 10.09.85 қол қойылды. Пішімі 70×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Баспаханалық № 3 қағаз. Мектептік гарнитура. Шығыңқы баспа. Баспа табағы 8,0+қосарбеті 0,125. Шартты баспа табағы 11,2+қосарбеті 0,175. Шартты бояулы бет таңбасы 11,900. Есептік баспа табағы 11,655+қосарбеті 0,283. Тиражы 3600 дана. Заказы № 2399. Бағасы 85 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Мектеп» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.





V



